

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Исакова С.С.

Қ О Л Д А Н Б А Л Ы Т Е Р М И Н О Л О Г И Я

Ақтөбе, 2015 ж.

ББК 88.104 Каз

И 73

Баспаға Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған. Хаттама №2, 16. 04. 2015 ж.

Пікір жазғандар: Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, қазақ филологиясы кафедрасы филология ғылымдарының докторы, профессор **Б.К.Қалиев**

ҚР Ұлттық Банкі Ұйымдастыру жұмысы және бақылау департаменті директорының орынбасары, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі **Ш.Құрманбайұлы**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, қазақ тілі теориясы мен оқыту технологиясы кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор **К.К.Садирова**

Исакова С.С.

Қолданбалы терминология. Жоғары оқу орындарының 5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы. – Ақтөбе, 2015, 175 бет.

ISBN 9965–9088 –3-9

Оқу құралында қолданбалы терминология мәселелері әр қырынан қарастырылады. Терминологияны нормалау, терминологиялық норма ұғымдары және терминологиялық норманың өлшемдері, терминологияны реттеу теориясының метатілі, терминжасамдағы терминшінің рөлі айқындалады. Қолданбалы терминологияның іс-әрекет бағыттары, терминтану мектептері туралы мәліметтер беріледі. Сондай-ақ, оқу құралында практикалық сабақтар, студенттердің өзіндік жұмыс тапсырмалары, емтихан сұрақтары мен тест тапсырмалары қамтылған.

Оқу құралы жоғары оқу орындарының 5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттеріне арналады.

ББК 88.104 Каз

ISBN 9965–9088 –3-9

© Исакова С.С.,2015

КІРІСПЕ

Тіл адамзатпен бірге пайда болып, адамзатпен бірге өсіп-өркендейтін болғандықтан, оның даму тарихы қоғамдық өмірмен тығыз байланысты. Қоғам өмірінде болатын құбылыстардың барлығы тілден көрініс тауып, тіл арқылы болашақ ұрпаққа жетеді. Кез келген тілдің қоғамда қызмет етуінің алғышарты - ол ғылым тілі қызметін атқару болып табылады. Ал ғылым тілінің өзегі – терминдер екені бәрімізге аян.

Еліміздің егемендік алуы мен қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы терминдердің қолданыс аясын кеңейтуге мүмкіншілік жасап отыр. Терминологияның маңыздылығы тіліміздегі терминдердің дұрыс жасалуымен, оның реттілігімен, тұрақтылығымен, ертеңгі болашағын қанағаттандыра алатын әлеуетімен анықталса керек. Олай болса, қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамытудың басты жолы - оның ғылыми терминдерін жасау, оларды ретке келтіру, жүйеге түсіру және оны қолданысқа енгізу.

Оқу құралының негізгі мақсаты – қолданбалы терминология пәнін, мақсаты мен міндеттерін, іс-әрекет бағыттары туралы студенттерге мәлімет беру.

Пәнді оқып үйрену нәтижесінде студенттің меңгеруге тиісті негізгі түсініктері, білімдері, біліктері және дағдылары:

- термин туралы, оған қойылатын талаптар, терминнің табиғаты, қолданбалы терминология туралы ғылыми мәлімет беру.
- қолданбалы терминтанымның пәні, зерттеу нысанын анықтау;
- терминдерді саралау және олардың айырмашылықтарын айқындау;
- сөз бен терминнің арақатынасын анықтау;
- терминдік жүйені біріздендіру туралы мәлімет беру;
- қолданбалы терминологиялық іс-әрекет бағыттарын көрсету;
- терминологиялық редакциялау туралы ұғым қалыптастыру;
- терминдердің жиынтық мәліметін жасау туралы ұғым қалыптастыру
- терминологиялық сөздік жасаудың теориясы мен тәжірибесі туралы мәлімет беру және т.б.

Оқу құралы дәріс тақырыптарынан, практикалық сабаққа арналған тапсырмалардан, студенттің оқытушының басшылығымен жасайтын өзіндік жұмыс тапсырмаларынан, өз бетімен орындайтын өзіндік жұмыстардан, емтихан, тест тапсырмаларынан, пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізімінен тұрады. Дәріс тезистерінен соң студенттің білімін бекіту мақсатында бақылау сұрақтары берілген. Өзіндік жұмыс тапсырмаларына қазақ терминологиясын зерттеуші ғалымдардың еңбектерінен алынған үзінділер, ғылыми мақалаларды талдауға тапсырмалар берілді. Жарнама тіліндегі терминдердің қолданысына нақты суретті мысалдар беріліп, студенттерге жағдаяттық тапсырмалар ұсынылды.

Оқу құралын жоғары оқу орындарындағы филолог мамандарын дайындауда лексикология мен терминология курстары бойынша дәріс оқу тәжірибесінде, лингвопрагматика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану бойынша жүргізілетін арнайы курстарда, қазақ тілін оқыту мен үйрету ісінде пайдалануға болады. Сонымен бірге оқу құралы жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің магистранттарына, студенттеріне арналады.

1. ҚОЛДАНБАЛЫ ТЕРМИНОЛОГИЯ

1.1 Термин, терминология және терминге қойылатын талаптар

Термин дегеніміз — белгілі бір ғылым, білім, техника саласының заттары мен құбылыстарының атауы. Терминнің өзіндік белгілері:

1. Терминдер негізінен сөз немесе сөз тіркестері болады.
2. Терминдер негізінен тілдік бірліктер (символ-сөз, сан, географиялық таңба түріндегі терминдер де бар. Бірақ терминологиядағы олардың үлес салмағы термин-сөздерге қарағанда әлдеқайда төмен).
3. Термин – белгілі бір терминологияның мүшесі (А.А.Реформатский).
4. Термин деген – ұғым аты.
5. Терминнің міндетті түрде анықтамасы (дефинициясы) болады.
6. Терминдердің негізгі басым бөлігі жалпы есімдер, сөз табына қатысы жағынан зат есімдер болады.
7. Терминдер атауыштық қызмет атқарып, негізінен ғылым тілінде, арнаулы сала шеңберінде қолданылады.

Терминология - 1. Терминдер туралы ғылым; 2. Терминдер жиынтығы деген екі мағынаны білдіреді.

Белгілі бір ғылым, кәсіп саласында терминдердің жиынтығы болады. Әрбір ғылым саласының терминологиясы мен терминдік жүйесі тілдік құралдар арқылы көрінетін кәсіби білімнің ұғымдық байланыстарына негізделеді.

Белгілі бір ғылым саласының табиғи жолмен жасалынған терминдерінің жиынтығын терминология деп ажыратсақ, терминдер арасындағы және олар бейнелейтін ұғымдар арасындағы қатынастарды анықтайтын реттелген терминологияны терминдік жүйе деп атаймыз.

А. А. Реформатский айтқандай, терминология және «оның құрамды бөлігі болып табылатын терминдер арқылы ғылыми теориялар, заңдар, принциптер, ережелер жасалынады», яғни «терминдерде әлеуметтік ұйымдасқан шындық бейнеленеді, сондықтан міндетті түрде терминдерде әлеуметтік сипат болады». Терминнің нақты бір ғана мағынасы болады, яғни ол ғылыми ұғымды білдіреді. Терминге семантикалық айқындылық тән. Оған термин ұғымның анықтамасын беруімен қол жеткізеді. А.А. Реформатский Г.О. Винокурдың «особая функция в которой выступает слово в качестве термина, - это функция названия» деген пікірін «беда определения в том, что номинативная функция – это общая функция всех слов, а не только терминов» деп сынауы бекер емес.

Б.М. Лейчик «термин - сөз», «термин – ерекше сөз – жалпы қолданыстағы сөз» деп қарама-қарсы қоюға болмайды деген ойды айта отырып, мақала басында, «терминнің табиғаты, оның ерекшелігі туралы жазылған еңбектердің барлығы терминді тілдегі барлық басқа сөздерден ажырататын, терминге ғана тән белгілерді көрсете алмайды» деп өзінің жоғарыдағы пікіріне қайшы келеді. Шындығында, терминнің өзіндік ерекшелігін жалпы қолданыстағы сөздермен салыстыра отырып, яғни «жалпы лексика және арнаулы лексика», «әдеби тіл – арнайы мақсатқа қолданылатын тіл», «әдеби тілдегі термин – арнайы қолданыстағы термин емес сөз», «термин - термин емес» тұрғысынан толық түсінуге болады.

Осы жерде алғанда терминологиялық лексиканың қазіргі әдеби тілдің құрамындағы орны туралы маңызды сұрақ туындайтыны орынды. Сол сұраққа жауап беру мақсатында біз терминдердің жалпы лексика мен әдеби тілдер арасынан

алатын орнын анықтауға талпыныс жасап көрелік. Ол үшін ең алдымен әлгі сұрақ туралы ғылыми әдебиеттерде орын алған үш көзқарасты атап өткен жөн болар. Ол көзқарастар:

1. Терминология - әдеби тіл лексикасының құрамды бөлігі. Бұл көзқарасты жақтаушылар терминдердің көпшілігі әдеби тілдегі сөздерден жасалғанын, болашақта да жасалына беретіндігін айтады және әдеби тілге жаңа терминдердің ену мүмкіндігін алға тартады. Жалпы әдеби тілдегі лексика-семантикалық, грамматикалық категориялар мен процестерге сүйене отырып терминологияны әдеби тілдің құрамды бөлігі деп қарастырады.

2. Терминология - әдеби тіл лексикасымен ұқсастығы аз, оның өз алдына жеке бір қабаты. Терминологиялық лексиканың өзіне тән заңдылықтары, оның әдеби тілдің ережесіне (норма) қайшы келетін тұстарын ескере отырып, оны өз алдына жеке бөлім ретінде қарастыру орынды екендігі айтылады.

3. Терминология жасанды жасалған таңбалар жүйесі ретінде қарастырылады. Мұндай көзқарастың негізі әрбір ғылым саласының ақпаратты, белгілі бір ұғымды бір мағынада ғана тілдік таңба арқылы беруге ұмтылуы жатса керек. Терминологиялық жүйені осылай түсінсек, онда ол табиғи тілге қарама-қарсы жасалған жасанды тіл болып саналады.

С.Е.Никитина болса, «терминологиялық лексика әдеби тілдің лексикалық құрамына енбейді. Ол сөйлеу тілінің бір түрі ретінде қарастырылады», - дейді.

Терминге қойылатын талаптар – қазіргі заманғы термин жауап беруге тиісті негізгі шарттар.

Тіл мамандары мен терминтанушылардың басым көпшілігінің еңбектерінде атап көрсетіліп жүрген терминге қойылатын негізгі талаптар мыналар:

1. Терминнің бірмағыналылығы. Терминнің негізінен бір арнаулы сала ішінде ғана бір мағынаны білдіруі, синонимдерінің болмауы. «Бір таңбаланушыға – бір таңба, бір таңбаға – бір таңбаланушы» сәйкес келуі керек деген қағидаттан туындаған бұл талапты орындауға салалық мамандардың қай-қайсысы да мүдделі. Кейде бұл талаптың да орындалмай қалып жататындығын кездестіруге болады. Терминнің бірмағыналылығы абсолютті және салыстырмалы болуы мүмкін. Бұл талаптың негізінен белгілі бір арнаулы терминология шеңберінде қойылатындығын ұмытпаған абзал.

2. Терминнің қысқалығы мен ықшамдылығы. Бірнеше сөздің тіркесуінен тұратын көп сыңарлы терминнің ұғым атауы ретінде, атаусөз ретінде қолдану қолайлылық туғыза бермейді. Атау сөздердің қысқа да нұсқа болғаны жақсы-ақ. Тіл үнемділікті ұнатады. Тіліміздегі көптеген көп құранды тіркестердің лексикалануы, біріккен, кіріккен сөздердің пайда болуы, күрделі атаулардың ықшамдалуы осы үнем заңының талаптары. Алайда терминологияда бұл талап үнемі орындала бермейді. Терминологиялық тіркестер, терминдер жүйесінде көптеп кездеседі. Терминнің көп құрамдылығы оның кемшілігі емес, қайта ондай атаулардың ұғым мазмұнын дәл беру тұрғысынан артықшылықтары бар деп санайтын ғалымдар да бар. Бұл тұрғыдан келгенде «Термин мағынасының дәлдігі оның қысқалығынан маңызды. Сондықтан да терминнің көп сыңарлы болуын оның кемшілігі деп есептеуге болмайды. Егер қандай да бір ұғым бір-бірімен өзара жақсы үндескен сөздерден тұратын тіркеспен аталса, онда ол терминнің жүйелігін және сол ұғымның өзге ұғымдармен байланысын көрсетеді». Терминнің қысқалығын а) Лексикалық ықшамдылық; ә) тұлғалық ықшамдылық деп іштей екіге жіктеп көрсетушілер де бар.

3. Терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі. Терминдер де негізінен жалпы әдеби тілдегі атау сөздер сияқты ұлт тілінің сөзжасам тәсілдерін пайдалану арқылы туындайды. Салалық терминдердің көпшілігі әр саланың ғалымдарының, практик мамандардың қаламынан туындайды. Салалық мамандардың барлығы бірдей ұлт тілінің сөзжасам тәсілдерін, тілдік заңдылықтарды, дыбыстардың тіркесі мен қосымшалардың жасалу ерекшелігін, сөздердің тіркесу қабілетін жетік біледі деп айту қиын. Оның үстіне ұтымды атау жасау үлкен талғампаздық пен шығармашылық қабілетті қажет ететін күрделі жұмыс. Сондықтан да терминологияда сөзжасам заңдылықтарын қанағаттандыра бермейтін термин-сөздер ұшырасып қалып жатады.

4. Тілдік нормаға сәйкес келуі - кәсіби жаргондардың, фонетикалық және грамматикалық нормадан ауытқулардың болмауы.

5. Терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы. Бұл талап терминнің ықшам болуы қажет деген талаппен үндеседі. Қазақ тілі жалғамалы тілдер қатарына кіретіндіктен неғұрлым қысқа, ықшам атауларға сөз тудырушы жұрнақтарды үсті-үстіне жалғау арқылы бір түбірден немесе негізден бірнеше туынды сөз, жаңа атау жасауға болады. Ал көп құрамды атаулар бұл талапқа жауап бере алмайды. Бұл талапты терминге *сөз тудыруға (деривациялық) қабілеттілігі* деп те атайды. Ықшам жасалған, қысқа терминнен туынды термин жасау мүмкіндігі қашанда мол.

6. Терминде эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауы. Жалпы ғылым тілі бейнелікті, образдылықты емес, әр ұғымды өз атымен атауды қажет ететін дәлдікті, нақтылықты қалайды. Сол себептен де ғылым тілінің негізін құрайтын терминдердің эмоционалдық тұрғыдан бейтараптық танытып, оларға экспрессияның тән болмауы талап етіледі.

Ескерту: Терминге эмоционалдық пен экспрессиялық жат емес деп санайтын тілші-терминолог ғалымдар да бар. Солардың бірі В.Н. Прохорова «Терминнің эмоционалдығы туралы» деген мақаласында лексика-семантикалық жолмен жасалған терминдердің метафоралығы мен метонимиялылығы оның эмоционалдығын білдіреді... Сондай-ақ егер термин белсенді қолданыстағы эмоционалды сөздерден жасалса, онда термин де сол эмоционалдық бояуды сақтайды – дейді.

7. Эстетикалық талаптарға сай келуі. Терминнің дыбысталуы айтуға қолайсыздық туғызбай, естуге жағымды болуы. Құлаққа қораштау естілетін, айтуға ауыр қарапайым лексика қатарынан, жаргон, арго сөздердің термин ретінде таңдалмағаны жөн.

Кейбір ғалымдардың «терминнің үндесімділігі» деп атап жүргені осы эстетикалық талапқа сәйкес келеді. **Терминнің үндесімділігі** – терминге қойылатын бұл талаптың екі аспектісі бар. Оның біріншісі – терминнің айтуға қолайлы болуына байланысты туындайтын орфоэпиялық тұрғыдан жағымды дыбысталуы. Мысалы, **құқық**.

Екіншісі – термин өзі қолданылатын саладан тыс қажетсіз, жағымсыз ұқсастық ассоциация туғызбауы керек. Мысалы, **боқша, қарайғыр, т.б.**

8. Терминнің қолданысқа енгізілгендігі (внедренность термина) – терминді мамандардың, ғылыми қауымның қабылдауы немесе оның жаппай бірізді қолданылатындығы.

9. Синонимдердің болмауы – терминологиядағы «бір ұғымға – бір ғана атау» қағидатына сәйкес синонимдердің болмауы талап етіледі.

Мінсіз жасалған терминологияға қойылатын бұл талап үнемі орындала бермейді. Алайда «терминологияға да синонимділік тән» деп санайтын көзқарастың бар екендігіне қарамастан, терминологияда синонимділіктің болмауы үнемі талап етіліп келеді.

10. Инварианттылық – фонетикалық, графикалық, морфологиялық, сөзжасамдық және синтаксистік варианттардың болмауы.

11. Терминнің уәжділігі – термин мағынасының ұғынықты, өзі белгілейтін ұғымы жөнінде анық мәлімет беруі.

Жоғарыда аталған талаптарды терминнің мағынасына, тұлғасы мен қолданысына қарай – *семантикалық талаптар* (1. Мағыналық қайшылықтың болмауы, 2. Бірмағыналылық, 3. Терминнің толық мағыналылығы, 4. Синонимдердің болмауы), *терминнің тұлғасына қойылатын талаптар* (1. Тілдік нормаға сәйкес келуі, 2. Терминнің ықшамдылығы (қысқалығы), 3. Сөз тудыруға деривациялық қабілеттілігі, 4. Инварианттылық, 5. Уәжділік) және прагматикалық талаптар (1. Қолданысқа енгізілгендігі, жатық айтылуы немесе жағымды дыбысталуы) деп үшке жіктеп қарастыру жиі ұшырасады.

Негізінен терминологиялық әдебиеттердің көпшілігінде жоғарыдағы талаптар аталады.

Ол үш топтың ішіне жоғарыда біз көрсеткеннен өзге де кейбір талаптарды да қосатын ғалымдар бар. Кейде жекелеген ғалымдар тарапынан бұл талаптардан өзге талаптар да аталып жатады. Мәселен, прагматикалық талаптардың қатарына терминнің қазіргі уақытқа лайық заманауилығы (*современность*), әлем ғалымдары арасындағы қарым-қатынасты жеңілдетуге қызмет ететін халықаралықтығы (*интернациональность*) және кейбір сала мамандарының (медицина т.б.) өздері ғана түсінуге тиіс құпиялығы (эзотеричность) жатады деп санайтын ғалымдар да бар.

Терминнің халықаралықтығы - бірнеше ұлттық тілдердегі (кемінде үш тілде) тұлғалануы жақын немесе бірдей және мазмұндары сәйкес келетін терминдердің болуы. Терминге қойылатын бұл талапты ұсынушылар оның себебін ғылыми зерттеушілердің оның халықаралықтандыру үрдісінің жанданып, мамандардың халықаралық байланысын жасауға деген сұранысының артуына орай туындап отыр деп түсіндіреді.

Екінші қырынан қарағанда, терминологияны халықаралықтандыруға қарсы – *деинтернационализация*, яғни терминологиялық лексиканың ұлттық сипатын арттыру үрдісі де бар. Әлемнің бірқатар елдері осы бағытты ұстанып отыр. Сондықтан да бұл талапты да терминге қойылатын негізгі талаптар қатарына қосудың негізі берік емес.

Терминнің заманауилығы – көнерген терминдерді қолданыстан шығарып, оларды қазіргі заманғы терминдермен алмастыру арқылы жүзеге асырылатын терминге қойылатын талаптардың бірі. Бірақ терминтанушылардың көпшілігі, бұл талапты міндетті түрде орындалуға тиісті басты талаптарға қоса бермейді.

Әдебиеттер

Реформатский А. А. Что такое термин и терминология// Вопросы терминологии. - М., 1961. С. 46-54.

Реформатский А.А. Термин как член лексической системы языка// Проблемы структурной лингвистики. – М.: Наука, 1968. - С. 103-125.

Лейчик В.М. О языковом субстрате термина// ВЯ. 1986. №5. - С. 87-97.

Лейчик В.М. Терминоведение: предмет, методы, структура. - М.: КомКнига, 2006. - 256 с.

Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. – Астана: «Педагогика-Пресс ИД», 2009. – 224 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Термин дегеніміз не?
2. Терминнің өзіндік белгілерін атаңыз?
3. Белгілі бір ғылым, кәсіп саласында терминдердің жиынтығы не деп аталады?
4. Терминге қандай талаптар қойылады?
5. Терминге қойылатын семантикалық талаптарды атаңыз?
6. Терминнің тілдік нормаға сәйкес келуі қандай талапқа жатады?
7. Прагматикалық талаптарды атаңыз?

1.2 Қолданбалы терминологияның іс-әрекет бағыттары

Лингвистиканы зерттеу барысында қолданбалы терминтануға ерекше назар аударылуы тиіс. Терминтану - нысаны терминдер мен терминдік жүйелер болып табылатын қазіргі заманғы ғылыми пән. Ол XX ғасырда лингвистика, логика, информатика, психология және тағы басқа бірқатар ғылымдардың тоғысында пайда болды. Кез келген тілдегі терминдер негізінен сөздер мен сөз тіркестерінен жасалып, жалпы лексикадағы сөздер мен сөз тіркестерінің жасалу және қолданылу заңдылықтарына бағынатындықтан, терминтанымның пәні мен әдістемесі көп жағынан тіл білімінің пәні мен әдістемесіне сәйкес келеді. Былайша айтқанда, тіл білімі сияқты терминтаным да теориялық және қолданбалы болып екіге бөлінеді.

Сондықтан қолданбалы терминтану туралы сөз еткенде оның орнын анықтап алу қажет. Қолданбалы тіл білімі теориясы тәрізді қолданбалы терминтаным теориясы да бар және практикалық терминологиялық жұмыстардың бірқатар бағыттары кездеседі. Практикалық терминологиялық жұмыстардың теориялық алғышарттары түрліше болып келеді: терминологиялық іс-әрекеттің бағытын таңдау белгілі бір терминдік мектеппен және мұнда қолданылатын принциптер, әдістер, іс-әрекет деңгейі, оның нәтижесі, ол нәтиженің практикаға енгізілуімен анықталады. Мәселен, отандық терминтанымдық мектептер практикалық жұмыстардың мынандай бағыттарын дамытып келеді: лексикографиялық терминологиялық жұмыс; терминдер мен терминдік жүйені біріздендіру - өз ішінде үшке бөлінеді: терминдерді реттеу, стандарттау, үйлестіру, терминологиялық редакциялау; терминдерді ғылыми, техникалық және басқа да арнайы мәтіндер көлемінде аудару; терминологиялық банктер құру; терминологиялық орталықтар мен органдардың салалық терминдерден бастап халықаралық деңгей көлеміндегі ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстары.

Практикалық терминологиялық жұмыстың бағыттарының тізімі үнемі толығып отырады. Өйткені терминологиялық жұмыстың нәтижелерін қолдану саласы терминтанымның алдына жұмыстың жаңа бағыттарын ұсынатын міндеттерді қояды. Мәселен, арнайы ақпараттарды өңдеу және сақтаудың қажеттігі терминологиялық банктер құруға итермелейді. Сонымен бірге, бұл жұмыста терминдерді пайдаланушылардың өзі басты рөлді иеленеді. Осы тұста қызықты, әрі аз зерттелінген терминологиялық жұмыстың бағытының бірі ретінде

терминді бірізді түсіну туралы терминологиялық стандарттар мен ұсыныстарды жасаушылардың арасында орын алып жүрген пікірталасты, сондай-ақ, жаңа ашылған заттар мен құбылыстарға атау беру, оларға сәйкес ұғымдарды анықтау туралы техника мен технологияны жасаушылар және ғылыми қызметкерлердің жұмыстарын айтуға болады. Семантика, сөзжасам, синтаксис, аударма заңдылықтарын шебер қолдана отырып терминге атау беруді терминологиялық жұмыстың ең маңыздысы деп тұжырымдасақ, бұл біржақты болған болар еді. Біріншіден, атау беру үдерісі тек терминге ғана тән емес, (айырмашылық атау беру нысанында ғана), және атау беру заңдылықтары кез келген тілге ортақ болып келеді. Сондықтан бұл тек терминге тән іс-әрекет емес. Екіншіден, атау беру кезінде терминологиялық, лингвистикалық, логикалық көзқарастар тоғысады және пікірталастар көбінесе термин жайлы емес, ұғым туралы болады, ал бұл тағы да терминологиялық іс-әрекетке жатпайды. Үшіншіден, ең бастысы бұл үдерісте саналы түрде терминжасам заңдылықтары қолданылады, сондықтан да терминологиялық атау беруді терминдерді жасайтын, оларды терминдік жүйеге және сөйлеуге енгізетін практикалық нәтижесі бар теориялық іс-әрекет деп есептеген дұрыс (бұл жерде басқарылатын және басқарылмайтын үдерістер бірге жүреді). Практикалық терминологиялық жұмыстың бір-бірімен байланысты екі аспектісі бар: оптималдық (оптимизационный) және нормативтік. Бір жағынан, терминологиялық іс-әрекеттің барлығы тиімді таңдауды, яғни арнайы ғылым саласындағы заттар мен құбылыстарды, үдерістерді дәл бейнелейтін терминдердің және олардың мағыналарының сәйкестігін негіздеуге бағытталады. Екінші жағынан, сұрыпталған, тиімді терминдер және олардың анықтамалары нормативтік құжаттар мен бұйрықтар (стандарттар, терминологиялық ұсыныстар, нормативтік сөздіктер, редакторлық нұсқаулар және т.б.) арқылы бекітіледі. Аталған құжаттардың күші терминологиялық саладан тыс қолданылатын лексиканың нормасымен салыстырғанда басым және тіл біліміне қарағанда терминтанымның тағы бір айырмашылығы, терминтаным лингвистикаға таныс емес нормативтік құжаттарды басшылыққа алады, ал бұл құжаттардың құқықтық статусы бар, бұларда терминдер өндірістік нормадағыдай қолданылады.

Міне, қолданбалы терминтанымның және оның шеңберіндегі іс-әрекет бағыттарының кейбір жалпы ерекшеліктері осындай. Бұл іс-әрекеттердің жекелеген бағыттарына тоқталмас бұрын, олардың бірінен-біріне өтетін (сөздіктен стандартқа т.б.), бірін-бірі анықтайтын үдерістер екенін айта кету қажет.

Әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
4. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.
5. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. - 227 б.
6. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдерінің лингвистикалық мәселелері (лингвистикалық зерттеу). Монография. Алматы, 2001. 191 бет

7.Исақова С.С. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. Алматы, 2007. 158 бет

8.Садирова К.К. Қолданбалы терминология мәселелері. Оқу құралы. Ақтөбе, 2007. 102 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Терминтану терминіне анықтама беріңіз?
2. Терминтану нешеге бөлінеді?
3. Қолданбалы терминологияның іс-әрекет бағыттарын атаңыз?
4. Практикалық терминологиялық жұмыстың бағыттарының үнемі толығып отыруының себебі не?
5. Терминге атау беру үдерісін сипаттаңыз?
6. Практикалық терминологиялық жұмыстың бір-бірімен байланысты екі аспектісін атаңыз?

2. ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР

2.1 Қазақ терминографиясының өзекті мәселелері

Қазіргі уақытта қазақ тілінің терминологиясында терминдерді қалыптастыру үрдісі жүзеге асырылуда. 90-жылдардан бері қазақ тілінде терминдер жасауға мән беріле бастады. Қазіргі қазақ терминологиясы қазақ тіліндегі терминдерді үйлестіру, бірізге түсіру бағытындағы көлемді жұмыстарды талап етіп отыр. Соңғы кезеңдегі терминология саласына қатысты ғылыми жұмыстардың көптеп жазылуы да соның айғағы.

Қазақ терминдерін жасауға, оларды үйлестіруге байланысты жұмыстардың бірден үлкен қарқынмен жүргізілуінің және ондағы шешуді қажет ететін өзекті мәселелердің көбеюінің, сол бағытта соңғы аз уақытта көптеген ғылыми жұмыстардың жазылуының өзіндік себебі жоқ емес.

Біріншіден, қазақ терминдерін реттеудің қажеттілігіне, оның маңыздылығына көп уақыт бойы баса мән берілмей келді.

Екіншіден, қазақ терминологиясының өзекті мәселелерін зерттеп, шешіп берген ғылыми еңбектер тым аз болды. Қ.Жұбановтың және басқа ғалымдардың бірқатар ғылыми мақалаларымен қатар, 90 – жылдарға дейін тек Ө.Айтбайұлының ғылыми монографиясы қолданылып келді. Басқа еңбектер терминология саласының жекелеген мәселелерін қарастырған ғылыми мақалалар ретінде ғана жарияланып, ондағы кейбір мәселелер негізге алынып, кейбірі ескерілмей келгендігін мойындауға тиістіміз. Бірақ бір ғана монографиялық еңбектің және идеологиялық уақыттың ықпалымен жарық көрген азды-көпті мақалалардың жазылуы қазақ терминологиясындағы барлық өзекті мәселелерді шешуге жеткіліксіз еді. Мұндай тұжырым жасауға итермелейтін себеп – 90 жылдарға дейін жарық көрген мақалаларда қазақ терминдері мен оларды жасау, реттеу мәселелерін қазақ тілінің тіл ретіндегі ішкі құрылымдық, танымдық, ұлттық табиғатымен байланыстыра қарастыру жағы зерттеу нысандарынан сырт қалып отырған. Терминдердің калька немесе тура аударма жолымен жасалып, болмаған жағдайда, көбінесе кірме терминдердің сол қалпында алынып келуі де осы тұжырымға дәлел бола алады. Оның үстіне, қазіргі кезеңдегі терминологияның даму қарқыны мен онда пайда болып отырған жаңа заман талабына сай мақсаттар мен міндеттерді шешуді талап етуде.

Үшіншіден, қазақ тілінде терминдер жасауға соңғы онжылдықта ғана үлкен мән беріле бастады. Бұл қазақ тілінде жасалған көптеген терминдердің қалыптасып, қолданыс табуына ықпал етумен қатар, терминологиядағы шешуді қажет ететін өзекті мәселелердің де пайда болуына, олардың қатарының көбеюіне итермелейді. Осыған байланысты қазіргі тіл біліміндегі терминологияға қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарының көбеюі де заңды деп білу керек. Олардың өзі қазақ тіліндегі терминдер табиғатын, оларға байланысты қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелерді шешіп беруге жеткілікті деп айту орынсыз. Солардың бір тобы қазақ терминологиясының бір саласы ретінде қарастырылатын қазақ терминографиясына қатысты.

Қазақ тіліне мемлекеттік деңгейде үлкен мән берумен байланысты оның терминологиясы соңғы уақыттарда үлкен қарқынмен зерттеліп, қазақ тіліндегі терминдер қалыптаса бастады. Терминологиялық сөздіктер санының да арта түскендігін, әр салаға қатысты терминологиялық сөздіктер жарық көріп үлгергендігін байқау қиын емес. Бұл бір жағынан, терминологияны жаңа бағытта қолға алумен

байланысты туындап отырған жұмыстардың терминологиялық сөздіктер шығару ісіне де ықпалын байқатса, екінші жағынан, қазақ терминологиясында терминологиялық сөздіктер шығару ісін жолға қоюға деген ұмтылыстың белгісін көрсетіп отыр. Ал, бұл бағыттағы жұмыстар негізінен өзге елдердің тіл білімінде терминологияның бір тармағы болып есептелетін салалық терминографияның дамуымен тікелей байланысты. Терминография ұғымына арнайы және жан-жақты тоқталатын боламыз. Дегенмен, түсінікті болу үшін терминографияның терминдерді реттеп, бірізге түсіріп отыратын терминологиялық сөздіктерді қарастыратын, терминдерді үйлестірудегі басқа да өзекті мәселелер жүйесін зерттеу нысаны етіп алатын сала екендігін айта кеткен артық болмайды. Осыған байланысты қазақ тіліндегі терминдерді үйлестіру жұмыстарымен байланысты терминография саласындағы жинақталған өзекті мәселелер де шешуді, терминографияға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етіп отыр. Өйткені терминологиялық сөздіктердің де сапасына, құрылымы мен ерекшеліктеріне, құрамындағы терминдерінің жарыспалы қолданысына, әр сөздікте әр түрлі берілуіне байланысты терминологиялық сөздіктердің құрылым-құрылысын зерттейтін қазақ терминографиясында бірқатар өзекті мәселелер пайда болды. Дегенмен, терминография саласын зерттеуге ден қоюдың, оның басқа тілдердегі қалыптасуының тағы өзіндік себептері жоқ емес. Ал, қазақ тіл білімінде бұл саланы қалыптастыруды қолға алуымыздың қазақ тіліндегі терминология саласының дамуына байланысты өзіне ғана тән себептері тағы бар. Бұл себептерге қазақ тіл білімінде терминография саласына қатысты алғаш мақала жазған ғалым Ш.Құрманбайұлы да өз тұрғысынан тоқталып өтеді.

Терминографияның тіл біліміндегі жеке сала ретінде қалыптасу себептері, оның зерттеу нысандарының пайда болуы өзге тіл білімдерінде кеңінен сөз болады. Терминографияның сала ретінде орнығуына түрткі болып отырған негізгі себептердің ғылыми тұрғыдан ашып көрсетілуінің де маңызы бар.

Бұл ең алдымен, қазақ терминографиясын қолға алудың қажеттілігін, оның ғылыми негізділігін аша түсу үшін маңызды болмақ. Сонымен бірге қазақ терминографиясында қарастырылатын мәселелер мен терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптарды теория мен іс жүзінде қолданудың дұрыстығын түсініп, осы бағыттағы зерттеу-ұйымдастыру жұмыстарын жүргізе түсу үшін де оның маңыздылығы мен ғылыми негізділігін дәлелдеп көрсету орынды болып табылады.

Сонымен, қазақ тіл білімінде терминографияны қолға алудың қандай себептері бар? Қазақ терминографиясын қолға алып, қалыптастырудың ғылыми негізділігіне көз жеткізудің аясындағы мәселелердің негізі осы сұрақпен және оған алынар жауаппен тікелей ұштасып жатыр.

Біріншіден, терминологиялық сөздіктерді түзу барысында лексикографиядағы жинақталған тәжірибені пайдалануға болса да, терминологияның дамуына байланысты терминдерді сөздіктерде беру ерекшеліктері үнемі лексикографиялық талаптармен, ерекшеліктермен сәйкес келе бермейді. Ғалымдар көрсетіп жүргеніндей, жалпы филологиялық сөздіктер мен арнаулы сөздіктердің ерекшеліктері бұрын бір ғана лексикографияның аясында қарастырыла берсе, қазір терминологиялық сөздіктерді бұл үрдіспен шығару олардың сапалылығын қамтамасыз ете алмай отырғандығын уақыттың өзі көрсетіп отыр. Оған дәлел – қазіргі қазақ тіл білімінде шығарылып жатқан түрлі салалық, сериялық терминологиялық сөздіктердің қолданысқа ие болмай, қолданушылардың талаптары мен сұраныстарын қанағаттандыра алмай отыруы.

Екіншіден, керісінше, лексикографиялық зерттеу еңбектердің нәтижелері, ерекшеліктері терминологиялық сөздіктер жасау ісін толығымен, жан-жақты, өз деңгейінде қамтамасыз ете алмайды. Яғни, лексикографиядағы теориялық еңбектердің, ондағы теориялық қағидалардың барлығын терминологиялық сөздіктер жасауда негізге ала беруге келмейді. Лексикографиялық еңбектердің нәтижелері терминдерді сөздіктерде сапалы берудің ерекшеліктерін ескере бермейді. Бұл – тоқталып өткен терминографияны қолға алудың қажеттілігінің бірінші себебінің екінші жағы. Бұл себептер бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Бұл арада лексикографияда қажетті деген талаптар мен ұстанымдардың терминографияда да пайдаланылатындығын жоққа шығаруға болмайды. Терминографияның лексикографиядан ерекшеленетін, басқа өзіндік зерттеу нысандары бола тұрса да, бұл сала лексикографиядан мүлдем өзгеше деген біржақты түсінік тумауы тиісті және олардың өзара тығыз байланысты екендігін ұмытпау керек.

Үшіншіден, терминологиялық сөздік түрлері соңғы кезеңдерде қарқынды түрде дамуда. Осыған байланысты терминологиялық сөздіктердің өзіндік ерекшеліктерін ашу үшін алдымен олардың лексикографиялық еңбектерден айырмашылықтарын оларды сапалық жағынан жақсарту үшін негізге алынуға тиісті өзіндік талаптары мен принциптерін анықтау қажет болып отыр.

Төртіншіден, терминографияның лексикографиядан айырмашылықтары мен ұқсастықтарын анықтаумен қатар әр салаға қатысты терминологиялық сөздіктердің әрқайсысының салалық тұрғыдан анықталуға тиісті ерекшеліктерін, олардың бір-бірінен өзара айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ашып көрсету де терминографияны қолға алуға негіз болатын басты себептердің бірі болып табылады. Бұл себеп терминографияның лексикографиядан іргесін ажыратып көрсету үшін ғана емес, терминологиялық сөздік сапасын жақсартуда тетік қолданысын реттеу жұмыстарымен байланысты.

Бесіншіден, терминографияда терминологиялық сөздіктердің түрлерін жіктеп көрсетіп, оларды топтастыруда негізге алынатын басты белгілерді анықтап беру қажет.

Алтыншыдан, әр сөздік түріне, нақтырақ айтқанда, әр сөздік түрінің құрылымына қойылатын талаптарды анықтау қажет. Ғалымдардың көрсетуі бойынша сөздік түрінің ішкі микроқұрылымдық талаптары олардың мақсаты мен қызметіне тікелей байланысты. Мысалы, аударма сөздік қызметі – аударып беру болғандықтан онда қосымша материалдардың, түсіндірме мысалдардың көп қамтылуы міндетті емес. Осы сияқты әр сөздік түрін түзуге байланысты ерекшеліктердің болатындығы түсінікті жағдай. Алайда, терминологиялық сөздік түрлері құрылымдық ерекшеліктері жағынан қазақ тіл білімінде талдана қоймаған.

Бұл себептердің барлығы Ш.Құрманбайұлының еңбегінде көрсетілген “терминологиялық сөздіктерде әр саланың ғылыми ұғымдар жүйесінің ерекшелігін беру”, терминологияның дамуына байланысты “терминографияның да лексикографиядан біртіндеп іргесін ажырата бастауы”, “жалпы филологиялық сөздіктер мен арнаулы сөздіктердің өзіндік ерекшеліктерінің” жеке қарастырылуы сияқты терминографияның жеке сала ретінде қарастырылуына әсер еткен негізгі факторларға топтасады. Ғалым атап көрсеткен факторлар – терминографияны қолға алуға әсер етіп отырған негізгі себептер болып есептелуі тиісті. Және өзге елдердің тіл білімінде кезінде терминографияны арнайы сала ретінде қарастыруға ықпал еткен, әрі қазіргі қазақ терминографиясын қолға алуға ықпал етіп отырған басты қозғаушы күш – сөздіктерде терминдерді сапалы етіп беруге ұмтыла отырып терминологиялық

сөздіктерді жақсартудың жолдарын қарастыру, соған сәйкес жаңа сөздік түрлерінің құрылымын жасап, қолданысқа ұсыну екендігі басты мәселе.

Аталған өзекті мәселелер терминологиялық сөздіктердегі кемшіліктермен, сөздіктерде терминдерді берудегі қателіктермен де тікелей байланысты. Бұл – қазақ терминографиясын қарастыруды туындатып отырған қозғаушы күштердің, негізгі себептердің бірі екендігі де түсінікті. Қалай болғанда да, терминологиялық сөздіктерде кездесетін кемшіліктерді көрсетудің терминография теориясын қалыптастыру үшін өзіндік маңызы бар. Сондықтан олардың мынандай түрлерін көрсетуге болады:

- Бірнеше сөздік қызметінің бір сөздікте берілуі. Айталық, түсіндірме сөздікті әрі аударма сөздік ету немесе аударма сөздікті әрі тақырыптық сөздік етіп түзу. Бұл сөздік түзу ісін қиындатады, әрі мұндай сөздікті пайдалану қолайсыздық тудырады;
- Терминологиялық сөздікке терминдерді сұрыптап алуда қателіктер кездеседі. Көптеген терминологиялық сөздіктердің құрамында қамтылған терминдерден сөздік түзушінің субъективті ұстанымын және сөздікке кездейсоқ алынған терминдер ретін аңғаруға болады;
- Бір сөздік түріне жататын терминологиялық сөздіктердің құрылымында бірізділік сақталмайды. Әр сала мамандары жасаған сөздіктерін өз талғамына сай түзуге тырысады. Осыған орай сөздіктің әр түріне қатысты қатаң сақтауға тиісті заңдылықтар мен талаптар белгіленбеген.

Нәтижесінде, белгілі бір саланың әр автор шығарған терминологиялық сөздіктері әр түрлі нұсқада шығарылып жүр. Бұл терминологиялық сөздіктердегі жүйеліліктің сақталмауына, қолданыстағы бірізділіктің болмауына итермелейді;

- Терминологиялық сөздіктердің құрылымында қажет тұста керекті шартты белгілер мен сілтемелер берілмейді;
- Терминологиялық сөздіктердің мазмұны мен құрылымы оның басты мақсаты мен қызметіне сәйкес келе бермейді. Мысалы, көптеген аударма сөздіктерде терминдер дұрыс аударылмай жатады, кірме терминдер қазақ тіліндегі бағанасына сол қалпында беріле салады. Бұл кірме терминдер қазақ тілінде мүлдем қолданылмасын деген сөз емес, тек кірме терминдер арнайы бөлім ретінде берілуі қажет. Мұндай кемшіліктер аударма терминологиялық сөздіктің негізгі қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді;
- Терминдерді сұрыптауды, оларға анықтама беруде бірізді үлгі мен принциптер сақталмайды. Кейбір ғылым саласының терминологиялық сөздіктерінде бірнеше термин бір нұсқада аударылып беріледі, немесе бір терминнің әр түрлі аудармасы кездеседі. Бір ғана терминнің бірнеше аударма нұсқасының болуы, олардың әр түрлі сөздікте әр түрлі аударылып берілуі терминологиядағы синонимділікті, терминдердің қолданысындағы жарыспалылықты тудырады.
- Қазақ терминографиясындағы терминологиялық сөздіктерде терминнің жасалу жолдарын, морфологиялық құрылымын беру тәсілдері қалыптаспаған;
- Сөздік материалдары мен безендірілуінде бірізділік сақталмайды.

Осыған ұқсас орыс тіліндегі терминологиялық сөздіктердегі кемшілік түрлерін орыс терминографы С.В.Гринев та өз еңбегінде атап көрсеткен. 90 жылдарға дейін орыс терминографиясында да терминологиялық сөздіктер түзу ісінде негізге алатын ғылыми еңбектер мен құжаттар жоқтың қасы болған. Тек С.В.Гринев пен Ю.Н.Марчук еңбектерінің пайда болуы орыс ғылыми терминографиясын әрі теориялық, әрі тәжірибелік тұрғыдан дамытуға ықпал етті. Аталған кемшіліктердің

терминологиялық сөздіктерде жіберілмеуі үшін тәжірибелік терминографияда қолданылатын әдіс-тәсілдер мен оларға қойылатын талаптар ғылыми тұрғыдан негізделіп көрсетілгені орынды. Бұл жан-жақты талдауды және зерттеуді, теориялық терминографияның ғылыми-теориялық негіздерін, өзіндік жүйесін қалыптастыруды қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
4. Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының жүйесі. –Астана, 2005. -208 б.
5. Гринев С.В. Введение в терминографию. 2-ое изд. –М., МПУ, 1995. 161 б.
6. Марчук Ю.Н. Основы терминографии. –М., МПУ, 1992. – 76 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ терминдерін жасауға, оларды үйлестіруге байланысты мәселелердің көбеюінің себебі не?
2. Терминография ұғымына сипаттама беріңіз?
3. Қазақ терминографиясындағы өзекті мәселелерді атаңыз?
4. Қазақ тіл білімінде терминографияны қолға алудың қандай себептері бар?
5. Терминографияның жеке сала ретінде қарастырылуына әсер ететін негізгі факторларды атаңыз?
6. Терминологиялық сөздіктердегі кемшіліктер мен қателіктердің түрлерін атаңыз?

2.2 Терминологиялық сөздіктерді шығаруға қойылатын талаптар

1990 жылдардан кейін қазақ терминологиясында жаңа көзқарас, бағыттардың пайда болуына байланысты терминологиялық сөздіктер де көптеп шығарылып, практикалық қазақ терминографиясында көптеген жұмыстар шығарыла бастады. Бірақ олардың көпшілігі терминография теориясында жалпы тіл білімінде қалыптасқан негізгі принциптер мен талаптарды ескере бермейді. Сондықтан бұл терминологиялық сөздіктер кейбір терминдердің қалыптасуына ықпал еткенімен, салалық терминдер жүйесін реттеуде, бірізге түсіруде әлсіз болып отыр. Бұл практикалық терминографияда ескеруге тиісті, сақталуға тиісті кейбір басты талаптарды теориялық терминография тұрғысынан анықтап, көрсетіп беруді қажет етеді. Яғни, қазақ терминографиясының зерттеу нысанына жататын маңызды мәселелердің бірі – терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптар. Бұл сөздіктердің сапалық жағынан жақсаруына ықпал ететін, сөздік жасау тәжірибесінде үнемі қадағаланып, дамып отыруға тиісті, терминдердің бірізге түсірілуімен тығыз байланысты, олардың жүйеленуіне ұйтқы болатын мәселелердің бірі екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Терминологиялық сөздіктерде сақталуға тиісті талаптарды бір ғана зерттеу арқылы немесе ғылыми мақала арқылы түгел көрсетіп беруге болады және олардың қатары

шектеулі деп айта алмаймыз. Дегенмен, мейлі практикалық терминография тұрғысынан болсын, теориялық терминография тұрғысынан болсын олардың басты-басты түрлері мен соған сәйкес сол талаптардың негізінде терминологиялық сөздіктер құрылымында көзделетін мақсаттар көрсетілген жөн. Ал, тәжірибе барысында айқындалып жататын немесе әр сөздік түріне қатысты сөздік түзу ісінде байқалып жататын өзіндік ерекшеліктер мен талаптар осы негізгі талаптардың қатарын толықтырып, терминографияның жан-жақты дамуына үлес қоса алмақ. Мұндай тұжырымдар тізбегін түйіндей келіп, зерттеу нәтижесінде байқалған бірқатар талаптарды көрсетуге болады.

Терминологиялық сөздіктердің қатары қазақ тіл білімінде жетерлік. Соған байланысты бұл салаға қатысты шешімін табуды талап ететін сұрақтар қатары да баршылық. Соңғы кезеңдерде олардың санының көбеюімен байланысты аталған саладағы сұрақтар да көбейе түсті. Сонымен бірге терминологиялық сөздіктерге қатысты маңызды сұрақтардың шешімін табуы терминография саласын қалыптастырып, лексикографиядан ара жігін ажыратып көрсету үшін де тиімді болмақ.

Аталған терминологиялық сөздіктердің сапалық жағынан жақсаруы да осы терминография саласының дамуымен тікелей байланысты. Сондықтан бұл саланың дамуы үшін терминологиялық сөздіктерді жасаудың тиімді әдіс-тәсілдерін зерттеумен айналысу, әр түрлі терминологиялық сөздік түрлерін анықтау және оларға тән ерекшеліктер мен олардың әрқайсысының мақсаттарын айқындап көрсету, сөздіктердің құрылымдық ерекшеліктерін анықтау, терминологиялық сөздіктерді арнайы ерекше тілдік нысан ретінде қарастыру және терминологиялық сөздіктерді автоматтандыру (информатика тіліне салып, программалау) сияқты т.б. толып жатқан бірқатар маңызды жұмыстарды іске асыру қажет.

Сонымен, терминографиядағы маңызды мәселелердің бірі – терминологиялық сөздіктерге қойылатын өлшем-талаптар. Бұл сөздіктердің сапасына ықпал ететін оның деңгейін көтерумен тығыз байланысты бірден-бір сұрақтардың бірі. Терминография саласын зерттеген тілші-ғалымдар осы уақытқа дейін терминологиялық сөздіктерге тән бірнеше талаптарды, яғни өлшемдерді әр қырынан атап көрсетеді. Мұндай еңбектердің қатарына Л.В.Щербаның, А.Гердтың, С.В.Гриневтың және т.б. ғалымдардың еңбектерін атай аламыз. Олардың әрқайсысы терминологиялық сөздіктердің құрылымына әр қырынан тоқтала отырып, соған сәйкес сөздіктерге қойылатын талаптарды белгілеп береді. Бұл талаптардың орындалуы сөздік сапасына тікелей әсер ететіндігі сөзсіз. Себебі, көрсетілген талаптар әр сөздіктің негізделген мақсатымен тікелей байланысты. Мысалы, Л.В.Щерба өз еңбегінде терминологиялық сөздіктерге тән нормативтік, қажетті лексиканың толық қамтылуы, олардың бірізді жүйемен берілуі, сөздіктің белгілі мақсатты көздеуі, хронологиялық тәртіпті сақтауы сияқты бірнеше өлшем-талаптарды атап көрсетеді.

Ал осы терминография саласымен айналысатын орыс тілшісі С.В.Гринев өз мақаласында сөздіктердің құрылымына, автордың ерекшелігіне, қамтыған тақырыбына (саласына), қай мерзімдегі тілдік материалдарды қамтуына, сөздіктің қамтыған тіліне, мақсатына, қызметіне, көлеміне және тілдік лексиканы беру тәсілдеріне байланысты бірнеше өлшем-талаптарды қарастырып, атап өтеді.

Терминографиядағы ең басты мәселелердің бірі терминологиялық сөздіктердің түрлерін анықтап, жүйелеу. Өйткені сөздік түрлерінің анықталуы олардың құрылымдық ерекшеліктерінің, мақсаты мен қызметі сияқты қосымша өлшемдерінің

айқындалуына мүмкіндік бермек. Бұл терминологиялық сөздік жасаушылар мен сөздікті қолданушылардың жұмысын жеңілдетіп, әр түрлі сөздіктердің құрылымындағы айырмашылықтарды ажыратып, сөздік құрылымдарының олардың қызметіне сәйкес болуын қамтамасыз еткен болар еді. Сондықтан терминологиялық сөздік түрлерінің жүйеленуі терминологиялық сөздіктерге қатысты өзге де сұрақтардың шешімін табуға көмектеспек. Бұл жөнінде аталған мақаласында С.В.Гринев: «Основными проблемами современной теории терминографии являются: создание надежной классификации и типологии специальных словарей...», -дей келіп, одан әрі: «Проблемы создания надежной типологии словарей специальной лексики являются первоочередной по отношению к общей проблеме выработки методологии создания словарей, так как определение и всесторонний анализ существующих типов словарей необходимы для установления общих принципов их создания, учета особенностей реализации этих принципов при подготовке отдельных разновидностей словарей и выработки единообразных подходов к описанию лексики в однотипных словарях», -деп көрсетеді.

Демек, әр сөздік түрін жасаудың нақты әдістемесін көрсетіп, қызметі мен мақсатына сәйкес оларды жасауда ұстанатын принциптерді анықтау қажет.

Сондықтан қазақ терминографиясындағы терминологиялық сөздіктерге тән маңызды деген талаптарға тоқталып өту қажет.

Сөздіктерге қойылатын өлшем-талаптардың бірі – олардың мақсаты мен қызметіне байланысты түрлері. Қазақ терминологиялық сөздіктерін негізінен аударма сөздіктер және түсіндірме сөздіктер ретінде қарастырған дұрыс. Түсіндірме сөздіктердің өзі қазақ терминографиясында аз деуге болады. Соңғы жылдары әр салаға қатысты шығып жатқан терминологиялық сөздіктердің дені де аударма мақсатындағы сөздіктер. Тіпті 31 томдық сериялық сөздіктің (2000) құрылымы да екі тілдегі аударма сөздік болып табылады.

Терминологиялық сөздіктерге тән ерекшеліктердің бірі – олардың мақсаты. Олар қызметіне байланысты аударып беру, түсіндіру, ақпарат, мәлімет беру сияқты мақсаттарды көздейді. Алайда, аталған мақсаттардың жүзеге асырылуы үшін олардың құрылымы көздеген мақсаттарға сәйкес келуі тиіс. Мысалы, аударма сипатындағы сөздік болғандықтан, екінші тілдегі баламасы толық аударма түрінде берілуі тиіс. Өкінішке орай, қазақ терминографиясындағы сөздіктердің аударма сөздіктердің көпшілігі осы талапқа жауап бере бермейді. Себебі, кірме терминдер көп болғандықтан олардың орыс тіліндегі нұсқасы да, қазақ тіліндегі нұсқасы да сол қалпында қайталанып беріледі. Мұндай жағдайда терминді аударып беру мақсаты, сөздіктің негізгі қызметі орындалмайды. Сондықтан аударма сөздіктерге кірме терминдерді беретін өзгелеу құрылым қажет.

Терминологиялық сөздіктерге тән келесі талап – олардың қамтитын тілдері жөнінде. Қазақ терминографиясындағы сөздіктер негізінен орыс, қазақ тілдерін қамтиды. Әрі екі тілді сөздіктер болып келеді. Ал үш тілді сөздіктер соңғы уақыттардың еншісінде ғана пайда бола бастады. Өзге тілдерге қатысты терминологиялық сөздіктер қазақ терминографиясында да жоқтың қасы. Орыс, қазақ тілдерін негізге алған терминологиялық сөздіктердің өзі негізінен орысша-қазақша түрінде болып келеді. Ал қазақша-орысша сөздіктер қатары соңғы кезеңдерде ғана пайда бола бастады. Тілдің кейін немесе алдында орналасуының өзі терминологияда да, лексикографияда да маңызды рөл ойнайды. Мұны арнайы мақалада қарастырған болатынбыз.

Қазақ терминографиясына қатысты терминологиялық сөздіктерге қойылатын өлшемнің бірі – олардың құрылымымен байланысы. Аударма сөздіктер екі тілде болғандықтан реестр түрінде, яғни тізбе түрінде келеді. Құрылымына қатысты ерекшеліктер, олардың жасалу тәсілдерімен, мақсатымен де тығыз байланысты. Яғни, бұл талаптар сөздіктің құрылымында бір-бірімен тығыз байланысты түрде жүзеге асырылады.

Келесі өлшем – сөздіктердің көлеміне қатысты. Көлемі жағынан қазақ терминографиясындағы сөздіктер шағын, орташа және көлемді сөздіктер болып келеді. Қазақ терминографиясында қамтитын саласы мен мақсатына байланысты әр түрлі көлемдегі сөздіктерді көрсетуге болады.

Терминологиялық сөздіктерге тән бір ерекшелік – қамтыған саласына қатысты. Әр саланың терминдеріне арналған терминологиялық еңбектер жеке авторлар тарапынан көптеп шығарылуда. Бұл үрдіс кеңестік дәуірден бері шығып келе жатқан терминологиялық сөздіктердің барлығына тән. Әр сөздік жеке салалардың терминдерін қамтиды. Тек жалпы редакциясын профессор С.Аманжолов басқарған, мүмкіндігінше барлық салалардың терминдерін қамтыған 12 томдық сериялық сөздік (1956-1962) пен соңғы шыққан 31 томдық терминологиялық сөздіктер (2000) барлық салалардың терминдерін әр томда жинақтап, топтастырып қамтыған.

Қажетті терминдерді беру тәсілдеріне келсек, қазақ терминографиясында аударма сөздіктер көп болғандықтан олар негізінен алфавит реті арқылы беріледі. Ал ішкі жүйесіне, ғылыми құрылымына негізделген оқулық сөздіктер мен идеографиялық (мысалы, тезаурус сөздік) жүйелеуші сөздіктер қазақ терминографиясында жоқ деуге болады. Мұндай тәсілдермен беру де терминологиялық бірліктерді сөздік құрылымында жүйелеу үшін тиімді болмақ.

Біздіңше, терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптардың тағы бірі – олардың шығарылу мерзімінің жиілігімен де байланысты. Өйткені, шығарылған сөздікті басқа автордың құрастыруымен басып шығарудың өзі еңбек болғанымен, мақсаты мен қызметі тұрғысынан терминографиялық тұрғыдан ешқандай нәтиже бере қоймайды. Сондықтан, әр салаға қатысты терминдердің әр автор тарапынан қайта басылып шығуында белгілі бір мақсаттар мен ұстанатын тиімді принциптер болуы тиіс. Бұл сөздік сапасына да жауапкершілікпен қарауға мүмкіндік береді еді. Әйтпесе, қазіргі сөздіктердің саны көп болғанымен, олардың терминдерді жүйелеуші, реттеуші, үйлестіруші қызметі сырт қалып жатады.

Осымен байланысты тағы бір талап – терминологиялық сөздіктерде берілетін терминдердің бірізділігі. Бұл жоғарыда айтып өткендей, Л.В.Щербаның еңбегінде көрсетілген нормативтілік сияқты талаптармен сәйкес келеді. Тіпті, әр сөздікте бір терминнің әр түрлі нұсқада берілуінің өзі сөздік шығару механизмін қарастырып, реттеп, қадағалап отыруды қажет етеді.

Жинақтай айтқанда, аталған терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптардың әрқайсысы арнайы қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелер. Олардың терминологиялық сөздіктердің жасалуы барысында сақталуы сөздіктердің сапасын арттырып, терминдерді жүйелеу ісіне ықпал еткен болар еді.

Әдебиеттер:

1. Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының жүйесі. –Астана, 2005. -208 б.
2. Гринев С.В. Введение в терминографию. 2-ое изд. –М., МПУ, 1995. 161 б.
3. Марчук Ю.Н. Основы терминографии. –М., МПУ, 1992. – 76 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптар туралы айтыңыз?
2. Терминографияны лексикографиядан ара жігін ажыратып қарастырудың маңыздылығы неде?
3. Терминографияның айналысатын негізгі мәселелерін атаңыз?
4. Терминологиялық сөздіктердің мақсаты туралы не айтасыз?
5. Терминологиялық сөздіктердің тілі мен құрылымы жайында айтыңыз?
6. Сөздіктердің көлемі туралы не айтасыз?
7. Терминологиялық сөздіктерге қойылатын басқа да талап-өлшемдер туралы айтыңыз?

3.ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ НОРМА

3.1 Терминологиялық нормалану үдерісі

Терминдік жүйелердің жедел қарқынмен дамуына байланысты шешілуі тиіс мәселенің бірі - терминологияны нормалау болып табылады. Өйткені ғылым мен техниканың тілі танымның басқа құралдары сияқты дәл болуы тиіс. "Тіл еш уақытта түпкілікті қалыптасып болмайтындығын оның үнемі жетілу, даму үстінде болатындығынан көруге болады. Тіл халықтың өмірімен бірге дамиды"(Фуко, 1977).

Тілмен бірге оның нормасы да дамиды. "Норма" сөзі латын тілінен норма - ереже, үлгі деген мағыналарды білдіреді. О.С.Ахманова тілдік норма ұғымын "Адам сөйлеуіндегі тілдік құралдардың қолданылуын реттейтін қабылданған ережелер жиынтығы" деп анықтайды. Қазақ тіл білімінде тілдік норма мәселесін арнайы зерттеген ғалым Р.Сыздық осы саланың терминдерін ғылым тілінде тұрақты қалыптастыруға ықпал еткенін айта кеткен жөн. Профессор өзінің «Тілдік норма және оның қалыптануы» (2001) деп аталатын еңбегінде норма, нормалану, қалыптандыру (кодификация) тағы басқа ғылыми ұғымдарға түсініктеме береді. Ғалымның сөзімен айтқанда «Норма - негізінен тілдің өзі ұсынған тәртіп, нормалану – сол тәртіптерді тілдің өзінің қалыптастыруы». Лексикалық норма дегеніміз - аталған тілдегі сөздерді қолданудың тәртібі, ал, нормалау үдерісі дегеніміз - норманы қалыптастыру болып шығады.

Лингвистикада "норма" ұғымын анықтауға деген бірін-бірі толықтыратын екі көзқарас қалыптасқан. Алғашқысы норманы тілдік құралдарды қолдануды реттейтін заңдылықтар ретінде қарастырса, екінші көзқарасты жақтаушылар норма деп қоғамдық тілдік тәжірибеде бекітілген және іріктелген, барынша тұрақты тілдік құрылымдардың қолданылуының жиынтығы деп түсінеді. Екі көзқарасты біріктіре отырып С.И.Ожегов тілдік норманы былайша анықтайды: "... Норма дегеніміз - қоғамға қызмет ететін тілдік құралдардың тілдік бірліктерді іріктеу нәтижесінде құралатын ең жарамдысының (дұрыс, таңдаулы) жиынтығы. Яғни сөздік қорда бұрыннан бар сөздердің ішінен таңдап алу" деген сөз.

Терминологиялық норма дегеніміз – ғылым тіліне қызмет ететін тілдік бірліктердің дәлдік, қысқалық, бірмағыналылық, ақпараттық толықтық т.б. талаптарға сай қолданылуын реттейтін қабылданған ережелер жиынтығы.

Ғылым мен техника тілінде лексиканың ақпараттық жағынан барынша толық, барынша тұрақты болып келетін қабатымен, яғни терминологиялық лексика туралы сөз болатынын есте ұстаған жөн. Терминологиялық лексиканың нормасы жалпықолданыстағы сөздердің нормасымен сәйкес келгенімен, өзіне тән ерекшелігі де болады. Терминологиялық норманы қолданыс тілінде бекітілген немесе сөздіктер мен анықтамаларда және т.б. басылымдарда келтірілген стандарттар, нұсқаулар, заңдық актілер деп біржақты түсінуге болмайды. Егер терминологиялық норманың ең негізгі рөлі кәсіби қарым-қатынасты барынша толық қанағаттандыру қызметінде екенін ескерсек, онда бұл норма тек тілдік қолданысты тіркеуші ғана болмайтыны түсінікті болады. Демек, "норманың кәсіби варианты", "нормалау жұмыстары" және "кәсіби қарым-қатынас талаптары" арасында динамикалық сәйкестіктің ұштағаны пайда болады. Бұл ұштағанның ішінде "терминологиялық норма" орналасады. Оны 3-суретте көрсетелік.



Сурет 3 - Терминологиялық норманың ұштағаны

Лингвистикалық нормалау нәтижелері нұсқау, кеңес беру сипатында болуы керек. Тілші белгілі бір терминнің дұрыс/бұрыстығы, болашағы, орынды/орынсыздығы, лайық/лайықсыздығы туралы шешім қабылдай алмайды. Бұл жерде соңғы сөзді ғылым мен техника саласының мамандары айтуы тиіс. Маман ғана терминнің өзі атап тұрған ұғымның барлық белгілерін көрсетіп, сыртқы формасы мен ішкі мазмұнының сәйкестігін анықтай алады.

Тілшілер мен мамандардың бірлесе отырып жүргізген нормалау жұмыстары барынша нәтижелі болары анық. Мұндай қиын да маңызды істе "тек қана мамандар мен терминшілердің бірлескен күші ғана терминологиялық жүйе және жеке терминдердің дамуы мен қолданылуына әсер ететін әр түрлі факторларды нақты-тарихи және жүйелі түрде жан-жақты лингвистикалық талдау жасауға мүмкіндік береді" (Скворцов, 1980).

Демек, терминологиялық норманы нормалау саласы анықтай ма, әлде қолданыс аясы анықтай ма деген мәселені шеше отырып, біз бұл екеуін бірлікте қарастыру керек деген қорытынды жасаймыз. Өкінішке орай, кейбір лингвистикалық еңбектерде тек тілдік тәжірибедегі нормалар туралы сөз қозғалады және олай айтылмайды, бұлай айтылады деген тәрізді нұсқаулардан аспайды. Тілшіге тек тілдік қолданыстарды санау қызметін беріп қоймау керек, өйтетін болсақ нормалау үдерісінің қажеттілігі жойылады да, норма барлық тілдік бірліктердің табиғатына тән деген теріс пікір қалыптасады.

Бірақ мұндай жағдайда тіл білімінің тілдік нормаға қатысты қызметтерінің барлығы дайын нормаларды, олардың қарым-қатынас жасау кезіндегі түрлерін, кемшіліктері мен қайшылықтарына қарамастан тек тіркеу болып есептеледі. Нормативтік сөздіктерде терминологиялық таңбалардың тілдік тәжірибеде қолданған, болашағы бар, тіл сөйлермендері мойындаған варианттары алынатыны белгілі. Егер сөздіктегі терминологиялық лексиканың жиілігі төмен немесе синонимдері көп болатын болса, барлық жағдайда мұны сөздік түзудегі кемшіліктер деп есептеуге болмайды.

Терминологиялық жұмыстардың өнімділігі терминнің дәлдік, қысқалық, бірмағыналылық, ақпараттық толықтық, эмоция-экспрессияның жаттығымен сипатталады. Жасалған термин эстетикалық талапқа сай болуы маңызды. Ғылым мен техника тіліндегі терминдер қатарында жаргондар, ауызекі сөйлеу тілінің сөздері де кездесетіні белгілі. Олардың арасында сәтті жасалғандары да бар. Оларды термин ретінде қабылдауға бола ма деген мәселеге келсек, әрине болады деп жауап берер едік. Егер ол терминологиялық лексикаға қойылатын талаптардың барлығына жауап берсе, неге қалыптастыруға болмайды. Терминнің

лексикалық қордың қай көзінен жасалғанына қарап емес, оның ғылыми ұғымды дәл атауына қарап шешім қабылдау қажет. Бірақ ғылыми ұғымды атауға алынып отырған терминнің көпшілігі сол сала мамандарына толық түсінікті болып, ғылым тілінің талаптарының бәріне жауап бере бермейді.

Білім алу үшін ұғым мен соған сәйкес атауының арасын біріктіру қажет. Атау мен ұғым арасындағы сәйкессіздік, оған жеңіл-желпі қарау кәсіби қарым-қатынасты төмендетеді.

Термин жасау кезінде қандай ғылыми нұсқауды негізге алу керек? Біріншіден, терминнің "сыбырлау" қабілетінің, ұғымды нұсқап тұруының, мазмұны мен тұлғасының арасында толық сәйкестіктің болуы керек. Бұл ғылыми қарым-қатынастың міндеттері мен терминологияны игерудің әдістемелік алғышарттарымен сәйкес келеді.

Тілшілер терминдерді тіркейтін және бақылайтын ғана емес, ол нормаларды іздеуші, оларды түсіндіруші, кәсіби қарым-қатынастың жалпы талаптары мен терминдердің шынайы қолданысының арасындағы "төреші" қызметін атқаруы тиіс. Ең алдымен терминологиялық бірліктің формасы мен мазмұнының арасындағы өзара байланысты бірінші кезекке қою қажет, бұл терминологиялық норманың табиғатына сәйкес келеді. Бірақ тілші өзі ұсынған нормасын тек ұсыныс немесе нұсқау ретінде бере алады. Терминдердің қолданысын ескермей, оларды мынадай нормаға сәйкестендіріңдер деп талап ете алмайды.

Тілдің стихиялы даму үдерісінде көптеген жаңа сөздер, олардың варианттары пайда болады. Оларды іріктеу және реттеу жұмыстары үздіксіз жүргізіліп тұруы тиіс. Терминология саласында бұл үдеріс терминологиялық дублеттерді, синонимдерді реттеу жұмыстарынан көрінеді. Көптеген жаңа терминдерді түзету, сәтті баламалармен алмастыру т.б. жұмыстар жүргізіледі. Кірме сөз бен төл сөздің синонимдік қатарлары болған жағдайда төл сөзді қалдырған жөн. Тілді сәтсіз жасалған терминдерден тазарту табиғи жолмен де, саналы іс-әрекеттің көмегімен де, яғни нормалау арқылы жүзеге асырылады.

Тәжірибеде термин өзінің бұрынғы ескі мағынасын сақтай отырып, жаңа мағынаға ие болып жататыны жиі кездеседі. Егер бұл затқа деген көзқарасты тереңдете түссе, оның жаңа қырларын ашса, терминдердің мұндай көпмағыналылығын мойындауға болады; егер керісінше, ұғым туралы көзқарасты дамытпаса, қолданылған терминнің мағынасын білмегендіктен және терминнің мәнін жете түсінбегендіктен туындаса, мұндай көпмағыналылыққа жол беруге болмайды, өйткені ол ұғымды күңгірттендіріп, оны білдіріп тұрған терминнің мағынасын бұрмалауға әкеледі. Терминнің көпмағыналылығымен қатар бір ғана ұғымды бірнеше терминмен белгілейтін синонимия құбылысы да пайда болуы мүмкін. Сонымен бірге жалған бағыт сілтейтін, яғни өзі бейнелеп тұрған ұғыммен сәйкес келмейтін терминдер пайда болуы мүмкін. Аталған кемшіліктердің барлығы мамандардың бір ғана терминді түрліше түсінуіне әкелуі мүмкін. Нәтижесінде ұғымның мәні бұрмаланады, жалған елестер пайда болады, білім, дағды, тәжірибе алмасуда қиындықтар туады да, ақыр соңында практикалық қателер туындайды. Міне сондықтан кез келген ғылым және кәсіби іс-әрекет саласы үшін ең негізгі міндеттердің бірі - терминнің қолданысының тұрақтылығы болып табылады.

Қазақ терминологиясы үш факторды ескере отырып қалыптасуы керек: ең алдымен, белгілі бір терминдік жүйенің тілін; терминологиялық мектептердің

соңғы он жылдағы озық тәжірибелерін және қазақ терминжасамының тәжірибесін пайдалану.

Халықаралық терминдер санының арта түсетіні түсінікті. Қазіргі ғылым мен техника тіліндегі олардың санының өсуін халықаралық қатынастарды, көптеген ғылым салаларының бірігіуі, әр түрлі елдердің ғалымдары мен зерттеушілерінің кәсіби қарым-қатынас саласында тәжірибе алмасу мақсатымен күш біріктіруімен түсіндіруге болады. Мұндай үрдіс ғылымның информатика сияқты жаңа қалыптасып келе жатқан терминдік жүйесіне тән. Сондықтан да тілдік патриотизмді әлем мәдениетінің жетістіктерімен үйлестіре жүргізген дұрыс деген қорытынды жасауға болады.

Кеңес өкіметі тұсында экономиканы орталықтандыру ғана емес, тілді де орталықтандыруға ұмтылыс жасалынды. Әсіресе бұл термин шығармашылығынан анық байқалады. Бір жағынан, орыс тілінің тіларалық қатынастағы рөлін төмендетпей, екінші жағынан қазақ-орыс тілдерінің интерференциясының біржақтылығын сынай отырып, орыс тілі басқа тілдердің жаңа терминдерімен қоса субъективті сипаттағы кедергілер жасағанын айтқым келеді. Сәтсіз аудармалар, көп компонентті терминдерді сәтсіз қысқарту, терминдік жүйедегі ретсіздіктер т.б. Егер бұған стандарттау принциптерінің және қазақ тілі терминдеріне арналған арнайы стандарттардың жоқтығын қоссақ, орыс стандартына қазақ тілінің терминдік жүйесінің күштеп салынғанын байқау қиын емес. Соның нәтижесінде қазақ тілі терминдерінің тіл мәдениеті, тілдік норма, орфоэпия талаптарына сәйкес келмейтін қатарлары пайда болады. Қазақ тілі терминдеріне арналған терминологиялық стандарттар жасаудың қажеттігі анық. Мүмкін болса, мұның алдында көптілді терминологиялық түсіндірме сөздіктер жасалуы қажет.

Жалпылингвистикалық қордың басым бөлігін құрайтын ғылыми-техникалық терминологияны нормалау мәселесіне де ерекше назар аударған жөн. Өйткені ол үнемі дамып, толығып отырады. Сондықтан терминшілер терминдерді тек тіркеп, таңдап, ұсынып қана қоймай, сонымен бірге барлық терминжасамдық үдерістерді сол ғылым саласына бағыттауы тиіс. Бұл жерде көрнекті лингвист Юрий Апресянның «адамның мәтінді түсінуі үш нәрседен тұрады — тілді білу, логиканы білу және шындық өмірді білу» деген тұжырымы еске түседі. Әрине, нормалаудың бұл үш түрінің арасындағы шекара анық емес және көптеген тәжірибелік сұрақтарға тәуелді, соған қарамастан олар өзара байланысты. Тілшінің терминнің дұрыс немесе бұрыс жасалғандығы туралы шешім қабылдауға құқы жоқ, өйткені оның қызметі нақты бір терминнің мазмұнын ашуға жанама ықпал ете отырып, терминологиялық бірліктің тілдік ерекшелігі саласында іске асады.

Өзіміздің тілдік кеңістігімізді шет тілінің үлгісіне беру арқылы біз төл мәдениетімізді ғана емес, тіліміздің ұлттық нақышын, табиғатын жоғалтамыз.

Терминологияны нормалаудың аталған маңызды қызметі тәжірибеде оны реттеуге, оның тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ететін, терминдер мен ұғымдардың бір мағыналы жүйесін құрайтын сөздіктер мен стандарттардың көмегімен шешіліп отырады.

Терминдік жүйені нормалау әрбір нақты ғылым саласында терминдерді бірыңғай қолдануға жетуге бағытталады. Терминнің мағынасына байланысты күмән туған жағдайда терминологиялық сөздікке немесе стандартқа қарау керек.

Терминологияны нормалау тілдің табиғи даму заңдылықтары мен үдерістерін ескере отырып жүргізілген жағдайда ғана оң нәтиже береді. Терминологияны нормалау принциптеріне әдеби тілдің сөздерін термин түрінде пайдалануға басымдық беру, синонимдердің мағыналарын саралау және жүйелеу, шет тілінен енген терминдерді мүмкіндігінше аударып алу, термин жасауда шарттылықты мойындауды айтуға болады.

Әдебиеттер:

1. Фуко М. Слова и вещи. - М., 1977. - 276 с.
2. Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов. - М.: Советская Энциклопедия, 1966. – 396 с.
3. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. –Астана: Елорда, 2001. –230 б.
4. Ожегов С.И. Очередные вопросы культуры речи // Вопросы культуры речи. –М., 1955. – Вып. I. - 297 с.
5. Скворцов Л.И. Теоретические основы культуры речи. –М., 1980. – 289 с.
6. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдерінің лингвистикалық мәселелері (лингвистикалық зерттеу). Монография. Алматы, 2001. 191 бет
7. Исақова С.С. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. Алматы, 2007. 158 бет
8. Садирова К.К. Қолданбалы терминология мәселелері. Оқу құралы. Ақтөбе, 2007. 102 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ тіл білімінде тілдік норма мәселесін арнайы зерттеген ғалым кім?
2. Лексикалық норма дегеніміз не?
3. Лингвистикадағы «норма» ұғымы туралы қалыптасқан көзқарастарға сипаттама беріңіз?
4. Терминологиялық норма дегеніміз не?
5. Терминологиялық норманың ұштағаны туралы айтыңыз?
6. Лингвистикалық нормалау нәтижелері не себепті нұсқау, кеңес беру сипатында болады?
7. Термин жасау кезінде қандай ғылыми нұсқауды негізге алу керек?
8. Тілді сәтсіз жасалған терминдерден тазарту қалай жүргізіледі?
9. Терминнің қолданыс тұрақтылығының маңызы неде?
10. Қазақ терминологиясы қалыптасуында басшылыққа алынатын факторларды атаңыз?

3.2 Терминологиялық норманың өлшемдері

Терминологиялық норма деп тану үшін оған тән белгілі бір өлшемдер болуы керек. Бұл өлшемдер «норма» деп танылатын әрбір терминнің өн бойынан көрініп тұруы шарт.

Бірінші өлшем - термин тілдің ішкі заңдылығына сәйкес жасалуы керек. Терминнің грамматикалық құрылысы, жасалуы, дыбысталуы, жазылуы т.б. тілдің өзіндік табиғи заңдарына қайшы келмеуі норма болып саналады. 2003 жылы Мемтерминком бекіткен терминдердің жасалуында сөзжасамдағы негізгі тәсілдер басшылыққа алынғанын байқаймыз. Академик Ө.Айтбайұлы бір кезде сөзжасамдық қабілеті шектеулі қосымшалар қатарына ығыстырылған *-дама*,

-деме, -нама, -неме, -лас, -лес, -дас, -дес, -ман, -мен тәрізді морфемалардың қисынын тапса, терминжасам жүйесінде бірден-бір өнімді қосымша болары сөзсіз деген болатын. Соңғы кездері қазақ тілінің бірқатар жұрнақтары жанданып, терминжасам шығармашылығында кеңінен қолданыла бастауының норма болып танылуы - осы үлгілердің (модель) тілімізде бұрыннан бар екендігінде жатса керек. Мысалы, *кепілдеме* (рекомендация), *тізімдеме* (опись), *дайындама* (заготовка), *сараптама* (экспертиза), *бұрыштама* (виза), *мәлімдеме* (рапорт), *хаттама* (протокол), *мінездеме* (характеристика), *заңнама* (законодательство), *сауалнама* (анкета), *сұраунама* (вопросник), *әдіснама* (методология), *ғұмырнама* (мемуар), *сапарнама* (путевые записки), көрермен (зритель) т.б.

Сол сияқты бекітілген терминдердің келесі бір тобынан *қаржыгер* (финансист), *төлемгер* (плательщик), *жалгер* (арендатор), *мәтінгер* (текстолог), *мердігер* (подрядчик), *тақырыптама* (тематика) т.б. *-гер, -тама* сөзжасамдық жұрнақтары арқылы жасалған терминдерді кездестіреміз.

Қазақ тілінің сөзжасамдық заңдылығына сәйкес жасалған терминдердің бір тобы - **-лық, -лік** жұрнақтарының жалғануы арқылы пайда болған туынды терминдер болып табылады. Мыс.: *инабаттылық, арсыздық, бодандық, әлеуметтік жағдай, археологиялық қазбалар, дүниежүзілік соғыс, әлеуметтік ескерту, азаматтық хал актілері, заңсыздық, панасыздық, жұмыссыздық, балиғаттық жас, мүгедектік, қазыналық кәсіпорын, еңбекке жарамсыздық парағы, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік емес зейнетақы қоры, зейнеткерлік куәлік, қажеттілік, кеңістік, тыныштық, кәсіпшілік, маусымдық жұмыс* т.б.

Мұндай терминдер сондай-ақ, **-ым, -ім, -м** жұрнақтарының көмегімен де жасалына береді: *білім, таным, ұғым, жазылым, айтылым, жіктелім, құрылым, тіркесім, ұстаным, үйлесім, үндесім, оқылым* т.б.

Демек, жоғарыда көрсетілген терминдер қазақ тілінің тілдік табиғатын бұзбайтын, нормаға сай жасалған бірліктер болып табылады.

Терминологиялық норманың екінші өлшемі - терминдердің кәсіби қарым-қатынас бірлігі ретіндегі қолданысы, яғни ғылыми орта дұрыс деп мақұлдап, ғылыми айналыста терминдерді дұрыс пайдалану, сауатты жазу, айту норма болып табылады. Бұл жерде нормалылық құбылысы ғылым мен техниканың даму кезеңіне, қоғамның саяси-экономикалық даму деңгейіне байланысты қаралады. Мысалы, бұрынғы кеңестік кезеңдегі қоғамдық қатынастарды бейнелейтін көптеген терминдер қолданыстан шығып қалды: *колхоз, совхоз, социалистік жарыс, жоспарды асыра орындау* т.б. Тілдің сөздік қорында бар немесе шет тілінен енген кірме сөздердің мағынасы өзгеріп қайта өмірге келе бастады: *кәсіпкер, бизнес, сауда, фирма, саудагер, делдал* т.б. Аталған сөздердің кеңес үкіметі кезінде жағымсыз мағыналары болса, қазір жағымды мағынаға ие болды.

Бірақ қоғамның идеялық және материалдық бөлшектенуіне байланысты бір ғана термин әр түрлі адамдар топтарының арасында түрлі бағалауыштық коннотацияға ие болады. Бұл жерде қоғамдағы түбірі терең үдерістер, яғни қоғамдық меншік принципі бойынша әлеуметтік бөлінуі әсер етеді. Жаңа қазақтар, яғни материалдық жағынан толық қамтамасыз етілген адам үшін *бизнес, кәсіпкерлік* тағы басқа ұғымдары жағымды, оларды танымал етудің кепілі ретінде қабылданады. Ал қоғамдағы жаңа әлеуметтік-экономикалық өзгерістерден зардап шеккен немесе тұрмыстары төмендеп кеткендер үшін бұлар жағымсыз

сөздер ретінде қабылданады. Бұл әлеуметтік қорғаудан тыс қалған тұрғындар болып табылады. Жаңа фразеологиялық тіркестер пайда болды: *жаңа қазақтар, көлеңкелі экономика, ақша, тұтынушы сөмкесі, жалақының төменгі көлемі*.

Лексиканың семантикалық тұрғыдан жаңару үдерісі сөздік қордың кеңейуі мен толығуына әсер етеді. Сөздің жаңа мағынаға ие болуы жаңа сөз туғызуға әкеледі, сөйтіп тілдік омонимияны көбейтеді. Семантикалық үдерістердің ішінде үш негізгісін атауға болады: мағынаның кеңеюі, мағынаның тарылуы және жаңа мағынаға ие болу. Мысалы «*нарық*» термині өзінің мағынасын кеңейтті. Біз кеңестік өмірдің шындығымен сәйкес «*нарық*» ұғымын колхоз, совхоз шаруашылығымен байланыстырдық. Бүгінгі таңда *көтерме нарық, нарықтық экономика, сатып алушы нарығы, сатушы нарығы, нарықтық инфрақұрылым, нарықтық база, нарықтық қатынастар, нарық сыйымдылығы т.б.* тіркесті терминдер жиі қолданылады.

Жоғарыда берілген мысалдардағы терминдердің бірінің ғылыми қолданыстан ығысып, екіншісінің оның орнын басуы ғылым мен техниканың дамуына, қоғамдағы өзгерістерге байланысты қалыптасқан норма болып саналады. Бұл жерде қолданыстан шығып қалған терминдер қазақ тілінде мүлдем қолданылмайды деген ой тумаса керек. Терминдердің өмір сүру аймағы ғылым тілі болғандықтан, аталған терминдер кәсіби қарым-қатынас тілінен шеттетілгенімен, қазақ әдеби тілінің түрлі жанрларында сирек болса да қолданылатынын ескерген жөн.

Мемлекеттік терминологиялық комиссияға бекітуге ұсынылған кейбір терминдер ғылыми қолданыста тұрақталмағандықтан, нормаға сай емес деген себептермен бекітілуі кейінге қалдырылып немесе мүлдем бекітілмей жатады. Мысалы, Тіл білімі институты ұсынған *айтылым* (орфоэпия, произношение), *алмасым* (чередование, альтернатива), *ем құрақ* (логопедический сегмент), *ем кесте* (логопедическая таблица), *жалғаным* (агглютинация), *жіктелім* (классификация) т.б. сөздер мен сөз тіркестерін ғылыми сынақтан өтіп, ғылыми қолданыста тұрақтала бастаған кезде бекіткен орынды деп табады.

Қазақ терминологиясында жарыса қолданылып жүрген терминдер жиі ұшырасады. Терминде варианттылықтың орын алып жатуының ең басты себебі - біріздендіру, реттеу, стандарттау сияқты терминологиялық жұмыстардың республикалық деңгейде бір орталықтан ұйымдастырылып, терминдердің қолданысына ресми органдар тарапынан бақылау жасалмай отырғандығынан екенін айту керек.

Терминдердің жарыса қолданылуына мысалдарды кез келген сөздіктерді, ғылыми әдебиеттерді, баспасөз материалдарынан көптеп кездестіруге болады. Мысалы, *құқық тәртібі – құқықтық тәртіп* (правопорядок); *істі қайта қозғау – істі жаңғырту* (возобновление дела); *әрекет – қимыл – амал* (действие); *белгі – таңба* (знак); *үйлеспеу – сәйкес келмеу – сай келмеу – сәйкессіздік* (диспропорция); *саудагер - пайдақор – алып-сатар* (коммерсант); *кепілге салу – кепілге ұстау* (заклад); *атқару құжаты – орындау құжаты* (исполнительный документ); *жойқынышылық – апат – үркіншілік* (катаклизм); *үлес – шама – жеткілікті мөлшер* (квота); *құзырет - құзыр* (компетенция); *өзіне өзі қарсы болу - бас тарту* (самоотвод); *талап қою – қуыну – іздену* (иск); *талап мерзімі – талап қою мерзімі* (исковая давность); *талап арыз – талап қою арызы* (исковое заявление); *өтеу – өзін өзі ақтау - өтелімпаздық - өтелімділік* (окупаемость); *құрауыш – құрамдас бөлік* (компонент); *ымыра – мәмлеге келу* (компромисс); *өзара ұсыныс – қарсы ұсыныс* (контрпредложение); *жолдау –*

жолдау хат (послание); *делдал* – *бітістіруші* (посредник); *тұрпайылық* – *дөрекілік* (грубость); *іскерлік* – *ептілік* - *бейімділік* – *икемділік* – *істей білу* (умение) және т.б.

Терминологиялық варианттылық бір ғана терминнің түрліше фонетикалық, морфологиялық өзгеріске ұшырап қолданылуынан да пайда болады. Мәселен: *өмірбаян әдісі* - *өмірбаяндық методы* - *өмірбаяндық әдіс*; *ұяңдық* – *ұялиақтық*; *ретроактивтік тежелу* – *ретроактив тежелу*; *орта ми* – *ортаңғы ми*; *қорқу* – *қорқыныш* және т.б.

Көрсетілген варианттардың қай қайсысы болсын терминологиялық норманы анықтауда қиындықтар туғызып, кәсіби қарым-қатынаста түсініспеушіліктер мен шатасуларға жол беретінін жасыруға болмайды. Әрине, терминдердің варианттылығы термин шығармашылығының алғашқы кезеңіне тән екенін ескерсек, уақыт өте бұлардың біреуі тұрақтанып, екіншісі қолданыстан ығыстырылуы мүмкін. Бұл жерде жоғарыда айтқан терминологиялық норманың екінші өлшемі, яғни қайсысы ғылыми айналыста жиірек қолданылатынын ескерудің немесе терминологиялық сөздіктер мен нормативтік құжаттарда біреуі ғана көрсетіліп, «күшпен» тұрақтануының маңызы зор. Қазақ терминологиясындағы осы тектес варианттардың бірін таңдап, екіншісін қалдыру мамандар мен тілшілердің міндеті екенін айтқан жөн.

Әдебиеттер:

1. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Термин қалыптастыру көздері мен термин жасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. - Алматы: Мектеп, 2002. - 256 б.
4. Заң терминдерінің сөздігі. - Алматы: Жеті жарғы, 2005. – 656 б.
5. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдерінің лингвистикалық мәселелері (лингвистикалық зерттеу). Монография. Алматы, 2001. 191 бет
6. Исақова С.С. Қазақ терминтаным: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. Алматы, 2007. 158 бет
7. Садирова К.К. Қолданбалы терминология мәселелері. Оқу құралы. Ақтөбе, 2007. 102 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Терминологиялық норманың неше өлшемі бар?
2. Терминологиялық норма дегеніміз не?
3. Қазақ тілінің тілдік табиғатын бұзбай, нормаға сай жасалған жаңа терминдерге мысал келтіріңіз.
4. Терминдердің кәсіби қарым-қатынас бірлігі ретіндегі қолданысы норманың қай өлшеміне сәйкес келеді?
5. Лексиканың семантикалық тұрғыдан жаңару үдерісі дегеніміз не?
6. Ұсынылған кейбір жаңа терминдердің Мемтерминком тарапынан бекітілмеуінің себебі не?
7. Қазақ терминологиясында жиі ұшырасатын варианттылықтың себебі не?
8. Терминдердегі жарыспалылыққа мысалдар келтіріңіз?
9. Варианттылықтың терминологиялық нормаға тигізер кері әсері туралы не айтасыз?

4.ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ РЕТТЕУ ТЕОРИЯСЫ

4.1 Терминологияны реттеу теориясының құрылымы. Метатілі

Ғылыми-техникалық терминологияны нормалаудағы тіл білімінің рөлі туралы айтқанда, оған тілшілердің араласуының тиімділігі немесе пайдалылығының шегі қандай деген мәселені естен шығармаған жөн. Терминологияны лингвистикалық реттеу мәселесі қазіргі тіл білімінің тікелей қолданбалы мүмкіндіктерінен шығатыны рас. Жеке ғылым салаларының ұғымдарын атауға тілшілердің араласуы артық емес, бірақ терминологияны реттеу жұмыстарында тілшілер мен тіл білімінің, логиктердің қызметтері нақты айқындалуы тиіс. Қазіргі ғылымда терминологияны реттеудегі нормалау жұмысының үш түрі бар екені туралы пікірді кездестіруге болады: 1) лингвистикалық нормалау, яғни терминдердің қолданылуының және жасалуының тілдік тұрғыдан дұрыстығы; 2) терминдерді мазмұны жағынан нормалау, яғни термин мен оның анықтамасының мазмұндық арақатынасын анықтау; 3) логикалық нормалау, яғни ұғым иерархиясын дұрыс құру, терминнің ұғымдық дәлдігін анықтау. Сондықтан терминдерді реттеуде логиктердің қызметін анықтап алу да өте маңызды.

Жоғарыда аталған үш қызметтің аражігін ашу, оларды бірінен-бірі бөліп көрсету, әрине, мүмкін емес. Өйткені бұл нақты міндеттерден туындайтыны да шындық. Сондықтан терминологияны нормалау теориясының өзінің метатілін реттеу қажет. Мәселе зерттеушілердің нормалаудың бір ғана саласын айта отырып, оны әр түрлі терминдермен атайтыны кездесетіндігінде болып отыр. Тіл білімінде аталған мәселені түрлі қырынан қарастыратын терминдердің санының көптігі таңданыс тудырмайды. Терминологиялық нормалаудың нақты нысанын анықтаудың қажеттігін ескеріп, бұл нысандардың және оған сәйкес олардың атауларының мүмкін болатын иерархиясын құруға ұмтылыс жасаймыз, бұл үдерістің кейбір мүмкіндіктерін анықтаймыз.

Арнайыландыру (специализация) дегеніміз - ұғымның белгілі бір ғылым мен техника саласына қойлатын талапқа жауап беретіндей ақпараттық толықтығы, аталған мамандықтың ерекшелігін көрсететін ұғымдардың интенционалдарын құру. Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде (Ожегов, 2003) мамандандыру дегеніміз - "қандай да бір арнайы салаға пайдалануға немесе жұмысқа арналу" деп анықтама береді.

Әрине, терминологиядағы мұндай жұмысты сол ғылым салаларының мамандары ғана жүргізе алады.

Терминдерді жүйелеу дегеніміз - терминдерді олардың интенционалды және экстенционалды белгілеріне қарай және түрлі терминологиялық бірліктердің арасындағы жүйелілік байланысқа сәйкес бір терминологиялық жүйеге топтастыру. Сөздіктегі түсіндірмесі: жүйелеу дегеніміз - "жүйеге келтіру, белгілі бір тәртіппен орналастыру, белгілі бір бірізділікті орнату". Аталған принцип ғылым салаларының теориялық және логикалық заңдылықтарынан туындап отыр. Терминденген ұғымның да, олардың арасындағы өзара қарым-қатынастың да логикалық тұрғыдан негізді болуы қажеттілігінен терминдік лексиканы логикаландыру (логизация) принципі шығады.

Логикаландыру дегеніміз - логикалық байланыстардың сақталуын, қолданылуын және шындыққа сәйкестігін тексеруге бағытталған үдеріс. Аталған

принцип логиктердің міндетіне жатады.

Лингвистикалық нормалау кәсіби қарым-қатынас саласының жалпы принциптерін қолдай отырып, логиктер мен мамандар ұсынған нұсқауларды басшылыққа алып қана қоймай, сонымен бірге, тілдік қолданыстың (узус) ерекшеліктеріне, оның ішінде эстетикалық жағы және дыбыстардың айтылу сазына да көңіл бөледі. Бұл жерде "тілдік қолданыстың қалыпқа түсіп, жаппай қолданыс тапқанын заңдастыру" дегенді білдіретін қалыптандыру (кодификация) терминін қолдануға болады. Жасалынған терминді тіл сөйлермендері мақұлдап, қолданысқа енгізіп, тұрақтандырып жатса, оны арнайы сөздіктерге енгізу қажет болады. Бұл ойымызды Р.Сыздықтың «Кодификация – әдеби тілдің дамуына әлеумет тарапынан ықпал жасау» деген пікірі растай түседі. Қалыптандыру термині кейде стандарттау терминіне синоним ретінде қолданылады.


Терминологияны лингвистикалық реттеу мақсаты үшін төрт қызметті орындау маңызды болып есептеледі: нормалау, стандарттау, біріздендіру, халықаралықтандыру.

Табиғаты әр түрлі болып келетін тілдік және техникалық стандарттардың бар екенін ескере отырып, стандартты әдеттегі түсінігі бойынша жалпы терминдік жүйенің лингвистикалық стандарты және жекелеген сөзжасамдық үлгілер деп екіге ажыратып аламыз. Сөзжасамдық үлгілер дегенде терминдерді нормалайтын және жасайтын құрылымдық-семантикалық стандарттар жайлы айтылып отыр. Мұндай үлгілер, эталондар жалпы терминологиялық стандартты құрудың бастапқы кезеңдері болып саналады. Стандарттауға сөздікте берілген анықтамаға көңіл аударсақ, стандарттау дегеніміз - "бір нәрсенің бірдей, міндетті типтік үлгісін жасау" болып шығады.

Біріздендіру дегеніміз - формалардың көптігін (синонимдер) жою немесе мағыналарды біріздендіру, яғни бір ғылым саласындағы көпмағыналылық, семантикалық омонимия сияқты құбылыстарға жол бермеу. Сөздікте біріздендіру дегеніміз - "бірдей ету, бірдей формаға немесе жүйеге келтіру" деп анықтама беріледі.

Ғылым мен техниканың қазіргі даму деңгейінің талаптарына байланысты ғылыми ұғымдарды және олардың атауларын тілде, әр түрлі жағдаяттарда, ғылым саласында дұрыс және сауатты қолдану қажеттілігі туып отыр. Белгілі бір терминдік жүйеде ұғымдардың бірдей жүйесін жасауға бағытталған үдерісті үйлестіру (гормонизация) деп атауға болады.

Терминологиялық нормалау теориясының метатіліндегі терминдерді 4-сурет түрінде берелік.



Сурет 4 - Терминологиялық нормалау теориясының метатілі

Терминтанымды реттеу нысаны терминология болып табылады, яғни белгілі бір ғылым саласының терминдер жиынтығы. Терминология жүйеленеді, содан соң кемшіліктері мен оны жоюдың әдістерін көрсету үшін талданады, ең соңында нормаланады. Бұл жұмыстың нәтижесі терминдік жүйе түрінде көрінеді. Терминдік жүйе терминдер мен олар атап тұрған ұғым арасындағы байланысты реттейді.

Реттеу дегеніміз – ең басты, маңызды терминологиялық жұмыс. Бұл жұмыс терминдерді іріктеуден басқа төмендегідей бірқатар кезеңдерден тұрады:

- аталған ғылым саласының ұғымдарын категория және жіктемелік сызбалар құру бойынша жүйелеу, нәтижесінде ұғымдардың маңызды белгілері анықталады; жіктемелік сызбаның негізінде бұрын қалыптасқан ғылыми анықтамаларды немесе жаңа жасалған анықтамаларды нақтылау;

- терминологияның кемшіліктерін анықтау мақсатымен оған талдау жасау. Алдымен терминдердің мағынасындағы өзі атап тұрған ұғыммен сәйкес келмейтін түрлі ауытқуларды және терминологиялық атауы жоқ ұғымдарды анықтауға мүмкіндік беретін семантикалық талдау жүргізіледі. Содан кейін аталған терминологияда терминдерді жасаудың барынша тиімді тәсілдері мен үлгілерін анықтайтын сәтсіз терминдердің формаларын анықтап, оларды жетілдіру немесе ауыстыру тәсілдерін көрсететін этимологиялық талдау жасалынады. Функционалды талдау терминдердің қолданылу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жүргізілетін талдаулар барлық жағдайда аталған терминологиядағы қалыптасқан даму үрдісін және сол үрдістердің көріну ерекшеліктерін есепке алу қажет. Ол үшін әдетте диахрондық талдау жүргізіледі;

- келесі кезеңде терминдерді нормалау жүргізіледі. Тіл білімінде норма деп - аталған тілдегі сөйлеу іс-әрекетін реттеуді мақсат ететін және сөйлеу тәжірибесінен шығатын ережелердің жиынтығын атайды. Осыған сәйкес терминологияны нормалау дегеніміз — мамандардың сөйлеу тәжірибесінен терминдердің қолданылуы мен жасалуының ережелерін және барынша дәл, қолайлы варианттарын таңдау және мұндай варианттардың таңдаулысын бекіту.

Терминологиялық норма жалпы тілдік нормаға негізделеді, бірақ онымен толық сәйкес келмейді.

Нормалаудың екі жағы бар — терминдердің мазмұнын реттеуге бағытталған *біріздендіру* және терминдердің тиімді формасын таңдауға арналған оңтайландыру (*оптимизация*). Біріздендіру терминдік жүйе мен ұғымдар жүйесінің арасында бірмағыналылық сәйкестікті, яғни аталған терминдік жүйеде бір ұғымға тек қана бір термин сәйкес келуі тиіс немесе керісінше, бір терминге бір ұғымды қамтамасыз етуге бағытталады. Дұрыс құрылған терминдік жүйе ғылыми ұғымдар мен олардың байланысын көрсетіп тұруы тиіс. Сондықтан оңтайландырудың негізгі міндеті — терминдердің өзі атап тұрған ұғымның негізгі жіктелік белгілерін тура немесе жанама бейнелейтін, қолдануға ыңғайлы, ықшам формаларын іздеу болып табылады;

- реттеудің соңғы кезеңінде алынған терминдік жүйені қалыптандыру (*кодификация*) жүргізіледі, яғни оны нормативтік сөздік ретінде жарыққа шығарады. Терминдік жүйенің қолданылу ерекшеліктерімен байланысты екі міндетті деңгейі болады. Терминді нақты бір ғана мағынасында қолдануды нұсқайтын қалыптандыру жұмысы терминдерді стандарттауға ауысады. Оның нәтижесі қолданылатын терминдердің және олардың анықтамаларының стандарттары болып табылады, олар құжаттарда міндетті түрде қолданылады. Егер шамадан тыс қатаң норма шығармашылық ойлаудың дамуына (әдетте ғылым саласында) кедергі келтіріп жатса, қалыптандыру терминтанымдық көзқарас тұрғысынан барынша дұрыс терминдерді ұсынатын формаға айналады. Соның нәтижесінде ұсынылған терминдердің жинағы пайда болады.

Терминологияны тіларалық реттеу кезінде — үндестіру (*гармонизация*) — екі немесе одан да көп тілдердің терминологиясын ұлттық ұғымдарды пайдалану есебімен толықтырылған ұғымдар жүйесінің жиынтығы негізінде жүйелі салыстыру жүргізіледі. Үйлестірудің негізгі құралы — ұлттық терминдердің арасында толық сәйкестік орнату мақсатымен, олардың формасы мен мазмұнын бірлесе отырып жөндеу ұлттық терминологияны кірме терминдермен байыта түседі. Үйлестіру нәтижесінде нормативтік аударма сөздіктер, стандарттар пайда болады.

Әдебиеттер:

1. Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка. –М., 2003. - 856 с.
2. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. –Астана: Елорда, 2001. –230 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. – Астана: «Педагогика-Пресс ИД», 2009. – 224 б.
4. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдерінің лингвистикалық мәселелері (лингвистикалық зерттеу). Монография. Алматы, 2001. 191 бет
5. Исақова С.С. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. Алматы, 2007. 158 бет

Бақылау сұрақтары:

1. Терминологияны реттеу жұмыстарына қандай мамандардың қатысуы міндетті болып есептеледі?
2. Терминологияны реттеудегі нормалау жұмысының неше түрін кездестіруге болады?
3. Арнайыландыру (специализация) дегеніміз не?

4. Терминдерді жүйелеу дегеніміз не?
5. Логикаландыру дегеніміз не?
6. Терминологияны лингвистикалық реттеу мақсаты үшін неше қызметті орындау маңызды болып есептеледі?
7. Терминологиялық реттеу жұмысының кезеңдерін атаңыз?
8. Қалыптандыру дегеніміз не?
9. Үндестіру дегеніміз не?

4.2 Терминдерді біріздендіру

Терминологияны біріздендіру мәселесі термин жасау мен оларды қалыптастыру жұмыстарын үйлестіре жүргізуге, жарыспалылықты болдырмауға байланысты туындайды. Термин шығармашылығы кезінде жарыса қолданылып жүрген баламалардың біріне тоқталып, оны арнаулы ұғымның атауы ретінде терминологиялық лексикада тұрақтандыру процесін *біріздендіру* деп түсінетініміз белгілі. *Біріздендіру* термині 2000 жылы Мемтерминком ресми бекіткенге дейін кеңестік дәуірде қалыптасқан *унификация* нұсқасында қолданылып келді. Қазақ тілі білім беру мен ғылым саласындағы қызметін атқару мүмкіндігіне ие болып, терминдерді ұлт тілінде жасап, қалыптастыруға бет бұрған өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап, аталған терминнің формасы ғана емес мағынасы да өзгеріске ұшырағаны байқалады. Термин шығармашылығының отызыншы жылдардан тоқсаныншы жылдарға дейінгі кезеңінде терминдерімізді орыс терминологиясына қарап қалыптастыру дәстүрі орныққан болса, терминологиядағы біріздендіру жұмыстары да сол бағытта жүргізілді. Белгілі бір терминнің шет тілі мен орыс тіліндегі және қазақ тіліндегі нұсқаларының бірін таңдау қажет болған жағдайда, көбінесе, ең алдымен орыс тілінде орныққан нұсқа басымдыққа ие болатын еді. Мұндай таңдау кеңестік тіл саясатына да, ұлт тілдерінде терминологияны дамытудың сол кезеңдегі принциптеріне де сәйкес келетін. Тілімізге қабылдаған кірме терминдердің орыс тіліндегі жазылуына нұқсан қелтіріп алмау әліпбиімізге өзгертулер мен толықтырулар қосқанымыз да ешкімге құпия емес. Отызыншы жылдарға дейін жасалып, қалыптаса бастаған көптеген терминдер, жаңа қолданыстар отызыншы жылдардың басынан бастап шеттетіліп, оның орны орыс тіліндегі нұсқасымен ауыстырылды. Мәселен, 1925 жылы Мәскеуде Қошқе Кеменгерұлының редакторлығымен басылып шыққан «Қазақша-орысша тілмашта» берілген төмендегідей терминдер мен атауларға мән беріп көрейік: *пленка - үлдірік, экономия - үнем, экономный - үнемшіл, экономист - үнемші, прогресс - үдеу, колонизатор - отаршыл, колонизаторство - отаршылдық, патриот - отаншыл, патриотизм - отаншылдық, федерация - құрама, экспертиза - сарап, эксперт - сарапшы, интеллигент - зиялы, центробежный - делегей, урок, лекция - дәріс, поэма - дастан, творчество - шығармашылық, антитеза - шендестіру, чиновник - төре, чиновничество - төрешілдік, музыка - әуез өнері, администратор, правитель - әкім, административность, власть - әкімдік, методика-әдістеме.*

Осы атаулардың барлығы дерлік қазақ терминологиясы дамуының А. Байтұрсынов кезеңіндегі баспасөз беттерінде кеңінен қолданылып, сол кездегі оқулықтарға, сөздіктерге еніп, тілге орныға басталған болатын. Ұлт тілінде терминологияны дамытудың 30-жылдардан бастау алатын келесі кезеңінде бұл терминдердің халықаралық сипатын арттырып, орыс тіліндегі нұсқасын қалдыру қажет деп танылды. Терминдерді біріздендіру бағыты да басқа арнаға ауысып, ұлт

тілінде жасалған арнаулы салалардан орын алу сипаты барынша шектелді. Нәтижесінде *пленка, колонизатор, патриот, экспертиза, интеллигент, творчество, антитеза, администратор* тәрізді шет тілдерінен қабылданған мыңдаған терминдер мен кірме сөздерге басымдық беріліп, олар тілімізден берік орын тепті. Терминдерді біріздендіру мәселесі терминологияны халықаралықтандыру бағытына сәйкес жүргізілді. Бір ғана ұлт тілінің ауқымында жүргізілетін *тілішілік біріздендіру (внутриязыковая унификация)* жұмысынан гөрі кеңестік тіл саясатының мүддесіне сай келетін *тіларалық біріздендіру (межъязыковая унификация)* ісіне мемлекет тарапынан айрықша мән берілді. Кейбір ғалымдар *терминологияны іштей біріздендіру (внутренняя унификация терминологии)* терминін де қолданып жүр. Біздіңше тілішілік біріздендіру термині ықшамдылығы жағынан да, терминологиялық жұмыстың мазмұнын ашуы тұрғысынан да алдыңғы терминнен гөрі ұтымдырақ.

Тіларалық біріздендіру жұмыстарын жүргізуде КСРО халықтарының ортақ тілі орыс тілін үлгі етіп алу ұсынылды. Мәскеудегі КНТТ (Комитет научно-технической терминологии) Одақ көлеміндегі терминологиялық жұмыстарды үйлестіріп отырған басты мемлекеттік орган әрі ғылыми мекеме ретінде кеңес халқына ортақ терминологиялық қордың (*общесоветский терминологический фонд*) орыс тілі негізінде қалыптасуына үлкен ықпал етті.

1981 жылы наурыз айында Мәскеуде терминология мәселелеріне арналып өткізілген бүкілодақтық семинарда жасаған бас баяндамасында академик Г.В.Степанов терминологияны біріздендіру жұмыстарының елеулі қиындықтарға тап болып отыруына республикаларда орыс, латын, грузин, армян графикаларына негізделген төрт түрлі әліпбидің пайдаланылуының себебі болып келе жатқандығын және орфографияның фонетикалық, фонематикалық, морфологиялық, тарихи принциптерге негізделуі де өзара термин алмасу процесін қиындатып отырғанын айтады. Өз жазуларын сақтап қалған армян, грузин және латын тілін пайдаланған балтық жағалауы республикалары болмаса, кириллицаға көшіп, 30-жылдары-ақ әліпбиімізді орыс сөздерін бұрмаламай жазу үшін бейімдеп, кеңейтіп толықтырып алғандықтан біз академик атап көрсеткендей, терминологияны біріздендіруге де, термин алмасуға да кедергі келтіргендер қатарына жатпаймыз. Керісінше, сол кедергіні алғаш бұзып терминологиямыздың советтік-халықаралық сипатын барынша арттырған халықтар санатына қосыламыз.

Г.В.Степанов осы баяндамасында терминологиялық жұмыстардың ең негізгілерінің бірі ретінде біріздендіруге айрықша мән беру қажеттігін айта келіп, бұл жұмыстың маңызын былайша атап көрсетеді: «В многонациональном государстве важное значение приобретает работа по унификации, смысл которой состоит в достижении соотносимости научных и технических понятий, выражаемых терминами на различных национальных языках».

Көп ұлтты мемлекетте терминологияны халықаралықтандырудың, тіларалық біріздендірудің маңызды мәселе ретінде көтеріліп, оған мемлекеттік тұрғыдан үлкен мән берілуі түсінікті. Онсыз ғылым мен техника саласындағы және басқа да тілдік қатынастарда бір тілдің үстемдігін орнату мүмкін болмаған болар еді.

«Термин унификация употребляется в постановлении об унификации терминологии на языках народов СССР», - деп көрсетеді Ю.Д.Дешериев өз мақаласында. Терминологияны тіларалық біріздендіруге мемлекеттік тұрғыдан айрықша мән берілгендігін бұл істі бүкіл одақ көлемінде үйлестіре отырып жүргізу мақсатымен арнайы қаулы қабылданғандығынан көруге болады. Ондағы түпкі мақсат – бір тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласындағы қызметін атқаруына мемлекеттік

тұрғыдан барынша ықпал ете отырып, жүйелі де жоспарлы жұмыстар жүргізу арқылы көп ұлтты құрама елдің тіл мәселесін түбегейлі шешу еді. Кеңестік тіл саясатының көрегенділікпен жүргізіліп отырғандығын, терминологияны біріздендірудің бүкілодақтық деңгейде орыс тілін үлгі етіп ала отырып, жүзеге асырылып жатқандығының дұрыстығын және бұл үрдістің солай жалғастырыла беруі қажеттігін әр қырынан дәлдеуге ат салысқан ғалымдар Мәскеуде де, ұлттық республикаларда да аз болмағаны белгілі. Мәселен, мәскеулік ғалым Р.Г.Котов терминологиялық тасқынның ғылым мен техникадағы, басқару саласындағы қарым – қатынасты едәуір қиындатқанын, көп тілді елдегі мұндай кедергінің туындауына тілдік бөгеттің (языковой барьер) үлкен тосқауыл болып отырғанын, оны жою керектігін айта келіп, былай дейді: «Таким образом, проблемы развития и упорядочения терминологии оказываются тесно связанными с актуальными информационными проблемами современного общества, среди которых важное место занимает проблема преодоления языковых барьеров». Әрине, көп ұлтты елде тілдік бөгеттің шешімін күтетін әлеуметтік лингвистикалық күрделі мәселе ретінде көрініс беруі табиғи нәрсе. Ғалымның бұл мәселені терминологияны дамыту және реттеумен тығыз байланыста шешуі қажет деуі де орынды. Алайда, мәселенің үлкені сол терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында қай тілдің мүддесі көзделіп отырғандығында.

Ғалымдардың алға тартқан дәлелдері мен ұсыныс-пікірлерінен біріздендіру жұмыстарын қандай мақсатпен, қай бағытта жүргізу көзделгенін көруге болады. Жалпысоветтік терминологиялық қор құру мақсатын көздеген терминологияны біріздендіру жұмыстары мемлекеттік тұрғыдан қолдау тауып, ғылыми-әдістемелік негізде бір орталықтан үйлестіре жүргізіліп отырғандықтан едәуір жетістіктерге қол жеткізді. Оған 70-80 пайызын орыс терминологиясымен ортақ терминдер құрайтын біздің терминологиялық лексикамыз бен біз тәрізді одақ құрамында болған көптеген халықтардың терминологиялық қоры құрамына қарап-ақ көз жеткізуге болады.

Ендігі жерде терминологияны біріздендіру жұмысы қалай, қай бағытта жүргізілуі қажет деген мәселеге келсек, бұл жұмыс мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің мүддесін көздей отырып жүзеге асырылуы керек екендігі дау тудырмайды. Қоғам өмірінде болған саяси, тарихи-мәдени өзгерістерге байланысты көптеген жаңа терминдер жасалды және кезінде орынсыз шеттетілген бірқатар терминдер терминологиялық лексикамызға қайта қосылды. Оған жоғарыдағы Қошке Кеменгерұлының сөздігінен алынған мысалдағы *отаршылдық, отаншыл, отаншылдық, сарапшы, зиялы, дәріс, дастан, шендестіру, әкім, әкімдік, әдістеме* атауларының тілімізде кеңінен қолданыс тауып жүргендігі, тіпті кейбіреулерінің ресми бекітілген термин ретінде терминологиямыздан орын алғандығы дәлел бола алады.

Біріздендіру жұмысы ең алдымен, ұғым мазмұнын дәл бермейтін, терминге қойылатын талаптарға сай келмейтін атаулардан арылып, сәтсіз жасалған баламалар мен терминологияда ретсіздік туғызып, жарыса қолданылып жүрген нұсқауларды сараптан өткізіп, солардың бірін тілде орнықтырудан бастау алуға тиіс. Сондай-ақ тілімізде арнаулы ұғымды дәл беретін байырғы атауы бола тұрып орынсыз шет тілінің сөзімен алмастырылған немесе сөзжасам, терминжасам тәсілдерін ұтымды пайдалана отырып сәтті жасалған терминдер де ұлттық терминологиялық қордан орын алу қажеттігін назардан тыс қалдыруға болмайды.

Термин шығармашылығы терминологияны біріздендіру, жетілдіру жұмыстарымен қатар жүріп жататын үздіксіз процесс болғандықтан, жаңадан жасалып қолданысқа ене бастаған терминдерді іріктеп алумен бірге қажеттілігіне қарай жаңа терминдер

жасап, оларды тілде орнықтыруға да көңіл бөлінгені жөн. Бұл жұмыс барлық арнаулы саланың терминдер жүйесін қамти отырып жүзеге асыруды қажет етеді. Яғни тілішілік біріздендіру ісіне жете мән берілуі керек.

Ал тіларалық біріздендіру жұмысы да бұрынғыдай орыс тілін ғана үлгі етіп алып, біржақты сипат алмай, ғылыми негізделген байыпты бағытты ұстануы керек. Әсіресе, туысқан түркі тілдес халықтар тілдерінің арасындағы терминжасам тәжірибесін бөлісу мен термин алмасу ісін дұрыс жолға қоюдың маңызы зор. Ділі мен тілінің ұқсас қырлары, ортақ жақтары мол туысқан халықтардың өзара термин алмасу ісін жолға қоймай, өзгеге тәуелді кезде солардың белгілеп берген қағидаттарын әлі басшылыққа алып, ескі сүрлеуден шыға алмай отыруымызды құптау қиын. Бұл осы бағыттағы жұмыстардың тиісті деңгейде жүргізілмей отырғанын көрсетсе керек. Тілдік туыстығы жағынан бір топқа жататын өзге халықтар тілдері арасындағы термин алмасу тәжірибесі де ескеріліп, оның ұтымды жақтары бізге үлгі болуы қажет. Бірімізде жоғымызды бірімізден тауып, тілдік байланысымыз бен ғылым саласындағы ынтымақтастығымызды нығайтудың тарихи-мәдени әрі саяси маңызы да зор деп білеміз.

Орыс тілімен және орыс тілі арқылы еуропа тілдерімен арадағы термин алмасу дәстүрі бізде кеңестік кезеңде әбден орныққан деуге болады. Тіпті, термин алмасудың бірден-бір дұрыс жолы ретінде ұсынылды десек, шындықтан ауытқымаймыз. Ол дәстүрден үзілді-кесілді бас тартып, туыстық жақындығы жоқ тілдерден сөз, термин алмасуды тоқтатайық деген жолды ешкім де ұсынып отырған жоқ. Ұлт тілінде термин жасау, тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үрдісі жандана бастады деген соңғы он шақты жылдың көлемінде де еуропа тілдерінен көптеген терминдер тілімізге еніп үлгерді. Ол тілдерден ендігі жерде сөз алуға болмайды деуге де еш негіз жоқ. Еуропа тілдері де өзге тілдер сияқты терминологиялық лексиканы қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде қала беруге тиіс. Тек терминдерді қай тілдерден қандай мөлшерде, нендей тілдік және тілден тыс заңдылықтарға сүйене отырып қабылдайтындығымыздың себептерін ғылыми тұрғыдан анықтап алуға тура келеді. Саяси және экономикалық тұрғыдан ықпалы зор, әскери қуаты күшті, ғылым-білімі өркендеген елдердің тілдерінен термин қабылдау қашан да, қай тілдің де басында болатын құбылыс. Мемлекет нығая түскен сайын мемлекет құраушы ұлттың ғылымды өз тілінде өркендетіп, ақпарат алмасу процесінде өзінің тиесілі орнын алуға ұмтылуы табиғи нәрсе. Біз қазір дәл осы кезеңді бастан кешіріп отырмыз. Қазіргі кезде кешегі кеңестік дәуірдің кемшіліктерін қайталап, терминологияны дамытуда біржақтылыққа ұрынуға жол беруге болмайды. Әлемдік ғылымның даму үрдісіне сәйкес өзге тілдердің терминологиясын қалыптастыру тәжірибесін де ескеріп, алайда басқаникінің бәрін асыл көріп, көзсіз көшіруге ұрынбай, ұлт тілі мен ғылыми-техникалық прогрестің мүддесін ұштастыра жұмыс жүргізгенде ғана мәселе дұрыс шешімін тапсақ.

Сонымен қорыта айтар болсақ, тілішілік біріздендіруді де, тіларалық біріздендіру жұмысын да ескі сарынмен жүргізе беруге болмайды. Тілішілік біріздендіру барысында ұлт тілінің ішкі мүмкіндіктері сөз жүзінде емес, іс жүзінде барынша кәдеге жаратылуы керек. Барлық лексикалық қабаттарды терминологияны қалыптастырудың ішкі көзі ретінде, ал сөзжасам, терминжасам тәсілдерін тіліміздегі термин жасаудың жолы ретінде кәсіби шеберлікпен пайдалану арқылы ғана ғылыми-техникалық терминдер қорын ұлттық тіл негізінде қалыптастыра аламыз. Ал тіларалық біріздендіру ғылым мен техниканың өркендеуі немесе мемлекеттердің саяси және экономикалық ықпалдығы сияқты тілден тыс факторларға ғана

негізделмей, тілдердің туыстығы мен құрылымдық ұқсастығы тәрізді таза тілдік факторларды да ескере отырып жүргізілуі қажет. Сонда бізде терминологияны қалыптастыруда кеңестік кезеңдегідей орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы қабылдаудан басқаны білмейтін біржақтылық орын алмайды. Терминологиялық қорды қалыптастырудың сыртқы көзін қажеттілігіне қарай сұрыптап пайдалануға, терминді қай тілден қабылдаудың тиімділігін анықтап, оларды елеп-екшеп алуға да мүмкіндік туындайды.

Әдебиеттер:

1. Степанов Г.В. Современная научно-техническая терминология на языках народов СССР и за рубежом // Проблемы разработки и упорядочения в Академиях наук союзных республик. М., 1983. Стр.13.
2. Дешериев Ю.Д. Проблемы универсиализации (интернационализации) терминологии в условиях развития национально-русского двуязычия (применительно к развитию языковой жизни советского общества). В книге: Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. М., 1983. Стр.33.
3. Котов Р.Г. Развитие терминологии и информационные потребности современного общества // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. М., 1983. Стр.39.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. –Астана: «Педагогика-Пресс ИД», 2009. – 224 бет.

Бақылау сұрақтары:

1. Біріздендіру дегеніміз не?
2. Біріздендіру термині қашан ресми бекітілді және оның орысша баламасы қандай?
3. Отызыншы жылдардағы терминологияны біріздендіру жұмыстарына сипаттама беріңіз?
4. Тоқсаныншы жылдардағы біріздендіру жұмыстарының ерекшелігі неде?
5. Қошке Кеменгерұлының редакторлығымен басылып шыққан «Қазақша-орысша тілмашта» берілген төмендегідей терминдер мен атауларға мысалдар келтіріңіз?
6. Тілішілік біріздендіру, тіларалық біріздендіру ұғымдарына анықтама беріңіз?
7. Академик Г.В.Степанов терминологияны біріздендіру жұмыстарында кездесетін қиындықтардың себебін қалай түсіндіреді? Өз ойыңызды білдіріңіз?
8. Егеменді мемлекетімізде терминологияны біріздендіру жұмыстары қай бағытта жүргізілуі тиіс?
9. Түркі тілдес халықтар тілдерінің арасындағы терминжасам тәжірибесін бөлісу мен термин алмасу ісін дұрыс жолға қоюдың маңызы қандай?

4.3 Терминдік жүйені стандарттау

Терминологияны стандарттау - негізі терминологиялық жұмыстардың бірі. Бұл жұмыс белгілі бір ұлт тілінің шеңберінде де, халықаралық деңгейде де жүргізіледі. Р.Г.Котов терминологияны біріздендіру мен стандарттау туралы айта отырып, дәлме-дәл мағынасында стандарттаудың қол жетуі қиын мақсат екенін, оның өзінше бір идеал екендігін атап көрсету қажет - деген болатын. Ғалымның бұл пікірін терминологиядағы стандарттылықтың аса күрделі, оңайшылықпен қол жете

қоймайтын жоғары талап екендігін сезіне отырып айтылған сөз деп ұққанымыз орынды болар. Бір ғана терминнің төңірегінде сала мамандарының ішінде он түрлі пікір айтылып, ортақ шешімге келе алмай жататын жағдайлар жиі ұшырасады.

Терминологияны стандарттау мәселесі КСРО кезінде 1933 жылы "Бүкілодақтық стандарттау комитеті" (БСК) құрылғаннан бастау алады. Стандарттау дегеніміз не? Бұл нормалау емес. Стандарттау дегеніміз - "терминологияны реттеуге бағытталған іс-әрекеттің бір түрі". Ал нормалау ұғымы терминдерді әдеби тілдің нормасымен сәйкестендіру дегенді білдіреді.

Стандарттау деп - "терминологияны мемлекеттік деңгейде реттеу деген сөз. Стандарттаудың негізгі өлшемдерінің бірі - терминдерді бір мағынада және дәл түсіну болып табылады.

Терминдерді стандарттаудың белгілері:

- 1) термин затты немесе құбылысты дұрыс атауы керек;
- 2) лингвистикалық дұрыстық: а) түсініктілік; ә) белгілі бір мамандыққа қатыстылығы; б) дәлдік; в) бірмағыналық; г) жүйелілік; е) ұя жасау қабілеті
- 3) терминнің даралығы оны есте сақтау үшін және ол атап тұрған заттар мен құбылыстарды тануда маңызы зор. Бұған терминдердің көпмағыналығы мен омонимдердің көп болуы кедергі келтіреді.
- 4) терминдерде өздері атап тұрған заттар мен құбылыстардың жүйесі болуы керек.

Қазіргі кезде стандарттаудың нысанына айналған терминология тек мазмұндық және логикалық жағынан ғана емес, лингвистикалық тұрғыдан да үлкен назарды аудартып отыр. Терминологиялық стандарттарды жасау тәжірибесіндегі тіл мәдениеті жалпы қазақ тілі мәдениетінің бір бөлігі болып табылады, сондықтан да аталған мәселеден тілшілер шет қалған емес.

Кез келген терминологиялық жүйе мазмұны жағынан, яғни аталған ғылым саласының даму деңгейін бейнелеу тұрғысынан, жүйенің логикалық құрылуы жағынан, сондай-ақ, лингвистикалық тұрғыдан да бағаланады. Өйткені терминология жалпы әдеби тілдің негізінде жасалынады. Егер алдыңғы екі аспект терминологиясы реттеліп, стандартталуға тиісті ғылым саласының мамандарының күзіретіне қарайтын болса, лингвистикалық аспектпен тілшілер айналысуға міндетті.

Терминологияны стандарттауға арналған лингвистикалық өлшемдер (критерий) төмендегі сұрақтарды қамтуы тиіс:

- 1) стандартталған терминдер қандай сөз табынан жасалуы керек?
- 2) аймақтық лексикадан, төл және кірме сөздерден, көне сөздерден, кәсіби сөздерден жасалған терминдерге деген көзқарас;
- 3) терминнің лексика-семантикалық белгілеріне (синонимия, көпмағыналық, омонимия) деген көзқарас;
- 4) термин жасаудың жалпы әдеби тілдегі сөзжасам үлгілеріне немесе арнайы терминжасам үлгілеріне сәйкес келуі;
- 5) сөзжасам жүйесінің негізгі даму үдерісіндегі сөзжасамдық варианттарға деген көзқарас: сөзжасамдық үлгілерді тиімді пайдалану, сөзжасамдық үлгілер мен жұрнақтардың мағыналарының арнайылануы, ұялы тәсілдер бойынша ұғымы мен құрылысы сәйкес терминдер жасау.
- 6) тіркесті терминдер және олардың анықтамаларына қойылатын стилистикалық талаптарды ескеру;
- 7) терминдердің орфографиялық жағынан дұрыс жасалуы.

Терминологиялық жүйені ұлттық және халықаралық деңгейде стандарттаудың қажеттілігі терминдердің әр түрлі тілдерде бір-біріне сәйкес келмейтіндігімен түсіндіріледі. Мысалы, қазақтың *күш* сөзіне орыс. *сила* және *мощь*, ағ. *force* және *strength* сөздері сәйкес келеді; ағ. *technology* –технология емес, *техника*; *technical term* – *техникалық термин* емес, жалпы *термин* дегенді білдіреді. Халықаралық стандарттаудың пайдасы болмайды, егер оның алдында тыңғылықты жүргізілген ұлттық стандарттау болмаса. Бұл жерде тілдің сипаты негізгі емес, аталған ғылым саласының ұғымдарының арақатынасы басты орынды алады. Сол ұғым тілдік форманы талап етеді.

Халықаралық стандартты қабылдау қалыптасқан ұлттық жүйеден бас тарту деген сөз емес. Мысалы, тіл біліміндегі *дауысты дыбыстар* және *дауыссыз дыбыстар* деген терминдерді *вокализм* және *консонантизм* деп ауыстырудың мүлдем қажеті жоқ. Халықаралық стандарттау дегеніміз ең алдымен отандық және шет тілі терминдерінің анықтамаларының дәлдігін және бірмағыналы сәйкестігін орнату болып табылады. Халықаралық стандарттау қазақ, орыс, ағылшын және басқа тілдерде терминнің мазмұнының бірдей болуын білдіреді, оны басқа терминмен ауыстыру емес, мәселен, *үндестік заңын сингормонизмге, теңеуді эпитетке, жазылымды орфографияға, айтылымды орфоэпияға* ауыстыру сияқты емес. Бұл қазақ тілінің сөзжасамының нормасына қайшы келеді. Терминдері ұлт тілінде қолданылатын тілде ғана стандарттау терминнің ұлттық формасына кедергі жасай алмайды. Бөтен тілде жасалынған терминологияны басқа тілдер егер аталған ғылым саласы ол ел үшін жаңа болған жағдайда ғана толығымен қабылдай алады. (мәселен, Ресей үшін гельминтология ғылымын алсақ: бұл ғылым саласының терминдерінің басым көпшілігі ағылшын тілінен алынған).

Өндірістік заттарды және олардың атауларын стандарттау жұмыстары 1910–1912 жылдары басталып, Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін жедел дами бастады. Стандарттар терминологиялық бірліктердің жетістіктері мен кемшіліктерін көрсетуге көмектеседі. Егер мамандар ұсынылған терминдерді қолданбаса, онда стандартта кемшілік бар деген сөз.

Қазіргі кезде стандарттау комитеттері 60 елде жұмыс жасайды. Стандартталатын нәрселердің барлығын мыңдаған сарапшылар жан-жақты тексереді.

Басқа терминологиялық жұмыстар сияқты стандарттау да біздің тілімізде халықаралық сипатқа ие болды. Нормалау мен стандарттау бір тілдің көлемінде, туыстас тілдер шеңберінде, белгілі бір аймақта қатар өмір сүріп жатқан тілдер тобының арасында немесе әлемдік масштабта жүргізілуі мүмкін. Терминологиялық жұмыс көлемі, мақсаты мен міндеті, осы жағдайларға байланысты өзгеріп отырады - деп ғалымдардың дұрыс атап көрсеткеніндей, 90-жылдардан бастап, отандық терминологиялық жұмыс көлемі де, мақсаты мен міндеті де өзгереді. Себебі, бұрын ұлттық республикалардағы терминология дамуының негізгі бағыт-бағдарын да, терминологиялық жұмыстарды жүргізудің негізгі қағидаттарын да орталық, яғни Мәскеу белгілеп отырса, енді сол жұмыстардың барлығын да өз қолымызға алуға тура келді. КСРО халықтарына ортақ терминологиялық қор құрып жатқан едік, сол КСРО-мыз тарап кетті. Терминқорымызды жетілдірудің, дамытудың бағыт-бағдарын анықтап алу қажеттілігі туындады. Тәуелсіздігін жариялаған тәуелсіз мемлекеттер өз тілдерінің терминологиясын қалыптастырудың жаңа бағыттарын таңдауға көше бастады. Кезінде одақтың ортақ тілі орыс тілін үлгі ете отырып ұлттық терминқорын

қалыптастыруда саяси сыңаржақтық, тілдік үстемдік, терминологиялық жұмыстарды жүргізуде біржақтылық орын алғандықтан жаңа құрылған ТМД елдерінің бірде-бірі ортақ терминқор құру мәселесін қайта көтермеді. Ұлттық терминжүйені қалыптастыруда орыс тілін үлгі етіп алу былай тұрсын, оны терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде танып, өзге шет тілдері сияқты пайдалануға да бейілділік байқатпады.

Қазақ терминологиясы дамуының соңғы он-он бес жылды құрайтын жаңа кезеңінде бұрын ұзақ жылдар бойы қолданылып, тілімізге сіңіп кеткен орыс сөздері мен терминдерінің көпшілігіне қазақша баламалар ұсынылды. Мәселен, *клетка, ткань, белок, председатель, совет* сияқты атауларды бұрын еш жатырқамай қолданып келген болсақ, бір-екі ұрпақтың санасына сіңісті болып қалған осы терминдерді *жасуша, ұлпа, ақуыз, төраға, кеңес* тәрізді төл баламаларымызбен алмастырдық. Бұл соңғы баламалар электронды бұқаралық ақпарат құралдарында, мерзімді басылымдарда жаппай қолданылып, көптеген оқулықтар мен оқу құралдарына, терминологиялық сөздіктерге енді. Орыс тіліне сол тілдің дыбыстық-құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкес қабылданып, ал өзге ұлт тілдеріне дәл орыс тіліндегі қалпын сақтап енгізілген өзге тілдер сөздердің де бірқатары ұлт тілдеріне аударылды. Жалпы халықаралық терминдерді ұлт тіліндегі баламамен алмастыру әлем халықтарының көптеген тілдерінде оның ішінде, бірқатар еуропа халықтары мен орыс тілінде де көрініс беріп отырған құбылыс. "XX ғасырдың соңғы ширегінде бүкіл әлемде ұлтшылдық үрдіс өрістеп, бұл терминологтардың да жұмысына әсер етті" десе, орыс ғалымдары мұндай үрдістің Ресейде де көрініс беріп отырғанын атап көрсетеді. "70-80 жылдары көптеген елдерде өз тілдерінде жасалған терминдерге басымдық беру үрдісі байқалды, бізде де терминологиялық жүйені орыстандыруға бетбұрыс жасалды" -деп жазады ғалымдар. Әрине, халықаралықтандыру бағытына басымдық беріп келгенмен 70-жылдарға дейін де өзге ұлт тілдерімен салыстырғанда орыс терминологиясының ұлттық сипаты әлсіз болды деп айту қиын. Айталық еуропа халықтарының тілдерінен алған терминдердің барлығы орыс тілінің фоно-морфологиялық заңдылықтарына бағындырылып жазылды. Жаппай сипат алмаса да орыс тілінде термин шығармашылығы дәл біздегідей тоқырауға ұшырап қалған жоқ. Орыс тілі КСРО құрамына кірген ұлт тілдерінің барлығына терминқор қалыптастырудың негізгі сыртқы көзі ретінде, үлгі тіл ретінде ұсынылды. Ғалымдардың 70-жылдардан бастап терминологияны орыстандыруға бетбұрыс жасалды деп отырғанын бұл жерде орыс тіліне бұрын қабылданған халықаралық терминдердің төл баламалармен алмастырылудың қарқын ала бастағаны деп түсінген дұрыс.

Ал бізде ұлт тілінде термин жасау, терминологиямыздың ұлттық сипатының басым болуы керектігі тек 90-жылдары ғана ашық айтыла бастады. Термин шығармашылығындағы бұл үрдіс соңғы он-он бес жыл көлемінде көптеген тілші ғалымдар, терминологтар, ұлт зиялылары тарапынан қолдауға ие болды. Ең алдымен ұлт тілінің ішкі мүмкіндігін пайдалана отырып жасалған жекелеген салалардың терминдері қолданысқа еніп, терминологиялық сөздіктер жарық көре бастады.

Бізде терминологиялық жұмыстарды жүргізіп отырған ғылыми мекемелер мен мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың ешқайсысы терминологияны стандарттау жұмысымен арнайы айналысып отырған жоқ. Әр түрлі салалар бойынша дайындалған терминологиялық стандарттарды Мемтерминкомның келісімінен кейін Қазақстан Республикасы индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті бекітіп келеді. Министрлік комитеті мен Мемлекеттік

терминология комиссиясының бұл саладағы жұмысы шығармашылық, сараптамалық тұрғыда емес, мемлекеттік құрылымдар арасындағы құжат айналымы деңгейінде жүзеге асырып жатады. Жалпы бізде терминологияны стандарттау жұмысы кейбір басқа елдердігідей үлкен маңызға ие болып отыр деуге болмайды. Бізде терминологияны стандарттау жұмысы негізінен Мемтерминкомның ресми бекіткен терминдерін ұсынумен шектеліп келеді. Мемтерминком-консультациялық-кеңесші орган. Сол себепті оның шешімін орындау міндетті болмағандықтан, бекіткен терминдері де Мемстандарт бекіткен стандарттар сияқты жалпыға міндетті емес. Сондықтан да Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдердің елеулі бөлігі бірізді қолданысқа түсіп, тұрақты терминдер қатарына қосылып кетпей, бекітілген қалпында қағаз жүзінде қалып қояды.

Жалпы терминологияны стандарттау жұмысы кеңестік дәуірде бізде терминдерді Мемлекеттік терминология комиссиясы тарапынан ресми бекіту түрінде жүзеге асып келсе, бүгін де сол тұрғыда жүргізіліп келеді.

Әдебиеттер:

- 1.Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. - Алматы, 1994.-272 б.
- 2.Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология. Часть I. - Фрунзе, 1959. – 248 с.
- 3.Қалиұлы Б. Шет тілі терминдерін қалай қабылдап жүрміз?// Қазақ тілінің көкейтесті мәселелері. - Алматы: Дайк Пресс. 1997. – Б. 121-125.
- 4.Алдашева А. Аударматану: Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы.: Арыс, 1998. -215 б.
- 5.Ефремов Л.П. Основы теории лексического калькирования. - Алматы, 1974. – 192 с.
6. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
7. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. –Астана: «Педагогика-Пресс ИД», 2009. – 224 бет.
8. Сухов Н.К. Международная работа в области научно-технической терминологии // Вопр. языкознания. – 1956. №3. – С. 149-154.
9. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. - Алматы: Мектеп, 2002. - 256 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Терминологияны стандарттау дегеніміз не?
2. Терминологияны стандарттау жұмысы қай кезден бастау алады?
3. Терминдерді стандарттаудың белгілерін атаңыз?
4. Терминологияны стандарттауға арналған лингвистикалық өлшемдер қандай?
5. Халықаралық стандарттау дегеніміз не?
6. Халықаралық терминдерді ұлт тіліндегі баламалармен ауыстыру үрдісіне көзқарасыңыз қандай?
7. Елімізде терминологиялық стандарттарды қандай мекеме бекітеді?
8. Мемтерминком қандай мекеме? Оның жұмысына толығырақ сипаттама беріңіз?

5. ТЕРМИН ЖӘНЕ АУДАРМА

5.1 Терминдерді аудару

Ғылыми, техникалық және басқа да арнайы терминдерді аудару практикалық терминологиялық жұмыстардың тағы бір бағыты болып есептеледі. Терминологиялық аударма (*терминологический перевод*) – шет тілдері терминдерінің ұлт тіліндегі терминдерге сәйкестігі анықталады да, ұлт тілінде тиісті баламасы жоқ терминдер болса, соларға сәйкесетін жаңа терминдер жасалады.

Жаңа терминдер мен аударма сөздіктерге еңбеген терминдерді аударуға қажетті деңгейдегі білім мен машық керек болады. Сондықтан да терминологиялық аударма кезінде жаңа терминдерді жасауға тура келеді.

Терминді аударманың нысаны ретінде қарастыра отырып, біз білімнің мынадай жақтарын, яғни, аударма теориясы мен тәжірибесін, ақпарат теориясын, мәтін лингвистикасын, екі тілді лексикография және т.б. салаларын қозғаймыз.

Аударма теориясы бойынша алғаш жарық көрген еңбектердің бірі Р.К. Миньяр-Белоручевтің “Теория и методы перевода», 1996 атты кітабы болатын. Кітапта «аударма жасаудың әдісі және бірлігі», «аударма жасаудың тәсілдері мен амалдары», «аударма жасаудың топтастырылуы» және т.б. іргелі ұғымдар ұсынылған. Бұл еңбекте аударма қарым-қатынастың ерекше түрі ретінде танылады.

Арнайы аударманың ғылыми теориялық негізін жасау – бүгінгі күннің және болашақтың міндеті. Осы заманғы ғылыми-техникалық аударма мәселесі бойынша зерттеулер бір жүйеге түспеген, толық емес.

Дәл осы аударма тәжірибесіндегі сипаттама және қорыту арқылы бір жағынан, әрбір адам жолығатын қиыншылықты жеңуге, екінші жағынан – ғылыми-техникалық аударманың негізгі ережелерін түсінуге болады.

Терминді аударма нысаны ретінде талдау барысында ең алдымен оның таңбалық табиғатына тоқталу керек. Терминдер – ерекше сөз. Терминдер кез келген сөздер секілді әріп пен дыбыстан тұрады, яғни терминдер формадағы сөздер. Бірақ терминнің ішкі бөлігі, оның мазмұны сөзден өзгеше. Терминнің мазмұнын арнайы стилдік жағынан шектеулі сөздің лексикалық мағынасы ретінде қарастыруға болады. Бірақ терминдер және «арнайы лексикалық мағынасы» да терминнің мағынасын түп тереңіне дейін аша алмайды. Термин-сөздің семантикалық өзіндік бейнесін терминнің таңбалық табиғатына талдау жасау арқылы түсінуге болады.

Өзге де сөздер сияқты термин мағынаны білдіреді, өз кезегінде нысан, зат туралы түсінікті бейнелейді. Термин қарапайым сөзге қарағанда арнайы мағынаны білдіреді, яғни айтылған объектіні барлық шынайы жағынан аша түседі, ал әдеттегі ұғымнан нысанның тек жалпылама көрінісін біле аламыз. Сөздің мағынасы – ол, ережеге сай, тек компоненттердің концептуалды және денотатты бейнесі емес, сонымен қоса, қосымша эмоционалды, экспрессивті, бағалаушы компоненттер бейнесі. Терминнің мағынасына эмоционалды белгі тән емес. Терминнің мағынасы арнаулы ұғымды барлық жағынан яғни, оның белгілерімен сипаттайды. Арнаулы ұғымды ұғыну - аталған нысанды суреттеу, яғни, оның барлық белгілерін санамалау. Демек, термин - сол арнаулы ұғымның атауы үшін пайдаланылып және де өз кезегінде, ақиқаттың нысаны мен пәні болып табылады. Сол себептен термин-сөздің мағынасы арнаулы ұғым көлемінің мағынасымен түйіседі, ал терминнің мағынасын анықтау – ол арнаулы ұғым мағынасын оның белгілері арқылы суреттеу. "Ұғым" және "анықтама" – логикалық категориялар, олай болса, арнаулы ұғымның

анықталуы логика талабына сай жүргізіледі. Терминнің логикалық табиғаты тең дәрежедегі 2 арнаулы ұғым термин-таңба және мағына арқылы жүзеге асады. Олар мынадай:

Термин = Арнаулы ұғым = Анықтама

Термин семантикасының логикалық мазмұнына қарап отырып өзге де лингвистикалық ерекшеліктерге ден қойған дұрыс: мотивированность (уәжділік), бір мағыналылық. Енді әр қайсысына қысқаша тоқталып өтейік.

Мотивированность (уәжділік). Термин басқа сөздерге қарағанда белгілі бір амалда – ол арнаулы ұғымға атау қою мақсатында пайда болады. Алғаш арнаулы ұғым пайда болады, кейін оның атауына түрткі болатын белгі табылады. Бұл мағынасында, термин әркез екіншілік, ендеше, әрдайым уәжді (мотивирован). Келесі сұрақ – уәжділік деңгейінде, оның «түсінім (понятности)» формасының деңгейі. Біз әркез аталған «логия» деген негізі бар ғылым салаларының мағынасын лезде түсінеміз: морфология, терминология, психология және бұларды дәлелденген (мотивированный) терминдер ретінде қабылдаймыз. Мына сияқты «ақша», «тауар», «финанс», «салықтық жинақ» деген жалпыхалықтық тілден алынған сөздердің де түпкі мағынасын тез табамыз. Көбіне бізге сөзбе-сөз, әріппе-әріп аударылған сөздердің мағынасы түсініксіздеу, мәселен “crossed cheque” - “кроссированный чек”. Калька тәсілі арқылы аударылған кірме терминдерді аудару және уәжділігін анықтау арнайы ұғымды оның негізгі белгілері арқылы сипаттауды талап етеді, яғни терминге логикалық-ұғымдық талдау жасау қажет болады.

Бір мағыналылық. Термин әрдайым нақты арнаулы ұғымды білдіреді, осы ретте термин бір мағыналы. Десе де, сөздіктен бір терминнің бірнеше баламасын табуға болады. Терминнің бірнеше мағынасының болуы терминдерді әр түрлі ұғымдық жүйеде арнайы ұғымдарды атау үшін қолданудың нәтижесі.

Арнайы мәтіндерді аудару кезінде ондағы терминдерді дұрыс, дәл аударудың маңыздылығын айту керек. Аудармашылардың конференциялары мен семинарларында терминдерді аудару тәсілдерін таңдау мәселелері басты орынды алатыны тегін емес. Аталған тәсілдерді пайдалануға арналған ұсыныстар жасалды (Лейчик, Шелов, 1989—1990). Олардың мазмұнын қысқаша былай беруге болады.

а) Аудару тәсілдерінің тиімдісі түпнұсқа тілдегі (ТТ) терминнің баламасын аударма тілден (АТ) табу болып есептеледі. Бұл тәсілді пайдалану егер АТ мен ТТ тараған елдер қоғамдық дамудың бірдей деңгейінде тұрса немесе бұл деңгейді өздерінің тарихында басып өткен жағдайда ғана мүмкін болады. Мәселен, неміс тілінің әлеуметтік-экономикалық *Bauer* термині орыс тіліне *крестьянин* деп аударылса, қазақ тіліне *шаруа* деп аударылады, ал орыс тілінің *рабочий* термині ағылшын тіліне *worker* деп аударылса, қазақ тіліне *жұмысшы* деп аударылады. Француз тілінің физикалық термині *vareur* орыс тіліне *пар* деп аударылса, қазақ тіліне *бу* деп аударылады, ал орыс тілінің *управление* термині — неміс тіліне *leitung*, қазақ тіліне *басқару* деп аударылады. Көрсетілген терминдердің жаңа терминдермен салыстырғанда айырмашылығы балама терминдер әдетте екі тілде де қатар өмір сүретіндігімен, олардың аудару кезінде анықталатындығымен түсіндіріледі.

б) Егер аударылатын лексикалық бірліктің семантикалық құрылысы екі тілде де бір біріне сәйкес келсе, оларды семантикалық калька деп атайды. Семантикалық калька жаңа мағына бермейді, ол тілде бұрыннан бар сөзде жаңа мағына пайда болады. Сөздің өзі емес, оның мағынасы, семантикасы көшіріледі.

Мысалы, *қағаз-ақша валютасы (валюта бумажно-денежная), ғылыми-ақпараттық басылым (издание научно-информационное), мүліктік жауапкершілік (имущественная ответственность), инвестициялық ахуал (инвестиционный климат), тергеуді ұйымдастыру (организация расследования), қоғамдық бірлестік (общественное объединение)* т.б. Семантикалық калька арқылы ТТ жасалынған терминнің құрылысы ТТ нормасына сәйкес келеді, ал АТ жасалынған терминнің құрылысы АТ нормасына сәйкес келеді. Екі тілге де терминнің мағынасы ортақ болады, сондықтан бұл тәсілді семантикалық калька деп атайды.

в) Аударма кезінде лексикалық бірліктің құрылысы сол бірлікпен қоса алынатын болса, онда құрылымдық калька туралы айтуға болады. Мысалы, *дүниеге көзқарас (мировоззрение), халықаралық (международная) құқық, қоғамдық-саяси (общественно-политическая) жүйе, аралық ми (промежуточный мозг), борыш сезімі (чувство долга)* т.б.

г) Аударма кезінде терминнің семантикасы да, құрылысы да, формасы (дыбыстық құрамы мен жазылуы) да алынатын болса, онда кірме терминдер туралы сөз болады. Бұл жерде кірме сөздердің екі түрін, яғни екі тілдің бір-бірімен араласуы негізінде пайда болғандары мен грек-латын элементтерінен тұратын және еуропалық мәдениеттің белгілі бір ерекшеліктерін білдіріп тұратын халықаралық терминдердің аражігін анықтап алу қажет.

Егер ТТ термин АТ өзі білдіріп тұрған ұғымымен немесе өзі бейнелеп тұрған нысанымен енетін болса, онда ол терминді кірме термин ретінде қабылдауға болады. Мәселен, *валюта, съезд, конференция, экология, компьютер, дисплей, сепаратизм, коллоквиум, коллизия* т.б. Дегенмен, ТТ мен АТ қолданылатын елдердің ғылыми-техникалық деңгейі бірдей болса, аудармашылар немесе редакторлар ТТ терминнің баламасын АТ табуға немесе АТ бірліктерінен жаңа термин жасауға тырысуы керек. Мысалы, ағылшын тілінің *know-how* терминін орыс тілі *ноу-хау* деп алғандықтан, қазақ тіліне де *ноу-хау* деп алынып отыр. Т.Білдебаевтың «Қазіргі заман ұғымдары мен терминдерінің қысқаша түсіндірме сөздігінде» (2001) *ноу-хау* – 1) шеберлік, ептілік, жоғары біліктілік жұмысы; ұзақ уақыт іс жүзінде алынған, біліктілік пен тәжірибе; 2) ұлттық және халықаралық нарықта тауар болып табылатын арнаулы техникалық құжаттамалар түріндегі өндіріс, бір затты жасау, қызмет көрсету, өндірістік тәжірибе және т.с.с. техникалық, технологиялық немесе коммерциялық ақпарат деп анықтама беріледі. Аталған терминді *өндіріс құпиясы (секреты производства)* деп аударуға әбден болады.

д) Кейбір жағдайларда термин сипаттамалы конструкциялар арқылы аударылуы мүмкін. Бұл тәсіл ТТ ғылым мен техника, мәдениет т.б. салаларындағы жетістіктерін бейнелейтін терминдердің баламасы АТ болмаған жағдайда қолданылады. Мәселен, кеңестік саяси-экономикалық *екпінді (ударник)* терминін ағылшын тіліне аудару барысында сипаттамалы конструкцияны пайдаланғанын студенттерге арналған Уэбстердің сөздігінен байқауға болады: *a worker who had excelled in voluntary increase of production* — «өндірісте өз еркімен жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген жұмысшы» (рабочий, который на добровольных началах добился высоких показателей в производстве).

Әдебиеттер:

1. Лейчик В. М. Обоснование структуры термина как языкового знака понятия // Терминоведение № 2. - М., 1994. – С. 47-53.

2. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
3. Сухов Н.К. Международная работа в области научно-технической терминологии // Вопр. языкознания. – 1956. №3. – С. 149-154.
4. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдерінің лингвистикалық мәселелері (лингвистикалық зерттеу). Монография. Алматы, 2001. 191 бет
5. Исақова С.С. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. Алматы, 2007. 158 бет
6. Садирова К.К. Қолданбалы терминология мәселелері. Оқу құралы. Ақтөбе, 2007. 102 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Терминологиялық аударма дегеніміз не?
2. Терминді аудару барысында оның қандай белгісіне ерекше назар аудару қажет?
3. Терминнің таңбалық табиғаты туралы не білесіз?
4. Терминнің логикалық табиғаты туралы айтыңыз?
5. Терминнің уәжділігі дегеніміз не?
6. Терминнің бір мағыналылығы туралы не айтасыз?
7. Терминді аудару тәсілдеріне тоқталыңыз?

5.2 Терминологиялық редакциялау

Терминологиялық редакциялау – белгілі бір арнаулы саладағы жеке авторлардың жасаған терминдері мен жалпыға бірдей терминдерді сәйкестендіру, яғни авторлық қолданыстағы терминдерді алмастыру немесе түсіндіру арқылы жүзеге асыру жұмысы.

Бұл жұмыс әр түрлі арнаулы салалар бойынша шығарылатын ғылыми, оқулық, оқу-әдістемелік әдебиеттерді редакциялау кезінде жүзеге асады. Бізде бұл істі ғылыми әдебиеттер мен терминологиялық сөздіктерді басатын баспаларда, салалық заңдар мен түрлі нормативтік құқықтық құжаттарды дайындайтын, оларды сараптаудан өткізетін мемлекеттік органдарда қызмет істейтін мамандар, редакторлар атқарып келеді.

Терминологиялық редакциялау техникалық және әдеби редакциялау сияқты мәтіндерді ғылыми редакциялаудың бір түрі болып табылады. Терминологиялық редакциялау туралы сөз еткенде оның мақсатын, міндеттерін, әдістері мен принциптерін анықтап алған жөн.

Оның мақсаты — мәтіннен танымдық, білім алу және тәрбиелік жағынан барынша тиімді мәліметтерді алуға қол жеткізу болып есептеледі.

Терминологиялық редакциялау барысында аталған мақсатқа белгілі бір тілге, терминдік жүйедегі орнына тәуелді болып келетін терминдермен жұмыс істеу арқылы қол жеткізуге болады. Сондықтан терминологиялық редакциялаудың міндеттері - терминдер мен сөздерді, оларды ауыстырып тұрған бірліктерді олардың нақты бір мәтіндегі орны, терминнің аталған ғылым немесе техника саласының басқа терминдері арасындағы, сол терминдік жүйе ішіндегі орны тұрғысынан дұрыс қолданумен айқындалады.

Терминологиялық редакциялау принциптері редакцияланатын мәтіннің жанры мен стиліне байланысты анықталады. Мысалы, таза ғылыми мәтіндерде, яғни монография, ғылыми мақалаларда арнайы терминдер өте көп кездеседі. Оларда

аталған терминдер түсіндірілмейді, өйткені мұндай мәтіндердің оқырмандары ол терминдердің түсіндірмесін қажет етпейді деп есептелінеді. Ал ғылыми-көпшілік мақалаларда немесе газет очерктерінде терминдердің түсіндірмесі берілуі мүмкін, өйткені оқырмандар көтеріліп отырған ғылыми мәселемен, саяси немесе экономикалық жағдайлармен алғаш рет таныс болуы мүмкін.

Терминологиялық редакциялау әдістері туралы сөз еткенде, көбінесе екі әдістің қолданылатынын айту керек. Біріншісі - редактор мәтіндегі терминдерді олардың анықтамаларымен сәйкестікке келтіреді немесе оларды бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес (стандарттар, ұсынылған терминдер жинағы), немесе аталған ғылым мен техника саласында кеңінен қолданылатын варианттарымен салыстыра отырып реттейді. Екінші әдіс - егер мәтінді редакциялаған автор белгілі бір жаңа терминдерді енгізуді ұсынса, онда ол сол мәтінде терминдердің түсіндірмесін, анықтамаларын беруі тиіс.

Әдебиеттер:

1. Алдашева А. Аударматану: Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы.: Арыс, 1998. -215 б.
2. Ефремов Л.П. Основы теории лексического калькирования. - Алматы, 1974. – 192 с.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. –Астана: «Педагогика-Пресс ИД», 2009. – 224 бет.
5. Сухов Н.К. Международная работа в области научно-технической терминологии // Вопр. языкознания. – 1956. №3. – С. 149-154.

Бақылау сұрақтары

1. Терминологиялық редакциялау дегеніміз не?
2. Терминологиялық редакциялаудың мақсаты мен міндеттері қандай?
3. Терминологиялық редакциялау принциптері қандай?
4. Терминологиялық редакциялау әдістері туралы айтыңыз?

5.3 Терминдердің жиынтық мәліметін (ТЖМ) жасау

Терминографияны терминдер жеткізуші құрал, оның тиімді тәсілдері мен жолдарын қарастыратын терминтанудағы бағыт десек, оның соңғы кезеңдердегі басты қарастыратын тәсілі – электрондық-ақпарат жүйесі арқылы терминдер туралы ақпарат беру, электрондық сөздіктер жасау. Бұл жөнінде: «Терминография немесе терминологиялық лексикография ғылыми-техникалық дамудың негізгі шарты болып саналады», - деп көрсетеді ғалым Ю.Н.Марчук. Ғалым терминографияның басты тәсілдері туралы былай деп көрсетеді:

«Терминография тәсілдері мыналарды қамтиды:

- Терминографияланатын мәліметтерді таңдау;
- Арнайы сөздіктерде лексикалық бірліктерді, терминологиялық бірліктерді тиімді орналастыру;
- Сөздік құрылымын ойластыру және ұйымдастыру;
- Терминологиялық сөздік құрылымындағы бөліктерді тиімді орналастыру, бір-бірімен байланыста сатылай беру».

Бүгінгі таңда осындай маңызды міндеттері бар терминографиядағы терминдерді электрондық құралдар арқылы жеткізу, жүйелеу ісіндегі тиімді тәсілдердің бірі – терминдердің электрондық жиынтық базасын жасау. Бұл – сатылай дамыған, қазіргі қоғам, іс жүргізушілер мен салалық мамандар қажет етіп отырған құралдардың бірі.

Аталған еңбектердің даму, қалыптасу, қазіргі деңгейдегі қажеттілікті туындату тарихы электрондық құралдардың дамуымен байланысты. Шамамен 1970 жылдардың бас кезіндегі 1960 жылдардың соңындағы барлық мәселелер жалпы лексикография саласының аясында қарастырылып келген орыс терминологиялық лексикографиясындағы және жалпы лексикографияға қатысты өзге де еңбектерде «тезаурус», «ақпараттық-ізденіс сөздігі» (ИПС – информационно-поисковый словарь) ұғымдары пайда бола бастады (Богачева, 1999). Бұл бағыттағы еңбектердің, сол кезеңдегі ғылыми зерттеулердің негізгі мақсаты – сөздіктің ғылыми немесе тілдік жүйені басқаша, өзгеше тәсілмен беруге ұмтылған, әрі оларды электронды техника тіліне бейімдеген сөздік түрін жасап, оларды жасаудың әдіс-тәсілдері мен өзіндік қағидаттарын, сөздіктің лексикографиялық ерекшеліктерін, құрылымын анықтау еді. Нәтижесінде, жалпы тіл білімі деңгейінде қазіргі кезеңде кең қолданылып жүрген «тезаурус» ұғымының екінші мағынасы пайда болып, орыс тіліндегі салалық ғылыми терминдердің «тезаурус» сөздіктері сала-сала бойынша жасала бастады (Никитина, 1978).

Аталып өткен тезаурустың жаңа ұғымын атау еткен сөздік түрі – өзгеше шұрылымды жаңа сөздік түрін дайындаудағы орыс лексикографиясындағы ізденістің алғашқы жемісі еді. Тезаурус сөздік – құрылымындағы тілдік бірліктердің бір-бірімен жүйе ішіндегі семантикалық, жүйелік қатынастарына негізделіп берілетін, әрі сол негізде компьютерлік техника мамандарының электронды бағдарлама жасауына икемді етіп жасалатын, әрі қалыптасқан үрдіс бойынша баспадан шығарып, кітап түрінде қолдануға да болатын сөздік түрі екендегі қазіргі тіл білімі үшін ғылыми-теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік тұрғыдан да жаңалық емес.

Осындай ғылыми ізденістердің нәтижесі қазіргі уақытта терминдердің электрондық жиынтығын жасауға, оны бір көзге жинақтауға дейін жетті. Орыс лексикографиясында терминдерді де ақпараттық-ізденіс сөздіктерді арқылы жүйелеу барысында, терминдерді үйлестіру, реттеу жұмыстарындағы ғылыми зерттеулер дами келіп, «терминологический банк данных» (Никитина, 1987), «база банка терминологических данных» (Гринев, 1985), «банк терминов» (Скороходько, 1986) ұғымдарына негізделген жаңа идеялар пайда болды. Бұл ізденістердің мақсаты – тілдегі термин сөздердің жалпы жиындық мәліметін жасап, оларды ақпарат көзі ретінде пайдалану. Орыс терминографиясының тарихында бұл бағыттағы жұмыстарды Жалпыкеңестік ғылыми-зерттеу институтының ақпараттандыру комитеті (ВНИИКИ) жүзеге асырып келді. Қазір де осы мекеме бүкілресейлік ұйым ретінде қайта құрылып, орыс тіліндегі терминдердің жиынтық мәліметін толықтыру, оны реттеп-жүйелеу мәселелерін толық қадағалап, осыған қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп отыр. Бұл терминдердің жиындық мәліметін жинақтап, оны терминдерді реттеп отыру мақсатына қолданып, өзгертіп, толықтырып отыруға мемлекеттік деңгейде мән беріліп отырғандығынан хабардар етеді.

ТЖМ-ді, яғни «терминологический банк данных» деп аталатын жиынтық мәліметтерді жасау тәжірибесі сонымен бірге өзге дамыған елдерде де пайда болып, кеңінен қолданылуда. Мұны батыс және дамыған өзге де елдердегі жарық көрген еңбектер мен ақпараттық бағдарламалар нақтылай түседі. Себебі, компьютерлік техниканың дамуына байланысты, терминдердің жиынтық мәліметі компьютер тіліне

негізделген бағдарламалар түрінде жасалып, ғалымдар мен көпшіліктің пайдаланалуына қолайлы етіп шығарылуда. Зерттеушілердің ғылыми-зерттеу еңбектерінен, сондай-ақ ТЖМ-ды жинақтап, түзудің өзі өз алдына жеке ғылыми мәселе ретінде қарастырылып, оны түзудің өзіндік ерекшеліктері мен қағидаттарының, ТЖМ-ды жасаудың тиімді жолдарының терминография мен лексикографияда арнайы зерттеу нысаны болып отырғандығын аңғаруға болады.

ТЖМ-ды жасаудың тиімділігі теориялық терминографияда да, тәжірибелік терминографияда да дәлелденіп отыр. Терминографияның жеке мәселелерін сөз еткен еңбектерінде орыс ғалымдарының қай-қайсысы да бұл мәселеге тоқталмай өтпейтіндігін байқау қиын емес. ТЖМ-ға қатысты маңызды мәселелерді олардың әрқайсысы әр қырынан талдап көрсетуге ұмтылуда. Мақсат – терминографияның соңғы кезеңдердегі маңызды зерттеу нысандарының біріне айналған ТЖМ-ның терминдерді реттеудегі, терминологиялық сөздіктердің сапасын арттыра түсудегі қолданысы мен оны ұйымдастырудың пайдалы жақтарын анықтай түсу.

ТЖМ-ның қазақ тіл біліміндегі қазақша нұсқасын «терминдердің жиынтық мәліметі» деп атағанды ұсынудың жөні бар. Атау әрі қазақ тілінде көрсетілген ұғымның белгілерін ашып тұр, әрі қазақ тілінің өзіндік тіркесті терминдер жасау ерекшелігіне сәйкес келеді. Екінші жағынан, атаудың қысқарған түрін ТЖМ нұсқасында қазақша айту қолайлылау.

Қазақ лексикографиясы мен терминографиясының тарихындағы ғылыми мақалалар мен еңбектерге зер салсақ, бұл тақырып бойынша мәселе көтеріліп, сөз қозғала қоймаған. Оның негізгі себептерінің бірі Америка мамандарының жасаған, қолданысқа қолайлы, дамыған компьютерлік техникаларының елімізде соңғы 10-15 жылда ғана пайда болып, қолданылуымен байланысты болса, екінші себебі компьютерлік техника, компьютерлік бағдарламалар мен қазақ тіл білімінің мәселелерін ұштастыра зерттеуге мән бермей келуімізбен де сабақтас болуы керек.

Бұл арада қол астындағы барлық республикаларға қоғамның барлық салалары бойынша ықпал етуге бейім болып келген «елдің» техника тілімен байланысты осындай мәселелерге көңіл аудармауын, өздері қол жеткізген жетістіктер негізінде техника тілі мен ұлт тілдерінің лингвистикалық мәселелерін ұштастыра зерттеу саласында кеңестік дәуірде қалыптасқан дәстүрлі нұсқауды бермеуін байқамай қалуға да болмайды. Оның да өзіндік түсінікті-түсініксіз себептері бар екендігі анық жайт. Бұл да қазақ терминографиясындағы «терминдердің жиынтық мәліметтерінің» жасалмай, қолға алынбай келгендігінің бір себебі болса керек. Ал белгіленіп берілген нұсқау бойынша жұмыс істеуге бейімделген ғалымдар қауымының бұл мәселені өз бетімен қолға ала қоймағандығы да түсінікті жағдай. Қазақ терминографиясында терминдердің жиынтық мәліметінің электрондық нұсқасын есептемегенде, тілшілер мен салалық мамандар дайындаған баспадан шыққан жоба түріндегі нұсқасы да әзірге жасала қойған жоқ. Солай бола тұрса да «терминдердің жиынтық мәліметі» қазақ терминографиясы үшін түсініксіз бола қоймайтын мәселе. ТЖМ-ның қазақ тіл білімінде алдағы уақытта қолға алып, жүзеге асыруға болатын терминографиялық жұмыс, қазіргі қазақ терминографиясындағы зерттеу нысаны екендігін дұрыс түсіну керек. Қазіргі қазақ терминографиясындағы терминологиялық сөздіктердің шығарылу ісін реттеудің өзекті болып отыруы да осы саладағы уйлестіру жұмыстарын жеңілдететін алатын құралдың бірі – қазақ терминдерінің жиынтық мәліметін жасауға деген қажеттілікті аңғартып отыр.

Мейлі лексикографиядағы сөздік түрлерін жасауда болсын, мейлі арнаулы лексиканың, оның ішінде, терминдердің, кәсіби сөздердің, т.б. сөздіктерін жасауда

болсын тілдік бірліктерді жинақтаудың немесе өзге де әр түрлі ақпараттар мен мәліметтерді жинақтаудың тәсілі – картотекаға жазу арқылы жинақтау. Бұл – тілдік бірліктер мен оларға қатысты түрлі ақпараттарды жинақтаудың классикалық тәсілі болып есептеліп, қазақ тіл білімінде кеңінен қолданылып келді және қазір де қолданылуда. Ал, компьютерлік машина тіліне жазу арқылы ақпараттарды жинақтау, оның қолданысын әр түрлі бағдарламалар арқылы түрлендіру – техника тілінің дамуымен байланысты пайда болған бұл бағыттағы жаңа тәсіл. Оның нәтижесі – терминдердің жиынтық мәліметі болып табылады.

Терминдердің жиынтық мәліметі ұғымына кеңірек, дәлірек тоқталсақ, бұл – терминдер сөздігінің электрондық нұсқасы немесе электрондық нұсқасы бар, тілдегі термин атаулының сұрыпталып, бекітіліп, сүзгіден өткен толық жиынтығы деп те түсіндіруге болады. Ол алдымен компьютерде теріліп, электрондық нұсқада жасалып машина тілінде сақталады. Қазіргі заманғы баспа ісінің де электронды машиналармен тығыз байланысты жүзеге асырылатынын, нақтырақ айтқанда, теріліп, басылып, сол арқылы баспаға дайындалып, содан кейін ғана баспадан жарыққа шығатынын ескерсек, мұндай электронды нұсқадағы мәліметтердің негізінде дайын сөздік шығару да жеңілге соғады. Бұл терминдердің жиынтық мәліметін жасаудағы мақсаттардың қазіргі заман талабымен үндесіп жатқандығын да көрсетеді. Тіпті, жиынтық мәліметтерді сол күйінде, дайын қалпында ала салудың біржақты, түбегейлі дұрыс бола қоймайтындығын, ондай сөздік шығарудың орынсыз екендігін ескерсек, еш болмаса сол дайын мәліметтерді сапаландыра отырып, өзгертіп, түзетіп, реттей отырып, сөздік шығаруға дайындау арқылы сөздікті баспадан шығару анағұрлым істі жеңілдетендігі сөзсіз. Сөздік шығарушылар өз терминдерін, мәліметтерін сөздік жасау барысында әр жолы қайта-қайта басынан бастап аяғынан дейін компьютерде теріп, түзетіп, тексеріп әуре болмайды деген сөз. Оның орнына кететін уақыт пен күш-қуат сол ТЖМ-дағы дайын тұрған терминдерді толықтыруға, сөздік құрылымы мен сапасын жақсартуға жұмсалады. Бұл біріншіден, сөздік жасау ісіне кететін уақыт пен интеллектуалды күш-қуатты үнемдейді деген сөз, екіншіден, сөздік сапасының жақсара түсуіне, сапасының жоғарлауына ықпал етеді деген сөз. Демек, терминдердің жиынтық мәліметі кез-келген уақытта, қажеттілікке орай сөздік түзуге дайын тұрған, қай кезде де түзетуге, толықтыруға, құрылымымен өзгертуге, әр түрлі мақсаттағы қолданылған терминдердің қолданысын реттеп, бақылап отыруда негізгі тірек етіп пайдаланатын, терминдердің машина тіліне салынған толық жиынтығы.

Дайын болған терминдерді жиынтық мәліметінің өз қызметін дұрыс атқаруы оның мамандардың қарауынан, сүзгісінен өткен, қолданысқа енгізіп, сұрыптап барып арнайы мемлекеттік, республикалық деңгейдегі ұйымдарды бекітуімен мойындалған, көпшілік қолдаған эталондық еңбек болып дайындалуына байланысты. ТЖМ-ның өзінің негізгі қызметі де терминдерді үйлестіру, реттеу ісінде эталондық тірек қызметін атқаруға ұмтылуында. Сондықтан қазақ терминографиясында ТЖМ жасауды қолға алған жағдайда оны ұйымдастыру мәселелері мен оған іріктеп алынатын терминдер ретінде, оларды ТЖМ-да берудің құрылымына баса мен берілуі және сапалы болуы үшін ұзақ мерзімде дайындалғаны қажет.

Сондай-ақ ТЖМ барлық сала бойынша бірден жасала салатын немесе соңғы шыққан 31 томдық терминологиялық сөздіктер сериясы сияқты нақанды түрде түзіле салатын еңбек болмауы тиісті. ТЖМ-ды жасаудың да әлемдік тәжірибеде қалыптасқан сатылары бар. Айталық, алдымен әр ғылым салалары терминдерінің жиынтық мәліметтері жеке-жеке жасалуы тиісті. Олардың біртұтас жиынтығы ғана жалпыұлттық терминдер жиынтығын құрайды.

Бұл арада «ТЖМ-ның баспа бетінен шығарылып тұратын сөздіктерден айырмашылығы неде?» - деген орынды сұрақ туындайды. Бұл тұрғыда, ТЖМ да белгілі бір уақыт айналымында шығарылып отыратын сөздіктер сияқты өзгертіліп отыратындығын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, жоғарыда да ТЖМ-ның бірқатар тиімді жақтары талданып көрсетілді. Бірақ ТЖМ-ның тиімді жақтары айтылғандармен шектелмейді. ТЖМ-ды жалпы сөздіктен ажырататын белгілері де осы тиімді жақтарымен байланысты.

Солардың бастысы – олардың машина тіліне бағдарламалауға икемділігі. Бағдарлама арқылы ТЖМ-ның әр түрлі нұсқаларын да жасауға болады. Айталық, терминнің басқа терминдермен байланысты туралы ақпарат беретін бөлім арқылы ізденіс жасалып отырған терминнің жүйе ішіндегі басқа терминдермен қатынасы анықталып, өзге де терминдер туралы ақпарат ала отырып, сала ішіндегі терминнің орнын анығырақ айқындай, түсіне түсуге болады. Немесе бағдарлама тілінде терминнің бір ғана тілдегі аудармасын емес, бірнеше тілдегі аудармасын да көрсетіп беруге мүмкіндік мол. Мұндай тәжірибені көршілес орыс терминографиясында жасап үлгергендігіне Жалпыресейлік ғылыми-зерттеу институтының ақпараттандыру комитетіндегі (ВНИИКИ) терминология бөлімі ұйымдастырған конференцияда баяндалды (2004 жылғы 28 мамыр). Оған қоса, айтып өткендей, ізденіс жасау арқылы термин туралы ақпарат алу ТЖМ-ның сөздіктерге қарағанда қолданыста анағұрлым ыңғайлы, қолайлы болатындығын көрсетеді. Ал аталып өткен жан-жақты қызметтерді баспа жүзіндегі сөздіктерде қамтып беру мүмкін бола бермейтін жағдай. Екінші жағынан сөздік арқылы мұндай ақпараттарды оқып білу, түсіну де қолайлы бола қоймайды. Дегенмен, мұндай қызметтердің жүзеге асуы тек тілшілердің, сала мамандарының ғана емес, негізінен бағдарлама жасаушы информатика мамандарына байланысты екендігін де мойындауға тиістіміз.

Ғалым Ю.Н. Марчук соңғы шыққан еңбектерінің бірінде арнайы сөздер сөздігіне мынандай талаптар қойылуы тиісті деп көрсетеді. Олар:

- «ғылым мен сал ұғымдарына қатысты барлық сөздер мен терминдердің толығырақ қамтылуы;
- Қажет емес ақпараттардың қамтылмай, тасылып кетуі;
- Сөздік құрылымдарының әмбебептылығы, бірнеше сөздік қызметін бір ғана еңбектің атқарып, олардың бір түрінен екінші түріне пайдалану барысында ауысып ұолданудың жеңіл болуы».

Ғалымның көрсетіп отырған соңғы талабы – тиімді, оңтайлы, пайдалы, сөздік-еңбек, сөздік-кұрал дайындауды меңзейді. Оны ғалымдар бірде оқулық сөздік, бірде тақырыптық сөздік, тақырыптық-оқулық сөздік деп әр түрлі жобада ұсынып жүр.

Бұл талаптардың тек терминологиялық сөздіктерге ғана емес, қазіргі қоғам қолданысында маңызды болып саналатын ТЖМ сынды орталық-тандырылған жиынтық жүйеге де қатысы бар және бұл талаптар оларды сапаландырудағы негіз екендігі сөзсіз.

Демек, ТЖМ баспадан шығатын сөздіктерге эталон болатын, олардың жарыққа шығуын жеңілдететін, әрі электронды түрде қолданылып, сақталатын көлемді еңбек түрі. Осы тұста, бағдарламаға байланысты ТЖМ-ның тағы бір ерекшелігі – оның әр түрлі бағдарлама түрінде жасала алатындығында. Бұл сапалы бағдарламаны сұрыптап алуға тағы мүмкіндік береді деген сөз. Бірақ эталон еңбек болғандықтан, бір ғана нұсқасының бектіліп қолданылғаны, мемлекеттік деңгейдегі ТЖМ ретінде қарастырылғаны орынды.

Сонымен бірге, терминографиялық тұрғыдан, терминдерді жүйелеу тұрғысынан мән беруге тиісті міндеттердің қатарына мыналарды атап көрсеткен орынды:

- Сөздік шығару орталықтары мен баспаларын бекіту, оларға арнайы лицензия беру арқылы, шығарылған сөздіктердің сапасын қадағалауды, бақылауды, олардың алдағы уақыттағы сапасына жауапты болуға шақыру;
 - Осындай орталықтар мен сөздік шығарушы баспаларды мемлекеттік бақылауда ұстау және онда жұмыс істеуге білікті мамандарды тарту, т.б.
- Ал ТЖМ-ның ең басты қажеттілігі мен маңызы терминологиялық сөздіктердің шығарылуын, сапалық жағынан жақсаруын бірізге түсіруге түрткі болатын тетік бола алуында (Әбдірәсілов, 2005).

Әдебиеттер:

1. Марчук Ю.Н. Компьютерная лингвистика: учебное пособие. - М.: Восток-Запад, 2007. – 317 с.
2. Богачева Д.П. Проблемы лексикографического описания научной терминологии: дис.канд.филол.наук, - М., 1999. – 213 с.
3. Никитина С.Е. Тезаурус по теоретической и прикладной лингвистике. – М.: Наука, 1978. – 375 с.
4. Никитина С.Е. Семантический анализ языка науки. – М.: Наука, 1987. – 141 с.
5. Гринев С.В. Вопросы разработки отраслевого терминологического банка данных // Научно-техническая терминология. – 1985. – № 11. – С. 45-49.
6. Скороходько Э.Ф., Стогний А.А. Некоторые вопросы создания банка терминов: Лингвистический аспект // Научно-техническая информация. – 1986. - № 8. – С. 67-70.
7. Әбдірәсілов Е.Қ. Қазақ терминографиясының жүйесі. –Астана, 2005. -208 б.

Бақылау сұрақтары:

1. «Тезаурус», «Ақпараттық-ізденіс сөздігі» ұғымдары қай жылдардан бастап ғылыми еңбектерде кездесе бастады?
2. Орыс лексикографиясындағы электронды ақпараттық-ізденіс сөздіктерінің пайда болуы туралы айтыңыз?
3. Терминологиялық жиынтық мәліметті (ТЖМ) жасау тәжірибесі туралы айтыңыз?
4. Қазақ терминографиясындағы «терминдердің жиынтық мәліметтерінің» жасалмай, қолға алынбай келгендігінің себебі неде?
5. Терминдердің жиынтық мәліметін жасаудың тиімділігі мен артықшылығы неде?
6. ТЖМ-ды жасаудың әлемдік тәжірибеде қалыптасқан сатылары туралы айтыңыз?
7. ТЖМ-ның баспа бетінен шығарылып тұратын сөздіктерден айырмашылығы неде?
8. ТЖМ-ның машина тіліне бағларламалауға икемділігі деген не?

6.ТЕРМИНОЛОГИЯ ДАМУЫНЫҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

6.1 Терминологиядағы бағыттар, ағымдар, үрдістер мен қағидаттар

Терминология дамуының үрдістері (*тенденции развития терминологии*)– қоғам дамуының түрлі факторларына байланысты терминология дамуында басымдыққа ие болып, кең қолдау тауып, айқын көрініс беріп отыратын процесс.

Терминологиядағы бұл құбылысты «Терминологиялық үрдістер» (*терминологические тенденции*) және «терминологиялық дәстүрлер» (*терминологические традиции*) деп атаған ғалымдар да бар.

Сондай-ақ «терминология дамуының заңдылықтары», «терминологияның даму заңдары», «терминология заңдары», «терминология қалыптасуының заңдары» сияқты атаулар да осы ұғымды білдіру үшін ғалымдар тарапынан әр кезеңде қолданылды.

Терминжасамды дамыту үрдістері (*тенденции развития терминообразования*) – терминдерді жасаудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру мақсатын көздей отырып жүргізілетін терминологиялық үрдіс.

Терминдер тұлғасының біркелкілігі үрдісі (*тенденция единообразия форм терминов*) – тектес немесе бір түрге жататын ұғымдарды білдіретін терминдердің тұлғалық біркелкілігіне қол жеткізуді мақсат ететін үрдіс.

Тұтас аталым үрдісі (*тенденция к цельнооформленной номинации*) – екі немесе одан да көп сыңарлы терминдерді тұтас атауға айналдыруды көздейтін үрдіс. Бұл үрдіс сөздерді біріктіруге, кіріктіруге негізделген.

Пуризм (*пуризм*) – латынның *purus* – «таза» деген мағынаны білдіретін сөзінің негізінде француз тілінде *purisme* түрінде қалыптасқан. Бұл термин француз тілінен орыс тіліне, ал орыс тілінен біздің тілімізге өзгеріссіз қабылданған. Әдеби тілді өзге тілдерден енген сөздерден, әр түрлі жаңа түзілімдерден, әдеби тіл құрамына кірмейтін элементтерден диалектизм, қарапайым сөздер, жаргон, арго т.б. тазартуға ұмтылушылық.

Кеңестік тіл білімінде *пуризм* негізінен тілдік нормалау кезінде орын алатын шеткерліктің бірі деп түсіндірілді. Бұл үрдістің зияны барынша ұлғайтылып көрсетілді. Термин шығармашылығындағы кез келген кемшілік, сәтсіз жасалған термин пуризмге саналды. Өйткені КСРО тіл саясаты кеңес халқына ортақ жазу, ортақ тіл, ортақ терминологиялық қор қалыптастыруды көздеді. Сондықтан да орыс тілінен өзге ұлттық әдеби тілдің негізінде термин жасау қолдауға ие болады. Ресейлік, мәскеулік ғалымдармен қатар жергілікті ұлт өкілдерінің арасынан шыққан ортақшылдар да пуризммен аса белсенділікпен күресті. Нәтижесінде пуризмге ұрынып қалмайық деп жүріп, ұлт тіліндегі термин шығармашылығының дағдарысқа ұшырауына жол берілді.

Жалпы пуризм ұлттық әдеби тілдердің қалыптасу кезеңдерінде, сондай-ақ демократиялық қозғалыстардың дамуы, төңкерістер мен соғыс т.б. қоғам өмірінде болатын елеулі өзгерістер кезінде көрініс беретін құбылыс деп саналады.

Қазір бізде 90-жылдардан бастап қазақ тілінде термин шығармашылығы біршама жандана бастауын тағы да ХХ ғасыр басындағыдай «терминологиядағы пуристік ағым» пайда болды деп дабыл қағушылар да бар. Әрине, термин шығармашылығындағы орын алып жатқан кемшіліктердің, сәтсіз жасалған, дұрыс аударылмаған терминдердің бар екені рас. Оларды түзету, кемшіліктерге жол бермеу орынды. Алайда тағы да пуризммен күресуге шақырудың реті бар деп айту қиын.

Терминологияны ұлттандыру (*национализация терминологии*) – өзге тілдің (тілдердің) ықпалы күшті болған кезеңдерде ұлт тілінің терминдер қорына қабылданған халықаралық, кірме терминдерді төл терминдермен алмастыруға, ұлттың өз тілінде термин жасауға, барынша басымдық беретін терминологияны халықаралықтандыруға қарсы бағытталған үрдіс.

Бұл үрдісті қолдаушылардың мақсаты – ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамыту, арнаулы салалардағы терминдердің негізгі бөлігін тілдің иесі болып табылатын халықтың өз тілінде жасау арқылы ғылым тілінің, терминқордың ұлттық сипатын сақтау. Ғылым-білімді ұлт тілінде игену, салалық тілдер де ұлт тілінің фоно-морфологиялық, грамматикалық заңдылықтарының сақталуы басты назарда болады. Өзге тілдерден термин қабылдау емес, ұлттың өз тілінде термин жасауға басымдық беріледі.

Бұл көптеген ұлт тілдеріне тән үрдіс. Қазақ терминологиясының даму тарихында ХХ ғасырдың 20-30-жылдары осы үрдіс айқын көрініс берді. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары мақсатты түрде осы үрдісті қолдап, оған басымдық берді.

Терминологияны халықаралықтандыру (*интернационализация терминологии*) – әлем халықтары тілдерінде ортақ терминдер қорын қалыптастыру арқылы ғылыми қарым-қатынасты жеңілдету, ғылыми ақпарат алмасуды жақсарту мақсатын көздеушілердің терминологиялық жұмыстарды жүргізу үрдісі. Негізгі мақсат - әлем елдеріне ортақ терминдер қорын молайта түсу. Терминологияны халықаралық деңгейде біріздендіруге, халықаралық терминологиялық стандарттар жасауға баса көңіл бөлінеді. Кейде *терминологияны халықаралықтандыру үрдісі* деп те аталады. Бұл үрдісті қолдаушы жекелеген ғалымдар да, терминтану мектептері де бар. Бірқатар елдерде терминологияны халықаралықтандыруға көп мән беріледі. Кезінде КСРО-да терминологияны халықаралықтандыруға, кеңес халқына ортақ жалпыкеңестік терминқор қалыптастыруға айрықша көңіл бөлінді. Қазақ терминологиясының даму тарихында 1930-1990 жылдар аралығында халықаралықтандыру үрдісі айрықша басымдыққа ие болды.

Айырмашылықтарды мейлінше азайту қағидаты (*принцип минимальных расхождений*) – түрлі ұлт тілдерінің терминологияларындағы мағыналары мен жазылулары бірдей бірнеше тілге ортақ терминдерді барынша көбейтіп, керісінше, айырмашылықтарды мейлінше азайту мақсатын көздей отырып, белгіленген қағидат.

Бұл қағидат КСРО кезінде белгіленіп, кеңес одағы халықтарының терминқор қалыптастыруда осы қағидатты ұстануы ұсынылды.

Айырмашылықтарды барынша молайту қағидаты (*принцип максимальных расхождений*) – ұлт тілдеріндегі термин шығармашылығына басымдық бере отырып, әр тілдің өзіндік ерекшелігін сақтауды көздейтін, «айырмашылықтарды мейлінше азайту қағидатына» қарама-қарсы бағытталған үрдісті ұстануды белгілейтін қағидат.

КСРО кезінде бұл қағидат кеңестік ғалымдар тәрпынан қатты сынға алынып, оған жол бермеу қажеттігі аталып көрсетілді. Бұл қағидат басшылыққа алынған жағдайда, жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру идеясының жүзеге асуына үлкен нұқсан келетіндігін ерекше ескеру керек делінді.

Терминологиядағы үнем қағидаты (*принцип экономии в развитии терминологии*) – терминдердің қысқа нұсқасын жасауға ұмтылы отырып, тиісті терминдер мен күрделі құрамды терминдерді қысқарту қағидаты.

Бұл қағидаттың ойлау күшін үнемдеу (*экономия мыслительных усилий*) – терминнің тұлғасы ықшам, мағынасы ұғынықты болып, адамның ойлауға жұмсалатын күшін үнемдеу мен айту күшін үнемдеу (*экономия произносительных*

усилий) – терминнің айтуға жеңіл, шұбалаңқы болмауына қол жеткізуді көздейтін екі қыры бар. Екі қыры да негізінен терминнің тұлғасын ықшамдаумен байланысты жүзеге асады.

Терминбөлшектердің жалпы санын үнемдеу қағидаты (принцип экономии общего числа терминэлементов) – терминбөлшектердің жалпы санын азайту мақсатын көздей отырып басшылыққа алынатын қағидат.

Әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. – Астана: «Педагогика-Пресс ИД», 2009. – 224 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Терминология дамуының үрдістері ұғымы туралы айтыңыз?
2. Терминжасамды дамыту үрдістері, терминдер тұлғасының біркелкілігі үрдісі, тұтас аталым үрдісі ұғымдарына түсінік беріңіз?
3. Пуризм деген не?
4. Терминологияны ұлттандыру терминінің мәні неде?
5. Терминологияны ұлттандыру үрдісін жақтаушылардың мақсаты не?
6. Терминологияны халықаралықтандыру дегеніміз не және оның мақсаты не?
7. Айырмашылықтарды мейлінше азайту қағидаты туралы не білесіз?
8. Терминологиядағы үнем қағидаты дегеніміз не?
9. Үнем қағидатының екі қыры туралы не білесіз?
10. Терминбөлшектердің жалпы санын үнемдеу қағидаты деген не?

6.2 Терминтану мектептері

Вена терминология мектебі (*Венская терминологическая школа*) – 1931 жылы Австриялық ғалым О.Вюстер негізін қалаған терминтану мектебі. Бұл мектеп «Австрия терминтану мектебі» деп те аталады.

Ол 1931 жылы «Техника, оның ішінде, электроника тілін халықаралық нормалау» деген тақырыпта жазылған докторлық диссертациясын жариялады. Оның осы еңбегі терминология теориясын жасаудың алғашқы ізденісі, 1930 жылдары шет елдердегі термин туралы ғылымның негізін қалауға бастаған еңбек деп саналады. Терминтанудың неізін қалаған ғалым О. Вюстер австриялық (немесе австрия-германиялық) терминтанушылар мектебіне жетекшілік етті.

Бұл мектеп пен терминологиялық жүйенің логикалық жағына, яғни, ұғымдардың бабиғатына, олардың өзара қатынасына, қасиеті мен ұғымға берілген анықтамаға (дефинициясына), сондай-ақ терминдерді стандарттаудың практикалық мәселелеріне, әсіресе, терминологияны халықаралықтандыруға баса мән бергендігімен ерекшеленеді.

О. Вюстер Стандарттаудың ұлттық органдар халықаралық федерациясына (қазіргі стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым ISO) кіретін Терминология жөніндегі техникалық комитетті құрудың бастамашысы болған. Оның бастамасымен 1971 жылы ЮНЕСКО жанынағы Терминология жөніндегі халықаралық ақпараттық орталық – ИНФОТЕРМ құрылған. Бұл мектептің дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар Х. Фельбер, К. Галинский, В. Недобиты, Г. Будин.

Көп кешікпей көршілес Германияда да терминология мәселелері жақсы зерттеле бастады. Австрия және Германия ғалымдарының ұстанған бағыттары бір, көп

мәселеле ортақ пікірге келіп, жұмыс жүргізіп жатқандықтан оларды бөлмей «Австрия-германиялық терминология мектебі» деп те атайды.

КСРО терминтану мектебі (*терминологическая школа СССР*) – КСРО-да терминологиялық жұмыстарға үлкен мән беріліп, 30-жылдары одақтық терминтану мектебінің негізі қаланды. Бұл мектеп «Кеңестік терминтану мектебі» (*Советская терминологическая школа*) деп те аталады. Кеңес одағы кезінде негізі қаланып, осылай аталып кеткені болмаса, бұл мектепті «Ресей терминтану мектебі» деп атауға болады.

1933 жылы С.А. Чаплыгин мен Д.С. Лотте сынды ғалымдардың ұсынысымен Техникалық терминология комиссиясы құрылды. Кейіннен бұл комиссия – Ғылыми-техникалық терминология комитеті болып қайта құрылды. Қазір бұл комитет – Ғылыми терминология комитеті деп аталады. КСРО ғылым академиясы жанынан құрылған бұл комитеттің негізгі міндеті терминология теориясы мер терминологияны реттеудің әдіснамасын жасау болды. Кеңестік терминтану мектебінің негізін қалаушылардың бірі саналатын Д.С. Лотте терминологиялық жұмыстарды жүргізудің әдіснамалық негізін қалай отырып, терминологияны реттеудің жалпы қағидаттарын белгіледі және тұңғыш рет терминге қойылатын талаптарды анықтады. Терминтанушы ғалымдар оның осы еңбектері мен Э.К.Дрезеннің еңбектері, Г.О.Винокурдың, А.А.Реформатскийдің мақалалары кеңестік терминтану мектебінің негізін қалады деген тұжырым жасайды.

Ресейдегі терминтанудың келесі кезеңі 40-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың соңына дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңде негізінен терминнің мәртебесі төңірегінде Реформатский А.А., Капанадзе Л.А. және басқа да ғалымдар арасында қызу пікірталас орын алған. Терминология термихына арналған Л.Л.Кутина, П.Н.Денисова, А.С.Герд, Е.Д.Коновалова еңбектері, терминтанудың логикалық аспектісін зерттеген Е.К.Войшвилло, Н.И.Кондаков, Д.П.Горский және терминдерді аударуға арналған Э.Ф.Скороходько еңбектері жарық көрген. Бұл Ресей тілшілерінің терминология мәселелеріне шындап көңіл бөле бастаған кезең деп есептеледі.

70-жылдардан бастау алған келесі кезең терминтанудың нағыз кең қанат жайып, аймақтық терминтану мектептерінің пайда болған уақыты деп көрсетіліп жүр. Одақтың астанасы болған Мәскеуде терминтану саласындағы негізгі ғылыми жұмыстар КСРО ҒА-ның Ғылыми-техникалық терминология комитетінде Д.Лоттенің ізбасарлары А.М.Терпигонер, В.С.Кулебакин, В.И.Сифоров және Н.К.Сухов, С.И.Коршунов, К.А.Климовицкий, Э.А.Натансон, Т.Л.Канделаки, Г.Г.Самбунова, В.Ф.Журавльев сынды ғалымдар тарапынан жүргізілме, екінші үлкен орталық Мәскеу мемлекеттік университетінің (МГУ) Филология факультетінде П.Н.Денисов, В.П.Даниленко, В.М.Лейчик, В.Н.Прохорова, П.В.Веселов, Р.С.Сагалова сынды ғалымдар зерттеулер жүргізіп, Г.Н.Агапова, Н.Б.Гвишиани, М.М.Глушко, С.В.Гринев, В.Л.Налепин сынды ғалымдар кіретін профессорлар О.С.Ахманованың мектебі қалыптасқан. Осы кезеңде Л.Л.Кутина, Ф.П.Сороколетов, Е.Д.Коновалова, А.С.Герд, А.И.Моисеев сынды ғалымдар негізін қалаған Ленинградтық терминтану мектебі, Б.Н.Головин мен Р.Ю.Кобрин, В.Н.Немченко, К.А.Авербух сынды ғалымдар кіретін Горький терминтану мектебі, С.З.Иванов, Е.С.Анюшкин бастаған Воронеж терминтану мектебі пайда болған. Сібір және Оралда да зерттеулер жүргізілген.

Ал 80-жылдардың басынан бастап, терминография теориясы жасауға бағытталған (Шайкевич, А.С.Герд, С.В.Гринев, Ю.Н.Марчук); Терминологиялық редакциялаудың қолданбалы және терминтанудың философиялық және әлеуметтік лингвистикалық

В.М.Лейчик, С.Е.Никитина), салғастырмалы, гносеологиялық мәселелері зерттеле бастады.

90-жылдардан бастап терминтанудың когнитивтік, ақпараттық (М.Н.Володина, Л.В.Ивина) және мәтінмен байланысты мәселелерін зерттеуге арналған жұмыстар жарық көрді.

Сөйтіп, КСРО кезінде бастау алған терминтану саласындағы зерттеулер саны жыл өткен сайын артып, Ресейде терминтанудың үлкен ғылыми орталығы қалыптасты.

Қазіргі уақытта да ресей ғалымдары терминтану саласындағы сол басымдылығын сақтап қалып отыр. Себебі оларда қалыптасқан ғылыми мектеп және сол мектептен тәрбиеленіп, өсіп шыққан терминтанушы ғалымдар шоғыры бар.

Сонымен қазіргі Ресей терминтану мектебі – Мәскеу терминология мектебі, МГУ терминология мектебі, Ленинград терминтану мектебі, ЛГУ терминология мектебі, Горький терминология мектебі, Воронеж терминология мектебі деп іштей жіктеліп жүр. Олардың әрқайсысының көрнекті өкілдері, ұстанған өзіндік бағыттары бар.

Чехословакия терминология мектебі (*Чехословакская терминологическая школа*) – 1930 жылдары негізі қаланған Австрия және КСРО сияқты екі ірі мектептен кейінгі үлкен ғылыми орталық ретінде қалыптасқан терминтану мектебі. Қазіргі Чехия мен Словакия бір ел болып тұрған кезде негізі қаланғандықтан, әлі де солай аталып келеді.

Прага лингвистикалық үйірмесінің негізінде қалыптасқан бұл мектеп терминдердің мәтіндердегі қолданысына мән бере отырып, терминологиялық лексикаға функциональдық және әлеуметтік мәдени тұрғыдан келетіндігімен ерекшеленеді. Ғылым тілін зерттеу оларда тілді мәдениет, өркениет пен технология саласындағы қатынас құралы ретінде қарастыра отырып жүргізіледі. Бұл мектепті «Прага терминтану мектебі» деп те атайды. Чехословакия терминтану мектебінің дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар чехиялық Л.Дрозд бен Словакиялық Я.Горецки.

Прага мектебінің Австрия және КСРО терминтану мектептерінен басты өзгешелігі – олардың ұлттық терминқор құру бағытын ұстанғандығы. Кеңес одағының терминтану мектебі де О.Вюстер негізін қалаған австрия-германиялық терминтану мектебі де терминологияны халықаралықтандыру бағытын ұстанып отырғанда олардың арасында орналасқан Прага терминтанушылар мектебі латын-грек және неміс терминдерінің орнына ұлттық, славяндық терминдер жасауға басымдық берді. Бұл жағынан олар фрацуздар мен франфуз тілді Канада терминтанушылар мектебіне ұқсайды. Қазақстанда бұл бағыт 20-жылдары алаш зиялылары қауымдасып еңбек еткен терминқор қалыптастыру ісінің басында Ахмет Байтұрсынұлы тұрған кезде басымдыққа ие болғаны белгілі.

Канада терминология мектебі (*Канадская терминологическая школа*)– Канада ғалымдары негізін қалап, қазір де өзіндік бағытын ұстанып келе жатқан терминтану мектебі. Бұл мектеп «Квебек терминология мектебі» немесе «Канада – Квебек терминология мектебі» деп те аталып жатады.

Канада терминтанушылар ең алдымен терминнің лингвистикалық мәселелеріне көп көңіл бөледі. Мысалы, түрлі тілдердегі терминдерді аудару мен салғастыру, терминжасам, терминологиялық деректер қорын жасау т.б. Терминжасам мәселесі Г.Рондо «Неонимия» (Терминтанудың саласы) деп атауды ұсынған ғылым аясында қарастырылады.

Скандинавия елдерінде де терминологиялық жұмыстар қарқынды жүргізіліп, терминтанушыларды дайындау дұрыс жолға қойылған. Онда Х.Пихт сияқты ірі терминтанушы ғалымдар жұмыс істейді.

Терминтануды дамытуда елеулі жұмыстар атқарып отырған Польшада С.Гайда, В.Новицки, З.Строберски сияқты белгілі мамандар қызмет етеді.

Жалпы қазір әле елдерінің барлығында дерлік терминологиялық орталықтар құрылған, онда зерттеулер жүргізіліп, терминологиялық жұмыстар атқарылады. Алайда аталған терминтану мектептері әлемде кеңірек танымал.

Әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. – Астана: «Педагогика-Пресс ИД», 2009. – 224 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Австрия терминтану мектебі туралы не білесіз?
2. Вена терминологиялық мектебі қандай мәселелермен айналысты?
3. ИНФОТЕРМ қашан құрылды?
4. Кеңестік терминология мектебі қашан құрылды?
5. Техникалық терминология комиссиясы туралы айтыңыз?
6. 40-60 жылдардағы Кеңестік терминтану мектебінің өкілдері туралы не айтасыз?
7. 80-жылдардағы терминтану мектептеріне сипаттама беріңіз?
8. 90-жылдардан бері қарай жазылған терминологиялық жұмыстардың ерекшелігіне тоқталыңыз?
9. Басқа да шетелдік терминтану мектептері туралы не білесіз?

6.3 Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар

Қолданбалы терминтанымға ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарды да жатқызуға болады. Ол терминологиялық стандарттар мен сөздіктер жасауға, ТЖМ құруға, терминология мәселелері бойынша конференциялар, семинарлар және т.б. кездесулер ұйымдастыруға, терминтаным негіздеріне түрлі деңгейдегі мамандарды, атап айтқанда, аудармашыларды, стандарттау мамандарын, қолданбалы лингвистика саласындағы ғылыми қызметкерлерді оқыту сияқты жұмыстарға басшылық жасаудан тұрады.

Аталған және тағы да басқа ұйымдастыру-әдістемелік сипаттағы терминологиялық жұмыстардың барлығын ұлттық және халықаралық органдар атқарады. Олардың белгілі бір бөлігі арнайы терминологиялық жұмыстарға арналса, екіншілері бұларды басқа қызметтермен бірге орындайды.

Таза терминологиялық жұмыстармен төмендегі ұйымдар айналысады. Мәскеуде терминологияны стандарттауға жауап беретін және «Ғылыми-техникалық терминология» деп аталатын журнал шығаратын Стандарттау және сапа ақпараттарының кешенді ғылыми-зерттеу институты (ВНИИКИ); жаратылыстану және техникалық ғылым салаларындағы терминологияны реттеу жұмыстарына басшылық жасайтын Ғылыми-техникалық терминология комитеті (КНТТ) РАН; арнайы сөздіктерді шығаратын “Орыс тілі” және тағы басқа баспалар; медициналық терминдер банкін жасайтын және медициналық түсіндірме сөздіктер мен анықтағыштар шығаратын “Медициналық энциклопедия” ғылыми-өндірістік бірлестігі жұмыс істейді. Мәскеуде ғылыми-техникалық терминологияның әдіснамалық мәселелеріне арналған семинарлар және қоғамдық ұйымдар жұмыс істейді. ТЖМ жасаудағы үлкен жұмыстарды Санкт-Петербург университеті және Омск терминологиялық орталығы атқарады. Нижегородский

университеті “Термин және сөз” мәселесіне арналған ғылыми еңбектердің жинағын шығарып тұрады.

Тәуелсіз мемлекеттер терминшілерінің жетістіктеріне Украина ғылым Академиясы жанындағы ғылыми терминология Комитетін, Ужгород, Днепропетровск қалаларындағы университеттеріндегі ірі мамандарды, Латвия ғылым Академиясы жанындағы ғылыми терминология Комитетін, олардың латыш терминологиясын реттеумен, латыш, неміс, ағылшын, орыс тілдерінде терминдердің жинағын шығарумен айналысатындығын айтуға болады.

Біздің елімізде терминологиялық жұмыстармен Тіл комитеті мен Мемтерминком айналысады. Мемтерминком – кеңесші орган болғандықтан, оның бекіткен терминдері біізді қолданылмай келеді. Нәтижесінде термин мәселесі толастар емес. Бізде бұл тұрғыда атқарылар жұмыстар әлі жетерлік.

Халықаралық ұйымдар қатарына Венада орналасқан терминология бойынша Халықаралық ақпарат орталығын (Инфотерм), Варшавадағы “Neoterm” журналын шығаратын жаңа терминдерді бііздендіретін Халықаралық ұйымын (МОУТН) жатқызуға болады.

Жоғарыда сөз болған мәселелердің барлығы мынадай қорытынды жасауға негіз болады. Қазіргі кезде бүкіл дүние жүзінде теориялық және практикалық тұрғыдан болсын, терминологиялық жұмыстарға баса назар аударылып отыр. Бұл ғалымдар мен мамандардың ғылыми, техникалық, сауда және экономикалық табыстар дәл, тиімді, шындық болмысқа сай келетін терминологияға тәуелді екенін түсінгендігімен байланысты болса керек.

Әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. – Астана: «Педагогика-Пресс ИД», 2009. – 224 б.

Бақылау сұрақтары:

1. Қолданбалы терминтанымның ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстары туралы айтыңыз?
2. Сөздік жасау ұйымдастыру-әдістемелік жұмысқа жата ма?
3. Біздің елімізде терминологиялық жұмыстармен қандай мекемелер айналысады?
4. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстардың маңызы неде?

ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР

№1 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Термин, терминология және терминге қойылатын талаптар

Жоспары:

1. Термин туралы
2. Терминология
3. Терминге қойылатын талаптар

Бақылау сұрақтары:

1. Термин дегеніміз не?
2. Терминология туралы не білесіз?
3. Терминге қойылатын талаптарды атыңыз?

Тапсырмалар:

1. Төмендегі терминдерге түсіндірме жазыңыз: *дескрименант, орбита, түбір, жасуша, атом, ядро, күлшежапырақ, морфема, паскаль, температура, градус, атмосфера, гидро, аңыз, эпос, троп, дуэт, сонат, нота, барель, масса, электрот, заряд, қосымша, септік, қосмекенді;*
2. Төмендегі кестені толтырыңыз:

<i>Халықаралық терминдер</i>	<i>Ғылым саласы</i>	<i>Түсіндірмесі</i>
М/с: Фонетика	Тіл білімі	Фонетика дегеніміз.....

3. Ғалым Д.С.Лоттенің ғылыми-техникалық терминге қойған талаптарын төмендегі кестеге толтырыңыз.

1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	
7.	
8.	
9.	
10.	
11.	
12.	
13.	
14.	

15.	
16.	
17.	

4. Спорт терминдерін аударып көріңіз:

Футбол –

Волейбол –

Баскетбол –

Гандбол –

Сөздіктегі баламасымен салыстырыңыз.

5. «Терминологиялық хабаршы» журналында «Ең сәтті балама»

байқауындағы сөздер мен атауларға өз баламаларыңызды ұсынып көріңіз.

Аттестация –

Авария –

Занятие –

Дифференциация –

Интерес –

Инспектор –

Интенсивный –

Кадр –

Классика –

Корпус –

Лидер –

Манипуляция –

Модерн –

Норматив –

Отзывчивый –

Очевидность –

Потеря –

Приемлемый –

Процесс –

Режим –

Резерв –

Ресурс –

Стажер –

Станок –

Транспарентность –

Ущерб –

Урон –

Эксклюзив –

«Терминологиялық хабаршы» журналының № 2, 2003 нөмерін қарап, салыстырыңыз.

Блиц – тест:

1.ғасырдың 90- жылдарында әлемде 20 000-нан астам терминге қатысты стандарттар мен анықтамалар болды.

- А) XX
- Ә) XIII
- Б) III
- В) IV
- Г) XV

2. Практикалық терминологиялық әрекет өзара байланысты екі аспектіге ие?

- А) оптималды және нормативті
- Ә) нормативті және жүйелілік
- Б) оптималды және бірізді
- В) нормативті және нормативті емес
- Г) барлық жауап дұрыс

3. Терминдерді біріздендірудің тиімді қызметінің бірі?

- А) оның жүйелеушілігінде
- Ә) жинақтарын құрастыру
- Б) бекітілу
- В) әрекеттің тоқтауы
- Г) міндетті болатыны

4. Практикалық терминологиялық әрекет өзара байланысты аспектіге ие.

- А) екі
- Ә) үш
- Б) бір
- В) бес
- Г) он

5. Нормативтік және оптималды - бірігуінің қорытындысынан қолданбалы терминтанымның 2 – бағыты туындайды?

- А) терминдер мен терминжүйесін унификациялау
- Ә) термин мен жүйе
- Б) жүйе мен унификациялау
- В) термин мен унификациялау
- Г) біріздендіру

№ 2 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Қолданбалы терминология мәселелері

Жоспары:

1. Терминтаным және қолданбалы терминология
2. Теориялық терминтаным мен қолданбалы терминтанымның зерттеу нысандары

Бақылау сұрақтары:

1. Терминтаным дегеніміз не?
2. Қолданбалы терминтаным мен қолданбалы лингвистиканың ұқсастығы мен айырмашылығы неде?
3. Қолданбалы терминология мәселелері

Тапсырмалар:

1. Жеке ғылым саласына қатысты терминдер жазыңыз (*тіл білімі, экономика, философия, биология, география, тарих*).
2. А. Байтұрсынұлы қолданған терминдер санын көрсетіңіз.

Күрделі тұлғалы терминдер	245
Дара тұлғалы терминдер	
Түбір сөзден болған терминдер	
Туынды сөзден болған терминдер	

3. А. Байтұрсынұлы мен Е. Омарұлының қаламынан туған терминдерді кестеге толтырыңыз.

А. Байтұрсынұлы	Е. Омарұлы
Тұрлаусыз мүше	Тұрлаусыз шама
	Одағай сан
Сабақтас сөйлем	
	Тұрлаулы шама

4. «...Аударуды қажет етпейтін терминдерді қазақшалаймыз деп қателіктерге ұрыну жиі ұшырасады. Мәселен, эпонимдерді аударудың еш реті жоқ. Алгоритмді бағдаржол деп аударудың ешқандай қисынға келмейтіні анық. Алгоритм адам аты «әл Хорезм» (латынша *Algoritmi*) оны аударудың қажетсіздігі өз-өзінен түсінікті...» (Ш.Құрманбайұлы). Өздеріңіз осы қатарға тағы қандай сөздерді қосар едіңіз. Жазып, талдаңыз.
5. Ұлттық терминжасамда аймақтық лексика, көнерген сөздерден кәсіби сөздерден жасалған терминдерге сөздікті пайдалана отырып мысал келтіріңіз.

Блиц – тест:

1. Терминтанымның зерттеу нысаны

- А) сөз
- Ә) сөздіктер
- Б) ұғым
- В) термин
- Г) мағына

2. Терминологиямен байланысты ғылымдар

- А) психология
- Ә) логика
- Б) философия
- В) информатика

Г) барлық жауап дұрыс

3. Терминтаңымның пәні мен әдістемесі өз бастауын қай ғылымнан алады?

- А) логика
- Ә) математика
- Б) тіл білімі
- В) психология
- Г) педагогика

4. Практикалық терминологиялық әрекет өзара байланысты ... аспектіге ие.

- А) екі
- Ә) үш
- Б) бір
- В) бес
- Г) он

5. Терминтаңым өз ішінде қалай ажыратылады?

- А) терминдер мен терминдік жүйе
- Ә) термин мен жүйе
- Б) теориялық және қолданбалы
- В) термин мен унификациялау
- Г) біріздендіру

№3 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Қазақ терминографиясының өзекті мәселелері

Жоспары:

1. Лексикография және терминография
2. Қазақ терминографиясының қазіргі жайы
3. Терминологиялық сөздіктердегі кемшіліктер

Бақылау сұрақтары:

- Терминография мен лексикография ұғымдарына түсінік беріңіз?
- Бүгінгі таңда термин мәселесінің күн тәртібінен түспеу себептері неде?
- Қазақ терминографиясындағы өзекті мәселелерді атаңыз?
- Қазақ тіл білімінде терминографияны қолға алудың қандай себептері бар?
- Терминографияның жеке сала ретінде қарастырылуына әсер ететін негізгі факторларды атаңыз?
- Терминологиялық сөздіктердегі кемшіліктер мен қателіктердің түрлерін атаңыз?

Тапсырмалар:

1. Қазақ терминологиясын, терминографиясын зерттеп жүрген ғалымдар туралы мәлімет жинаңыз, мәнжазба жазыңыз (10 бет, А4 формат).
2. Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқышта» *архитектураны сәулет өнері, скульптураны сымбат өнері, живописьті кескін өнері* деп атаған. Осы терминдердің қазіргі қолданысына терминологиялық сөздіктерді пайдалана отырып, талдау жасаңыз. Өз пікіріңізді білдіріңіз.
3. Қазақ терминтаңуындағы «ксеномания», «утилитаризм» және «пуризм» терминдеріне жазбаша анықтама беріңіз, мысалдармен түсіндіріңіз.

4. «Терминдер пайда болмайды, тумайды, жасылынады» деген Е. Н. Толикинаның тұжырымына байланысты пікірталас ұйымдастырыңыздар.
5. Терминге қойылатын талаптарға жауап беретін терминдерге мысал (12) келтіріңіз.

Блиц – тест:

1. Сөздіктерді зерттейтін тіл білімінің саласы?

- А) лексикология
- Ә) терминология
- Б) терминография
- В) лексикография
- Г) фонетика

2. Қазақ терминографиясының өзекті мәселелерін көрсетіңіз?

- А) арнаулы сөздіктер түзудің жалпы әдіснамасы мен нақты тәсілдерін жасау
- Ә) терминологиялық сөздіктерді түріне қарай топтастырудың қағидаттарын жасау
- Б) жекелеген типтегі сөздіктерге арнаулы лексиканы таңдап алу
- В) терминологиялық сөздіктерді түріне қарай жіктеудің қағидаттарын жасау
- Г) барлық жауап дұрыс

3. Терминографияның әдіснамалық, теориялық мәселелерін қарастыратын саласы?

- А) жалпы терминография
- Ә) екітілді терминография
- Б) салалық терминография
- В) көптілді терминография
- Г) терминография

4. «Терминография» терминін алғаш ұсынған ғалым?

- А) 1972 жылы В.П.Даниленко
- Ә) 1971 жылы А.Д. Хаютин
- Б) 1980 жылы А.В.Суперанская
- В) 1973 жылы С.В.Гринев
- Г) 1981 жылы Ю.Н. Марчук

5. «Қазақ терминографиясының жүйесі» атты монографияның авторы?

- А) Ө.Айтбаев
- Ә) Б.Қалиев
- Б) Е.Әбдірәсілов
- В) Ш.Құрманбайұлы
- Г) С.Исакова

№4 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Терминологиялық сөздіктерді шығаруға қойылатын талаптар

Жоспары:

1. Терминологиялық сөздік және оның түрлері
2. Терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптар
4. Терминологиялық сөздіктер жасауға ұсынылатын қағидаттар

Бақылау сұрақтары:

- Терминологиялық сөздік ұғымына түсінік беріңіз?
- Терминологиялық сөздіктерді жасауға қойылатын талаптарды атаңыз?
- Терминологиялық сөздіктің мақсатын анықтаңыз?

- Терминологиялық сөздіктердің тілі, құрылымы туралы не айтасыз?
- Терминологиялық сөздіктердің көлемі қандай болу керек?
- Терминдерді сөздікте беру тәсілдеріне, шығарылу мерзіміне қатысты не айтасыз?

Тапсырмалар:

1. Қазақ тіліндегі терминологиялық сөздіктердің түрлерін атаңыз, сипаттама беріңіз.
2. Кейбір талаптарға сай емес терминдерге мысал (10) келтіріңіз.
3. Тіл білімі терминдерінің сөздігіне (Ғ.Қалиев Алматы, 2012 ж.) терминологиялық сөздіктерді шығаруға қойылатын талаптар тұрғысынан жазбаша талдау жасаңыз.
4. Тіл білімі терминдерінің сөздігіндегі төл және кірме терминдердің сандық, сапалық көрсеткіштерін анықтаңыздар. Тіл білімі терминдерінің төл және кірме қабатына қатысты сұрақтар әзірлеп, «интеллектуалды футбол» ойынын өткізіңіздер. **«Интеллектуалды футбол» ойынының шарты:** топ екіге бөлінеді. Әрбір топта қақпашы, қорғаушылар және шабуылшылар анықталады. Шабуылшылар – сұрақтар қояды, қорғаушылар – сұрақтарға жауап береді. Қақпашы рөліне білімі жағынан, интеллектуалды әлеуеті жағынан басқа студенттерге қарағанда жоғары, күшті студент таңдалады. Қақпашы егер тобындағы қорғаушы-студенттер қойылған сұраққа жауап бере алмаған жағдайда ғана жауап береді. Оқытушы төреші қызметін атқарады. Оқытушы бағалау үшін балл жазылған карточкаларды пайдалана алады.
5. Шахмат терминіне Ғабит Мүсірепов хан қамау деген балама береді. Уәжділігі қандай? Көзқарасыңыз?

Блиц – тест:

1. Терминологиялық сөздіктерді зерттейтін тіл білімінің саласы?

- А) лексикология
- Ә) терминология
- Б) терминография
- В) лексикография
- Г) фонетика

2. Терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптарды көрсетіңіз?

- А) тілі
- Ә) құрылымы
- Б) мақсаты
- В) көлемі
- Г) барлық жауап дұрыс

3. Салалық терминография деген не?

- А) көптілді терминологиялық сөздіктер жасаудың ғылыми-практикалық мәселелерін қарастыратын сала
- Ә) терминографияның методологиялық, теориялық мәселелерін қарастыратын сала
- Б) терминологиялық сөздік
- В) бір ғана арнаулы саланың терминологиялық сөздіктерін жасау мәселелерін қарастыратын сала
- Г) терминография

4. Орыс терминографиясын зерттеуші ғалымдарды көрсетіңіз?

- А) Даниленко В.П., Никитина Е.С.
- Ә) Скороходько Э.Ф., Стогний А.А.

- Б) Суперанская А.В., Степанов Ю.С., Хаютин А.Д.
- В) Щерба Л.В., Герд А., Гринев С.В.
- Г) Марчук Ю.Н., Богачева Д.П.

5. 1959-1962 жылдары жарыққа шыққан 12 томдық сериялық сөздіктің жалпы редакциясын басқарған ғалым?

- А) Айтбаев Ө.
- Ә) Аманжолов С.
- Б) Қайдар Ә.
- В) Жанұзақов Т.
- Г) Жанпейісов Е.

№5 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Терминологиялық нормалану үдерісі

Жоспары:

1. Норма ұғымы және әдеби норма
2. Терминологиялық норма
3. Терминологиялық сөзжасам нормалары
4. Әдеби нормаға берілетін кәсіби нұсқа

Бақылау сұрақтары:

- Норма дегеніміз не?
- Әдеби норма түсінігі
- Терминологиялық норма дегеніміз не?
- Терминологиялық норманың ұштағаны деген не?
- Әдеби норманың терминологияға тигізетін әсері қандай?
- Терминология мен әдеби норманың байланысы

Тапсырмалар:

1. Кез келген ғылым саласына қатысты хабарламаны қазақ тіліне аударыңыз және хабарлама ішінде келетін терминдерге сөздіктердің көмегімен түсіндірме дайындаңыз.
2. Жоспар бойынша конспект жазыңыз
3. Терминнің өзіндік белгілерін төмендегі кестеге толтырыңыз.

1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	
7.	

4. Терминологиялық норманың ұштағанын түсіндіріңіз.



Сурет 3 - Терминологиялық норманың ұштағаны

Блиц – тест:

1. Норма сөзі нені білдіреді?

- А) нұсқа
- Ә) мағына
- Б) балама
- В) ереже, үлгі
- Г) барлық жауап дұрыс

2. Р.Сыздықтың тілдік нормаға қатысты еңбегі қалай аталады?

- А) Әдеби норма
- Ә) Қазақ әдеби тілінің нормасы
- Б) Терминологиялық норма
- В) Тілдік норма және оның қалыптануы
- Г) Ғылыми норма және оның пайда болуы

3. Нормаға берілген анықтаманы табыңыз?

- А) кәсіби тілдік бірліктердің ең жарамдысының жиынтығы
- Ә) тілдік бірліктердің ең таңдаулысының жиынтығы
- Б) ғылыми атаулардың жиынтығы
- В) сөздік қор
- Г) сөздік құрам

4. Терминологиялық норманың ұштағанын көрсетіңіз?

- А) нормалау, біріздендіру, реттеу
- Ә) реттеу, жүйелеу, нормалау
- Б) біріздендіру, стандарттау, нормалау
- В) нормалау жұмыстары, норманың кәсіби варианты, кәсіби қарым-қатынас талаптары
- Г) терминдер жинағы, норманың кәсіби нұсқасы, кәсіби қарым-қатынас талаптары

5. Терминологиялық норма дегеніміз не?

- А) ғылыми атаулардың дәлдік, қысқалық, бірмағыналылық т.б. талаптарға сай жиынтығы
- Ә) терминдердің сөздіктердегі көрінісі
- Б) терминдік жүйе
- В) сөздердің анықтамасы
- Г) сөздік қор

№6 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Терминологиялық норманың өлшемдері

Жоспары:

1. Терминологиялық норманың өлшемдері
2. Терминдердің кәсіби қарым-қатынас бірлігі ретіндегі қолданысы

Бақылау сұрақтары:

- Терминологиялық норманың өлшемдері нешеу?
- Терминологиялық норманың бірінші өлшемінің мәні неде?
- Терминологиялық норманың екінші өлшемі туралы айтыңыз?

Тапсырмалар:

1. Терминологиялық норманың өлшемдері сақталмаған терминдерге (ғылыми журналдар негізінде) мысалдар (15) жазыңыз.
2. Терминологиялық сөздіктерден нормаға қайшы келетін терминдерді табыңыз (5).
3. Кестеде берілген терминдердің жанына анықтамасын толтырыңыз.

Мамандандыру	
Терминдік жүйе	
Терминдерді біріздендіру	
Реттеу	

4. «Терминологиялық норма және оның өлшемдері» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырыңыз.

Блиц- тест:

1. Термин тілдің ішкі заңдылығына сәйкес жасалуы керек

- А) екінші өлшем
- В) үшінші өлшем
- С) төртінші өлшем
- Д) бірінші өлшем
- Г) барлығы дұрыс

2. Терминдердің кәсіби қарым-қатынас бірлігі ретіндегі қолданысы?

- А) екінші өлшем
- В) үшінші өлшем
- С) төртінші өлшем
- Д) бірінші өлшем
- Г) барлығы дұрыс

3. Семантикалық үдерістердің үш негізгісін атаңыз?

- А) сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы, жаңа мағынаның пайда болуы
- Б) сөз мағынасының кеңеюі, жоғалуы, жаңа мағынаның пайда болуы
- В) сөз мағынасының тарылуы, ескі мағынаның пайда болуы
- С) сөз мағынасының кеңеюі, көмескіленуі, жаңа мағынаның пайда болуы
- Д) барлық жауап дұрыс

4. Үйлеспеу – сәйкес келмеу – сай келмеу – сәйкессіздік (диспропорция)

- А) варианттылық
- Б) синонимдер
- В) омонимдер
- С) аударма терминдер
- Д) антонимдер

5. Терминдердің варианттылығы термин шығармашылығының қай кезеңіне тән?

- А) көне
- Б) соңғы
- В) алғашқы
- С) барлық
- Д) ортаңғы

№ 7 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Терминологияны реттеу теориясының құрылымы. Метатілі

Жоспары:


1. Терминологияны реттеу теориясының құрылымы
2. Метатілі
3. Терминдерді жүйелеу

Бақылау сұрақтары:

- Терминдерді реттеу теориясының құрылымына нелер кіреді?
- Метатіл деген не?
- Терминді жүйелеу дегеніміз не?
- Терминді лингвистикалық нормалау деген не?
- Терминдерді логикаландыру деген не?
- Терминді біріздендіру, реттеу деген не?

Тапсырмалар:

1. Тақырып бойынша конспект жазыңыз, мазмұндаңыз.
2. Тақырып бойынша тірек сызба дайындаңыз
3. Терминологияны реттеудегі нормалау жұмысының атқаратын қызметтеріне тоқталыңыз.



4. Кесте ішіне терминологияны лингвистикалық реттеу мақсаты үшін орындалатын 4 қызметін орналастырыңыз.

1.	2.	3.	4.
----	----	----	----

5. Терминологияны нормалау теориясының метатілін түсіндіріңіз.

Логика
Ғылыми-техникалық мамандар
Лингвистика
Тілдік узус

Логикаландыру
Жүйелеу
Арнайыландыру
Үйлестіру
Біріздендіру
Стандарттау
Норманың кәсіби варианты
Реттеу

Блиц- тест:

1. Қандай терминологиялық жұмыстан кейін терминдер нормативті сөздіктерге енеді?

- А) біріздендіру
- Б) реттеу
- В) қалыптандыру
- Г) жүйелеу
- Д) үйлестіру

2. Терминдердің мазмұнын реттеуге бағытталған нормалаудың бір жағы?

- А) стандарттау
- Б) біріздендіру
- В) үйлестіру
- Г) логикаландыру
- Д) жүйелеу

3. Терминологияны реттеу жұмыстарына қандай мамандар қатысқаны дұрыс?

- А) барлық мамандар
- Б) терминшілер мен тілшілер
- В) терминші, тілші, логик
- Г) ғалым, тілші, есепші
- Д) терминші, филолог

4. Терминдердің тиімді формасын таңдауға арналған нормалаудың бір жағы?

- А) стандарттау
- Б) біріздендіру
- В) үйлестіру
- Г) оптималдандыру
- Д) жүйелеу

5. Терминдік жүйені реттеудің соңғы кезеңінде қандай жұмыс жүргізіледі?

- А) стандарттау
- Б) біріздендіру
- В) қалыптандыру
- Г) логикаландыру
- Д) жүйелеу

№ 8 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Терминдерді біріздендіру

Жоспары:

1. Терминдер мен термин жүйесін біріздендіру сипаты
2. Термин жүйесінің біріздендіру шарттары
3. Терминдер жүйесінің үндестік принциптері

Бақылау сұрақтары:


- Терминдер мен термин жүйесін біріздендіру сипаты және оның атқаратын қызметі туралы айтыңыз?
- Термин жүйесінің біріздендіру шарттарын атаңыз?
- Терминдер жүйесінің үндестік принциптерін атаңыз?

Тапсырмалар:

1. Терминдерді біріздендіруге мысалдар жазыңыз (10).
2. Тақырып бойынша тірек сызба дайындаңыз.
3. Мемлекеттік терминология комиссиясы қолданатын қазақ әдеби тілі терминологиясының қағидаттарын төмендегі кестеге толтырыңыз.

1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	
7.	
8.	
9.	
10.	

4. С. Бәйішевтің «Қазақ тілінің терминологиясын жасаудың негізгі принциптері мен міндеттері» деп аталатын мақаласында көрсетілген «Қазақ әдеби тілінің ғылыми терминологиясын жасаудағы прогрестік бағыттың жеңіп шығуына негізгі үш себеп, үш тіректі» жазыңыз, түсіндіріңіз.



Блиц- тест:

1. Терминжүйені үйлестірудефактор ескерілуі керек

- А) екі
- Б) үш
- В) төрт
- Г) жеті
- Д) бір

2. Лингвистикалық факторлардың ішінде термин жүйесінің халықаралық үйлестігін туғызатындар?

- А) бірнеше табиғи тіл жасау
- Б) арнайы мақсатқа сай тіл қалыптастыру
- В) тіл формасы мен мазмұнының жақындығынан тууы керек

Г) бір тілді дамыту

Д) формасы мен мазмұнының жақындығына қол жеткізу

3. Терминжүйенің халықаралық үйлестігі негізінен принципке сүйенеді

А) төрт

Б) жеті

В) бір

Г) үш

Д) екі

4. Принциптерге негізделген жағдайда терминжүйесінің үйлесу жүйесі.....деңгейлі болады

А) 3

Б) 5

В) 4

Г) 1

Д) 9

5. Терминжүйенің халықаралық үндестігінің қолданбалы нәтижесі мынадан көрінеді

А) Сөздіктер мен стандарттар

Б) көптілді ақпаратты іздестіру

В) іздестіру тезаурусы

Г) халықаралық терминология

Д) халықаралық терминологиялық сөздіктер мен стандарттар, көптілді ақпараттық тезаурустар

№ 9 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Терминдік жүйені стандарттау

Жоспары:

1. Терминді стандарттау
2. Терминологиялық стандарттаудың белгілері
3. Терминологиялық стандарттаудың лингвистикалық өлшемдері

Бақылау сұрақтары:

- Терминді стандарттау дегеніміз не?
- Нормалау мен стандарттаудың айырмашылығы неде?
- Терминологиялық стандарттаудың лингвистикалық өлшемдері қандай?
- Терминдерді стандарттаудың белгілері қандай?
- Халықаралық стандарттау ұйымы қандай принциптерді ұсынды?


Тапсырмалар:

1. Белгілі бір арнаулы сала бойынша қазақ тілінде баламасын табу қиындық туғызып жүрген 15-20 терминді тауып, өз беттеріңізше аударып, баламалап көріңіздер.

Ж	Ұ	М	€	Қ	О	Л	У	Н	А	Т
Т	С	Ы	∑	Ω	☺	Д	А	Н	Т	Е
А	Р	Д	Ы	☺	∞	©	Н	И	М	Р

Ы	Р	Ы	Т	Н	π	£	Б	£	Р	И
Т	А	Д	А	И	Ы	Л	А	І	Л	Т
С	÷	У	Н	М	¥	Ы	Ғ	А	У	Д
А	Р	Т	Е	Р	Ғ	Ы	Т	Т	З	Е
Қ	А	А	Д	Б	А	У	Ы	Н	І	Г
А	Т	Т	И	Н	Ы	Л	Қ	Ж	Ү	Р
Р	Қ	А	Ғ	А	Я	Л	Ы	О	Н	И
Ы	Н	Ы	Қ	Л	И	Г	О	Л	Р	М
П	А	Й	Д	А	μ	©	☺	×	Е	Т

2. Жоғарыда тор көздерде берілген әріптерді рет-ретімен тауып оқып, анықтаманы құрастырыңыз. Анықтаманың қай терминге берілгенін табыңыз.
3. Автовокзал терминінің қазақ тіліндегі баламасында варианттылық бар: автожай-сапаржай-автобекет (Әуежай, саяжай сөздеріндегі тұлғаластыққа назар аударыңыз).
4. Терминді стандарттаудың белгілерін жазыңыз.



5. Жұмбақта қай термин жасырынған және ол қандай саланың термині болып есептеледі?
 1. Ол түгел болса, төбедегі келеді.
 2. Француз халқының киелі саны.
 3. Геометриядағы бұрыш саны. ...?

Блиц-тест

1. Терминологияны стандарттау мәселесі КСРО кезінде неден бастау алды?

- А) Мемтерминком
- Б) Бақылау комитеті
- С) Бүкілодақтық стандарттау комитеті
- Д) Стандарттау орталығы
- Е) Техникалық комитет

2. Терминологияны мемлекеттік деңгейде реттеу деген не?

- А) нормалау
- Б) біріздендіру
- С) стандарттау

- Д) жүйелеу
- Е) логикаландыру

3. Төмендегілердің қайсысы терминді стандарттаудың белгілері?

- А) термин затты немесе құбылысты дұрыс атауы керек
- Б) лингвистикалық дұрыстық
- С) бірмағыналылық
- Д) жүйелілік
- Е) барлық жауап дұрыс

4. Терминдер қандай сөз табынан жасалуы керек?

- А) зат есім
- Б) сын есім
- С) сан есім
- Д) етістік
- Е) біржақты жауап беруге болмайды

5. Термин жасайтын өнімді жұрнақты көрсетіңіз.

- А) -шы/-ші
- Б) -уыш/-уіш
- С) -лас/-лес
- Д) -лық/-лік
- Е) -ма/-ме

6. Терминге прескрептивті көзқарас деген не?

- А) терминді аударумен байланысты көзқарас
- Б) терминді жүйелеумен байланысты көзқарас
- С) термин жасаумен байланысты көзқарас
- Д) терминологияны реттеу және біріздендіру үдерістерімен байланысты көзқарас
- Е) барлық жауап дұрыс

7. Терминді логос тұрғысынан кімдер зерттейді?

- А) филологтар
- Б) нақты ғылым саласының мамандары
- С) тілшілер
- Д) ғалымдар
- Е) барлық жауап дұрыс

8. ССРО ҒА ғылыми-техникалық терминология Комитеті кімдердің ұсынысымен құрылды?

- А) Дрезен Э.К., Толикина Е.Н.
- Б) Лотте Д.С., Даниленко В.П.
- С) Лотте Д.С., және оның мектебінің өкілдері
- Д) Чаплыгин С.А., Татаринов В.А.
- Е) Даниленко В.П., Канделаки Т.Л.

9. Терминнің үш жақты табиғаты?

- А) заттық білім, логикалық ұғыну және тілдік көрінісі
- Б) зат, ұғым, тіл
- С) дерек, зат, мағына
- Д) шек, ұғым, дерек
- Е) негіз, ұғымдық жағы, тілдік бейнесі

10. Ғылыми-техникалық терминге қойылатын негізгі талаптардың көпшілігін ұсынып, терминнің өлшемін жасаған ғалым?

- А) Дрезен Э.К.
- Б) Толикина Е.Н.
- С) Лотте Д.С.
- Д) Чаплыгин С.А.
- Е) Даниленко В.П.

№10 ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Терминдерді аудару

Жоспары:

1. Термин және аударма мәселесі
2. Терминдерді аударудағы қиындықтар
3. Терминдік жүйені реттеудегі халықаралық терминдер мәселесі
4. Халықаралық терминдер туралы ғылыми көзқарастар

Бақылау сұрақтары:

- Термин және аударма туралы не айтасыз?
- Терминдерді аударуда қандай қиындықтар кездеседі?
- Аударма барысында кездесетін қиындықтарды жою жолдары қандай?
- Халықаралық термин дегеніміз не?
- Терминді реттеудегі халықаралық терминдер мәселесі
- Халықаралық терминдер туралы ғылыми көзқарастарға шолу жасау

Тапсырмалар:


1. Қазақ терминологиясы құрамында халықаралық терминдер қанша пайызды құрайды (1930-90 жж. және 1990 жылдан бергі кезең)?
2. Халықаралық терминдерді зерттеген ғалымдар туралы слайд дайындаңыз.
3. Төмендегі кестені толтырыңыз.

Халықаралық терминдер	Ғылым саласы	Түсіндірмесі
Мысалы: Лексика	Лингвистика	Синтаксис дегініміз-

4. 1925 жылы Мәскеуде Қошке Кеменгерұлының редакторлығымен басылып шыққан «Қазақша-орысша» терминдер мен атаулардың қазақшасын табыңыз.

пленка	үлдірік
прогресс	
эксперт	
интиллигент	
правитель	

5. Жұлдызшаның бұрыштарында берілген сөздерді құрастырып, қай терминге берілген анықтама екенін табыңыз.



жасалатын

біріктіру

құраушы

мен

терминді күрделі

Блиц – тест:

1.Н.В.Юшманов халықаралық терминдерді неше түрге бөлді?

- А) екі
- Б) үш
- С) төрт
- Д) бес
- Е) алты

2. Пуризм дегеніміз не?

- А) өзге тілден сөз алуды кеңейту
- Б) қажетті және ауыстыруға келмейтін сөздерді қалдыру
- С) өзге тілден сөз алмау
- Д) ана тілінің сөздерімен ауыстыру
- Е) терминді аудару

3.Түбірі грек-латын тілінен алынған кірме сөздерге тән ерекшеліктер?

- А) қолданыс аясы шектеулі
- Б) ұғымдық жағынан дәл
- С) бірмағыналыққа ие
- Д) ұлт тіліне аударуға келе бермейді
- Е) барлық жауап дұрыс

4.«Егер ана тілімізді қадірлейміз, қастерлейміз десек, оның өзіндік ерекшелігін келер ұрпаққа бұзбай жеткізгіміз келсе, бұдан былай қазақ тілінің терминдерін де қазақша жасағанымыз абзал. ...Бұған дейінгі біздің қазақ терминологиясы деп жүргендеріміз, ол – қазақ тілінің терминологиясы емес, орыс тілінің терминологиясы» деген пікірдің авторы кім?

- А) Реформатский А.
- Б) Қалиұлы Б.
- С) Айтбайұлы Ө.
- Д) Блинова О.
- Е) Құрманбайұлы Ш.

5.«Жер жүзіндегі термин ұғымдарының бәрін шет тілі сөздері арқылы емес, өз ана тілінің негізінде меңгеріп, ғылым мен техниканы дамытып отырған қытай, жапон т.б. халықтарды біз жақсы білеміз» деген ойдың авторы кім?

- А) Қайдар Ә.
- Б) Қалиұлы Б.
- С) Айтбайұлы Ө.
- Д) Блинова О.
- Е) Құрманбайұлы Ш.

№11 ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Терминологиялық редакциялау

Жоспары:

1. Терминологиялық редакциялау
2. Терминологиялық редакциялаудың мақсат-міндеттері
3. Терминологияны нормалаудағы терминшінің рөлі

Бақылау сұрақтары:


- Терминологиялық редакциялау дегеніміз не?
- Терминологиялық редакциялаудың атқаратын қызметі қандай?
- Терминологиялық редакциялау әдістері қандай?

Тапсырмалар

1. Тор көздерде берілген тапсырмаларды орындаңыз.



2. Төменде берілген анықтама қай терминнің анықтамасы болып табылады? ... - жекелеген терминдер мен олардың жиынтығының мазмұндық, тұлғалық және функционалдық құрылымын зерттейтін терминтанудың саласы.
3. Терминологиялық редакциялаудың мақсаттары мен міндеттерін жүйелеп атаңыз.
4. Терминологиялық жұмыстың басты бағыттарын төмендегі сызбаға жазыңыз.



5. Ұлттық терминологияны дамытуда жүргізілетін іс-шараларды атап, берілген кестеге жазыңыз.

1.	
2.	

Блиц – тест:

1. Мәтінді ғылыми өңдеу дегеніміз не?

- А) терминологиялық редакциялау
- Б) ғылыми проблемаларды шешу
- С) вариантты терминдерді табу
- Д) монографиялар шығару

Е) синонимдердің болмауы

2. Терминнің терминжүйесі ішіндегі, ғылым мен техниканың белгілі бір саласындағы басқа терминдермен байланыстағы орны тұрғысынан, нақты мәтіндегі рөлі?

А) терминологиялық редакциялаудың міндеті

Б) терминологиялық редакциялау

С) терминологиялық редакциялау жолдары

Д) терминологиялық редакциялау бағыты

Е) терминологиялық редакциялау мақсаты

3. Арнайы терминдер өте көп, оларға анықтама берілмейді, өйткені оны оқырмандар біледі деп қабылданады?

А) монографияларда

Б) роман

С) әңгіме

Д) прозада

Е) мәтіндерде

4. Терминологиялық редакциялаудың неше әдісі бар?

А) үш

Б) екі

С) бір

Д) төрт

Е) бес

5. Қолданбалы терминтанымның бір әрекет түрі.

А) Ұйымдастыру-әдістемелік әрекет

Б) Халықаралық ұйымдар

С) ТЖМ құру

Д) әр дәрежедегі мамандарды тарту

Е) әдістемелік терминологиялық әрекет

6. Мәскеуде терминологияны стандарттауға жауап беретін ғылыми-зерттеу институты?

А) Инфотерм

Б) «Neoteim»

С) МЭК

Д) ВНИИКИ

Е) МОУТН

7. Инфотерм ұйымы қайда орналасқан?

А) Ресейде

Б) Венада

С) Мәскеуде

Д) Парижде

Е) Украина

8. МОУТН ұйымы қандай журнал шығарды?

А) Neoterm

Б.) ИСО

С) Ғылыми терминология

Д) Мәскеу

Е) Вена

№ 12 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Терминдердің жиынтық мәліметін (ТЖМ) жасау

Жоспары:

1. Терминдердің жиынтық мәліметі ұғымы
2. Терминдердің жиынтық мәліметінің пайда болуы
3. Терминдердің жиынтық мәліметінің маңызы

Бақылау сұрақтары:

- Терминдердің жиынтық мәліметі деген не?
- Терминдердің жиынтық мәліметі ұғымдары қашан пайда бола бастады?
- Терминдердің жиынтық мәліметін жасаудың маңыздылығы неде?
- Қазақ терминдерінің жиынтық мәліметін жасау жұмыстары қандай деңгейде?

Тапсырмалар:

1. Жұмбақта қай терминнің жасырынғанын табыңыз және қай ғылым саласына қатысты екенін табыңыз.

1. Қазақ халқындағы киелі сан.
2. Тақ пен жұптан жаралған.
3. Бұрыштың түрі. . . .

2. Тор көздерде жазылған әріптердің көмегімен, термин атауын және оған берілген анықтаманы анықтаңыз.

Т	Е	Р							
						А	С	Ы	
				М	И	Н			
	Е								
С		Ң	Ы						
А	С	Т							
	Е								
					Т	А	Л	У	Ы

3. Жираф сөзін *керік* деп атап жүрміз. Оның *жайлаң* деп аталуына пікіріңіз қандай?

4. Төменде берілген бекітілген терминдердің орысша баламасын табыңыз. (Ұсынылатын әдебиет: Салалық терминология бүгінгі мен болашағы// Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. Астана-2003).

Жалау	
Ту	
Байрақ	
Аймақ	
Өңір	
Өлке	
Аумақ	

5. Терминдердің жиынтық мәліметін жасаудың маңызы туралы ғылыми баяндама дайындаңыз?

Блиц – тест:

1. Терминологиялық әрекеттің жаңа бағыттарының бірі?

- А) терминологиялық мәліметтер банкін құру
- Б) құжаттарды аудару
- С) ғалымдармен қамтамасыз ету
- Д) құжатпен бекітілгені көрсетіледі
- Е) басқару ұйымдарында қолданылады

2. Әлемдегі ең ірі ТЖМ-ды қандай герман фирмасы құрған?

- А) «Сименс»
- Б) Инфотерм
- С) МЭК
- Д) ВНИИКИ
- Е) «Neoterm»

3. «Тезаурус», «Ақпараттық-ізденіс сөздігі» ұғымдары қашан пайда бола бастады?

- А) 1980 жылдардың басында
- Б) 1975 жылдары
- С) 1979 жылдың басы мен 1980 жылдардың соңында
- Д) 1960 жылдардың аяғы мен 1970 жылдардың басында
- Е) 1990 жылдардан бастап

4. Терминдердің жиынтық мәліметі деген не?

- А) Электрондық сөздіктер
- Б) Тілдегі терминдердің электронды нұсқасы
- С) Көптілді сөздіктер
- Д) Аударма сөздіктердің электронды нұсқасы
- Е) Барлық жауап дұрыс

5. Терминологиялық жиынтық мәліметтің баспадан шығарылатын сөздіктерден айырмашылығы неде?

- А) Машина тіліне бағдарламалауға икемділігі
- Б) Іздеу арқылы кез келген термин туралы мәлімет алу мүмкіндігі
- С) Терминдерді өзгерту, толықтыру, жаңарту мүмкіндіктері
- Д) ТЖМ арқылы баспадан сапалы сөздіктер шығару мүмкіндігі
- Е) Барлық жауап дұрыс

№ 13 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Терминологиядағы бағыттар, ағымдар, үрдістер мен қағидаттар

Жоспары:

1. Терминология дамуының үрдістері
2. Термин жасау қағидаттары
3. Терминологиядағы бағыттар мен ағымдар

Бақылау сұрақтары:

- Термин жасау тарихы мен дәстүрі дегеніміз не?
- Термин жасау қағидаттары туралы не білесіз?
- Айырмашылықтарды мейлінше азайту қағидаты деген не?
- Терминологиядағы үнем қағидаты дегеніміз не?

Тапсырмалар:

1. Терминдердің зерттелу тарихына байланысты қосымша мәліметтер жинаңыз, баяндаңыз.
2. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттарын ұсынған ғалымдарды атаңыз. Әр жылдарда ұсынылған қағидаттарға салыстармалы түрде талдау жасаңыз. Өз ойыңызды білдіріңіз.
3. Термин жасауда қолданылатын өнімді жұрнақтарды бір бөлек, өнімсіз жұрнақтарды бір бөлек теріп жазыңыз.

-шы/ -ші, - тық/ -тік, - қыш/ -кіш, -уыш /-уіш, - қы/ -кі, -ғы/- гі	-лық / -лік, -дық / -дік,- ма -ме, -ба /-бе, -па /-пе

4.Төменде берілген Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминологиялық комиссияның 2003 жылғы 2 шілдедегі мәжілісінде бекітілген терминдердің қазақша баламасын табыңыз. (Ұсынылатын әдебиет: Терминологиялық хабаршы №3(5), Астана-2003).

Открытый слог	
Алфавит	
Әлсіз фонема	
Открытый монофтонг	
Исконное слово	
Детская речь	
Система согласных	

5. 1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезінде» бекітілген қазақ терминологиясын қалыптастырудағы алғашқы қағидаттарын кестеге толтырыңыз.

1.	
2.	
3.	
4.	
5.	
6.	

Блиц – тест:

1. Қай ғасырда Еуропада ғылым және халықтық тілдерге негізделген тілдік дуализм туды әрі бұл кезде еуропалықтардың ұлттық санасы өсіп, ұлт мәдениетіне, тіліне деген көзқарас күрт өзгерген еді?

- А) XVI
- Б) XV
- С) XX
- Д) XIX
- Е) XII

2. Кім бастаған қазақ зиялыларының түрлі оқулықтар жазуы барысында пән сөздерін жасалуына негіз болды?

- А) Байтұрсынұлы А.
- Б) Қалиұлы Б.
- С) Реформатский А.
- Д) Вайнрих Х.
- Е) Ғылым Академиясы

3. Термин жасаудағы ең өнімді тәсіл?

- А) лексика-семантикалық тәсіл
- Б) морфологиялық тәсіл
- С) синтаксистік тәсіл
- Д) аналитикалық тәсіл
- Е) сөзжасамдық тәсіл

4. Сөзжасамның морфологиялық тәсілі дегеніміз не?

- А) сөз мағынасының кеңеюі арқылы жасалған сөздер
- Б) сөз мағынасының тарылуы арқылы жасалған сөздер
- С) түбір сөзге түрлі жұрнақтар жалғау арқылы жасалған туынды сөздер
- Д) сөз мағынасының ауысуы арқылы жасалған сөздер
- Е) барлық жауап дұрыс

5. Семантикалық тәсіл деген не?

- А) сөз мағынасының кеңеюі арқылы жасалған сөздер
- Б) сөздердің қосарлануы арқылы жасалған сөздер
- С) түбір сөзге түрлі жұрнақтар жалғау арқылы жасалған туынды сөздер
- Д) сөздердің бірігуі арқылы жасалған сөздер
- Е) барлық жауап дұрыс

№14 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Терминтану мектептері

Жоспары:

1. Вена терминология мектебі
2. КСРО терминтану мектебі
3. Чехословакия терминология мектебі
4. Канада терминология мектебі

Бақылау сұрақтары:

- Вена терминология мектебі қай жылы құрылды?
- Прага терминтану мектебі туралы айтыңыз?
- Одақтық терминология мектебі туралы айтыңыз?
- Канада терминология мектебінің негізгі жұмыс бағыттарын атаңыз?

Тапсырмалар:


1. Терминтану мектептерінің жұмыс бағыттарын салыстыра

отырып, слайдқа түсіріңіз.

2. Әріптерді рет-ретімен құрастырып, анықтаманы табыңыз. Анықтама қай терминге берілгенін анықтаңыз.

Т	Ш	Е	К	А	Р	А	С	Ы	О
Е	Р	М	И	Н	А	Р	©	Н	Қ
О	Л	Ң	І	Н	Ω	А	Л	Ы	Қ
С	Ш	Е	К	Е	Н	€	Ы	Ғ	Ы
Н	И	М	А	М	Ы	Д	Н	Ы	З
Т	Е	Р	Р	А	С	Ы	Ғ	Ы	Ұ

3. Қазіргі термин шығармашылығында басшылыққа алынып жүрген ұстанымдарды жазыңыз. (Ұсынылатын әдебиет: Салалық терминология бүгіні мен болашағы// Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. Астана-2003).



4. Төменде берілген терминдердің қазақша баламасын (варианттарымен) табыңыз.

Окупаемость	
Диспропорция	
Коммерсант	
Знак	
Посредник	
Умение	

5. Әдебиеттану саласы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминологиялық комиссияның 2003 жылғы 2 шілдедегі мәжілісінде бекітілген терминдердің қазақша баламасын табыңыз. (Терминологиялық хабаршы №3(5), Астана-2003).

Образ автора	
Айтыс	
Литературные течения	
Бейт	

Доклад	
Новаторство	
Присказка	
Искажение	

Блиц-тест

1. Вена терминологиялық мектебінің негізін қалаған ғалым?

- А) Рондо Г.
- Б) Вюстер О.
- С) Вайсгербер И.Л.
- Д) Прохорова В.Н.
- Е) Балыхина Т.М.

2. 1933 жылы қандай мектепте «Техникалық терминология комиссиясы» құрылды?

- А) Канада терминтану мектебі
- Б) Прага терминтану мектебі
- С) Вена терминтану мектебі
- Д) КСРО терминтану мектебі
- Е) Австрия-германиялық терминологиялық мектеп

3. Л.Л.Кутина, П.Н.Денисова, А.С.Герд, Е.Д.Коновалова қай жылдары Ресей мектебінде еңбек етті?

- А) 1970 жылдары
- Б) 2000 жылдардан бастап
- С) 1980 жылдардың басында
- Д) 40-60 жылдары
- Е) 2010-2012 жылдары

4. Чехословакия терминтану мектебінің дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдарды көрсетіңіз?

- А) Балыхина Т.М., Рондо Г.
- Б) Вюстер О., Вайсгербер И.Л.
- С) Кутина Л.Л., Денисова П.Н.
- Д) Герд А.С., Коновалова Е.Д.
- Е) Дрозд Л., Горецки Я.

5. Канада терминология мектебі басқаша қалай аталады?

- А) Австрия-германиялық терминологиялық мектеп
- Б) Квебек терминология мектебі
- С) Прага терминология мектебі
- Д) Ресей терминология мектебі
- Е) Барлық жауап дұрыс

6. Терминологиялық таңба таңбаланушыдан (ұғымдық мазмұн) таңбалаушыға (сыртқы форма) қарай зерттелінеді деген пікірдің авторы?

- А) Рондо Г.
- Б) Вюстер О.
- С) Вайсгербер И.Л.
- Д) Прохорова В.Н.
- Е) Балыхина Т.М.

7. Әуелі жазу тілінде пайда болып, жалпы тілге жазу арқылы тарайды?

- А) әдеби сөздер

- Б) терминдер
- С) кәсіби сөздер
- Д) төл сөздер
- Е) кірме сөздер

8. Ғылым тілін түсінудегі қиындықтар неден туындайды?

- А) көпмағыналылық
- Б) екіұштылық
- С) синонимдердің болуы
- Д) вариант терминдер
- Е) барлық жауап дұрыс

9. Терминтанымға қатысты зерттеулерде мұндай талаптар қатары ғылыми-техникалық терминдерге қатысты толтырылады.

- А) синонимдер
- Б) синонимдердің болмауы
- С) ғылымаралық сала.
- Д) синонимдердің жиі қолданылуы
- Е) лексикалық тұрғыдан

10. Кәсіби жаргондар да жалпы.....ауытқушылыққа жатады.

- А) әдеби тілден
- Б) құбылыстар
- С) терминдер
- Д) мағынадан
- Е) ұғымнан

№15 ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Тақырыбы: Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар

Жоспары:

1. Қолданбалы терминтанымның ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстары
2. Терминологиялық органдар мен ұйымдар түрлері
3. Терминнің практикалық мәні

Бақылау сұрақтары:

- Қолданбалы терминтанымның ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстары туралы айтыңыз?
- Сөздік жасау ұйымдастыру-әдістемелік жұмысқа жата ма?
- Біздің елімізде терминологиялық жұмыстармен қандай мекемелер айналысады?
- Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстардың маңызы неде?

Тапсырмалар:

1. Төменде берілген терминдердің орысша аудармасын табыңыз.

Желкен	
Мәміле	
Жарғақ	
Қағидат	
Үрдіс	
Піспек	

2. Математика терминдерін бір бөлек, спорт терминдерін бір бөлек, лингвистика терминдерін бір бөлек кестеге орналастырыңыз.

Логарифм, атлетика, стилистика, аксиома, тайфун, фраза, котангенс, акцент, трапеция, акробат, идиома, радиус, спартакиада, синоним, теорема, морфема, биссектриса, коэффициент, баскетбол.

Математика терминдері	Спорт терминдері	Лингвистика терминдері

3. Көп түктенің орнына тиісті сөздерді қойып, терминнің толық анықтамасын тауып жазыңыз.

Термин... - ... сөздіктер ... жалпы ... мен ... тәсілдерін жасауды, терминологиялық сөздіктерді түріне қарай қағидаттарын жасауды, ... типтегі ... арнаулы ... таңдап алу мен ... сөздіктерге берудің, сипаттаудың, негізделген ... жасауды қарастыратын ... саласы.

4. Терминологиялық органдар мен ұйымдар туралы ақпарат жинаңыз, мәнжазба дайындаңыз.

5. «ҚР Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы» жұмысы туралы не білесіз, мәлімет жинаңыз, сұрақтар дайындаңыз, пікірталас ұйымдастырыңыз.

Блиц-тест:

1. Қай ғалым шетел сөзін аудару тілді жұтаң күйге түсіреді, ғылымның оқшаулануын тудырады дейтін пікірлердің еш негізсіздігін дәлелдеп-көрсетті.

- А) Суперанская А.В.
- Б) Қалиұлы Б.
- С) Реформатский А.А.
- Д) Вайнрих Х.
- Е) Ғылым Академиясы

2. Бірінші кезекте және толық түрде қазақ қауымы, қазақ тілі, қазақ ғылымы үшін қажет ғылым?

- А) терминология
- Б) диалектология
- С) лексикология
- Д) семантика
- Е) ұлт тілдері

3. Терминнің қоғамдағығылым мұратынан шығады.

- А) орны мен қызметі
- Б) ұлттық мүдде
- С) оның тәрбиелік
- Д) адамдық рухты
- Е) қосымша мәлімет

4. Термин бірінші кезекте тұрғысынан жасалуы тиіс

- A) ұлттық діл
- B) халықтық күш
- C) ұлттық мүдде
- D) танымдық
- E) жасампаздық

5. Терминдерді біріздендіру қызметінің бірі ?

- A) оның жүйелеушілігінде
- B) жинақтарын құрастыру
- C) бекітілу
- D) әрекеттің тоқтауы
- E) міндетті болатыны

СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗІНДІК ЖҰМЫС (СОӨЖ) ТАПСЫРМАЛАРЫ

1-тақырып. Түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор құру туралы

Тапсырмалар:

1. Төменде берілген ғылыми мақаланы оқыңыз, негізгі ойын анықтаңыз, мазмұнын айтыңыз. Өз пікіріңізді білдіріңіз.

ТЕРМИНДЕРДІ БІРІЗДЕНДІРУ ТҮРКІ ТІЛДЕРІ АРАСЫНДА ЖҮЙЕЛІ ЖҮРГІЗІЛУІ ТИІС

Шерубай Құрманбайұлы

Түркі тілдерінің терминдер жүйесін жақындастыру, ортақ терминдер қорын молайту бүгін ғана көтеріліп отырған мәселе емес. Бұл мәселенің қозғалғанына бір ғасырға жуық уақыт болды. Бірақ күні бүгінге дейін түркі халықтары терминдер қорын тіларалық біріздендіру мәселесін шешудің тиімді тетігі қалыптаса қойған жоқ. Әзірге мәселе көтерумен ғана шектеліп келеміз.

1924 жылдың маусым айында сол кездегі Қазақстанның астанасы Орынборда өткен қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезінде терминологияны дамыту мәселелері де сөз болды. Оған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрекұлұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы бастаған бүкіл Алаш зиялылары мен Ишанғали Арабайұлы бастаған қырғыз оқығандары қатысты. Съезде Елдес Омарұлы «Қазақша пән сөздері» деген тақырыпта баяндама жасап, сол баяндама негізінде терминологияны дамыту қағидаттары бекітілді. Съезд бекіткен қағидаттардың екіншісі – «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер (терминдер – Ш.Қ.), басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер, жалпы, түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын» деген қағидат қабылданды.

1926 жылы 26 ақпан мен 6 наурыз аралығында Баку қаласында «Бірінші Бүкілодақтық түркология съезі» өтіп, оған көптеген түркітілдес халықтардың ғалымдары қатысты. Осы съездің күн тәртібіндегі қаралған мәселелердің бірі түркі тілдерінің терминологиясы (пән сөздерінің жүйесі) болған еді. Бұл съезде терминология мәселелеріне арналған баяндаманы Қазақстан тарапынан А.Байтұрсынұлы жасады. Қазақ зиялылары бұл бағыттағы жұмыстарын жалғастыра алмады. Бакудегі түркология съезінен кейін, көп ұзамай, 20-жылдардың аяғына қарай Алаш зиялылары қуғындала бастады. Олардың түркі халықтарының өзара термин алмасу мәселесін жолға қоюға бағытталған жұмысы 30-жылдардан кейін жалғасын таппай қалды. Түркітілдестердің терминқорын жақындастыру мәселесі тек КСРО ыдырап, тәуелсіз республикалар құрылғаннан кейін ғана қайта көтеріле бастады.

1996-1997 жылдары қазақ-түрік лингвист-ғалымдарының ұйымдастыруымен Қазақстанның Түркістан қаласындағы Қазақ-түрік университетінде түркітілдес елдердің терминологиясына арналған мәжіліс өтті. Бұл жиынға Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Татарстан, Башқұртстан, Қарақалпақстан елдерінің тілші-ғалымдары қатысты. Ғалымдар көптілді терминологиялық салыстырмалы сөздіктерін жасауға келісіп, бұл бағытта біраз жұмыс істелгенімен, басталған іс аяғына толық жетпей қалды. Алайда түркі

терминологиясының мәселелерін бірлесіп талқылауға кейінгі жылдары қайта назар аударыла бастады. Өткен 2010 жылдың маусымында Түркия Тіл құрылымы мен Түркия ақпараттық технологиялар қоғамының ұйымдастыруымен Бакуде туысқан түркітілдес халықтар ғалымдары бас қосып, түркі терминологиясының мәселелерін бірлесіп талқылады. Бұл жиынға Түркия, Қазақстан, Әзірбайжан, Татарстан ғалымдары қатысып, ойларын ортаға салды. Конференция 1926 жылы осы қалада өткен «Бірінші Бүкілодақтық түркология съезінен» кейін араға 85 жыл уақыт салып барып жалғасын тапқан жиын болды. Бакудегі конференцияға қатысқанда біз ұйымдастырушыларға, түркиялық ғалымдарға келесі басқосуымыздың Қазақстанда өтуін ұсынған едік. Бүгінгі біздің бірлесіп өткізіп отырған конференциямыз – сол келісім нәтижесі. Осы орайда біз былтырғы жылы Бакуде өткен және биыл Астанада өткізіліп жатқан осы ғылыми жиынды ұйымдастыруға тікелей атсалысып отырған Түркия тарапына айрықша алғысымызды білдіреміз. Түркі тілдеріндегі ақпараттық технология терминологиясының ортақтық сипаттын арттыру бағытында Түркия ақпараттық технологиялар қоғамының көп жұмыс атқарып жатқанын, бүгінгі конференцияның ұйымдастырылуына да Түркия Тіл комитетімен бірлесіп ерекше атсалысып отырғанын атап айтуға тиіспіз. Түркі терминқорының ортақтық сипаты арта түсуіне барша түркітілдестер мүдделілік танытып отыр. Түркия мен Қазақстан түркі терминологиясының ортақтық сипатын арттыруға бағытталған істе белсенділік танытып, нақты істерге ұйытқы болып отыр. Бүгінгі шара – соның тағы бір көрінісі. Осы идеяны кеңірек таратып, оның маңызын ғылыми тұрғыдан ашып көрсете түскен сайын, барлық түркі халықтарының белсенділігі артатынына күмән келтірмеуге болады. Дегенмен соңғы жылдар ішінде осы бағыттағы біршама белсенділік танытып отырған қазақ-түрік тілдерінің арасында да терминалмасу үдерісінің жанданғаны әзірге байқала қоймайды. Ал КСРО құрамында болған Қазақстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Түрікменстан республикаларының тілдері арасында да, тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі 20 жылда да өзара терминалмасым үрдісі жолға қойылмақ түгілі, басталған да жоқ. Мәселен, Тәуелсіздіктің 20 жылында қазақ тілінен өзбек немесе қызғыз тіліне, қырғыз тілінен түрік немесе қазақ тіліне қанша термин енді? Оған көп мысал таба алмаймыз. Біз көптен бері түрік тілінен қазақ тіліне қабылданған «ұшақ» сөзінен өзге мысал келтіре алмай жүрміз.

Ал енді түркі тілдері арасындағы терминдерді біріздендіру мәселесіне келер болсақ, бізге нақты іске көшпес бұрын сол істі ұйымдастырудың ұтымды тетігін құрып алуымыз қажет деп білеміз. Олай дейтініміз, ХХ ғасыр басынан бері түркі тілдеріне ортақ терминдер қорын қалыптастыру мәселесі көтеріліп келе жатқанымен, күні бүгінге дейін бұл істе ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже көрініс бере қоймады. Оның көптеген себептері болды, олар жөнінде әңгіме – бөлек. Бірақ солардың бірі – терминологияны тілааралық біріздендіру жұмысын жолға қоюмен тікелей айналысатын құрылымның болмай келуі. Ғалымдар бас қосқан жиындарда айтылған ұсыныс-пікірлер жүзеге аспай, сол жерде қалып, жекелеген түркітанушы, терминтанушы ғалымдар тарапынан жазылған мақалалар, айтылған ойлар өзге түркітілдес елдердің ғалымдарына жетпей жатады. Түркітілдестердің ғылым саласындағы ынтымақтастығы, байланысы әлі әлсіз. Соның салдарынан түбі бір түркі тілдерінің ғылыми тілі, терминологиясы жақындаудың орнына жылдан-жылға алшақтап барады. Бұл үдеріс біртіндеп бір тілдік топқа және сол топ ішіндегі шағын топқа (подгруппа) кіретін тілдердің де айырмашылықтарының ұлғая беруіне апарады. Лингвист ғалымдар зерттеулерінің нәтижелері қазіргі заманда кез келген тілдің лексикалық қорын байытып отырған жаңа сөздердің 80 пайыздан астамын неонимдер

(жаңадан жасалған терминдер) құрайды екен. Бұл – «егер біз ұлт тілінде термин жасайтын болсақ, өз тіліміздің табиғатын сақтай отырып оны байытамыз, керісінше, қай тілден көбірек сөз қабылдасақ, сол тілге жақындаймыз, онымен ортақтығымыз арта түседі» деген сөз. Ендеше, тарихи тамырлас, туыстас түркі тілдері неліктен бір-бірінен алшақтай беруге тиіс. Неге біз ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тарихи сабақтастықты сақтап, тілдерімізді жақындатуға ұмтылмай, бір-бірімізден алшақтау, окшаулану бағытын ұстануымыз керек? Біздіңше, бұған ешқандай негіз жоқ. Қайта түркі тілдері арасындағы терминдерді біріздендіруге, өзара терминалмасым үдерісін жолға қою арқылы ортақ терминдер қорын молайта берудің маңыздылығын, өзектілігін көрсететін негіз жеткілікті.

Бізде КСРО құрамына кірген түркі халықтарының тілдерінде терминдерді тіларалық біріздендіру түркітілдестердің өз арасында емес, олардың әрқайсысының орыс тілімен арасында болды. Дәлірек айтқанда, тіларалық біріздендіру түркі тілдерінің орыс тілімен ортақ терминдерін барынша ұлғайту мақсатын көздей отырып, орыс тілі тарапынан түркі тілдеріне қатысты біржақты жүргізілді. Орыс — қазақ, орыс — өзбек, орыс — әзірбайжан, орыс — қырғыз, орыс — түрікмен, орыс — татар тілдері арасында терминалмасу жүргізіліп, екіншілері, негізінен, термин қабылдаушы тілдер болып келді. Кеңес Одағы тұсында орыс тілінен түркі тілдеріне алмасқан терминдер жүздеп, мыңдап саналса, түркі тілінен орыс тіліне алмасқан терминдер мүлде мардымсыз, бірлі-жарым болды. Ал орыс тіліндегі түркізмдердің басым көпшілігі өткен ғасырлардың сөз алмасулары еді. Ендігі жерде біз түркі тілдерінің өз ішіндегі сөз алмасу, термин алмасу мәселесін жолға қоюымыз керек. Бір ғана арнаулы саланың немесе бір тілдің шеңберінде жүзеге асатын тілшілік біріздендіру жұмысын жүргізудің өзінде кемшіліктер орын алып жатады. Ал біздің көздеп отырған тіларалық біріздендіруіміз бірнеше ел тілдерінің арасында жүзеге асатын ауқымды терминологиялық жұмыс болғандықтан, оны үйлестіру ісі тиісті деңгейде жүруі үшін тікелей осы шаруаға жауапты тұрақты құрылым қажет. Ондай құрылымға түркітілдес елдердің терминология саласында еңбек етіп жүрген тілші-ғалымдары, салалық кәсіби мамандарын тарта отырып, жүйелі түрде жұмыс істелгенде ғана көздеген мақсатқа қол жеткізе аламыз. 1996-97 жылдары Түркістан қаласындағы Қазақ-Түрік университеті бастаған жұмыстың жалғасын таппай қалуы осындай жүйелі жұмыс атқаратын арнайы құрылымның болмауынан екенін айту керек. Ол жұмыс жекелеген ғалымдардың ынтасы бойынша басталып, бір-екі жылдан кейін түрлі себептермен тоқталып қалды. Біздің бүгін қолға алып жатқан ісіміздің де жалғасты болуы үшін, ең алдымен, осы істі қалай ұйымдастыру қажеттігін өзара келісіп, шешіп алғанымыз жөн. Халықаралық ұйымдастыру орталығын құрамыз ба, әлде Түркі терминология комиссиясын жасақтаймыз ба, болмаса оны Түркі терминқорын қалыптастыру кеңесі түрінде құрамыз ба, әйтеуір сіздер мен біздің терминология саласындағы қызметімізді үйлестіріп, тіларалық біріздендіру жұмысын жүргізіп отыратын органымыз болса, басталған ісіміз аяқсыз қалмауына жауапты ұйым анықталар еді. Әзірге бүкіл түркі тілдері арасында жүргізетін терминдерді тіларалық біріздендіру жұмысын ешбір мекеме немесе ұйым өз жауапкершілігіне алып отырған жоқ. Түркі тілдері бірдей қолдануы тиіс ортақ терминдерді анықтап, оларды жан-жақты талқылап, ресми ұсынып отыратын да осындай арнайы құрылым болуы тиіс деп санаймыз.

Әрине, бірлескен қызметімізді үйлестіретін орган құрумен іс біте салмайды. Одан кейін де қыруар шаруа атқаруға тура келеді. Ең алдымен, тіларалық біріздендіру кезінде ұстанатын негізгі бағытымыз бен басшылыққа алатын қағидаттарымызды

анықтап, оны келісіп алу қажеттігі туындайды. Олай дейтініміз, 1996-97 жылдары қолға алынған Түркі тілдерінің көптілді салыстырмалы терминологиялық сөздіктерін жасау дұрыс бастама болды. Осы істі жалғастыру арқылы түркі тілдері терминжүйелерінің қаншалықты жетілгендігін салыстырып анықтау мүмкіндігіне ие боламыз. Сол арқылы кімде не бар екенін бағамдай отырып, бірімізде жоғымызды екіншімізден ала аламыз. Әзірге әркім термин шығармашылығында өз тілімен шектеліп, терминдерді біріздендіру тіларалық емес, тілішілік деңгейде жүргізіліп жатыр. Түркі тілдері үшін терминқор қор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде туыстас тілдер емес, өзге туыстық топтарға жататын тілдер болып отыр. О бастан дұрыс жолға қойылмаған, бірлесіп қолға алынбаған іс болғандықтан, әр тілдің терминқоры өз жолымен дамыды, түркі халықтарында әрқайсысында терминжүйе қалыптастырудың өзіндік дәстүрі орнықты. Түркі тілдері терминжүйелерін қалыптастыра бастаған алғашқы кезеңде осыдан бір ғасырға жуық қолға алынуға тиіс шаруаны біз объективті және субъективті түрлі себептермен «ештен кеш жақсы» деп енді қолға алып отырмыз. Бір нәрсенің басын ашып айтуымыз керек. Осы өткен кезеңдерде түркі тілдері өздерінің салалық терминдер жүйесін қалыптастырды. Сол терминжүйелер бүгінгі таңда олардың арнаулы салалардағы кәсіби қарым-қатынасы мен ғылыми қатысым қажеттіліктерін өтеп отыр. Қазақ, түрік, өзбек, қырғыз немесе әзірбайжан тілдерінің қай-қайсысы да ұтымды баламалары табылмай жүрген жекелеген кірме терминдердің орнына бір-бірінен сөз алып термин алмасуға барар, алайда «қазіргі қолданыстағы терминдер қорын түбегейлі өзгеріске ұшыратып, өзге түркі тілдерінен жаппай термин қабылдай бастайды» деп ешкім айта алмайды. Сондықтан бұл факторды ескере отырып, біз алдағы термин шығармашылығымызда тәжірибе бөлісу мен өзара термин алмасу жайын ойласуымыз керек. Ғылымтанушылардың мәліметіне сүйенсек, әрбір жиырма бес жылда ғылыми пәндердің саны екі есеге артып отырады екен. Осы жаңа салалардың бәрінің терминологиясын жасауда бізге бірлесе жұмыс атқару керек. Біздің тіларалық біріздендіру жұмысымыздың болашағы да – осында. Бұл орайда Түркия ақпараттық технологиялар қоғамының түркі тілдеріндегі IT терминологиясының мәселесін уақтылы көтеріп отырғанын айтар едік. КСРО құрамында болған түркітілдестер термин қабылдаудың бір ғана көзі ретінде орыс тілін танып қалған дәстүріне жүгіне бермей IT терминологиясын түрік тілінде жасаған туыстас тілдің тәжірибесіне ерекше ден қоюы қажет деп ойлаймыз. Содан кейін бұл дәстүр жаңа пайда болған ғылым салаларының терминологиясын жасауда түркі тілдері арасында өзара жалғасын табатын болса, біздің түркі терминологиясын біріздендіруге бағытталған жұмысымыз да жемісін бере бастайды. Сондай-ақ ғылымның бұрыннан бар түрлі салаларында пайда болып жататын жаңа ұғымдарды қай тіл қалай атай бастағанын, олар қалыптасып үлгергенге дейінгі терминжасам үдерісінің ең алғашқы кезеңінде біліп отыруымыздың маңызы зор. Сонда біз терминжасам тәжірибемізді ортаға салып, ұтымды жасалған терминді, терминүлгіні немесе терминбөлшекті бірлесіп таңдап алып, бүкіл түркі тілдеріне енгізуге мүмкіндік аламыз. Бұл жұмысты ғаламтор желісі, түркі тілдерінің терминжүйелерін біріздендірумен айналысатын бірлескен органның арнаулы сайттары, жедел әрі тұрақты түрде ақпарат алмасуды жолға қою арқылы ғана нәтижелі жүргізуге болады.

Түркітілдес халықтардың терминологиялық-лексикалық қорының ортақтық деңгейін, өзіндік ерекшеліктерін, терминжасам тәжірибесін анықтау мен терминтанудың өзге де ғылыми-теориялық мәселелерін зерттеу ісін Қазақстанның Түркі академиясы базасында жүзеге асыруға болады деп ойлаймыз. Біз айтып

отырған түркі тілдерінің терминжүйелерін тіларалық біріздендірумен айналысатын құрылымды да осы академия жанынан ашқан ұтымды болар деген ойдамыз.

Түркі тілдерінен термин алмасудың тілдік артықшылықтары туралы пікірлерді лингвист мамандардың әр кезеңде жазған еңбектерінен кездестіруге болады. Мәселен, А.Байтұрсынұлы «ондай терминдер (түркі тілдерінен алынған терминдер – Ш.Қ.) айтуға, естуге және түсінуге қиындық туғызбайды» деп көрсеткен болатын. Сондай-ақ туыстас тілдерден алынған терминдердің қабылдаушы тілдің морфологиялық, дыбыстық ерекшеліктеріне сай келеді немесе соған бейім тұратынын да айту керек. Сондықтан олар тілге жатсынбай қабылданып, оңай сіңіп кете алады. Ортақ терминдер түркі халықтары арасындағы тілдік, ғылыми-мәдени байланысты, ынтымақтастықты нығайтуға негіз болады.

Әлем халықтарының тәжірибесінде туыстас тілдер арасында термин алмасу, ортақ терминологиялық қор құру арқылы арнаулы мақсаттар тілін кеңінен пайдалану тәжірибесі бар екендігіне біз бұған дейін де тоқталғанбыз. Түркі халықтарының да бұл істі шындап қолға алып, өзіндік ғылыми кеңістігімізді қалыптастырып, сол кеңістік шеңберінде түрлі сала мамандарының жалпытүркілік терминологияны пайдалана отырып, кәсіби қарым-қатынас жасауға бағытталған ортақ мақсатқа жұмыла кіріскеніміз абзал.

Кеңестік кезеңде КСРО құрамына кіретін әртүрлі тілдік топтарға жататын тілдерді құрайтын көпұлтты құрама мемлекеттің ортақ терминдер қорын қалыптастыруға қол жеткізілді. Егер түркі елдерінің терминдерді тіларалық біріздендіру жұмыстары дұрыс жүргізілсе, түбі бір туыстас тілдерінің ортақ терминдер қорын қалыптастыру, терминжүйелерімізді жақындастыру одан қиын болмасы анық. Ал оны жүзеге асыра білу түркітілдес мемлекеттер арасындағы терминдерді тіларалық біріздендіру мен терминжүйелерімізді жақындастыру, олардың ортақтығын арттыруға бағытталған үйлесімді жұмыстардың қалай атқарылатындығына байланысты. Түркиядан өзге түркітілдес халықтардың көпшілігі жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру бағытын жетпіс жыл бойы ұстандық, енді жалпытүркілік терминқорымызды молайтып, түркі әлемінің өз ғылыми кеңістігіндегі қарым-қатынасымызда түркі тілдерінің қолданысын кеңейтуге, ғылыми ынтымақтастығымызды нығайтуға бағытталған жұмыстарымызды бірлесіп атқаратын уақыт жетті деп ойлаймыз.

2. Тақырыпқа 10 тест (5 жауап нұсқасымен) дайындаңыз.

3. Жағдаяттық тапсырма

Терминтанымда *терминдену* тәсілі бары белгілі. Бұл тәсіл бойынша сөздік қорымыздағы сөздер терминге айнала алады.

Сұрақ: Термин мен жалпы қолданыстағы сөзді әңгіме барысында қалай ажыратамыз?

Әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
4. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.

5. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. -227 б.
6. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдері (лингвистикалық зерттеу) . А., 2001
7. Исақова С.С. Қазақ терминтанымның когнитивтік-прагматикалық аспектісі. А., 2007

2-тақырып. Терминдерді стандарттау туралы

Тапсырмалар:

1. Берілген мақаланы оқыңыз, автор көтерген негізгі сұрақтарды анықтаңыз, мазмұндаңыз.

ТЕРМИНДЕР ҚАНДАЙ СӨЗ ТАБЫНАН ЖАСАЛУЫ КЕРЕК?

Терминдер қандай сөз табынан жасалуы керек деген сұрақтың күрделілігі пікірталастар туғызып отырғанын дәлелдеу қажет емес. Бұл сұраққа біржақты жауап беруге болмайды. Мәселеге әр түрлі сала терминдері мен олардың қолданыс аясын зерттей отырып жауап берген шындыққа сәйкес келері сөзсіз. Әдетте, терминология негізінен зат есімдерден және сөз тіркестерінен тұратыны белгілі. Дегенмен стандартталған терминдердің ішінен басқа да сөз таптарынан жасалған (үстеу, сын есім, етістік) терминдерді де кездестіру қиын емес. Байырғы сөздерден жасалған терминдердің бірсыпырасы етістікке -у жұрнағы жалғануы арқылы жасалған қимыл есімдері. Мыс.: *ойлау, түсіну, байқау, ақтау, алдау, арнау, атау*, т.б.

Кез келген ғылым саласының терминдік жүйесіндегі сөз тіркестері арқылы жасалған терминдердің құрамында сын есімдер, үстеулер тағы басқа сөз таптары кездеседі. Қазіргі тілімізде сын есім туғызатын өнімді жұрнақтардың қатарына **-лық, -лік, -дік, -дық, -тық, -тік** аффиксін қосуға болады. Әсіресе, орыс тілінен енген зат есім түбірлеріне жалғанып, олардан қатыстық сын жасайтын амал ретінде соңғы жылдары ерекше кең қолданылады.

Біз қазақ терминологиясыныңда **-лық** жұрнағының көмегімен *абсолюттік, позитивтік, психикалық, факторлық, вестибулярлық, бисцеральдық, потологиялық, дистанттық, референттік, рефлекстік, ассоциациялық, информациялық, оптикалық, аутогендік, сенсорлық, гностикалық* т.б. терминдердің кездесетіндігін айтқымыз келеді.

-лық жұрнақты терминдер жасайтын түбірлердің құрамы зат есім (*қоғам-дық, әлеумет-тік, нәресте-лік* т.б), сын есім (*әдемі-лік, сезім-дік, адал-дық*), етістік (*үйірсек-тік*), модаль сөздер (*мүмкін-дік, қажетті-лік*) болып келеді. Сөйтіп, олар әр қилы сөз таптарынан зат есім және қатыстық сын есім (*әділдік, әлеуметтік*) тудырады.

Сын есім болатындары жеке тұрып жұмсалмайды, олар бағыныңқы сыңарда анықтауыштық қатынаста қолданылады. Мысалы: *танымдық есеп, көркемдік талғам, кәсіптік оқыту, әлеуметтік бейімделу, қоғамдық көңіл күй, сезімдік қабылдау, эмоциялық ес, қимылдық ес, бейнелік ес* т.б. Оларды терминэлементтер немесе терминдік компоненттер деп аламыз ба, мәселе онда емес, мәселе олар арнайы терминология саласында қалады, оларға арнайы мағына бекітеледі, олар жалпықолданыста қолданылмайды (ал егер қолданыла қалса, мағына мен

қолданысында айырмашылық болады). Мысалы: *әлеуметтік жағдай, әлеуметтік оңалту, әлеуметтік тәуекел, тұрмыстық жарақат, психикалық жарақат, біліктілік талаптары, сағаттық өндірім, кедейлік шегі, экологиялық үстемақы, әлеуметтік диалект, әлеуметтік диалектология, езулік дауыссыз, езулік дауысты, еріндік дауыссыз, еріндік дауысты, лексикалық бірлік, логикалық екпін, мағыналық бірлік, морфологиялық бірлік, синтаксистік бірлік, тілдік бірлік, фонетикалық бірлік, фонетикалық дыбыстаңба, фонологиялық дыбыстаңба, фразалық екпін, фразеологиялық бірлік, авторлық аударма, авторлық баяндау, авторлық қаламақы, авторлық қолжазба, авторлық қолтаңба, авторлық мәтін, авторлық түпнұсқа, авторлық түсініктеме, ағартушылық реализм, азаматтық лирика, академиялық басылым, академиялық стиль, ақындық өлең, әлемдік әдебиет, әлеуметтік лирика, батырлық өлеңдер, батырлық ертегілер, ғашықтық эпос, дикторлық мәтін, біртұтас мемлекеттік жер қоры, бірыңғай мемлекеттік саясат, ерекше құқықтық режим, алғашқы қауымдық сана, балалардың техникалық шығармашылығы, балалардың тұрмыстық еңбегі, дамытудың биогенетикалық тұжырымдамасы, дәстүрлі педагогикалық әдіс, естің биохимиялық теориясы, жалпы адамзаттық құндылық, жалпылама психикалық құбылыстар, жаңаша педагогикалық ойлау, жас ерекшелік симптом кешені, жастардың демократиялық қозғалысы, жеке адамдық компонент, жеке тұлғалық ерекшеліктер, жоғары аттестациялық комиссия, жоғары психикалық функциялар, жоғары техникалық оқу орны, зерттеудің математикалық әдістері, көркем шығармашылық психологиясы, қос факторлық теориясы, мектептегі құқықтық тәрбиенің әдістері, мектептің педагогикалық кеңесі, мидың динамикалық оқшаулануы, мұғалімнің ұйымдастырушылық іс-әрекеті, оқушылардың құқықтық санасының қалыптасуы т.б.* осы сияқты терминдерді алып қарасақ, олардың компоненттері сын есіммен берілген. Оларды терминдік компоненттер деп санамауға болмайды. Өйткені дәл осы компоненттері арқылы ұғымның түрлік белгілері анықталып тұр. Сондықтан терминологиялық атауларды стандарттай отырып, біз олардың термин болып табылатын құрамды бөліктерін де стандарттаймыз.

2. Төменде берілген мәтінді оқыңыз, негізгі ойын анықтаңыз, мазмұнын айтыңыз.

ТЕРМИНҚОР ҚҰРУШЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ КӨЗДЕР

Аймақтық лексика, төл және кірме сөздер, көнерген сөздер, кәсіби сөздерден жасалған терминдерді стандарттау туралы айта отырып, біз терминқор құрушы лексикалық көздер туралы мәселені қозғаймыз. Кез келген терминологияда жалпы әдеби тілдің бірліктері арқылы жасалған терминдермен бірге, басқа тілдерден енген немесе түбірі грек-латын тілінен алынған кірме сөздерді де кездестіреміз.

Төл терминдеріміз қазақ терминологиясының басты-басты ғылыми ұғымдарын жеке тұрып та тіркесіп келіп те нақты әрі дәл бере алады. Олардың сонау ерте заманнан бері табиғи жолмен дамып, іріктеліп, соның нәтижесінде терминдік мәнге ие болуын ескерсек, қазақ тілі бай тіл деген пікірдің негізіне көзіміз жетеді.

Төл терминдер негізінен терминдік мағынасымен бірге жалпы қолданыстағы лексикалық мағынасын да сақтайды. Мыс. *тәрбие, байқау, ерік, еңбек, қызығу, ұят, арнау, ақын, бата* т.б. Бұл сөздерге жүктелген екі мағынаның (қалыпты лексикалық мағынасы мен терминдік мағынасы) арасындағы мағыналық ұқсастық сақталған. Мәселен, *ұят* сөзі жалпы қолданыста “ар-намыс, ождан, қадір-қасиет” – деген мағыналарда жұмсалса, оған термин ретінде мынадай анықтама беріледі: “ұят - адамның ұждан мен қоғамдағы моральдық принциптерге үйлеспейтін жағымсыз, теріс қылық жасалған кезде байқалатын сезімі” (ҚСЭ).

Қызығу сөзі жалпы қолданыста “адамның зейіні ауып, елігуден болатын құмартушылық, ынтығушылық” (ҚТТС) дегенді білдіреді. Психологияда *қызығу* – «дүниедегі заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып білуге бағытталған адамның жеке ерекшеліктерінің бір көрінісі» (ҚСЭ), - деп бейнеленген.

Ес сөзі жалпы қолданыста “адамның естіген, көрген-білгенін ойда сақтау қабілеті; ақыл-ой” (ҚТТС) деген мағынада жұмсалса, оған психология ғылымында “ес дегеніміз - сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін процесс” деген анықтама берілген.

Қазақ терминологиясының осы қабатына кіретін кейбір терминдердің қалыптасу жолдарына, ішінара этимологиялық табиғатына, түркі тілдеріне ортақтылығына тоқтала кетуге болады.

Құмарлық сөзі қазақ тілінің 10 томдық түсіндірме сөздігінде (ҚТТС) екі мағынада: 1) ынтызарлық, құмартушылық. 2) бір нәрсеге қызығып, сонымен әуестенушілік, - деп берілген. Бұл сөзге психологияда: *құмарлық* – «адамның ойы мен әрекетінің негізгі бағытына із қалдыратын күшті, терең, тұрақты эмоция» деген анықтама беріледі. Мұнда да сөз бен терминнің арасындағы мағыналық байланыс сақталған. Дегенмен, жалпы қолданыстағы *құмарлық* сөзінің екінші мағынасы психология терминіне негіз болып, терминдік мәнге ие болған.

Қазақ тілінде *сана* - ой, жай ғана ой емес, “толғантатын ой” мағынасында қолданылады. Қазіргі әдеби тілімізде қолданылатын “санасы санға бөліну”, “санасы оянды”, “санамен сарғаю” сияқты тұрақты тіркестер *сана* сөзінің осы мағынасынан келіп шыққан. Алайда *сана* сөзі 1) “ой” және 2) “ақыл, ес” мағыналарында жұмсалады. Мәселен, көзімнің қарасы, көңілімнің *санасы...*, Сап-сап, көңілім, сап көңілім! *Сана* қылма бекерге, - деген жолдарда алғашқы мағынада, ал: “Атадан бала ойы өзге *Санасыз*, ойсыз, жарым-ес, Өз ойында ар емес ...” деген жолда екінші мағынада жұмсалып тұр.

Р.Сыздықованың: «*сана* сөзі түркі-монғол тілдеріне ортақ сөздердің бірі» деген тұжырымын басқа түркі тілдері де, мәселен, «қырғыз тілінде *сана* - ойлану; алтай тілінде *сагыш* - ой; бурят тілінде *Һана* - ойлау, ойлану» болып келетіндігі дәлелдейтін сияқты. Дегенмен, түркі тілдері арасында *сана* сөзінің психологиялық термин ретінде қолданылуы әр түрлі болып келеді. Қазақ, қарақалпақ тілдерінде – *сана*, монғол тілінде - *санаа*, ал қырғыз тілінде ол - *аң*, чуваш тілінде - *ан*, башқұрт, татар тілдерінде - *аң* болып қолданылады.

Қазіргі қазақ тілінде *сана* сөзі жалпы қолданыста “ой, ақыл, ес” деген мағынада жұмсалса, психология ғылымында *сана* - «адам психикасының ең жоғарғы айрықша сапасы», “еңбек процесінде дамып қалыптасқан адам санасы жоғары дәрежеде ұйымдасқан материяның (мидың) ерекше қасиеті; яғни мидың жемісі” (Қ. Жарықбаев) деген терең ұғымды білдіретін термин ретінде жұмсалады.

Психология терминдерінің жүйесінде *сана* терминінің көмегімен көптеген жаңа

терминдік тіркестер жасалған. Мыс.: ұлттық сана, ұжымдық сана, қоғамдық сана, кәдуілгі сана, адамгершілік сана, діни сана, өзіндік сана, топтық сана, даралық сана, алғашқы қауымдық сана, құқықтық сана.

Демек, төл сөздердің негізінде жасалған терминдер тіліміздің ішкі заңдылығына толық сәйкес келетіндігімен, мағыналарының дәлдігімен, қолданыс жиілігімен ерекшеленеді екен. Мұндай терминдер стандарттау талаптарының қай қайсысын болса да орындауға бейім тұрады.

Қазақ тіліндегі аймақтық лексика, оның ерекшеліктері, әдеби тілімізді байытудағы рөлі туралы мәселелерді С.А.Аманжолов, Ш.Ш.Сарыбаев, Д.Ж.Досқараев, С.Омарбеков, О.Нақысбеков, Н.Жүнісов, Ғ.Қалиев т.б. ғалымдар зерттегені белгілі.

Аймақтық лексика әдеби тілмен ғана емес, терминологиялық лексикамен де байланысты екенін терминолог ғалым Ш.Құрманбайұлы өзінің "Қазақ лексикасының терминденуі" (1998) атты ғылыми еңбегінде дәлелдеп берді. Алайда ғалымның сөзімен айтқанда "Әдеби тілдің лексикасы мен аймақтық лексика арасындағы байланыс сияқты, ғылым мен техниканың түрлі саласына қатысты терминологиялық лексика мен аймақтық лексика арасында да байланыс бар. Алайда бұлардың соңғыларының арасындағы байланыс қазақ тіл білімінде әлі арнайы қарастырыла алмай келе жатқан мәселелердің қатарында болып табылады. Сондықтан оған арнайы көңіл бөлудің мәні айрықша. Бұл әсіресе терминология үшін өте қажет".

Қазақ терминологиясында аймақтық лексиканың терминденуі арқылы жасалған терминдердің саны онша көп емес. Мыс.: *егемендік* (суверенитет), *алқа* (коллегия), *құжат* (документ), *ұжым* (коллектив), *үрдіс* (тенденция) т.б.

Көнерген сөздер мен кәсіби сөздер де қазақ терминологиясын толықтырудың көздері болып саналады. Термин шығармашылығында аталған лексикалық көздердің толық пайдаланылмай әрі арнайы зерттелінбей келе жатқандығын "мұндай көне атаулар арнайы жиыстырылып, мағыналары күңгірт тартқандарының этимологиясы анықталып, сөздіктер, анықтамалықтар дайындалуы қажеттігімен" түсіндіруге болады. "Сонда сала мамандары мен аудармашылар, іс қағаздарын жүргізуші практик мамандар термин шығармашылығы мен аударма жасау кезінде оларды пайдаланып, көнерген атаулардың актив лексика қатарына қосылып, белгілі бір саланың терминдер тобына өтуге жол ашар еді. Сондықтан терминжасам ісінде тіліміздің көне қорларын тиімді пайдаланудан ұлттық ғылым тіліне, терминологиямызға келер зиян жоқ. Қайта терминжасамның ішкі көздерін іске жарату арқылы тіліміздің ғылыми-техникалық ұғымдардың атауларын жасау мүмкіндігін арттырып, шет тілдеріне шектен тыс және негізсіз жүгінуден арыламыз". Аймақтық лексика мен көнерген, кәсіби сөздер терминологиялық жүйеге ене отырып, сол жүйенің басқа терминдері сияқты мәртебеге ие болады.

3. Жағдаяттық тапсырма

Бір ғылыми салада жұмыс атқаратын ғалымдар арасында да кейде тілдік түсініспеушіліктер болып тұрады. Мәселен, медицина саласындағы қызметкерлердің бір бөлігі **скальпель** десе, енді бір бөлігі **қандауыр** деп атайды.

Сұрақ: Терминнің бірізділігін сақтау үшін қандай істер атқарылуы қажет?

Әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
4. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.
5. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. -227 б.
6. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдері (лингвистикалық зерттеу) . А., 2001
7. Исақова С.С. Қазақ терминтанымының когнитивтік-прагматикалық аспектісі. А., 2007
8. Гринев С.В. Введение в терминоведение. - М.: МГУ, 1993. -309 с.
9. Лейчик В.М. Терминоведение: предмет, методы, структура. - М.: КомКнига, 2006. - 256 с.
10. Қалиев Б.Қ. Қазақ тілі терминдері және оларға қойылатын талаптар// Қазақ тілі: фонетика, лексика, грамматика. – Алматы, 1999. - С. 58-65.

3-тақырып. Термин және Терминком

1.Төменде берілген ғылыми мақаланы оқыңыз, негізгі ойларын теріп жазыңыз, мазмұнын айтыңыз, өз пікіріңізді білдіріңіз.

ТЕРМИН ЖӘНЕ ТЕРМИНКОМ ЖАЙЫНДА БІРЕР ОЙ

Б.Қалиев ф.ғ.д., профессор

(Қазақ терминтанымының өзекті мәселелері, Алматы, 2008. 9-14 бет)

Еліміздегі әлеуметтік жағдайларға, түрлі өзгерістерге байланысты өмірімізде күн сайын болмаса да, ай сайын жаңа ұғымдар пайда болып, тілімізде сол ұғымдарды белгілейтін жаңа терминдер туындап жатады. Солардың біразының қазақша баламалары бар. Мәселен, достастық (содружество), кеден (томожное), рәміз (символ), ұшақ (самолет), мұражай (музей), жекешелендіру (приватизация), ырықтандыру (либерализация) тағы басқалар. Біраз терминдер, мәселен, аукцион, валюта, инновация, концерн, корпорация, консорциум, маклер, маркетинг, менеджер, менеджмент деген сияқтылар орыс тілінде қалай айтылса, қазақ тілінде де солай айтылып, жазылып жүр. Мұндайлардың енді бір тобы бірде орысша (ассоциация, брокер, президиум, министр, совет т.б) бірде қазақша (қауымдастық, делдал, төралқа, уәзір, кеңес т.б) қолданылады.

Терминге, терминологияға қатысты бұл сияқты мәселелердің бәрін реттеп, жүйелі бір ізге түсіріп, бекітіп, беріп отыратын орган – Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы (терминком) екеніне дау жоқ. Бізде ондай комиссия бар. Ол 1933 жылдан бері қарай жұмыс істеп келе жатыр. Дұрысын айту керек, бұл комиссия ғылыми терминдерді жасауда, оларды қалыптастыруда әжептәуір іс тындырды. Соның нәтижесінде тіліміз көптеген терминдермен толығып, олардың біразы қалыптасып үлгерді. Кейбіреулері әлі жүйелену үстінде. Неге екенін қайдам, соңғы кезде бұл комиссияның жұмысы

сұйылып кеткен сияқты. Мүмкін ол аталған комиссия төрағасының жиі ауысуына байланысты болар.

Бұл айтылғандардың растығына тағы бір дәлел, алғаш термин жасаумен, оларды бекітумен және бекітілген терминдердің тілімізде дұрыс қолданылуын қадағалаумен тікелей айналысқан бұл комиссия кейіннен тек термин бекітумен ғана шұғылданып кетті де, ал термин жасау тек сөздік жасаушы мамандарға қалдырылды. Соның салдары болу керек, кейінгі кездерде терминком бекіткен терминдердің кейбіреулерінде жүйелілік, бірізділік байқалмай жүр. Тіпті олардың арасында кемшіліктер де қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Оған көз жеткізу үшін 1990 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан «Терминдер мен атаулар сөздік» (неге «сөздігі» емес?-Б.Қ.) деп аталатын кітапша мен Мемлекеттік терминкомның 1990 жылы мамыр айындағы мәжілісінде бекітілген терминдердің тізіміне (ол тізім көпшілік газеттерде басылды) көз салсаңыз жеткілікті.

Аталған кітапшада 1972-1981 жылдары терминком бекіткен терминдер тізімі берілген. Олардың жалпы саны - 2829 (сөздіктің кіріспесінде «үш мыңнан астам» делінген). Бұл санға кейіннен қосылған, яғни 1990 жылдың мамыр айында бекітілген 79 терминді қоссақ, барлығы 2908 термин болып шығады. Міне, осы термин сөздерді 100 пайыз деп есептесек, олардың таза қазақша баламалары барлары – 1740 екен. Бұл - терминком бекіткен барлық терминнің 60 пайыздайы қазақша деген сөз. Терминдерге қазақша балама іздеу тұрғысынан қарағанда бұл, әрине, жаман көрсеткіш емес.

Дегенмен осы көрсеткішті бұған дейін әр ғылым салалары бойынша баспадан шыққан барлық терминологиялық сөздік бойынша есептеп көрсек, өкінішке орай, мүлде басқаша нәтиже береді. Онда тілімізде қолданып жүрген барлық терминдердің таза қазақша баламалары барлары тек 20-30 пайыз ғана екен. Қалғандарының барлығы, яғни олардың 70-80 пайызы не таза орысша, не орысша – қазақшасы аралас жүрген құрама-терминдер.

Енді Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдердегі кейбір кемшіліктерге көңіл аударалық.

Ондай кемшіліктердің ең үлкені деп – біз терминкомның бұрын бекіткен терминдерді келесі жолы мүлде басқаша түрде бекіткенін айтқан болар едік. Мәселен ол «творчество» деген терминді бұрын «творчество» және «жасампаздық» деген екі сөзбен бекіткен еді. Кейіннен (1990 ж) аталған қазақша баламалар «шығармашылық» деген сөзбен ауыстырылыпты. Терминком «алқа» сөзін бұрын «коллегия» терминінің баламасы ретінде алса, кейіннен ол сөз «совет» терминінің бір мағынасы ретінде тағы бекітті. Сондай –ақ «жиынтық» сөзі бұрын «совокупность» терминінің баламасы ретінде бекітілсе, кейіннен ол «комплекс» терминінің бір мағынасы ретінде ұсынылды. (Қазір «комплекс» сөзі кешен деген баламамен беріліп жүр).

Орысша сыңары да, қазақша сыңары да бұрыннан дұрыс қолданылып жүрген кейбір терминдерге терминкомның басқаша баламалар бекітіп берген кездері де болды. Мысалы, апрель, хлопчатник, кабачок, каперцы сөздерінің қазақша баламалары тілімізде бұрын көкек, мақта, қауақша (қабакша, кеуел сөздерімен берілетін еді. Терминком кейіннен осы орысша төрт сөзге балама ретінде сәуір, қоза, кәді, киеуіл деп бекітті. Бұл сөздердің тіліміздегі қолданысына, мағыналарына жүгінсек, «қоза» деп - мақта өсімдігінің өзін емес, сол өсімдіктің жаңа өсіп келе жатқан жас өркенін немесе оның сабағын айтады. (Ол кейде «қозапая» деп те аталына береді). «Кәді» сөзі асқабақ өсімдігінің жергілікті атауы. «Сәуір» болса, ол

көкек (апрель) айының арабша аты. Ал «киеуіл» деген сөз тілімізде мүлде ұшыраспайтын жаңа қолданыс.

Бұл айтылғандарға керісінше, о баста «эквивалент» сөзінің аудармасы ретінде қолданылып жүрген «балама» сөзі терминком бекіткеннен кейін «альтернатива» сөзінің қазақшасы болып шықты. «Куәлік» сөзі де дәл осындай. Ол бұрын «свидетельство» сөзінің баламасы болатын. Терминкомның кезекті бекітуінен кейін «куәлік» сөзі «удостоверениенің» баламасы болды.

Терминкомның жұмысындағы тағы бір кемшілік – ол кейде термин емес сөздерді де термин ретінде бекітіп жіберді. Мәселен, терминком анисон, берденец, ждире деген үш атауы бар бір өсімдікке «балбырауын» деген қазақша балама ұсыныпты. Балама негізінен дұрыс. Бірақ жоғарғыдай үш сөздің ешқайсысы да орыс тілінде жоқ. Терминком бекіткен зельц (ауыл шар), подсед (мамық шөп) терминдері осы тәріздес. Бұл сөздердің ешқайсысын біз сөздіктерден іздеп таба алмадық. Бұлар – орыс тілінде жоқ сөздер, ал егер бар бола қалса, онда олар өте сирек айтылатын болуы керек. Мұндай термин емес сөздерді бекітудің қажеті шамалы деп ойлаймыз.

Орыс тіліндегі бір терминнің қазақша баламасы ретінде терминком кейде екі сөзді қатар береді. Оның бірі - орысша, екіншісі – қазақша. Мысалы, аудитория-аудитория, дәрісхана; логика - логика, қисын; рынок - рынок, базар; статус - статус, мәртебе т.б. Бұлай етуге әрине болмайды. Өйткені қазіргі заман адамдарының көзі де, қолы да (ауыз да) орысша атауларға әбден үйреніп кеткен. Бірі орысша, екіншісі қазақша екі сөз қатар тұрса, олар, сөз жоқ, оның орысша сыңарын ғана алып, көбіне тек соны пайдаланады. Ал ол терминнің қазақша сыңары жұртта қалып қояды. Бүйтіп термин бекітілді деп марқайғанша оның бекітілмей-ақ қойғанының өзі артық.

Бұған мысал ретінде «семья» сөзін келтіруге болады. Ол сөзге терминком «семья» және «отбасы» деген (бірі-орысша, екіншісі-қазақша) екі сөзді бекіткен еді. Алғашында бұл екеуі жарыса қолданылып жүрді де, кейіннен олар жайында қалды. Қазір олардың орнына терминком бекітпеген жанұя, үйелмен, үй-іші, түтін, шаңырақ, әулет, түндік деген сияқты толып жатқан жарыспалы сөздерді қолдана бастады. Бұл, әрине, жақсылықтың нышаны емес.

Терминком бекіткен терминдердің тағы бір тобының да қазақша баламалары екі сөзден тұрады. Бірақ ол баламалардың жоғарыда айтылғандай бірі-орысша, екіншісі-қазақша емес, екі сыңары да қазақша. Мысалы: информация-хабарлама, ақпар, цитадель-рабат, қамал, эпоха - дәуір, заман, юбилей - мерейтой, мүшелтой т.б. Біздің ойымызша, бұлай етіп бекітуге де болмайтын сияқты. Өйткені бұл тәсілдің терминнің тұрақтануына тигізер зияны өте мол. Оның үстіне терминнің терминдік қасиеті де оның бір нұсқалығында емес пе еді?!

Қысқасы, тізе берсек терминком бекіткен терминдерден бұл сияқты кемшіліктерді әлі де көптеп табуға болады. Біздің мақсатымыз - ондай кемшіліктерді іздеп табу емес, мақсатымыз - терминком сияқты мемлекеттік дәрежедегі беделді органның атағына нұқсан келмес үшін, оның жұмысында ешқандай кінәраттың болмауы. Жоғарыдағы кемшіліктерді біз тек осы тұрғыдан ғана айтып отырмыз.

Сонымен, тіліміздегі терминдердің 70-80 пайызы орысша екен. Қазақша делінгендерінің біразы әлі күнге дейін бірізге түспей, жарыса қолданылып жүрген сикы бар.

Енді не істеуіміз керек?

Ол үшін, ең алдымен, мынадай алты түрлі істі қолға алғанымыз жөн сияқты.

1. Терминком терминологиялық комиссия емес, мүмкін терминологиялық комитет болып қайта құрылуы жөн болар. Бұл ойды айтып отырған бір біз ғана емес, оны бізге

дейін профессор Т.Кәкішев пен жазушы С.Балғабаев та «Ана тілі» газетінің бетінде айтқан болатын. Аталған комитетке Республикалық «Қазақ тілі» қоғамын, Мемлекеттік ономастикалық комиссияны да біріктіруге болар еді. Мүмкін ол комитеттің аты жоғарғы әріптестер ұсынғандай «Тіл жөніндегі мемлекеттік комитет» деп аталар, мүмкін басқа болар. Мәселе атында емес, затында. Қалай болған күнде де комитеттің өз мәртебесі, өз қаржысы, өзінің арнайы іріктеліп алынған тұрақты қызметкерлері отырар белгілі орны болуы керек. Мүмкін қызметкерлерінің саны тым көп болмас, әйтеуір онда әр ғылым саласынан бір-бір білікті маман болуы шарт. Сонда ғана ол комитет қазақ терминологиясын тіліміздегі Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңына сәйкес дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын ойдағыдай жүзеге асыра алар еді.

2.Қазақ Республикасы Ғылым академиясының барлық институттарында, барлық ғылыми мекемелерде тек қана ғылыми терминді зерттеумен шұғылданатын бір-бір терминшінің мамандығы штаттық кестеде көрсетілуге тиіс. Аталған қызметтің 5-10 жыл ғана емес, үнемі, яғни әлгі ғылым саласы қанша жыл өмір сүрсе, оның да сонша жыл өмір сүруі міндетті және де ондай терминшінің терминнен басқа жұмысы болмағаны жөн. Біз әлгіндей тұрақты терминшінің міндеті деп - өз өмірін бағыштаған ғылымға қатысы бар барлық терминдерді жинау, реттеу, жүйелеу, олардың ескіргендері болса, күнделікті қолданыстан шығарып тастап, жаңаларын жасап, оларды терминкомға бекіттіріп отыру және терминологиялық сөздіктер түзіп, оларды бастырып отыру дегендерді айтқан болар едік. Сонда ғана біз белгілі бір ғылым саласына қатысты терминдерді жетілдіре аламыз, олардың дамуына, қалыптасуына, тұрақтануына игі әсер ете аламыз.

3.Терминкомның тек термин сөздерді ғана және олардың тек қазақша баламалары барларын ғана бекітіп отырғаны жөн. Ал термин емес сөздер мен қазақша баламалары жоқ терминдерді терминком бекітпесе де болады. Өйткені ондай орысша терминдер тілімізде онсыз да сол қалпында қолданылып жүрген жоқ па.

4. Мейлі бірі орысша, екіншісі қазақша болсын немесе екі сыңары да қазақша болсын, әйтеуір бір ұғымды білдіретін орысша бір терминге екі түрлі балама ұсынуға болмайды. Өйткені, мұның яғни екі түрлі балама ұсынудың терминдерді тұрақтандыруға зияны көп. Ондай жарыспалы терминдерді қолданушылар бірде ана түрпетін (вариантын), бірде мына түрпетін пайдалану арқылы әлгі терминдердің тұрақтануына кері әсерін тигізеді.

5. Қазақша жаңа терминдерді қолданғанда кім болмасын әлгі терминдер әбден қалыптасып, елдің бәріне түсінікті болып кеткенше оның орысша мәнін жақша ішіне қатар беріп отырған абзал. Ол арқылы біз терминдердің орысша қай сөздің баламасы екенін айқындаймыз және оның дұрыс қалыптасуына жәрдемдесеміз.

6.Терминком өзі бекіткен терминдердің дұрыс қолданылуына әр уақыт бақылау жасап отыруы керек. Әйтпесе әркім өз еркімен кетсе, бекіткен терминдерден де, терминкомнан да еш қадір-қасиет қалмайды.

Тапсырмалар:

- 1.Термин мәселесінің зерттелуі тақырыбында слайд әзірлеу
- 2.Тақырыпқа глоссарий құрастырыңыз.
- 3.Тақырыпқа 10 тест (5 жауап нұсқасымен) дайындаңыз.

Жағдаяттық тапсырма



Мына жарнамалық жазу үлгісіндегі «сулы» (дымқыл, мокрый) сөзі «водный» сөзінің мағынасын беріп тұр ма? «Бульвар» сөзінің аудармасы бар ма? Қараңыз. Жарнама бетіндегі бұрыс аудармалардың орын алу себебі неде?

Әдебиеттер

1. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. - А., 1996. – 207 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
5. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.
6. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. -227 б.
7. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдері (лингвистикалық зерттеу) . А., 2001
8. Исақова С.С. Қазақ терминтанымның когнитивтік-прагматикалық аспектісі. А., 2007

4-тақырып. Қазақ терминологиясының лексикалық құрамы

1. Қазақ терминологиясының лексикалық құрамы
2. Қазақтың байырғы сөздері негізінде қалыптасқан терминдер

Тапсырмалар:

1. Тақырып бойынша слайд әзірлеу
2. Тақырыпқа глоссарий құрастырыңыз.
3. Тақырыпқа 10 тест (5 жауап нұсқасымен) дайындаңыз.

Жағдаяттық сұрақ

Терминге қойылатын негізгі талаптардың ылғи орындала бермеуін қалай түсіндеруге болады? «Терминдік шарттылық» ұғымын қалай түсінесіз?

Әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
4. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.
5. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. -227 б.
6. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдері (лингвистикалық зерттеу) . А., 2001
7. Исақова С.С. Қазақ терминтанымының когнитивтік-прагматикалық аспектісі. А., 2007

5-тақырып. Аударма және терминология

Тапсырмалар:

1.Берілген ғылыми мақаламен танысыңыз, өз пікіріңізді білдіре отырып мазмұндаңыз.

ТАҒЫ ДА ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНДЕРДІ АУДАРУ ТУРАЛЫ
Филология ғылымдарының докторы,
профессор Б.Қалиев (Егемен Қазақстан
15 мамыр, 1996 ж).

«Егемен Қазақстан» газетінің 1996 жылғы 2-көкектегі санында «Қалыптасқан ғылыми терминдер» деген мақала шықты. Авторлары - биолог Ж. Базарбаева мен филолог Г. Байтоғаева. Мақалада З.Жекебайқызы мен С.Сейсенбекқызының 1992 жылы «Рауан» баспасынан шыққан жалпы білім беретін мектептің тоғызыншы сыныбына арналған «Тәнтану» атты оқулығындағы қазақшаланған терминдер жайында сөз қозғалған екен.

Төлиелер оқулықтың атына байланысты: «Аталған оқулықты қолға алғанда бірден тосын көрінетіні - оның «Тәнтану» деген аты. Бұрыннан келе жатқан өте түсінікті (?), қазақтың ғылыми тіліне еніп кеткен және дамыған елдердің тіліне ортақ «анатомия» сөзін не үшін қазақшаға аударып, оның орнына маңызы көмескі (?), түсініксіз (?) «тәнтану» сөзін алғаны белгісіз. «Анатомия» деген термин ежелгі грек тілінен келе жатқан , жер жүзінің барлық елдерінің ғылыми тілінде бірдей мойындалған (?), тарихи кең мағыналы (?) сөз»-дейді.

Бұл пікірмен келісуге болмайды. Себебі, біріншіден, «анатомия» терминінің елдің бәріне «өте түсінікті» екендігі күмәнді. Түсінікті болса, анатомия сөзі биологтарға ғана түсінікті. Өйткені ол анатоме деген грек сөзінің орыстарға анатомия болып өзгеріспен енген түрі. Ал «Тәнтану» сөзіне келсек, ол өзін қазақпын деп білетін қарапайым халықтың бәріне түсінікті.

Екіншіден, төлиелердің «анатомия» сөзін «жер жүзінің барлық елдерінің ғылыми тілінде бірдей мойындалған» дегендерімен келісуге болмас. Ол сөз мойындалса, грек, латын тілдерінен нәр (сөз) алып, өздерінің сөз байлықтарын әжептәуір дамытып алған, әрі сол тілдермен туыстас, төркіндес әрі жалғасы болып келетін Еуропа тілдерінде ғана мойындалған.

Үшіншіден, «анатомия» сөз туралы «тарихи кең мағыналы» деген шындыққа сай келмейді. «Анатомия» сөзінің беретін мағынасы біреу ғана. Ол мағынаны мақала төлиелерінің өздері де: «Анатомия» дегеніміз - адам денесінің пішінін, құрылысы мен атқаратын қызметін, ортаға байланысты дамуын зерттейтін ғылым», - деп жазады. Егер осы анықтаманың алдында тұрған «анатомия» сөзінің орнына «тәнтану» сөзін қойып оқысақ, онда бұл анықтама түсініксіз бола ма?! Көзі қарақты оқырманның «жоқ» дері анық.

Осы арада тағы бір айтарым: маған және мен сияқты қазақтың ғылыми төл терминдерін жасауды армандап, сол жолда тер төгіп жүрген адамдарға түсініксіз бір нәрсе бар. Ол - «тәнтану» сияқты бірлі-жарым қазақша терминдер жасала қалса, неге олар «түсініксіз», «қолдан жасалған», «маңызы көмескі», «жұрт қабылдамайтын» сөз болып шығады да, ал грек, латын, орыс сөздерін айтылуын да, жазылуын да ешбір өзгертпей қазақ тіліне Халел Досмұхамедұлының сөзімен айтқанда соламайымен қопара салсақ, ондайлар «өте түсінікті», «жұртқа мәлім», «тарихи кең мағыналы», «ел қабылдайтын» термин бола қалады?!

Ылғи да шетке жүгіне, жүгіре бермей өзімізде бар сөздерді біртіндеп тілімізге кірістіре берсек несі ерсі?! Бұрынғысын қайдам, бүгін жарасым тапқан жақсы сөздерге жанашырлық көрсету парыз. Әрине дәл баламасы жоқ сөздер туралы әңгіме басқа. Ал, көзге де, көңілге де қонымдысынан үрке бермей, оларды жас ұрпаққа үйретсек, ұтпасақ ұтылмаймыз.

2. Аударма ғылымының қалыптасуы және оның терминге қатысы

Тапсырмалар:

1. Тақырып бойынша конспект әзірлеу
2. Тақырыпқа глоссарий құрастырыңыз.
3. Тақырыпқа 10 тест (5 жауап нұсқасымен) дайындаңыз.

Жағдаяттық тапсырма



Мына жарнама бетінде бір терминнің синонимдік сипаты байқалады. Сол терминді тауып, неліктен екеуі бірден қолданылғанын түсіндіріп көріңіз.

Әдебиеттер

1. Алдашева А. Аударматану: Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы.: Арыс, 1998. -215 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
5. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.
6. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. -227 б.
7. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдері (лингвистикалық зерттеу) . А., 2001
8. Исақова С.С. Қазақ терминтанымның когнитивтік-прагматикалық аспектісі. А., 2007
9. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. -227 б.

6-тақырып. Термин жасаудың негізгі тәсілдері

Тапсырмалар:

1.Төменде берілген мақаланы оқыңыз, талқылауға арналған сұрақтар дайындаңыз, көтерілген мәселе бойынша өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

ҚАЗАҚ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУЫ ЖАЙЫНДА

Филология ғылымдарының докторы,

профессор Б.Қалиев

(Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері, Алматы, 2008. 87-93 бет).

Терминология – ғылым тілінің жон арқасы. Терминсіз ешбір ғылым оқытылмайды да, үйретілмейді де, өйткені термин дегеніміз - үйренбекші болып отырған ғылымымыздың негізгі ұғым-түсініктерін мән-мағыналарын бойына жинақтаған сөздер мен сөз тіркестері. Дүние жүзіндегі барлық тілдер сияқты қазіргі қазақ тілінде де термин сөздер мен сөз тіркестері көптеп ұшырасады. Олардың жасалуына, қолданылуына мән беріп, көңіл аударып отырғандығымыз сондықтан.

Егер ақиқатына жүгінер болсақ, қазіргі қазақ тіліндегі терминдерді 1) қазақ тілінің төл терминдері (20-30 %) және 2) орыс тілінен тікелей енген терминдер (70-80 %) деп, екіге бөліп қарастыруға тура келер еді. Теориялық және ғылыми тұрғыдан әрбір ұлттық тілдің өз терминдері болуы қажет. Олай болса, орыс тілінің 70-80 пайыздай терминдерін «біздің терминдеріміз» деп, оларды өзімізге тели қоюымыздың немесе басқа бір тілдің тіл байлығына «біздің тіл байлығымыз» деп, орта жолдан жармаса кетуіміздің жөні қалай болар екен?!

Мен «басқа бір тілдің» байлығы деп қазақ тілінде қазіргі кезде жиі қолданылып жүрген автомат, актив, бакалавр, кабель, конус, магистр, спектр, цифр деген сияқты орыс тілі арқылы енген толып жатқан түрі бөтен, шетелдік сөздерді айтып отырмын.

Мұндай тілімізде өте көп және олар қазақ тілінде жоғарыда көрсетілгендей орысша айтылып, орысша жазылып жүр.

«Неге олай?» деген сұрақты қоя салсаң, «қазақ сөздері термин бола алмайды» деген жауапты естисің. Мен бұл пікірге қосыла алмаймын. Тілде термин болмайтын, термин бола алмайтын сөздер жоқ. Керек десең, үстеу сөздер де термин бола алады (Мыс.: жай, баяу, ақырын, тез т.б. - музыка терминдері). Мәселе оларды өзіміздің термин жасамай, жасай алмай жүргендігімізде.

Бұл айтылған ойды дәлелдейтін мәнбірлер тілде жеткілікті. Мысалға университеттер мен институттарда қызмет істейтін адамдардың мейлі орысы болсын, мейлі қазағы болсын - бәріне жақсы таныс, бәріне түсінікті, әрі мағыналары да жағымды декан және семинар деген сөздерді алып көрейік. Бұларды термин емес деп ешкім айта алмайды.

Рас, жоғарыда аталған автомат, бакалавр ... деген сияқтылардың бәрі орыс сөздері емес. Олардың біразы латын, грек тілдерінің, кейбіреулері ағылшын, француз, неміс тілдерінің сөздері. Қалай болған күнде де, бұл сөздер – орыс тілінің заңдылығына сай азды-көпті өзгерістерге түсіп барып қабылданған сөздер.

Ағылшындар «Париж» деп жазып, «Лондон» деп оқиды ғой. Біз де тіліміз үйреніп кеткен орыс сөздерін (орыс тілі арқылы енген сөздерді) сол күйінде жаза берелік. Ал олардың айтылуын өзгертіп жатсақ, ешкім ұрса қоймас», - дейтін ғалымдарымыз да табылып жүр.

Бұлай ойлау, «оқу өтіп кеткендіктен» басқа еш нәрсе емес. Өйткені жазылу (орфография) мен айтылу (орфоэпия) – бір-бірімен тығыз байланысты әрі олар ажырамас бірлікте алып қарастырылатын нәрселер. Сондықтан болар, ғылыми ортада: «Ең оңай, ең жеңіл тіл – сол тіл, егер оның айтылуы мен жазылуы бір-біріне сай келіп жатса» дейтін қағида баяғыдан-ақ мойындалған. Бұлай болған жағдайда, шындығында да, ондай тілді оқыту да, үйрету де оңай болған болар еді. Тіпті мұндайда тіл білімінің орфография, орфоэпия деп аталатын тарауларын оқытудың қажеті де болмай қалады.

Ең дұрысы – басқа тілден алмақшы болған сөздерді (терминдерді) өз тіліміздің заңдылықтарына бағындырып барып алу. Басқаша айтсақ, оларды қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сай түрлі өзгерістерге түсіріп барып, тілімізге ендіру. Бұлай ететін, яғни шет тілінен кірген сөздерді өз тіліміздің заңдылығына бағындырып барып алуды теориялық қағида деп білетін бір біздер ғана емеспіз. Өзін-өзі сыйлайтын, өзін басқа халықтармен тең дәрежеде ұстайтын, «өз тіліміз, өз мәдениетіміз бар, жеке халықпыз» деп есептейтін басқа халықтардың бәрі де солай істейді.

Осы ойымыздың дұрыстығына дәлел ретінде орыс тіліндегі верстак, верстать, напильник, пилить сөздерін келтіруге болады. Бұл сөздердің неміс тіліндегі Werkstatt және Nadfil сөздерінен жасалынғандығын орыс ғалымдарының өздері ешкімнен жасырмай-ақ айтып та, жазып та жүр.

Орыс тілінен тағы бір мысал келтірейін. Гректің konos деген сөзін орыстар өз тілінің заңдылығына сәйкестендіріп, конус деп аздаған өзгеріс жасап алды. Біз болсақ орыстың конус сөзін қазақ тілінің заңдылығына сай өзгертіп, көнүс немесе көніс деп алудың орнына, оны орыс тілінде қалай айтылып, қалай жазылып жүрсе, ешбір өзгеріссіз конус деп айтып, конус деп жазып жүрміз. Неге?!

Мүмкін кейбіреулер қазақ тіл біліміне зорлықпен қалыптастырылған жалған ережесымақты қайталап: «Конус деген грек сөзі. Ол - халықаралық

(интернационалдық) термин. Халықаралық терминдерді өзгертуге болмайды», - дейтін шығар.

Солай-ақ болсын делік. Ендеше, халықаралық сөз болып табылатын гректің *konos* сөзін орыстар неге *конос* демей, *конус* деп өзгертіп алды?! Әлде олар бұл ережені білмей ме?! Білсе, қазақ тіліне тараған жоғарыдағы «заңдылық» орыс тіліне таралмай ма? Таралатын болса, орыстарға керексіз болып шыққан бұл «заңдылық» («Халықаралық терминдерді өзгертуге болмайды» деген заңдылық) қазақ тілі үшін неге соншалықты құнды, осыншалықты мәнді, мағыналы болып шыға келді?!

Мәселенің бәрі осы «шыға келгендікте» жатыр. (Бұл - өз алдына бөлек сөз етілетін, өте үлкен, әрі күрделі мәселе-Б.Қ.).

Кейбір тілші ғалымдарымыздың пікіріне ден қойсақ. «Орыс тіліндегі біраз сөздердің екі түрлі мағынасы болады екен. Оның бір мағынасы жалпыхалықтық мәнде жиі қолданылады да, екінші мағынасы терминдік мәнде жиі қолданылады. Мұндай жағдайда әлгі сөздің жалпыхалықтық мағынасын қазақшаға аударып, ал терминдік мағынасын аудармай, сол орыс тіліндегі қалпында алғанымыз жөн», - дейді Қ.Жұбанов.

Егер бұл ойды дұрыс деп тапсақ, орыс тіліндегі функция сөзінің жалпыхалықтық (термин емес) мағынасын – «қызмет» деп, ол оның терминдік екінші мағынасын – «функция» деп алуымыз керек сияқты.

Бұл пікірмен де келісе қою қиын. Өйткені, біріншіден, әр мағынаға жеке-жеке балама сөз) іздесек, сөз (термин) мағыналарын белгілеуге тіліміздің сөздік қоры жетпей қалуы мүмкін. Екіншіден, дүние жүзіндегі тіл атаулының бәріне тән көп мағыналылық дегенді жоққа шығарған боламыз.

Бұларды былай қоя тұрғанда, қызмет, функция сөздерінің тіліміздегі қолданысы жоғарыда айтылған ойды дәлелдеп жүрген жоқ. «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде» бұл сөздерге былайша анықтама беріліпті:

Қызмет-1. Еңбек ету аясындағы жұмыс, кәсіп (қызметке кетті, қызмет істейді, т.б.).

2. Бір нәрсенің мәні, маңызы, орны (мемлекеттік қызмет, бүйректің қызметі, т.б.).

Функция-1. Бір нәрсенің қызметі, рөлі, маңызы (судың функциясы, организмнің функциясы). 2. Қызмет бабына байланысты жүктелген міндет, атқаруға тиісті істердің аумағы (Директор өз функциясын жақсы атқарып жүр).

Тоқ етерін айтсақ, сөздіктегі қызмет, функция сөздері бір-ақ ұғымды білдіріп тұр. Ол ұғымның (сөздердің) екі мағынасы бар. Бірі - «жұмыс, кәсіп, міндет» дегенді, екіншісі - «бір нәрсенің мәні, маңызы, атқаратын рөлі» дегенді білдіреді. Олай болса, қазақ тіліндегі қызмет және функция сөздерінің орнына (мейлі олар әдеттегі жалпыхалықтық мағынаны білдірсін, мейлі терминдік мәнді білдірсін – бәрібір) бір-ақ сөзді, атап айтқанда «қызмет» сөзін ғана қолдануға әбден болады.

Егер «әрбір ұлт тілінің өз терминдері болуы керек» деген дүние жүзі тілдеріне ортақ қағиданы дұрыс деп мойындайтын болсақ, онда «біздің терминдеріміз» деп қазіргі кезде қолданып жүрген қазақ тіліндегі барлық терминдердің 70-80 пайызы «біздің терминдеріміз» болмай шығады. Өйткені олардың айтылуы да, жазылуы да қазақша емес-орысша. Орыс тілінде қалай айтылып, қалай жазылып жүрсе, ол терминдер қазақ тілінде де солай айтылып, солай жазылып жүр. Егер бұл келешекте де осылай жалғаса берсе, шетел сөздері мен терминдері тілімізде біртіндеп көбейіп, олар тіліміздің ұлттық (тілдік) ерекшелігін жегі құрттай жеп, біртіндеп құртып бітеді. Сөйтіп, қазақ тілі жеке тіл болудан қалады.

Мұндай келеңсіз жағдайды болдырмас үшін, мен мынадай үш түрлі ұсыныс айтқанды жөн деп білемін.

1.Тіліміздегі терминдер көбейсін, дамысын. Бірақ олар қазақ тілінің өз заңдылығы негізінде жасалынып, дамитын болсын. Нақтырақ айтсақ, қазақ тілінің терминдері қазақша жасалынсын. Мейлі ол халықаралық терминдер болсын, мейлі орыс сөздері болсын - бәрібір, тілде бар терминдерді қазақшалаудың жолдары көп. Олар:1) Шетел, орыс сөздерінің қазақ тіліндегі баламаларын табу. Мыс.: таможня - кеден, надзор - қадағалау, солдат-сарбаз,т.б. 2)Қазақша баламасы болмаған жағдайда әлгі сөз қазақшаға сөзбе-сөз аударылатын болсын. Мыс.: учеб+ник-оқу+лық, руко+пись-қол+жазба, три+угольник-үш+бұрыш,т.б.

2.Орысша, шетелше терминдердің қазақша баламасы болмаған немесе олар қазақша аударылмаған, аударуға болмаған жағдайда әлгі терминдердің орнына жаңадан қазақша терминдер жасалатын болсын.

Қазақша термин жасаудың жолдары мол: 1)орысша терминдердің баламасы ретінде қолдан қазақша сөз жасау. Мыс.: мәтін – текст, сорғы – насос, пайыз – процент, мәнбі – факті, т.б. 2)Бұрыннан бар түбір сөзді жаңа мағынада қолдану. Мыс.: жұрнақ – суффикс, түбір – корень, дабыл – сигнал, т.б.3)Бұрыннан бар түбір сөзге қосымша қосу арқылы жаңа сөз тудыру. Мыс.: ұш+ақ – самолет, жап+қыш – заслонка, сап+та+л – становись, т.б. 4)Екі сөзді біріктіру арқылы жаңа термин жасау. Мыс.: ел+таңба – герб, газ+қағар – противогаз, оқ+жатар – магазин(ружей), т.б. 5) Екі сөзді тіркестіру арқылы күрделі термин туғызу. Мыс.: ұйқы безі – поджелудочная железа, бөлшек сан – дробное число, шала өткізгіш – полупроводник, т.б.

3. Егер шет тілінен тікелей термин алуға тура келген жағдайда ол сөз қазақ тілінің заңдылығына бағынып, дыбыстық құрамы өзгеріп барып қолданылатын болсын. Мыс.: артист – әртіс, лагерь – ләгір, директор – деректір, рельс – реліс, термин – термін, т.б.

Міне, осылай етсек қана қазақ тілінің төл терминдері жасалынып, олар дұрыс қалыптасады. Қазақ тілі өзіне тән ұлттық табиғатын сақтайды. Сонда ғана қазақ тілі мемлекеттік тіл қызметін атқара алады.

2.Семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдерге мысалдар жинастыру

3.Тақырыпқа глоссарий құрастырыңыз.

Жағдаяттық тапсырма

Терминологиялық нормаға сай нормалау жұмыстарына **тілші, сол ғылым иесі, логик маман** қатысуы міндетті. Ал, бұл 3 қызмет бір адамның бойына жинақталса, онда ол қандай нәтиже береді, ол мүмкін бе? Қазақ терминологиясының тарихына үңіліп, өз пікіріңізді білдіріңіз.

Әдебиеттер

1. Қалиұлы Б. Шет тілі терминдерін қалай қабылдап жүрміз?// Қазақ тілінің көкейтесті мәселелері. - Алматы: Дайк Пресс. 1997. – Б. 121-125.

2. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. - Алматы: Рауан. 1993. - 43 б.

3. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру Автореф. филолог. ғыл. докт. - Алматы, 1997. -44 б.

4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.

5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.

6. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
7. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.

7-тақырып. Терминнің қолданылуы

1. Терминдердің ғылыми еңбектерде қолданылуы
2. Терминдердің публицистикада қолданылуы

Тапсырмалар:

1. Берілген тақырыптарды конспектіленіз.
2. Терминдердің ғылыми еңбектерде қолданылуына 10 мысал жазыңыз.
3. Терминдердің публицистикада қолданылуына 10 мысал жазыңыз.
4. Төменде берілген мақаланы оқыңыз, негізгі ойын анықтаңыз.

ЖЕТІ РЕТ ӨЛШЕП, БІР РЕТ КЕСЕЙІК

**Филология ғылымдарының докторы,
профессор Б.Қалиев**

(Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері, Алматы, 2008. 141-144 бет).

Терминкомның мәжілісі әрбір 2-3 айда өтіп тұрады. Онда бекітілуге әзірленген терминдерді терминком мүшелерімен ақылдаса отырып, кейде қызу айтыс-тартысқа түсіп барып бекітеді. Ондайда дау тудырған сөз дауысқа салумен шешіледі.

Жалпы алғанда, терминком аз жұмыс істеп жүрген жоқ. Жоғарыда айтылғандай, терминком жинақталған терминдерді бекітіп беруден басқа терминология мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық, практикалық конференциялар, семинарлар өткізіп, олардың жинақтарын бастырып шығарады.

ҚР Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені болып табылатын «Терминологиялық хабаршының» жылына 4 нөмірі шығарылатыны белгілі. Онда мемтерминкомның ресми құжаттары, терминком бекіткен терминдер, бекітілуге ұсынылған терминдердің тізімі және терминнің теориялық, практикалық мәселелері жөніндегі мақалалар, сондай-ақ, мамандардың әртүрлі ұсыныстары мен пікірлері басылады.

Бір өкініштісі, терминком бекіткен терминдер, олар шығарған сөздіктер таралымының аздығынан халықтың қолына жетпей жатады. Сондықтан болар, халықтың көпшілігі терминомком бекіткен күйінде емес, өз білермендіктерімен қолданады. Мәселен терминкомның 2006 жылғы бір отырысында бұрын журнал деп орысша қолданып жүрген сөзді қазақша журнал деп дұрыс бекітіп берді. Бірақ халық мұны білмегендіктен, ол сөзді әлі күнге дейін бұрынғысынша журнал немесе жорнал деп қолданып жүр.

Терминкомның бір осал тұсы – кейбір орысша терминдерді сол орысша күйінде бекітіп беретіндігі. Бұлай етуге болмайды ғой. Менің ойымша, ҚР-ның Терминкомының міндеті – халық бұған дейін орысша қолданып келген терминдердің қазақша баламаларын тауып, сол қазақша баламаларды бекітіп беру емес пе?! Орысша терминдерді халық терминком бекітпесе де орысша қолданып жүр.

Айтқан пікірлеріміз дәлелді болуы үшін терминкомның 2006 жылғы 29 қыркүйекте бекіткен терминдерін мысалға келтірейін. Бұл мәжілісте терминком небәрі 19 терминді бекітіпті. Оның екеуі орысша. Мыс.: цифра-цифр, имидж-имидж.

Үшеуі екі баламадан тұрады. Мыс.: абзац-абзац, еже; интеграция-интеграция, кірігу; модернизация-модернизация, жаңғыру т.б.

Бұл – әрине, басқа тілдерден термин алуға болмайды деген сөз емес, болады. Дүние жүзі халықтарының бәрі көрші тілдерден сөз алады. Мәселе ол сөздерді қалай алуға. Басқа халықтар қай тілден сөз алса да, оны өз халқының тіліне жақындатып, өз тілінің дыбыстау заңдарына сәйкестендіріп алады.

Қысқасы, ойланатын нәрселер көп. Оның бәрін тізіп жатпай, ойымды қысқа қайыра болсам, қазақша термин жасарда, оны бекітіп беруде әрқайсысымыз жүз ойланып мың толғанғанымыз абзал. Қазақ мұндайда «жеті рет өлшеп, бір рет кес» дейді. Сонда ғана біз «халыққа қызмет еттік» деп аузымызды толтырып айта аламыз.

Жағдаяттық сұрақ

Сіз Терминологиялық Комиссия құрамында қызмет етсеңіз қандай жұмыстар атқарар едіңіз?

Әдебиеттер

1. Бисерова Н.В. Дискуссия по вопросам философии в аспекте толерантности научной речи // Проблемы функционирования языка в разных сферах речевой коммуникации. К 80-летию проф. М.Н. Кожинной. Материалы Международной конференции. – Пермь.: ПГУ, 2005. - С. 50-60.
2. Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. - М.: Гнозис, 2004. - 390 с.
3. Митрофанова О.Д. Научный стиль речи: проблемы обучения. - М.: Рус.яз., 1976. - С. 46-47.
4. Кожина М. Н. О диалогичности письменной научной речи. - Пермь, 1986.
5. Дускаева Л. Р. Диалогическая природа газетных речевых жанров. Автореф. дис. ... докт. филол. наук. СПб., 2004. -52 с.
6. Античные теории языка и стиля. М -Л., 1936. – 390 с.
7. Стефановский И. Н. Учебный курс теории словесности. - Белгород, 1899. – 231 с.
8. Кондаков Н. И. Логический словарь-справочник. - М., 1975. -720 с.
9. Одинцов В. В. Речевые формы популяризации. - М., 1982. – 274 с.
10. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
11. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.

8-тақырып. Қазақ терминологиясындағы терминдену және бейтерминдену үдерістері

1. Қазақ терминологиясындағы терминдену және бейтерминдену үдерістері
2. Терминологиялық өріс

Тапсырмалар:

1. Тақырыпты конспектілеңіз.
2. Терминдену және бейтерминденуге Ш.Құрманбайұлының «Қазақ лексикасының терминденуі» (Алматы, 1999 ж.) еңбегінен мысалдар жинаңыз.
3. Тақырыпқа слайд-презентация дайындаңыз.

Жағдаяттық тапсырма



Жарнама бетіндегі «дәлдеу» термині қандай мағынаны білдіріп тұр? Орынды және дұрыс қолданылған ба? Бекітілген терминдер сөздігімен жұмыс жасаңыз.

Әдебиеттер

1. Квитко И. С. Термин в научном документе. - Львов, 1976. – 198 с.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
5. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.
6. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. -227 б.
7. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдері (лингвистикалық зерттеу) . А., 2001
8. Исақова С.С. Қазақ терминтанымының когнитивтік-прагматикалық аспектісі. А., 2007

9-тақырып. Терминологиялық сөздіктер

1. Терминологиялық сөздіктер
2. Терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптар

Тапсырмалар:

1. Терминологиялық сөздіктер туралы конспекті дайындаңыз.
2. Берілген мақаланы оқыңыз, негізгі ойларды слайдқа түсіріңіз, мазмұнын айтыңыз.

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОГРАФИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ «АЛАШ» КЕЗЕҢІ

Филология ғылымдарының докторы,
профессор Е.Әбдірәсілов

Терминологиялық сөздіктер тарихын сөз етер болсақ, оны «алаш» зиялыларының қайраткерлік қызметімен байланыстырмай өту мүмкін емес. Мысалы,

қазақ терминографиясындағы алғашқы сөздіктердің қатарына жатқызылып жүрген сөздіктерге алаштықтар шығарған, 1927 жылы жарық көрген Н. Қаратышқановтың «Пән сөздері» мен 1931 жылы Қызылорда қаласынан басылып шыққан «Атаулар сөздігі» жатады.

Алғашқы терминологиялық сөздіктер ретінде бұл екі сөздіктен басқа да сөздіктер өзіндік мүмкіндігімен терминографиялық еңбектер тарихына кіре алады, бұл сөздіктер белгілі бір қызметі жағынан терминография тарихында қарастырылып, терминографиялық еңбектің қызметін атқарған сөздіктер ретінде бағалана алады. Мұндай сөздіктердің қатарына 1925 жылы Мәскеу қаласынан жарық көрген Қ. Кеменгерұлының басшылығымен құрастырылған «Қазақша-орысша тілмаш» пен 1926 жылы Қызылорда қаласынан басылып шыққан «Орысша-қазақша әскерлік атаулар» сөздігі жатады.

Аталған сөздіктердің құрылымындағы ерекшеліктер мен терминдерді жүйелеу ісіндегі ұқсас сипаттар – терминологиялық сөздіктерді шығару, терминдерді қолданушысына жеткізу, жүйелеу істеріндегі «алаш» кезеңінің өзіндік үдерісі мен бет-бейнесін айшықтай түседі.

Солардың бірі – атауы жағынан терминографиялық сөздік деп есептеуге болатын – «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» [1]. Бұл сөздік білім кеңесінің ұйғарымымен 5000 данада Қызылорда қаласынан 1926 жылы басылып шыққан. Сөздіктегі мәліметтерге жүгінсек, сөздікте берілген терминдердің аудармашысы – А.Өтембаев деген кісі. Сөздіктің соңғы жағында берілген тағы бір дерек – А.Байтұрсынұлы мен Ғаббас Нұрымұлының берген анықтамасы. Сол кездегі Қазақ білім комиссиясының төрағасы ретінде А.Байтұрсынұлы бастаған комиссия бұл сөздікке енген терминдерді, жалпы сөздікті өз тараптарынан ресми түрде бекіте отырып шығарған.

Сөздік құрылымында терминдер әліпби ретімен орналастырылып берілген. Олардың басым бөлігі мүмкіндігінше аударылып берілгендігін байқауға болады: авангард – алғы әскер, адская машина – ажал машинасы, атака – шабуыл, банда – басбашы, барабан – дабыл, батальон – қос, батарея – зеңбірек қосы, пешая – жаяу, конная – атты, зенитная – тік, безоружный – қарусыз, битва – соғыс, бинт – орауыш, боевое столкновение – жауға қағысу, наступительный – ұмтыла, оборонительный қорғана, морской – теңіз, рукопашный – қоян-қолтық, заграждение – бөгет, колодка прицельная – сығалау табаны, пулеметная – оқ шашар, т.б. Бұл сөздікті тізе берсек, бүкіл сөздіктің материалдарының басым бөлігін, тіпті барлығына дерлігін қамтып шығуға тура келеді. Басты байқалатыны – қазақ тілінің сөзімен беруге, аударып қалыптастыруға деген ұмтылыстың алғашқы бесжылдық, онжылдықтағы ізденісін байқай аласыз.

Ал өзге тілдегі нұсқасы қабылданып алынған терминдер қазақ тілінің заңдылығына икемделіп қабылданып алынған. Бұл 1925 жылдан бергі осы кезеңде шығарылған сөздіктердің барлығында, тіпті 1931 жылы кеңестік биліктің басқаруымен шыққан алғашқы сөздікте де солай. Оған дәлел осы сөздіктен келтіре кетуге болатын автомат – абтамат, агитсут – үгіт соты, академия – академие, баллистические приборы – балістіке құралы, барометр – барометір, брезент – бірезент, вольтметр – болтметр, вымпел – бемпел, газ – ғаз, градус – қырадыс, инспектирование – інспектеу, инспектор – інспектір, канал – қанал, капот – көпет, капсюль – кәпсұл, комутатор – көмететір, комиссар – кемесер, лаборатория – лабыратыр, магазин – магажін, микрофон – мекіропон, перископ – перескеп, планшет – пыланшет, почта – пошта, рапорт – ырапырт, химия – кемие, шлея – шілія, т.б. Бір мән берерлігі – осы кезеңдегі шығарылған басқа сөздіктердегі сияқты бұл сөздікте

де кірме терминдердің сол қалпында алынған түрін байқай қоймайсыз. Осы сияқты кірме терминдердің ішінде қазіргі үрдіс бойынша сол қалпында алынған терминдерді іздеп көргенімізде, өзге тілдегі нұсқасын сақтап жазылған динамит – динамит, штат – штат түрінде берілген бар болғаны 3-4 терминді ғана кездестірдік. Қалғаны жоғарыдағыдай өзгертіліп жазылған, қазақтың тіліне жатық қалпында берілген. Ал басым көпшілігінің аударылып берілгендігін еріксіз аңғаруға болады. Олардың барлығы өз тілімізден алынған баламалармен немесе тіркесті баламалармен аударылған. Сол қалпында, сол кезеңнен бастап қолданыла беріп кете бергенде, қазіргі айтып жүргендей жай сөз жүзінде емес, шынында терминдердің көпшілігі қазақтың өз тілінде сөйлер ме еді деген тұжырымның шындыққа жақын екендігіне нақты дәлелдермен, осы сөздікте көрінетін мысалдармен көз жеткізе түсуге болады. Бұл қазіргі кезде жай сөз деп айтылып жүрген ұлттық терминдер қалыптастыру бағытының мүмкін екендігін айғақтай алады. Сөздікпен танысып шыққан әрбір ғалым, әрбір термин зерттеуші, әрбір қолданушы тілде термин жасау мүмкіндігінің табиғатына, сол кездегі термин жасаудың табиғи үлгісіне тереңдей еніп, жаңа сөз, термин жасаудың қыр-сырын тұла бойымен түсіне алатын болады.

Сөздік соңында «Қазақ білім кемесіесінің ағасы Байтұрсын ұлы Ақымет, Кемесіе қатшысы Нұрым ұлы Ғаббас» деп қол қойылған, «12-інші үйен 1926-ыншы жыл» деп мерзімі көрсетіліп: «Бұл атаулар қазақ білім кемесіесінің 1925-інші жылғы октәбірден 1926-ыншы жылғы үйенге шейін болған мәжілістерінде тексеріліп осы күйінде қабыл алынды», - деп анықтама жазылғандығын да қосымша ақпарат ретінде көрсете кетуге болады [1].

Бір айта кетерлігі – қазіргі лексикография мен терминографияда өзекті болып есептеліп жүрген тақырыптық сөздік құрастыру, тақырыптық сөздіктің құрылымына қатысты топтастырып беру жүйесі осы сөздіктің соңына қарай қосымша қамтылған. Әліпби ретімен терминдерді тізіп, аудармасын берген сөздіктің негізгі бөлігінен басқа, соңында бірқатар терминдер тақырыптарға топтастырылып берілген. Әскер саласындағы маңыздылығына немесе бөлек жүйемен беруге оңтайлы болғандығынан болса керек, негізінен қарулардың ішінде қолданылатын ұғымдар «Бесатардың атаулары», «Оқшашар бөлшектерінің атаулары» деген тақырыптар аясының ішіне топтастырылып, әліпби ретімен жеке тізілген. Сондай-ақ оны бекітіп, ресми пікір білдірген де сол кезеңдегі термин жасау ісін басқарушы зиялы ғалымдардың бірі, Қазақстан білім комиссиясының төрағасы Ахмет Байтұрсынұлы болған. Алғашқы еңбек болса да, үлкен ізденіспен басталған қазақ терминологиялық сөздігінің қазақ терминографиясы тарихында өзіндік маңызды орны бар.

1925-1927 жылдары шығарылған терминография тарихындағы маңызды еңбектердің бірі – Н.Қаратышқанұлы құрастырған «Пән сөздері». Сөздіктің ішінде берілген терминдердің аудармасынан, олардың берілісінен оның өз кезеңінде ауқымды міндеттер мен мақсаттарды орындап, іске жарай алғандығын байқауға болады. Әсіресе көзге бірден түсетін ерекшелік қайсыбір терминнің қазіргі сөздіктердей кірме нұсқасын бере салуды бұл сөздіктен сирек кездестіресіз. Сөздік мүмкіндігінше терминдер мен термин емес сөздердің орыс тіліндегі нұсқасын қазақшалауға ұмтылған. Мысалы, абберация – бұлдырлық, агит суд – үгіт соты, аквариум – су қора, анатомия тән жүйесі, выводная труба – шүмек, высший центр мозга, вычитаемое – азайтқыш, гипноз – ұйыту, испарение – кебу, каолин – ақ саз, поршень – іскек, потсобник – көмекші, растворитель – ерітпе, регресс – кер кету, уголовно-процессуальный кодекс – қылмыстық істерді жүргізу заңы, т.б. Мән беріп қарасақ, қазіргі сөздіктердей көптеген кірме терминдердің нұсқасын тұлғасында бере

салу мұнда жоқтың қасы. Тіпті аудармалардың өзінде терминдік табиғат пен ерекшеліктер сақталмай жатса да, таза қазақы түсінік, қазақ тілділерге түсінікті аударма кездеседі. Мысалы, уголовно-процессуальный кодексті қазіргі тіліміздегідей қылмыстық іс кодексі деп аударма салмай, қылмыстық істерді жүргізу заңы деп қазақ тілділерге түсінікті етіп аударып берудің өзінде үлкен ұтымдылық бар. Осы сияқты ұтымды аудармалар берілген тәжірибе қазіргі терминография үшін жетпей жатқан мәселе. Немесе жоғарыда берілген аквариумды – су қора деп аудару қазіргі терминді қазақ тіліне аударушылардың ойына келмейтін қолданыс. Әрине, бұл аударма қазіргі қазақ тілінің даму деңгейіне, лингвостилистикалық, танымдық дамуына байланысты талапқа сәйкес келе қоймайтын аударма болып көрінуі де ықтимал. Алайда, екінші жағынан, таза қазақтық тіл деген мен қазіргі қазақ тілінің, қазақ тілділердің сол кезеңдегі санасы мен қазіргі тілдік санасының арасындағы алшақтықты да көрсетпек. Ондай аудармалардың қазіргі терминологиямыз бен тілімізде жат болып көрінуі, ондай аудармаларға жатырқай қарауымыз да сондықтан болар. «Бұл – даму көрсеткіші ме, әлде тілдік танымды түсіну деңгейінен айырылып қалу көрсеткіші ме?» деген заңды сұрақ туындайды. Қазіргі тілдік санамызға тереңдеп қарасақ, бұл дамудан гөрі, тілдің табиғатын тұла бойымызбен түсінуден алшақтап қалуға жақынырақ келетін сияқты. Немесе қазіргі тіліміздің қабылдауына да жат болып көріне қоймайтын астрономия – аспан тану, буксир – жетек, вена – көк тамыр, зубная эмаль – тіс кіреуесі, иллюзия – алданыс, инфракрасный – сауыр қызыл, нервная система – жүйке жүйесі, параллелограм – қиықша, пантамима – ымдасу, плотина – бөгет, пленум – толық мәжіліс, пружина – серіппе, равносильное уравнение – мәндес теңдеулер, симпатия – сүйкім сынды аудармалар қазіргі терминдерді аудару ісіне жөн сілтеуге жарарлық. Сондықтан мұндай аудармаларды қазірге тілімізге алу жағынан да, тілдің сол кезеңдегі саф, бұзылмаған табиғатын түсіну тұрғысынан да сөздіктің маңызды еңбек болып қала беретіндігін ескеруіміз қажет.

Н.Қаратышқанұлы құрастырған бұл сөздік туралы айта кетерлік тағы бір ерекшелік – бұл сөздікте математика терминдерінің берілуі. Сөздікте қазіргі терминологиямыз үшін аудару мен өз тілімізге икемдеп алу қиындау болып отырған математика саласына қатысты терминдер беріледі. Жоғарыда келтірілген Н.Қаратышқанұлының осы сөздігі туралы мақала жазған С.Е. Елубаевтың өзі де мақаласында: «Н.Қаратышқанұлы құрастырған сөздіктегі математика терминдерінің төрттен бірі дұрыс жасалған еді», – деген тұжырым жасауы да бекер емес [2, 91 б.]. Расында, терминологиялық сөздіктің құрылымында математика терминдері басым жағдайда аударылып берілген. Мысалы, сөздік құрылымынан: алгебра – алжебір, аргумент – дәлел, арифметическая прогрессия – айырымдық дәуірлеу, арифметическая середина – айырымдық орта, вертикальные углы – тұстас бұрыштар, вертикальная линия – тік сызық, высота наклонной плоскости – көлбеу жазықтығы, вычитание – азайту, вычитаемое – азайтқыш, гипотенуза – қиғаш сызық, горизонтальная линия – жатық сызық, горизонтальное направление – жатық бағыт, делимое – бөлінер, делитель – бөлгіш, диаметр – өре, длина – тұрық, единица – бірлік, единица измерения – өлшеуіш, именованное число – деректі сан, квадрат – шаршы, ось – шүлдік, параллель – қатар, параллелограм – қиықша, периметр – жиек, синус – синус, $\cot g$ – котангеніс, треугольник – үшкіл, уравнение – теңдеу, формула – өрнек, целое – бүтін, т.б. Аталған терминдердің барлығын бірдей дұрыс еді демесек те, математика терминдерін алғаш сөздікте қамтып, қазақшалап берген автордың үлкен еңбегін атап айтпасқа болмайды. Сонымен бірге осы терминдердің ішіндегі уравнение – теңдеу, формула – өрнек, целое – бүтін, квадрат – шаршы, синус – синус, $\cot g$ – котангеніс

сияқты терминдер қазіргі математикада, оның ішінде алгебра мен геометрияда, тіпті физикада да, жалпы математикамен байланысты салаларда қолданылып жүр. Одан басқа келтірілген терминдердің ішіндегі алгебра – алгебір, аргумент – дәлел, арифметическая средина – айырымдық орта, вертикальные углы – тұстас бұрыштар, высота наклонной плоскости – көлбеу жазықтығы, вычитание – азайту, вычитаемое – азайтқыш, гипотенуза – қиғаш сызық, горизонтальная линия – жатық сызық, горизонтальное направление – жатық бағыт, делимое – бөлінер, делитель – бөлгіш, диаметр – өре, периметр – жиек, треугольник – үшкіл т.б. терминдерді қазіргі математикада да қолдануға болатын терминдер қатарына жатқызуға болады. Тіпті бұл терминдердің біразы қазіргі математикада басқа нұсқасында қалыптасып кетті дегеннің өзінде, ғалымның құрастырған сөздігінде берілген термин жасау үлгісін алдағы жаратылыстану ғылымдарының терминдерін жасауда, аударуда, қалыптастыруда, қабылдауда үлгі ретінде негізге алуға боларлық тізбелер екендігін көрсетуге міндеттіміз.

Егер осы талданып өткен, 1925 жылы шыққан «Орысша-қазақша әскерлік атаулар» сөздігі мен 1927 жылы Н.Қаратышқанұлының басқаруымен шыққан «Пән сөздері» сөздігін салыстырып, екі сөздіктің ішіндегі терминдермен, терминдердің берілісімен, құрылымымен мұқият танысатын болсақ, үлкен ұқсастықты аңғаруға болады. Бір байқалатыны – алғашқы сөздік пен екінші сөздіктегі терминдердің құрамы қайталанады, көпшілік терминдер бірдей. Яғни қамтылған терминдерінің көпшілігі алғашқы сөздікте берілген терминдер болып келеді. Тіпті аудармасы мен тыныс белгілеріне дейін бірдей болып сәйкеседі. Бір қолдан немесе құрастырушылар тобынан шыққан қолтаңбаны байқауға болады. Бұдан бұл екі сөздік те арнайы мекеменің жоспарлауымен шығарылған, тек екіншісі – қайта басылып шыққан нұсқасы деген қорытынды жасауға болады. Расында да, алғашқы сөздікпен танысып шығып, екінші сөздікпен таныса бастаған қолданушы екеуінің материалдарының көпшілігі бірдей терминдер екендігін аңғарады. Ал айырмашылық – алғашқы терминографиялық еңбекте әскери атауларға басымдық беріліп, оған қосымша басқа ғылым салаларына да тән терминдерді араластырып берсе, екіншісінде әскерлік атаулардың орнын математика терминдері басып, негізінен математика терминдерін қамтуға басымдылық беріледі. Дәлел болу үшін бір-екі мысал келтіре кетсек, екі сөздікте

де агитация – үгіт, агитация – үгіт соты, аэростат – айырастат, глицерин – күлсерен деп бірдей нұсқада, бірдей қалыпта кездеседі. Егер әліпби ретімен берілген әр әріпке қатысты термин сөздер тізбегін салыстырсақ, кейінгі сөздікте математика терминдерімен бірге толықтырудың негізі барлығына мән бересіз. Бір ғана «А» әрпіне қатысты алғашқы сөздікте берілген терминдер санынан екінші сөздікте берілген терминдер саны көбірек болып шығады, толықтырылғандығы көрініп тұрады.

Бұл сөздіктердің мұндай қайталаулармен, бірінен соң екіншісінің аз уақыт ішінде қайта баспадан жарық көріп жатуының өзіндік себептері де жоқ емес сияқты. Өйткені біріншіден, қазақ терминологиясы көптеген терминдік бірліктерін қалыптастырып жатқан тұс осы кезеңмен сәйкес келсе, екіншіден, сол мақсаттарда қолданыс сұранысына ие осы терминографиялық еңбектер болған еді. Сөздік терминдерді реттеп берген алғашқы сөздіктердің бірі болғандықтан, құрылымында тек математика терминдерін берумен шектелмеген. Сөздікте сол кезде алғаш ресми түрде қазақ терминологиясының қолданысына ене бастаған механика, физика, медицина, биология, әдебиеттану, тіл білімі сынды бірнеше ғылым салаларының терминдері қамтылып берілген. Алғашқы сөздіктердің қатарына

жататындықтан, әр сала терминдері араластырылып берілген деген кемшілікті бұл сөздікке қатысты таға алмаймыз.

Осы сөздіктің кирилл әріптеріне көшіріліп, қайта басылып шыққан нұсқасына алғысөз жазған ғалым Ш.Құрманбайұлы сөздіктің маңызы туралы: «Арнаулы сөздіктер түзу ісі бір ғасырға жуық даму жолынан өткеніне қарамастан, бұл саладағы кемшіліктерден әлі арыла алмай отырғанда, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы жаңадан қолға алына бастаған кезеңде жарық көрген алғашқы терминологиялық сөздікке сын айтудың өзі де артықтау болар», - дей келіп, келесі ойларының бірінде: «...Н.Қаратышқанұлының құрастырған сөздігінен термин шығармашылығының кезеңдік келбетін айқын аңғаруға болады», - деп сөздіктің маңызды тұсын дәл көрсетеді. Бұл – біздің жоғарыда термин шығармашылығындағы алаш зиялыларының ұстанымына қатысты тұжырымымызды нақтылай алатын дәлел [3, 12 б.].

Терминографиялық еңбектерді жарыққа шығарудағы «алаштықтардың» қолтаңбасын айшықтай түсетін еңбектің біріне Қ.Кемеңгерұлының басқаруымен шыққан «Қазақша-орысша тілмашты» жатқызуға болады [4]. 1925 жылы Мәскеу қаласынан жарық көрген бұл сөздік Тіл комитетінің тапсырысы бойынша 2005 жылы баспадан қайта жарық көріп, терминография тарихын жүйелеудегі ізденісті жеңілдетіп, тәжірибелік терминография тарихының қорын тағы бір еңбекпен, қажетті дерекпен байыта түсті.

Бұл сөздіктің құрастырушылары Қошке Кемеңгерұлы, Мұстафа Боралқайұлы, Абдолла Байтасұлы, Есім Байғасқаұлы, Шәкір Баймақанұлы, Ғаббас Дәулетбекұлы, Сұлтан Темірбекұлы, Төлеутай Сәрсенбайұлы болған. Қошке осы сөздік туралы өзі жазған мақалаларының бірінде: «Біздер «тілмашты» жағропалықтарға арнап жазғандықтан, өте сирек айтылатын сөздерді кіргіздік», – деп көрсетеді [4, 9 б.]. Мәліметтерінде бұл сөздіктің «қараушысы – Мағжан» болғандығы да көрсетіледі. Бұл да сөздікте қамтылған материалдардың маңызы туралы ақпарат беретін мәлімет.

Ғалым Д.Қамзабекұлы бұл дерекпен байланыстыра отырып, сөздіктің маңызы туралы мынадай пікір айтады: «Мына қызықты қараңызшы: Қошкелер сөздікті еуропалықтарға арнап жазады, ал ол еуропалануға бағыт алған болашақ қазақтарға да арналғандай. «Өз қазағымызды» өзіміз тілі басқа деп танитынымызды кім болжаған? Бірақ шындықтан қашып құтыла алмаймыз. Бүгін Қ.Кемеңгерұлы жетекшілігімен шыққан сөздік еуропаланған қазақ түгіл тіл құбылысы мен заңдылығын жанымен сезіну қабілетінен айырылып қалған кәдімгі қазаққа да ділгір» [4, 9 б.].

Бұдан шығатын қорытынды, сөздік өз бойына сол кезеңдегі қазақ сөзінің таза алтын сарайын қамтып, оны аударма өнерімен ұштастырып бере алған. Еңбек сол кезеңдегі таза қазақ сөзінің келбеті мен тіл өнерінің нағыз қазақтың тіліне тән бояуын көрсетуімен құнды. Бұл жөнінде де алғы сөз авторы: «...1925 жылы Мәскеуде басылған «Қазақша-орысша тілмаш» осыдан бір ғасыр бұрынғы сөздерді, ұғымдарды қағазға қаттаумен құнды», – деп қорытады [4, 10 б.].

Терминографиялық тұрғыдан қарастырсақ, бұл арнайы, мақсатты түрде шығарылған терминологиялық сөздік емес. Соған қарамастан, сөздік құрастырудағы алғашқы тәжірибелердің бірі ретінде сол кезеңде шығарылған, талданып өткен терминологиялық сөздіктердің шығарылуына негіз бола алды. Бірақ «Тілмашта» тек лексикалық бірліктер қамтылған деп айтуға келмейді. Өйткені орыс тілінен аударылған ұғымдарды беруде көптеген сөздер жасалған. Сол сөздердің арасында термин сөздер бар. Тағы бір аңғарарлығы – сөздерді жасаудың үлгілері, термин жасаудың табиғатына жақын, термин жасауда да қолдануға, негіз болуға жарарлық.

Сөздікте берілген жүйелі сөз жасау үлгілері осындай тұжырым жасауға жетелейді. Бұл ойды «Тілмаштан» мысалдар ала отырып нақтылауымызға да болады: атыс – стрельба, атыспақ – перестреливаться, атыстырмақ – пон.зал.от гл. атыспақ. Немесе сөздікте осы сияқты әсер, әсерленбек, әсерленбірмек, әсерлі; балшық, балшықты, балшықшы; жауап, жауапты, жауапкер; тіл, тілазар, тілалмақ, тіләуезділігі, тілтимек, тілдеспек, тілсіз күш, тіл қисыны, тілмаш, тілмарлама; сияқты жүйелі сөз жасау, сөз аудару үлгілерін кездестіруге болады.

Демек, өз кезеңінде маңызды лексикографиялық еңбек болғандығына қарамастан, «Қазақша-орысша тілмаш» – терминдерді беруде де, оны жасаудың тілдік үлгілерін көрсетуде де үлкен рөл атқарған, терминографияның терминологиялық лексикография бағытын дамытуға үлес қосқан сөздік болып бағалана алады. Ол өз кезегінде терминдерді қалыптастыруға, қолданушысына жеткізуде үлкен қызмет атқаратын терминография тәжірибесіндегі қажетті бағыт.

Ал терминография ұғымының тек терминологиялық сөздіктермен шектелмейтіндігін, терминологиялық сөздіктер оның негізгі зерттеу нысандарының бірі ғана екендігін, терминографияның терминдерді реттеп, жүйелеуші жұмыстармен байланысты мәселелердің барлығын қамтитындығын ескерсек, терминография тарихының бастау көздерін алғашқы басылып шыққан терминографиялық сөздікпен шектеу де дұрыс болмайды. Жаңа терминдердің берілуінде оқулықтар мен оқу құралдарының да терминографиядағы орнын ұмытпаған дұрыс. Оқулықтар – терминдерді салалық ғылыми жүйеге сәйкес реттеп көрсететін әрі оларды нақты ғылыми мәтін ішінде қолдана отырып сұрыптайтын терминографиялық еңбек. Ал көптеген жаңа терминдер қалыптасып жатқан 20-30 жылдардың кезеңінде жарық көрген оқулық еңбектер ол терминдердің қолданысқа еніп, қалыптасуы, жарамсыз терминдердің сұрыпталып, реттелуі үшін үлкен терминографиялық еңбектерге тән қызметтерді атқарғандығын мойындауымыз керек. Мұндай оқулықтардың қатарына М.Дулатовтың «Есеп құралын» (Орынбор, 1918), К.Жәленовтың «Есеп тану» (Ташкент, 1923), Ж.Күдериннің «Өсімдіктану» (Қызылорда, 1927), С.Қожановтың «Есептану құралы» (Ташкент, 1924) т.б. еңбектерді атап, оларды алғашқы кезеңдегі терминографияның бірқатар қызметтерін атқарған жұмыстар ретінде тануға толық негіз бар. Терминографияның теориялық мәселелері ХХ ғасыр басында мүлдем көтерілмеді деп айта алмаймыз. Айталық, «Атаулар сөздігінің» алғысөзін жазушылардың өзі терминдерді терминологиялық сөздікте берудің мәселелеріне бара алған. Жалпы, сонымен бірге, осы кезеңде зиялы қауым мен ғалымдардың шама-шарқынша шығарып келген сөздіктерінің қай-қайсысына да алғысөз жазылып, алғашқы терминологиялық сөздіктер болғандықтан, түсіндірмелер беріліп отырған. Сөздікті қолдануға, жасау барысындағы ұстанымдарға, сөздікте берілген терминдердің берілу ерекшеліктеріне тоқталған осы алғысөздерде көтерілген мәселелердің мазмұны сол кезеңде терминографияның теориялық мәселелері терминографтар мен тілші-ғалымдардың алдынан шығып отырғандығын айғақтайды. Тіпті, мұндай теориялық мәселелер жекелеген ғылым тіліне, термин сөздердің мәселелеріне арналған баяндамалар мен ғылыми мақалаларда да қамтылып отырған. Демек, ХХ ғасыр басында орыс терминтану іліміндегідей, арнайы «терминография», «терминограф» терминдері қолданылмаса да, оның негізгі мәселелері жалпы қазақ терминтану ілімінің аясында қарастырылып, талдаулар мен терминологиялық сөздіктерді құрастыру ісінің нысаны болып келген.

Айтылған ойлар тізбегіне сол кезеңдегі қазақ зиялыларының еңбектерінен дәйек үшін нақты мысалдар келтіре түсуге болары хақ. Мысалы, Елдес Омарұлының «Қазақша пән сөздер» атты баяндамасында мынандай сөйлемдерді кездестіруге болады: «Сөздердің өзі де – тізілуі де қазақша болу шараларын істеу керек. Сөзді қазақша тізу қолдан келмейтін жұмыс емес: Ол үшін жазушы жат тілдің сөз тізіміне әуес болуды қойып, қазақша сөйлем жүйесінің тиісті ережесін жаттап алса, – қазақша сөйлемнің анықтауышы анықталатын сөздің алдына, толықтауыш, пысықтауыштар өздерінің толықтап пысықтайтын сөздерінің алдына келіп арасына басқа сөз салмай жалғаса тізіледі – деген жалғыз ережені жаттап алса болады» [5, 75 б.]. Аңғаратынымыз, ғылым тілін жасаушылар оқулықтарында болсын, сөздіктерінде болсын қазақ тілінде жасалған сөздерді мүмкіндігінше қазаққа түсінікті етіп түзгені орынды екендігі талданады. Сол кезең үшін қазіргі қазақ терминологиясында қалыптасып отырған жағдай сынды қазақ терминологиялық сөздіктерінде қазақ терминдерінің барынша басым берілуі өзекті мәселе болғанға ұқсайды.

Бұл – Елдес Омарұлының 1925 жылы Орынбор қаласында өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде жасаған баяндамасы. Баяндама осы жиынның соңында зиялы қауым тарапынан талқыланып, арнайы қаулы шығарылған. Қаулының соңғы тармағы былай деп келеді: «Қазақша сөздер әліпби ретімен тізіліп, лұғат кітебі болып жазылып шығарылсын». Арнайы комиссия немесе жиын тарапынан талданып, қабылданған терминдердің сөздік ретінде басылып шығарылуына мән беріліп отырған.

Ал «Атаулар сөздігі» – алаштықтар шығарған терминологиялық сөздіктердің жинақталып берілген соңғы нұсқасы және алаш зиялыларының терминдерді жүйелеу ісіндегі айрықша қолтаңбасы. «Атаулар сөздігінің» терминдерді жүйелеудегі қызметі мен қазақ терминологиясының тарихындағы орны бөлек. Бұл жөнінде «Атаулар сөздігіне» қатысты жан-жақты талдаулар арнайы жасалды да [6, с. 11-12].. Терминдік ұғымдар мен атаулар «Қазақ» газетінің беттерінде, кейіннен жарық көріп отырған «Айқап», «Абай» журналдарында, «Сарыарқа» газеттерінде басылып тұрғандығы белгілі. Бұған дәлел – біріншіден, аталған газеттердің сол кезеңде қазақ ұлтының арасында үлкен беделге ие болғандығы. Сондықтан ондай газеттерде жаңалықтар ретінің бірінші кезекте басылатындығы белгілі. Екіншіден, аталған газет беттерінде термин саласының өзекті мәселелеріне қатысты ғылыми мақалалар жарияланып отырған. Үшіншіден, терминдердің газет беттерінің соңында беріліп отырғандығы жөніндегі мәліметтер ғалымдардың еңбектерінен де кездеседі.

Осы бұқаралық ақпарат құралдары мен оқулықтарда, оқу құралдарында, қарастырылып өткен, 1925-1927 жылдарда шығарылған маңызды сөздіктерде берілген терминдер 1931 жылы Қызылорда қаласынан 5000 дана таралыммен Халық ағарту комиссариаты білім кеңесінің терминология комиссиясының шығаруымен жарияланған «Атаулар сөздігінде» жинақталып, жеке сөздік ретінде басылып шыққан.

Латын тілінде басылып шыққан бұл сөздік алғашқы сөздіктердің біріне жататындығына қарамастан, терминологиялық сөздіктердің қызметін, терминологиялық сөздік ретінде алдына қойған мақсатын атқара алған. Сапалық жағынан, ең алдымен, сол кезеңдегі ғылым мен техника салаларына тән қалыптасқан жаңа атауларды (терминдерді) барынша жинақтап, қамтып берген.

Екіншіден, сөздік әрі ақпарат, мәлімет беру, әрі жаңа атаулардың (терминдердің) аудармасын беру мақсаттарын көздеген. Сөздіктің бұл екі мақсатты да жүзеге асыра алғандығын байқауға болады.

Үшіншіден, алдына қойған мақсатын мүмкіндігінше орындауға ұмтылған. «Атаулар сөздігінің» мақсаттары – жаңа атаулар жөнінде ғылыми қауымға көпшілікке ақпарат беру, терминдердің аудармасын беру, термин сөздердің қолданысын бірізге түсіру.

Осы мақсаттардың сөздіктің құрылымындағы орындалу деңгейіне тоқталсақ, «Атаулар сөздігінің» терминдерді аударып беру сапасы, терминдердің қазақ тіліндегі нұсқасы қазіргі терминологиялық сөздіктерден салыстырмалы түрде болса да жақсырақ екендігіне көз жеткізуге болады.

Бұл туралы сөздіктің алғы сөзін немесе кіріспе орнына берілген, «Атаулар сөздігінің» өзінде көрсетілген «Бір-екі сөзін» жазушы-сөздікті құрастырушылардың өзі: «Бұл сөздікке еуропадан сегіз мыңнан аса сөз алынып, оның көпшілігі қазақ тіліне аударылды», - деп көрсетеді [7, 3 б.]. Мұны сөздіктің құрылымындағы көптеген сөздердің аудармасы нақтылай алады. Мысалы, давление – қызу, бинокль – дүрбі, заготовка – даярлау, ряд – қатар, транспортир – бұрыштық, изображение – кескіндеу, избиратель – сайлаушы, маска – түс перде, мастер – шебер, налог – салық, перепись – санақ, угол – бұрыш, целое – бүтін, часть – бөлім, член – мүше, т.б.

Енді осыдан бағамдап көрсек, сол кезеңдегі тілі мен ділі, діні таза, шұбарланып, санасы уланбаған қазақ тілінің өкілі үшін термин болсын, басқа сөз болсын өз тілінің ішінен шықпаған, өзгеден алынайын деп тұрған сөзді аудару немесе қазақтың сөйлеуі мен айтуына икемдеу қалыпты, дұрыс құбылыс, бағыт болып есептелген. Сондықтан да олар қазіргідей «аударып қажеті не», «қажеті қанша», «үйреніп те қалдық», «оларды түсінбеу деген жай сөз» деп ат тондарын ала қашып, ұра түрегеліп, үрке шаппайды, жатырқай қарамайды, алагөздік танытпайды. Керісінше, «көпшілігі қазақ тіліне» аударылды деп, соның өзін аяғына дейін орындай алмағандығына өкініш білдіреді. Саналардың арасындағы айырмашылықты, тілдік сананың көрінісін терминография да айғақтап беретіндігін тарихи терминографияны талдау да дәлелдеп отыр.

Жинақтай айтқанда, қазақ терминографиясының тарихындағы «алаш» кезеңінің өзіндік қолтаңбасы айрықша. «Алаш» зиялыларының терминография саласындағы мұралары терең зерттеле түсуі қажеттігі айқын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Орысша-қазақша әскерлік атаулары / Жалпы редакциясын басқарған Ш. Құрманбайұлы. Астана: 1С-Сервис, 2005. – 136 б.
2. Елубаев С.Е. Основные принципы образования терминологии по математике // Қазақ терминологиясының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1986. – 89-92 бб.
3. Қаратышқанов Н. Пән сөздері (1927). Алматы: Ер-Дәулет, 2004. – 128 б.
4. Қазақша-орысша тілмаш (1925) / Басқарушы: Қ. Кеменгерұлы. Астана: Келешек-пресс, 2005. – 288 б.
5. Омарұлы Елдес. Қазақша пән сөздері // Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі: сиез материалдары. Орынбор, 1925. – 75 б.
6. Атаулар сөздігі. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2004. – 184 б.
7. Атаулар сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған А. Байтұрсынұлы. Қызылорда: Қазағыстан, 1931. – 168 б.

Жағдаяттық сұрақ.

Терминдерді нормалаудың белгілері жеткілікті деп ойлайсыз ба? Жазбаша түрде ойыңызды жеткізіңіз.

Жағдаяттық тапсырма.

Қазіргі қазақ терминжасамындағы өнімді жұрнақтарға мысал жазыңыз. Бекітілген терминдер сөздігімен жұмыс жасаңыз.

Әдебиеттер

1. Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының жүйесі, Астана, 2005. -208 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
5. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.
6. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. -227 б.
7. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдері (лингвистикалық зерттеу) . А., 2001

10-тақырып. Термин және тіл мәдениеті

Тапсырмалар:

1.Берілген мақаланы оқыңыз, негізгі ойды анықтаңыз, мазмұндаңыз, өз пікіріңізді ортаға салыңыз.

ТЕРМИНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

АХМЕТОВ Қ. С.

Сейфуллин атындағы ҚазАТУ мұражайы меңгерушісі,

халықаралық ақпараттандыру Академиясының

мүше-корреспонденті

(Астана ақшамы. – 2012. - № 55. – 22 мамыр)

Қазіргі кезде әдеби тіл нормаларының өзгеруі жиі кездесетін құбылысқа айналды. Қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік өзгерістердің қатарында тілдің демократиялануы да орын алды. Қазақ тілі сөздерінің стилистикалық тұрғыдан бейтараптануы, мағынасы ескірген көне сөздердің (архаизмдердің) жасампаздық қасиетінің күшеюі терминологиялық лексиканың жаңа қарқынымен игерілуі терминдердің жалпы қолданысқа көшуі, бұрыннан бар сөздердің жаңа мағынада қолданылуы сияқты көптеген жаңалықтар тілдің демократиялануынан хабардар етсе керек. Алайда мұндай аумалы-төкпелі өзгерістердің бәрі бірдей жақсы жағынан табылып отыр ма? Тілімізді қайтсек қазақыландырамыз деген желеумен науқанишылыққа салынып, әдеби нормаға сай келетіні бар, келмейтіні бар, сөз жасаудың қызығына түсіп, тіл мәдениеті деген ұғым барын есімізден шығарып алған жоқпыз ба?

Иә, жаңа сөз ұсынушы авторлар аударма қызығына берілгені сондай, терминология саласындағы «бір ұғым, бір атау» қағидасын белінен бір-ақ басып халықтың танымына нұқсан келтіруде. Мысалы, бір ғана «принцип» сөзі әртүрлі нұсқада қолданылып жүр. Біреулер оны «қағида», «қағидат» деп аударуды қаласа, енді біреулер қазақша айту дағдысына қарай «бірін сеп» деп жазуды қалайды, жазып

та жүр. Болмаса «объект» терминін «нысан» деп аударып, «субъект» терминін сол күйінде қалдырдық өйткені оны «пысан» деп аударсақ, тіпті, күлкілі жағдай болар еді, осы сөздерді аудармай-ақ солай, халыққа етене боп, үйреніп қалған күйінде қолдана берсек қазақ тілінің орасан байлығы ойсырап қалмауға тиісті деп санаймыз. Белгілі лингвист-ғалым Рабиға Сыздықова «Варианттық тіл – тілдің барлығында болатын және бар құбылыс... Бірақ тіл өзінің даму барысында және сол дамуға қоғамның саналы түрде араласуы нәтижесінде жарыспалылықтан арыла түсуге тиіс» – дейді. Алайда тәжірибелі маманның салиқалы пікіріне құлақ салатындар бүгінде аз болып отыр. Әрине, тілді тұтынушы халықтың эстетикалық талабын толық өтеп, тиянақты қолданысқа ие болған сөздер де қазір көптеп саналады. Айталық, «сынып» сөзі «класс» деген сөздің орнына қалыптасты. Қазіргі қазақ мектептеріндегі оқушылар «сыныпты» сіңіргендігі соншалықты орысша нұсқа «класс» – кластың қандай мағынада жұмсалатындығын жадынан шығарған десе де болады. Бұл – сөздің Қазан төңкерісіне дейін осы мәнде қолданылғаны белгілі. Демек сөздік құрамда бұрыннан бар.

Дегенмен «сынып» сөзі барлық контексте кластың баламасы бола бермейтіні байқалады. Мысалы, «юрист 1-го класса» деген тіркесті «сыныптық заңгер» деп аударсақ, қате емес пе? Дұрысы 1-дәрежелі заңгер емес пе? Болмаса «жұмысшы табы» – «рабочий класс». Мемтерминком өз шешімімен класс терминінің қазақша «сынып», «топ», «дәреже» деп үш баламасын бекітті. Әбден құптарлық шешім.

Бұған қарағанда «сынып» сөзінің оқу-ағарту саласында ғана қолданылғаны абзал. «Сынып сияқты өміршең сөздердің қатарына «әдіс» «әдіскер», «әдістеме», «кеден», «іссапар», «кұжат», «мәтін» т.б. көптеген сөздерді жатқызуға болады. Ал бұрын қалыптасқан қазақ сөздерін қайтадан жаңартуы құптарлық іс емес. Мысалы, «адрес» терминінің «мекен-жай» болғаны қашан. Бәзбір мәтіндерде ол «жаят» деп аталып жүр.


Сонымен, жарыспалылықтың әдеби тіл нормасы қайшы жақтары да бар екеніне көз жеткіздік.

Тілімізде көнерген сөздердің мағыналарын жаңартып, терминдік мағына жүктеп, жаңартып, тіл қажетіне жарату аса құптарлық іс. Оған көбіне «жасақ», «шеру», «сарбаз», «түмен» және т.б. әскери атаулардың терминдік мағынада қолданылып жүргендігі дәлел бола алады. Осы сияқты кез келген жаңа қолданыс өмірге келгеннен кейін пайдаланылмаса жаңа лексема болудан қалады. Бұл процесс, ақпарат құралдары арқылы оның стилінің күшімен жүзеге асырылуда. Мысалы, «фонтан» сөзін «шаштырма», «балкон» сөзін «салбырауық» деп аударудың аса зор пайдасы болады деп есептей алмаймыз. Жаңа лексемада бұларды қолданып жүрген адамдарды кездестіре алмай жүрміз. Сол сияқты «биография» «өмірнама», «творчество» – «өнернама», «спонсор» – «қолдаушы», «музей» – «ескіхана». Осы сөздердің халыққа етене таныс болып кеткен, «өмірбаян», «шығармашылық», «демеуші», «мұражай» деген сияқты баламалары да бар екендігі даусыз. Сонымен қатар, көптеген терминдердің терминология комиссиясы бекіткен баламалары бола тұра бұрынғы нұсқаны жарыса қолданылып жүргендері бар. Мысалы, «несие» (кредит), «біліктілік» (компетентность), «көлік» (транспорт), «түйін» (резюме) т.б. Аударма ісінде қысқарған сөздерді де қазақшаға аударып, ешбір түсініктеме берместен бас әріптерінен қысқартып қолдану етек жайып барады, ондай қысқартқанды қазақ тілін жетік білемін деген адамның өзі түсіне алмасы хақ. Олардың, әсіресе көшелерде ілінетін ірі әріптермен жазылған жарнама, маңдайшаларда кездесуі қынжыларлық жайт.

Мұндай келеңсіз жағдайларға бір жағынан терминдердің, әсіресе қосарлану, тіркесу арқылы жасалған түрлерінің жазылу нормасының бірізге түспеуі себеп болса, екінші жағынан маманның сауатсыздығы, өз ісіне жүрдім-бардым қарауы себеп болады. Мысалы, «обменный пункт» деген сөз тіркесі екі түрлі қолданумен қоймай қате жазылып жүр, яғни, бірде «айырбас пункт» бірде «айырбас орыны» деп берілген. Екінші нұсқасын қалдырғанымызбен, «орыны» деген сөздің жазылуында дөрекі қатенің жіберілгені өкінішті. Сол сияқты банк сөзі тәуелденіп, бірде банкі болса, бірде банкісі болып жазылып жүр. Осы сияқты жайттар ұсақ- түйек сияқты көрінгенімен мемлекеттік мәртебе алған тіліміздің беделін түсіретіні сөзсіз. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңын жүзеге асыру көбіне аударма ісімен ғана шектеліп отырғаны мәлім. Оған себеп, мемлекеттік қызметкерлердің, басқарма ұйымдардың ана тілімізде әлі де еркін сөйлеп, мемлекеттік тілді еркін қолдана алмауы. Соның салдарынан барлық құжаттар орыс тілінде дайындалады. Сондықтан мемлекеттік тілді білуді мемлекеттік қызметкерлерге міндет етіп қоюмен қатар заманымызбен қатарласа аяқ басқан сан-саланың терминдерін төл сөзімізбен атау мақсатында жұмысқа қабылдайтын аудармашылардан термин қабылдауға қойылатын талаптарды білуді талап ету қажет. Терминология саласының бірізді қолданылуы үшін терминкомның бекітілуімен ұсынылған, ғылымның әрбір саласы бойынша жасалған сөздіктер көп тараммен шығарылып еліміздің түкпір-түкпіріне таратылса, мемлекеттік тіліміздің қазық қағып, тез өсіп өркендеуіне игі ықпалын тигізері сөзсіз.

2. Халықаралық терминдер туралы мәнжазба дайындаңыз (15 бет, А4 формат).

3. Академик Ә. Қайдаров термин жасауда «Қазақ тілінің байлығын сарқа пайдалана алмадық», - деп көрсеткен 5 түрлі себепін жазыңыз, түсіндіріңіз.



4. Қазақ терминологиясын дамытудағы Қ. Жұбанов қағидаттарын төмендегі кестеге толтырыңыз.

1.	
2.	

5. Ш. Біләловтың Қ. Жұбанов қағидаттарымен келіспейтін сегіз шартын кестеге толтырыңыз.

1.	
2.	
3.	
4.	
5.	

6.	
7.	
8.	

Жағдаяттық сұрақ

Қазақшаланған терминдерді қарапайым халықтың да оңай түсінуі үшін не істеу керек?

Жағдаяттық тапсырма.

Жарнама бетіндегі «*кәбіл*» сөзі терминологиялық (тілдік) нормаға сай жазылған ба? Анықтаңыз. Бекітілген терминдер сөздігімен жұмыс жасаңыз.



Әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
4. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.
5. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. -227 б.
6. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдері (лингвистикалық зерттеу) . А., 2001
7. Исақова С.С. Қазақ терминтанымның когнитивтік-прагматикалық аспектісі. А., 2007
8. Даниленко В.П. Русская терминология (опыт лингвистического описания). – М.: Наука, 1977. -246 с.

11-тақырып. Төл терминдер

- 1.Төл терминдердің жасалу жолдары
- 2.Төл және кірме терминдер мәселесі

Тапсырмалар:

- 1.Тақырып бойынша конспект әзірлеңіз, мазмұнын айтыңыз.

2.Төменде берілген мақаланы оқыңыз, негізгі ойын анықтаңыз, өз пікіріңізді білдіріңіз.

КІРМЕ ТЕРМИНДЕР АНА ТІЛІНЕ НҰҚСАН КЕЛТІРМЕУІ ТИІС

А. Смағұлова,
филология ғылымдарының
кандидаты,
Орталық Азия университеті

Қазіргі уақытта мемлекеттер арасындағы экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени қарым-қатынастардың арқасында тіл білімінде терминдерді терең зерттеу қолға алынды. Әсіресе, мұнай мен газға байланысты лексиканы зерттеуге ерекше қызығушылық туып отыр. Қазіргі тіл біліміндегі «халықаралық» терминдер туралы пікірлерді айта кетсек, қазақ тіліне орыс тілі арқылы Еуропа тілінен енген терминдерді «халықаралық» терминдер деп атап жүргені белгілі. Бұл мәселе туралы ғалымдардың көзқарастары әралуан. Олардың бір тобы халықаралық терминдерді аударуға болмайды, бұл өркениеттен бас тарту деген пікір айтады. Бұл жөнінде ғалым Ш. Құрманбайұлының тұжырымдауынша «Қазіргі терминологиядағы шешімін таппай жүрген мәселенің бірі – халықаралық деп аталатын терминдерді ұлт тіліне аудару, жазу немесе бір сөзбен айтқанда, қабылдау тәртібінің белгіленбеуі» [1.11]. Ал, Б. Момынова: «Өзге бір тілдің бір жүйесін білмеген адам өз ана тіліндегі бөгде, кірме сөздерді түстеп, тани алмайды. Ол сөздерді шет тілден енген десе, тіктеп қарсылық білдіру де мүмкін. Ол кейбір өзге тілдік элементтердің басқа тілге әбден сіңісіп, кірігіп кеткендігінен болмақ» деген пікірі негізсіз емес сияқты [2.91].

Д. С. Лотте: «Кірме терминдерді дайын күйінде қабылдау, әрине, басқа тәсілдермен салыстырғанда жеңіл екені белгілі. Осы «жеңілдік» орыс тіліндегі ғылыми техникалық терминологияға негізсіз көптеген кірме терминдерді енгізуге әкеліп тіреді» [3.8] – деп атап көрсетеді. Қазақ тілі терминологиясы жөнінде де осыны айтуға болады. Термин қабылдаудың осындай оңай жолы кеңінен қолданылғандықтан, қазақ терминологиясының қазіргі жағдайы оған деген көзқарас пен принциптерді қажет етеді. Бұл, әсіресе, салалық терминдер, оның ішінде нысан етіп отырған мұнай терминдерінен де анық сезіледі. Қазақ тіліндегі мұнай терминдерінің қолданысында кейде жарыспалы түрде айтылып, жазылып жүретін жалпы қолданыстағы және кірме сөздердің синонимдері екі түрлі жағдайдан көрінеді.

Орыс тіліндегі терминдерді аударудан туындайтын синонимдік қатарлар. Мысалы: Месторождение – қайнар көз, кеніш орны, кен бұлағы. Изыскание – іздеу, табу.

Месторождения терминіне сәйкес бұлақ, қайнар көз, кен орны сияқты синонимдік қатардағы сөздер айтыла береді. Бұдан қазақ тілінің байырғы лексикасының пәрменділігі аңғарылады. Мұндай сөздерді балама ретінде батыл қолдану – терминдік атауларды байыту жолдарының бірі.

Кірме және қазақ тілі терминдерінің қабаттасып келуінен туындайтын синонимдер: анализ – талдау, бензин – жанармай, метод – әдіс. Осы терминдердің соңғы сыңарларын мұнай өндірісінде қалыптастыруға назар аудару керек. Ол кезде сөздер фонетикалық өзгерістерге ұшырап, үндестік заңына бағына енетіндігі

байқалады. Мысалы: зауыт, пойыз, резинке, тауар. Бұл 20-жылдардағы қалыптасқан тілдік құбылыс. Осы аталмыш принцип негізінде сіңісіп, жалпы халықтық сипат алған терминдер, жаңа сөздер зат пен құбылыс атауы ретінде тілімізде көрініс табады. Ол зат пен құбылыстан бұрын не кейін қалыптаспайды. Жаңа ұғым мен пайда болған атауды дәл түсіну үшін зат пен құбылыстың белгісін айқын анықтап алуымыз қажет. Мәселен, скважина сөзі бертінге дейін өзгеріссіз қолданылса, енді сөздіктер мен оқулықтарда ұнғы сөзімен ауысты. Мұнай саласында байырғы сөздер мағынасының тарылуы байқалмайды, керісінше өзге тілден енген сөздердің аясының тарылуын кездестіруге болады. Көтергіш – лифт, көлік – транспорт, кезекшілік – вахта секілді жаңа сөздер орыс тілінен енген сөздерді немесе орыс тілі арқылы енген шет сөздерді ысырып шығарады. Мұнай саласының лексикасында шет тілінен енген техникалық терминдер ерекше тоқталып кетуді қажет етеді. Шет тілінің сөздеріне мүмкіндігінше ана тілімізден және туыстас түркі тілдерінен балама тауып, ондай мүмкіндік болмаған жағдайда оларды тіліміздің ішкі заңдылығына бағындыра қабылдасақ терминдеріміз дұрыс қалыптасқан болар еді. Ал «халықаралық» терминдердің бәрін өзгертпей қабылдау, ана тіліміздің мүмкіндігін шектеу деген сөз. Академик Ә. Қайдаров «тілдердің арасында ортақ интернационализм болмаса немесе аз болса, ғылым дамымайды, ғылыми қарым-қатынас үзіледі деп байбалам салудың бәрі бекер. Жер жүзінде термин ұғымдарының бәрін шет тілі сөздері ақылы емес, өз тілінің негізінде меңгеріп, ғылым мен техниканы дамытып отырған қытай, жапон, т.б. халықтарды біз білеміз» [4.22] – дейді.

Кірме күрделі терминдерді құрылымына қарай екі топқа жіктеп қарастырамыз. Мұнай кірме терминдері біршама белгілі сөз тіркестерінен жасалған. Тіркесті терминдерді компоненттерінің қай тілден енгеніне байланысты төмендегідей екі топқа бөліп қарастырдық.

Екі компонентті кірме терминдерден тұратын анықтауыштық қатынастағы тіркесті терминдер. Мысал: металл изолятор, дроссельдік эффект, ребортты шкиф, механикалық қаратаж, магнит қаратаж.

Бір компонентті төл сөзден, екінші кірме сөзден тұратын тіркесті терминдер: бензин буы, газ қондырғылары цемент ерітіндісі, герметикалық құрылғы, бұрғылау мастери, нақтылы диаметр, бұрғы станогы, құбыр муфтасы, бұрғылау технологиясы т.б. Енді осы терминдердің тағы бір ерекшелігі көп жағдайда екінші компонентіне тәуелдік жалғауының үшінші жағына келетін терминдер: таль жүйесі, газ қысымы, жуу секторы, шарошка тістері, мотор майлары, бұрғылау рейсі, ротор ішпектері, газ торабын, т.б.

Біздің пікірімізше, кірме технология – әрбір кірген тілдің халықаралық лексикалық қоры. Оның құрамына ең кемінде үш бір-бірімен туыстық жақындығы жоқ тілдердегі жазылуы мен айтылуы лексикалық мағынасы бір сөздер жатады. Кірме терминдерінің сіңісіп кетуі жеңіл мәселе емес. Ол көбінесе өмір қажеттілігі, баламасының болмауы салдарынан біздің тілімізге енеді. Мұнай терминологиясында кірме терминдердің саны аз емес. Бұл техникалық кірме терминдер ғылым мен техниканың дамуына байланысты өндірісте қалыптасып, көпшілікке түсінікті сөздерге айналады.

Кірме терминдердің қолданылуы жайында М. Серғалиев: «Қазіргі термин қолдану практикасында негізгі үш түрлі бағыттың – интернационалдық терминдерді аудармай алу; шет ел немесе орыс тіліндегі сөздердің мағынасын дұрыс бере алатын қазақ сөздерін пайдалану; қазақ тілінің нормасына сай келетін жаңа терминдер жасау күнделікті дәстүрге айналып отыр» дейді. Интернационалдық терминдер анықталушы

сөзбен табыса, матаса байланысып келе береді. Кейбір мұнай терминдерінің терминкомда бекітілген, өндірісте қолданып жүрген қазақша баламалары бола тұра, орыс тіліндегі атаулары жарыса қолданылады.

Мәселен, ұңғы сөзінің орнына скважина, құбіршек сөзінің орнына шланка, шикізат қоры тіркесінің орнына шикізат базасы деген тіркестер қолданыла береді. Ш. Біләловтың «Батыс еуропа халықтары тілдерінде болып келетін жаңа ғылыми техникалық атауларды түпнұсқада қабылдаған орыс тіліне нұқсан келе қоймайды, қайта сөздің бас аяғын дұрыстап жөнге келтіргеннен соң, ол көптен көз көріп, құлақ естіген орыс сөзі сияқты болып шыға келеді. Бұл негізінен, орыс тілінің жасандылыққа аса бейімділігі. Ғылым мен техника жетістігін орыс тілі арқылы меңгерген, ғылымдар биігіне орыс тілі арқылы көтерілген қазіргі қазақ тілі үшін орыс тілінің осы бір «жасанды» қылығы кереғар әсер етуде. Қазақ тілі сөз келбетін сақтау үшін, өзіндік заңдылықтарын бұзбау үшін, ғылыми техникалық атаулар қазақ тілінде меңгерілуі тиіс, қазақша сөйлеуге тиіс» деген пікірін түбегейлі қостасақ, ғылым мен техника тілін әсіресе, өндіріс саласын түгел қазақшалау бірден мүмкін бола қояр ма екен. Мәселен, каратаж деген терминнің орнына – ұңғы қабырғасын құрастыратын тау жыныстарының физикалық қасиеттерін білуге арналған зерттеу әдісі деп қазақшалап айтуға да болар еді, алайда мұндай шұбаланқылықтан терминдік ұғым атаулық мән бере алмайды. Б.Әбілқасымовтың «Термин дегеніміз ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика; оның басты белгілері: дәлдік, қысқалық, жүйелілік» дегенін еске алсақ, терминге тән жинақылық, қысқалық сақталмайды.

Ғылым мен техника саласындағы ұғымдарды білдіретін атаулар терминдік жүйеге түсу үшін белгілі бір жағдай керек, яғни ең алдымен ғылым саласы, сол ғылым саласын айқындайтын ұғымдар қалыптасу керек. Сонан кейін әрбір ұғымды беретін сөздер пайда болады да, олар сол ғылым саласымен айналысатын ортада қолдау тауып, терминдік жүйе ретінде саналады. Сөйтіп терминді түсіну үшін олардың функционалдық, құрылымдық-генетикалық және нормативті стильдік белгілерін жан-жақты зерттеу қажет болады. Терминдер әдеби тілдің бөлшегі ретінде жалпы халықтық негізде дамиды десек, терминдерді зерттегенде, оның негізгі көзі болып табылатын жалпы халықаралық тілді ешқашан естен шығармауымыз қажет. Оның қыр-сырын біліп, ондағы терминдік ұғымды білдіру мүмкіншілігі бар атауларды ажырата білу керек.

Қ. Жұбанов: «Термин — әр елдің сөзінен алынса да, мысалы, «еңбек», «ақша» немесе халықаралық сөзбен алынса да, мысалы, «капитал», «валюта» сияқты – қашан да халықаралық болады, өйткені бұлардың екеуі де жер жүзіне белгілі ортақ ұғымдарды білдіреді. Өндіріс бүкіл жер жүзілік болып стандарт түрге көшкенін көреміз, осының белгісі болып халықаралық стандарт терминдер көбейеді, өзі көбінесе халықаралық стандарт сөзбен айтылатын болады» деген ғылыми тұжырымдарына сүйене отырып, мұнай лексикасында халықаралық стандарт терминдердің көп болуына осы өндірістің халықаралық деңгейде дамуы негіз болып отыр деуге болады. Олай дейтініміз, бұл шаруашылық – қазақ елінің ауыл шаруашылығындағы аграрлық кәсібі емес, қазіргі заманғы ғылым мен техниканың озық тәжірибесі мен терең ғылыми болжамдарының негізінде өркендеп отырған күрделі өндірістік сала.

Соған қарамастан, А.Байтұрсынұлы: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі сөздерді алғыштап, ана тілімен жат тілдің сөздерін алмастыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерінің,

ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің тіліміз таза болады.» деген пікіріне сүйенсек, онда мұнай саласыдағы терминдерді ұлт тілінде дамыта түсу керектігі тіл білімі үшін қазақ тілінің болашағы үшін, қала берді ғылым тілін қазақша сөйлету үшін аса қажет шаралардың бірі болып қала бермек.

Осындай пікірлерді жан-жақты ой елегінен өткізе отырып, мынадай қорытынды жасаймыз. Жаңадан жасалған терминдер алғашында құлаққа тосаң естіледі. Олардың бәрі бірдей қолданысқа түсіп кетуде бейімді-ақ еді деп те айтуға болмайды. Дегенмен олардың сәтті шыққандарын елеп-екшеп алып, төл терминологиямызды қалыптастыруымыз қажет. Жаңа терминдердің дүниеге келуі қалыптасқан ғылым тілін, терминологиямызды бұзу емес, керісінше дұрыс қалыптасқан қазақ терминологиясын қалпына келтіруге ізгі қадам жасау. Қазіргі кезде ұлттық тіл байлығымызды жаңғыртып, мүмкіндігінше төл тілімізді сарқа пайдаланып, термин жасам бағыты дамып келе жатыр. Ғылымды қазақшалауға бағытталған пікірлердің де мол екендігіне көз жеткізіп отырмыз. Ұлы ғалым А. Байтұрсынұлынан бастау алған осы көзқарас тіл жанашырларынан қолдау тапса ғылымды неге қазақша сөйлетпеске. Жалпы термин сөздерді аударғанда қазақ тілінің сөздік қорын сарқа пайдалану қажет. Жаңа термин ұғымының мазмұны мен қызметіне сәйкес келіп, ана тіліне нұқсан келмейтіндей болуы тиіс. Көне грек, латын, француз басқа да шет тілінен енген, әбден сіңісіп, халықаралық көлемде қолданылатын терминдер өз қалпында енгізілуі тиіс. Оны баламалап, түсініксіз сөздер жасаудың қажеті жоқ. Тілші ғалымдар мен көпшілік қауымды ойландыратын жағдай – ғылыми терминдерді аударуда ала-құлалық күшейіп кетуі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Қайдар Ә. Қазақ терминологиясына жаңа көзқарас. – Алматы. Рауан, 1993 ж.-43б.


Момынова Б. Қазақ газетіндегі қоғамдық саяси лексика. Кан. Дис қолжазбасы.- Алматы: 1993 ж.-131 б.

Қалиев Б. Жат сөздер жағадан ала бермесін// Ана тілі: 1994ж. -29 қыркүйек

Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. –Алматы: Ғылым, 1975 ж.-217 б.

Күркебаев Ш. Өсімдік мүшелері мен олардың құрылым-құрылысына қатысты терминдер. Кан. Дис қолжазбасы.- Алматы: 1994ж.-167 б.

Жағдаяттық тапсырма



Фотосалонның маңынан өтіп бара жатқан Нұрсұлтан мына жарнаманы көріп, ішіндегі кейбір сөздердің аудармасын да, мағынасын да түсіне алмады.

Сұрақ: Нұрсұлтан ол сөздерді неліктен түсінбеді? Жарнама беттеріндегі қазақ сөздері түсініксіз бе? Пікіріңізді жазыңыз.

Әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
4. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.
5. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. -227 б.
6. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдері (лингвистикалық зерттеу) . А., 2001
7. Исақова С.С. Қазақ терминтанымының когнитивтік-прагматикалық аспектісі. А., 2007

12-тақырып. Терминдердің көркем әдебиетте қолданылуы

1. Термин және көркем әдебиет
2. Терминнің анықтамасы (дефинициясы)

Тапсырмалар:

1. Тақырып бойынша конспект әзірлеңіз, мазмұнын айтыңыз.
2. Терминнің көркем әдебиетте қолданылуына мысалдар жинаңыз. Терминнің көркем шығармаларда қолданылу ерекшелігін анықтаңыз.

Жағдаяттық тапсырма.



«Ресімдеу» сөзінің орысша мағынасы қандай? Бұл термин қай жылы қабылданып, бекітілді, сөздікке енді және бұл терминнің қай тәсілмен жасалғанын анықтаңыз.

Әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.

2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
4. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.
5. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. -227 б.
6. Исақова С.С. Қазақ терминтанымының когнитивтік-прагматикалық аспектісі. А., 2007

13-тақырып. Терминдердің жарнама тілінде қолданылуы

1. Термин және жарнама тілі
2. Терминнің танымдық табиғаты

Тапсырмалар

1. Тақырып бойынша конспект әзірлеңіз.
2. Жарнамадағы терминдерге мысалдар жинаңыз.
3. Жарнама және термин тақырыбына газетке мақала дайындаңыз.
4. Төменде берілген мақаланы оқыңыз, мазмұндаңыз, пікіріңізді білдіріңіз.

ЖАРНАМА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ (Интернет материалдарынан)

Бүгінде заманды жарнамасыз елестету мүмкін емес. Қаладағы жарнамалардың қазақ тіліндегі мәтінінен кететін қателері жайлы, бұдан бұрын талай жазылып та, айтылып та жүр. Бірақ көшедегі билборд пен маңдайша жазулар қатеге тұнып тұрғанын үлкен тұрмақ, кіші де, айқын көреді. Ал жекеменшік нысандардың атаулары мен сыртқы жарнамалары орыс тілінен мемлекеттік тілге сөзбе-сөз, ерсі, шала-шарпы аударылып, мағынасы өзгерген дүбәра сөз тіркестері мен грамматикалық қателер өріп жүр. Кейбір нысандар мүлдем қазақ әріптерін қолданбайды. Яғни, заң талаптарына сай жазылмайды. Баспасөз беттерінде «Жарнама қателері» туралы қаншама фотобәйге ұйымдастырғаны белгілі. Алайда, күнделікті көріп жүрген қала көшелеріндегі жарнамалар сол баяғы қалпында.

Жарнама индустриясы бүгінгі қоғамдағы этномәдени кеңістікті қалыптастыратын аса қуатты құрал. Жарнама өнімдерінің безендірілуінің өзінде ұлттық рухтың иісі сезілмейді. Көпшіліктің назарына ұсынылатын жарнама өнімдерінде біздің ұлттық құндылықтарымыз жеткілікті дәріптеліп, насихатталып жатқан жоқ. Жарнама өндірісінің ақпараттық аясын этномәдени ортамен кіріктіріп, елдің рухани тұтастығына қызмет еткізуге қол жеткізу керек. Алайда мұны жүзеге асыруға тиісті мемлекеттік мекемелердің қолында аталған қуатты құралды тиімді пайдалану тетігі қазіргі қолданыстағы заңдарда жете дәйектелмеген. Мәселен, Алматы қаласында 4,5 мыңнан астам жарнама қондырғылары бар. Оған әр мекеменің маңдайша жазуларын, көрнекі ақпараттарын, көліктердегі жарнамалар мен көрнекі ақпараттарды қоссаңыз, жүз мыңға жетіп жығылады. Оларда салынған суреттер мен жазылған мәтіндерден ұлттық рухтың, мемлекеттік саясаттың өзегін табу қиын. Осы жарнама өндірісімен айналысатын Алматыдағы 200-ден астам жарнама агенттіктерінің бірде-біреуі қазақ тілінде жарнама жасамайды. Тек аудармамен айналысады, оның өзі де сауатсыз. Ал

жарнама қаланың келбеті десек, біздің этномәдени кеңістігіміздің көрінісін пайымдауға болады.

«Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңы қандай дәрежеде сақталып, қалай орындалуда? Жалпы Тіл туралы Заңды бұзған немесе талаптарын орындамаған адамдарды жауапқа тартатын бап бар ма? Қала көшелеріндегі жарнамалар мен ірі-ірі сауда орталықтарының атауларындағы, қайсыбір мекемелердің қате жазылған маңдайшаларын кімдер дайындайды? Жарымжан жарнамалар мен сауатсыз аудармаларға ескерту жасап, оларды түзету кімдердің мойнында?» - осындай сан алуан сауалдар кім-кімді де ойландыратыны хақ.

Алматы қалалық әкімшілігінің тілдерді дамыту басқармасы көшелерде көз сүріндірген көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың «Қазақстан Республикасы тіл туралы» заңының 21-бабына сәйкес жазылуына байланысты тексеру жүргізіп, бірқатар кемшіліктерді анықтады. Атап айтар болсақ, қаладағы нысандардың атаулары мен ғимарат маңдайшаларындағы жазулар мен жарнама мәтіндерінің сапасы мен сауатты жазылуы қадағаланбайтындығы белгілі болды.

Алты ауданның орталық көшелерін қамтыған рейд қорытындысы бойынша 233 қате жазулар анықталды. Оның ішінде дұрыс аударылмаған жарнамалар – 29, орфографиялық қатесі бары – 31, стилистикалық қатемен тұрған – 17, маңдайшадағы қазақша мәтіннің орналасуы тәртібін бұзған – 28, тіпті ағылшын-орыс тілінде бадырайтып жазып, қазақ тілін менсінбеген – 58 сорақылық әрекет анықталған. Сондай-ақ көшенің қақ ортасына орнатылған жарнама қондырғыларында 72 қате табылған. Тексеруге қатысушылар қазақша сөйлемдегі қателер мен түсініксіз сөздерге қоса, ағылшын, латын тіліндегі атаулардың көптігіне де қайран қалыпты. Осындай кемшілікке байланысты 129 дүкен мен мейрамханаға да ескерту жасалған. Тіпті көшеде заңсыз орнатылған бірқатар жарнамалар тексеру барысында алынып тасталған.

Барлығымызға белгілі кез келген жарнамаға тапсырыс бергенде әжептәуір қомақты қаржы төленеді. Шахарда қазақ тіліндегі жазуларда кездесетін қателер тіл мамандарының ғана емес, ана тілін білетін барша қауымның сынына ұшырап келеді. Әйткенмен ол сыннан нәтиже аз. Шындыққа көз жүгіртсек, әсіресе қалалы жерде орысша тіл білмейтін қазақ ұлтының өкілдері некен-саяқ. «Кез келген ұлттың тілін игеріп кете алмау, не барып тұрған қабілетсіздік болмаса сол тілге деген саналы түрдегі құрметсіздік» деген екен бір ғұлама.

Тіл мәселесі әрбірімізді алаңдатар күрделі мәселелердің бірі. Сондықтан тіл тазалығын сақтау сіз бен біздің ортақ борышымыз екенін ұмытпағанымыз жөн!!!

Жағдаяттық тапсырма



Өзіңіз көріп тұрған жарнама бетіндегі «открытка», «бланкі» сөздерінің қазақша баламасы бар ма? Болса, неліктен жарнамада ол қолданылмаған? Себебін түсіндіріп беріңіз.

Әдебиеттер

1. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. -227 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
5. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.

14-тақырып. Термин дамуының ғылыми қағидаттары (принциптері)

1. Қазақ терминологиясы тарихындағы ғылыми қағидаттар

Тапсырмалар:

1. Тақырып бойынша мәнжазба дайындаңыз (10 бет, А4 формат).
2. Тақырыпқа глоссарий құрастырыңыз.
3. Тақырыпқа 10 тест (5 жауап нұсқасымен) дайындаңыз.
4. Төменде берілген мақаланы оқыңыз, сол тақырып бойынша өз пікіріңізді ортаға салыңыз.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

Шерубай Құрманбайұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор

Қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда, алдымен Ахмет Байтұрсынұлының есімі ойымызға оралады. Себебі – қазақтың ұлттық ғылым тілінің, терминологиялық қорының дамып, қалыптасуының тұтастай бір кезеңі ғалым еңбектерімен, оның ғылыми-педагогикалық, ағартушылық және ғылыми-ұйымдастырушылық қызметімен, қайраткерлігімен тікелей байланысты. Сондықтан да қазақ терминологиясының тарихы, оның даму, қалыптасу кезеңдері туралы сөз қозғағанда Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми шығармашылығы мен қоғамдық қызметіне жан-жақты тоқталу, оны терең зерттеу өте маңызды. XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясының дамуы мен Алаш зиялыларының ұлттық ғылым тілін қалыптастырудағы ролі туралы сөзді Ахмет Байтұрсынұлынан бастайтындығымыздың себептерін нақты тілдік-тарихи деректерге негіздей отырып айта алсақ қана біз ғалым мұрасының қадіріне жетіп, оның озық ойлары мен терминжасам тәжірибесін қажетімізге жарата аламыз. Ол бастаған жолды жалғастырып, ғылым тілін дамытудағы ол қалыптастырған лингвистикалық дәстүрді сабақтастыру мүмкіндігіне ие боламыз. Сол себептен де Ахмет мұрасына аса мұқият қарап, оған әр қырынан үңіліп, жан-жақты зерделеу – қазақ тіл білімінің кешегі

тарихы үшін ғана емес, оның алдағы уақыттағы дамуы үшін де қажет іс. Біз ғалымның қазақтың ұлттық терминологиялық қорын қалыптастыруда ұстанған бағыты, қалыптастырған қағидаттары, айтқан ойлары мен терминжасам тәжірибесі төңірегінде ой өрбітпекшіміз.

Қазақ тілінің терминологиялық қорының қалыптасуына негіз болған басты көз ұлт тілінің өз байлығы екендігі сөзсіз. Оның бастауларын әріден, түркі тілдерінен, төл тіліміздің тармақталып дербес даму тарихымен байланыста қараған жөн. Бұл терминология тарихын диахронды зерттеу барысында зерделенетін мәселелер. Ал бүгінгі қолданыстағы арнаулы лексикамызды құрайтын жекелеген сөздердің терминдік мәнде жұмсала бастауын Абайдың қара сөздерінен, XIX ғасырдың екінші жартысында шыққан кітаптар мен осы кезеңде басылып тұрған «Дала уәлаяты», «Түркістан уәлаяты» газеттерінің беттерінен кездестіруге болады. Ал нақты ғылым салалары бойынша терминологияның қалыптасуы алғашқы ғылыми еңбектердің, оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің жарық көруімен, олардың өзге тілдерден аударылуымен тығыз байланысты. Бізде қазақ тілінде жазылған ондай еңбектердің жарық көруі аяқталған ғасырдың бірінші онжылдығынан басталады. Яғни бұл дегеніміз, қазіргі қазақтың ғылыми терминологиясының тұтас жүйе ретінде қалыптаса бастауы да дәл осы кезеңмен байланысты деген сөз.

Бұл істің басында кімдер тұрды дегенге келер болсақ, сол кезеңде қазақ тілінде алғашқы оқулықтар, оқу құралдары мен түрлі деңгейдегі ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер жазған А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Ж.Күдерин, С.Қожанұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, Н.Төрекұлұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ғ.Қараш, К.Жәленов, Т.Шонанұлы сияқты қазақ зиялыларының есімдері аталуға тиіс. Осы аталған авторлардың әрқайсысының қазақтың ғылым тілінің, салалық терминологияның қалыптасуына өзіндік үлестерін қосқандығы дау тудырмайды. Оған аттары аталған зиялылардың қазақ тілінде жазған еңбектерінде кездесетін ғылыми атаулар куә бола алады. Соған қарамастан, олардың арасынан А.Байтұрсынұлының есімін ерекше атаған орынды. Кезінде М.Әуезов, Е.Омарұлы, С.Сәдуақасұлы, М.Дулатұлы, С.Сейфуллин, Т.Шонанұлы сияқты қазақ зиялылары негізін қалаған ахметтану ілімі араға алпыс жылдан астам уақыт салып барып жалғасын тауып отыр. А.Байтұрсынұлы ақталғаннан бергі он бес-жиырма жыл уақыт ішінде ұлы тұлғаның соңына қалдырған еңбектері әртүрлі қырынан зерттеле бастады. Бұл істен тілші ғалымдар да шет қалмай, өз үлестерін қосып келеді. Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ө.Айтбаев, М.Жүсіпов, т.б. ғалымдардың жариялаған еңбектері соның дәлелі бола алады. А.Байтұрсынұлының ғылыми терминологияны қалыптастыруға қосқан үлесін ғалымның жекелеген немесе бір топ терминдердің ғана авторы емес, бірнеше ғылым саласының терминдер жүйесінің негізін қалағанын аңғаруға болады.

Ең алдымен, А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Кез келген ғылымды оқып білу, меңгеру немесе оны өзгелерге үйрету сол ғылым саласында қолданатын арнаулы ұғым атауларынсыз мүмкін емес. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалым ретінде А.Байтұрсынұлы осы ғылым саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған.

Ғылыми ұғымдарға ат қою оп-оңай жұмыс емес. Ол үлкен талғампаздықты, тілді шебер пайдалана білуді қажет ететін шығармашылық үдеріс. Онымен қоса, арнаулы

ұғымдарға ат қою кезінде ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет. Атаудың ықшам болуы, бірмағыналылығы және ұғым мазмұнын қамтуы тағы бар. Осындай талаптарды мүлтіксіз орындаудың қиындығы терминдерді ана тілінде жасаудан гөрі көп жағдайда оны ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған өзге тілдерден дайын қалпында ала салуға (яғни жасауға емес қабылдауға) мәжбүр ететін себептердің бірі. Бұл тұрғыдан келгенде, ғалым қазақ тілін термин шығармашылығында пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткен.

А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынборда жарық көрген «Оқу құралының» (қазақша әліппе) өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді ұшыратуға болады. Ал 1914-1915 жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл құрал» оқулықтарында (қазақ тілінің сарфы) әбден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты жүздеген терминдердің кездесетіні белгілі. Бұл терминдердің терминге қойылатын талаптарға жауап беретіндігін дәлелдеп жату артық, өйткені олар кезінде арнайы шеттетілгендігіне қарамастан уақыт сынынан өтіп, тұрақты қолданылатын дәрежеге жетті.

Мұнда ең басты атап айтатын нәрсе – А.Байтұрсынұлы бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл бір ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. Ғылымның дамуына орай ұғымдар жүйесінің ұлғайып отыруы табиғи құбылыс. Ахаң қалыптастырған терминдер жүйесі де қазақ тіл білімі дамыған сайын жаңа элементтермен толыға түсуде.

Ғалымның осындай тұтас терминдер жүйесін қалыптастыруы оның қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы екендігінің дәлелі бола алады. Белгілі әдебиеттанушы ғалым Р.Нұрғалиев өзінің «Алашординцы» атты кітабында «Книга А.Байтұрсынова «Тіл құрал» (Пособия по языку) содержит множество разделов, посвященных фонетике, морфологии, синтаксису и орфографии, заметим, каждый из этих терминов дан на казахском языке, автор, кроме того, воссоздал несуществовавшие до него понятия – такие, как «гласный звук», «согласный», «подлежащие», «сказуемое» и др. Ученый снабжает термины четкими, емкими и образными определениями, и в то же время, определения эти имеют строго научный характер» (С.19) деп жазады.

Әрине, «гласный звук», «согласный», «подлежащие», «сказуемое» сынды ұғымдар лингвистикада Ахаңа дейін де белгілі болған, алайда қазақ тіліндегі осы дыбыстар мен сөйлем құрылысының табиғатын анықтап, олардың қазақша баламалары мен анықтамаларын дәл де айқын бергенін академик ғалым өте орынды атап көрсетіп отыр.

А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің ғана емес, әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы ғұламалардың бірі. 1923 жылы ғалымның мерейтойына арналған мақаласында М.Әуезов «Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ахаңды өзінің басшысы деп санайды» (Әуезов М.О. Ақанның 50 жылдық тойы// «Ақ жол» газеті. 1923, 4-ақпан) деген болса, әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев оның «Әдебиет танытқышы» туралы айта келіп: «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» (Нұрғалиев Р.Алып бәйтерек//А.Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы, 1991. –12-13 бб.) деп әділ көрсетеді.

Сонымен, екіншіден, қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым осы ғылым саласының ғылыми терминологиясын да жасаған.

Терминделуші ұғымдарды дәл білдіретін жүздеген әдебиеттану терминдерін жасай отырып, ғалым олардың ғылыми терминге тән дефинициясын да (ғылыми анықтамасын) берген. Ол дегеніміз – ғылыми ұғымның, өзіне ғана тән белгілерін айқын көрсетумен қатар, олардың ұғымдар жүйесіндегі алатын орнын да көрсету деген сөз. Мысалы, «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады» (Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш// А.Байтұрсынов шығармалары. – Алматы, 1989. –192-б.)

Бұл мысалдан байқайтынымыз, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын (түр-тұрпатын – А. Б.) анықтаған, екіншіден, әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін анықтаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын) жасаған; төртіншіден, терминдердің жүйелілік ерекшелігін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (модель) сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелілік құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, айшықтың – шумақтан, шумақтың – тармақтан, тармақтың – бунақтан, ал бунақтың – буыннан құралатындығын сатылай көрсету арқылы ұғымның микрожүйесінің өзіндік табиғатын танытқан.

Бұдан ғалымның өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білумен бірге, оларды таңбалауда тілді өте шебер пайдалана алғандығы анық көрініп тұр. «Әдебиет танытқыштан» мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болады. Жеке ғылымдардың өзара байланысынан барып ұғымдар жүйесі құралатыны сияқты соларға сәйкес келетін жекелеген термин сөздердің жиынтығы терминдер жүйесін, яғни салалық терминологияны құрайды.

«Әдебиет танытқыштағы» ғалым қаламынан туындаған біртұтас жүйе құрайтын терминдер оның әдебиеттану ғылымының ғылыми терминологиясын қалыптастырғанын көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының ғылыми терминологиясын жасаумен бірге, қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде бұл салаға қатысты көптеген терминдерді жасаған. Олардың қатарына әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдіс, жалқылау-жалпылау әдіс сияқты терминдерді жатқызуға болады.

Бұлармен қоса Мұхтар Әуезов 1923 жылы ғалымның «Мәдениет тарихы» атты кітап жазып бітіргенін айтқан болатын. Ғылым, білім саласында қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюіне мақсатты түрде үлкен мән берген және термин шығармашылығында ұлт тілінің өз мүмкіндігін шебер қолдана білген ғалымның әлі баспа бетін көрмеген немесе кезінде жарияланып, қазір қолға түспей жүрген ондай еңбектері табылып жатса, олардың ішінде де көптеген терминдер мен жаңа қолданыстардың болатындығына еш күмәндануға болмайды. Сонымен, үшіншіден, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімі, әдебиеттану сияқты жеке ғылым салаларының ғылыми терминологиясының

негізін қалаумен бірге әдістеме, тарих және этнографияға, жалпы мәдениетке қатысты көптеген терминдер жасаған ғалым.

Ғалымның термин шығармашылығындағы қызметінің бір ғана ғылым саласымен шектелмейтіндігі оның жалпы қазақ терминологиясын қалыптастырудағы орнының айрықша екендігін көрсетеді. Алайда А.Байтұрсынұлының қазақ терминологиясының қалыптасуына қосқан үлесі бұлармен ғана бітпейді. Оның Қазақстан ғылымын ұйымдастырушылардың бірі ғана емес, солардың ішіндегі аса ірісі, бірегейі екендігін дәлелдейтін деректер ғалым мұрасына тереңірек үңілген сайын табыла береді.

Ендігі бір айрықша атап айтуды қажет ететін мәселе – ғалымның терминжасамның тәсілдері мен жолдарын анықтап бергендігі. Яғни төртіншіден, А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, оларды өзінің терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым.

Терминжасам тәсілдерінің аражігі ашылып, олардың термин шығармашылығында іске қосылуын қазақ тілі грамматикасының (сарфы) жазылуымен тікелей байланыста қарастырған жөн. Бүгінгі терминжасам тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне қарамастан, ол негізінен қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерінің құрамына енеді.

А.Байтұрсынұлының қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс, т.б. осылар сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, - бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа, ұсынба, сұқтаным, азаптаным, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған. Бұл аталған терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалану арқылы (дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз, т.б.) жасалғандығы аңғарылып тұр. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады.

Г.Ц.Пюрбеев «Калькалау арқылы термин жасау өте күрделі мәселе. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілдегі сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек» (Пюрбеев Г.Ц. Современная монгольская терминология. –М., 1984. – Стр.101.) деген болатын.

А.Байтұрсынұлы жоғарыдағы терминдердің орыс тіліндегі аталған қасиеттерін жақсы білумен бірге, қазақ тілінің өз материалын ұтымды пайдалана отырып, сәтті терминдер жасаған. Көрсетілген терминдердің қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қатарынан берік орын алып, күні бүгінге дейін өзгеріссіз қолданылып әбден қалыптасып кеткендігі олардың сәтті жасалғандығының айқын дәлелі бола алады.

Ғалым еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін андау, ауыстыру, әсірелеу, әсерлеу, байымдау, бейнелеу, бүкпелеу, дамыту, кейіптеу, көріктеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру сияқты әдебиеттану терминдері мен демеу, жалғау, үстеу, шылау тәрізді тіл білімі терминдерін көптеп кездестіруге болады. Заттық ұғым

мен процестік ұғымды ұштастырып тұратын мұндай терминдерді жасау Ахаңнан бастау алып, бүгінгі қазақ терминологиясындағы термин жасаудың өнімді бір үлгісіне айналғанын аңғарамыз. Бұл терминдердің қайсыбірі (мысалы, ауыстыру, теңеу, т.б.) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған болса, кейбіреулері (мысалы, лептеу, ойламалдау, т.б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне – у жұрнағын жалғау жолымен жасалынған.

Терминделуші ұғым мен терминденуші сөзді сәйкестендіру үшін ұғымдар жүйесіне де, терминдер жүйесіне де бірдей мән беру термин жасаушыға аса қажет. А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің түгелге жуық сәтті шығуының сыры – оның нағыз терминші ретінде терминге лексикология тұрғысынан да, концептология тұрғысынан да қарай білуінде жатса керек.

Кезінде А.Байтұрсынұлы пуристік бағыт ұстады деп, ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгені белгілі. Соған қарамастан, Ахаң жасаған терминдердің көпшілігі өзінің өміршеңдігін танытып келеді. Ал арнайы шеттетілген терминдердің арасында бүгінде қайтадан қажетімізге жарайтындары аз емес.

Әдебиетші ғалым Р.Нұрғалиев Ахаңның еңбегіне жазған алғысөзінде «сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап саралауға мүмкіндік беретін сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр» (Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек//А.Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы, 1991. -13-б.) дейді.

Шындығында да А.Байтұрсынұлы жасаған ондай терминдерді құнттап қолдана білсек, талай терминдеріміз қазақы қалпына түскен болар еді. Белгілі тілші ғалым Р.Сыздықованың: «...жалпы мәдениетке, тарихқа қатысты элеуметтік терминдердің де көпшілігі А.Байтұрсынұлы қаламынан туып, қазір авторы ұмытылып, жалпы халықтық кәнігі сөздер болып кеткендігін де айту керек» (Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов//Тіл тағылымы. –Алматы, 1992. -33-б.) деген пікірі назар аударарды.

А.Байтұрсынұлының термин жасауда ұстанған бағыты мен оның қаламынан туған басы ашық терминдері-ақ Ахаңның қазақ терминологиясының негізін қалаушы және ғасыр басындағы бүкіл ғылыми ой-сананың қалыптасуына ықпал ете білген зор тұлға екенін дәлелдей алады. Алайда оның қаламынан туған терминдер мен сөздер мүмкіндігінше анықталып жатса, тарихи әділеттілік болмақ. Сондықтан ғалым мұрасын зерттеушілердің оны естен шығармағаны абзал.

Өзіміз қазақ тілі бай тіл деп дәлелдегенімізбен, іс жүзінде сол байлықты А.Байтұрсынұлдары мен оның замандастары тәрізді шебер пайдалана алмауымыздан, термин жасау ісінде тіліміздің мүмкіндігін сарқа пайдалануға дағдыланбағандығымыздан және әлі де кешегі кеңестік терминжасау қағидаттарынан шыға алмай отырғандығымыздан да термин жасау ісі өз бағытын анықтап, жүйелі даму жолына түсе алмай отыр. Қазіргі ғалымдарымыз бен салалық мамандарымыздың бәрі бірдей ғасыр басындағы қазақ зиялылары сияқты ана тілін жетік білмейтіндігі, сондықтан да оны термин шығармашылығында пайдалану мүмкіндігінің төмендігі тағы бар.

Бесіншіден, А.Байтұрсынұлы жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей әсер еткен айрықша тұлға.

А.Байтұрсынұлы «Тіл құрал». Орынбор, 1914, 1915...	С.Қожанұлы «Есептану құралы» Ташкент, 1924	Ж.Күдерин «Өсімдіктану». Москва, 1927.	Е.Омарұлы «Пішіндеме» (геометрия) Қызылорда, 1928
Сызықша, есімше, көсемше	Жақша	Сабақша, тұқымша, қайықша, тостағанша, т.б.	Текше, тікше, қиықша
Сұраулық, етістік, жалғаулық, есімдік	Құралғыштық, барабарлық, бөлінгіштік	Тұқымдық, аналық, аталық	өлшемдік, құрылымдастық, ұқсастық
Бастауыш, баяндауыш, анықтауыш пысықтауыш, толықтауыш, т.б.	өлшеуіш	қаптауыш	өлшеуіш
Оралым	Айырым, алым, бөлім	Бітім	

Ғалымның терминжасам тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының терминологиясын, өзге арнаулы салаларға қатысты терминдер жасауы – ғасыр басындағы өзге ғылым салалары бойынша оқулықтар мен түрлі ғылыми еңбектер жазған авторларға таптырмайтын үлгі болды. Бұл пікіріміздің негізсіз емес екендігіне А.Байтұрсынұлынан кейін әртүрлі ғылым салалары бойынша еңбектер жазған қазақ зиялыларының жасаған терминдері дәлел бола алады. Оны төмендегі кесте арқылы көрсетуге болады.

Бұл кесте арқылы біз кейінгі оқулықтар жазған авторлардың А.Байтұрсынұлының кейбір термин жасау үлгілерін (модельдерін) қалай пайдаланғанын немесе ұлт тілінде бұрыннан бар тұлғалас сөздерді терминдік мағынада жұмсағандығы арқылы олардың арасындағы сабақтастықты көрсетуге тырыстық.

Осы деректердің өзі ғалымның тіл білімпазы ретінде қазақ тілінде термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, ғасыр басындағы термин жасау ісіне тікелей ықпал еткен зор тұлға екенін анық аңғартады.

Мұндай мысалдарды әлі де келтіруге болады. Мысалы, А.Байтұрсынұлының қаламынан туындаған тұрлаусыз мүше, тұрлаулы мүше, одағай сөз, сабақтас сөйлем терминдері Е.Омарұлының көрсетілген оқулығындағы тұрлаусыз шама, тұрлаулы шама, одағай сан, сабақтас пішін терминдерінің жасалуына себеп болғандығына да дау айту қиын ғой деп ойлаймыз. Ал мәселенің екінші қырынан қарағанда, мұны ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қанаттасып, қатар қызмет еткен қазақ тіл білімінің қос ғұламасының термин жасау ісіндегі шығармашылық сабақтастығының көрінісі деп тануға да негіз бар. Алтыншыдан, А.Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы, ол Е.Омарұлы екеуі қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми қағидаттарын белгілеушілер. 1924 жылы маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезі» болып, онда терминологияны қалыптастырудың қағидаттары съезд қаулысымен ресми бекітілді. Араға екі жылдай уақыт салып, 1926 жылы Бакуде өткен «Түрікшілердің 1-інші құрылтайында» жасаған баяндамасында А.Байтұрсынұлы қатынасушыларға осы қағидаттарды таныстыра отырып, өзге түркілерге де ғылыми терминологияны қалыптастыруда қазақ білімпаздары жасаған осы қағидаттарды басшылыққа алуды ұсынды. Бұл жерде А.Байтұрсынұлының терминологияны дамытудағы жетекшілік қызметінің

тағы бір қыры көрініс береді. Ол – ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастырудың бағыт-бағдарын көрсетумен шектелмегендігі.

Сонымен жетіншіден, Ахаң қазақ оқығандары жасап, ресми бекіткен терминология қағидаттарын бүкіл түркі халықтарына ұсына отырып, түбі бір туыстас тілдердің терминологиялық қорының ортақтық сипатын арттыруды көздеген кең тынысты

түрколог

ғалым.

Ол қазақ өз баяндамасында қазақ білімпаздары жасаған қағидаттарды түркология съезіне қатысушыларға таныстыра келіп, өз ойын былай түйіндейді: «Этим путем каждый из нас, разгрузив свой язык от балласта чужих слов и отчистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массе и другим тюркским народностям» (Байтұрсынов А. Шығармалар. – Алматы, 1989. –141-б.).

Бұдан ғұлама ғалымның қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаумен қатар, бүкіл түркі халықтары терминологиясының дамуына көңіл аударып, термин жасауда ортақ қағидаттар ұстану арқылы туыстас халықтардың өзара тілдік, ғылыми және рухани-мәдени байланыстарының тереңдей түсуін көздегенін көруге болады. Сонымен қатар қазақ оқығандарының өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарындағы ғылыми-ағартушылық саладағы жетекшілік рөлін, ықпалын, ұлттық және түркілік терминқор жасау, ғылым тілін қалыптастыру мәселелерінде туыстас халықтардан біршама озық тұрғанын да аңғаруға болады.


А.Байтұрсынұлы жасаған терминдердің өміршеңдік танытуының сыры неде деген сұраққа жауап іздесек, ол ең алдымен ұғымға атау беруге ұлттық таным тұрғысынан келген. Сондықтан оны қазақ қауымы алғашқыда аздап жатсынғанмен, тез қабылдап, санасына сіңіре алған. Екіншіден, сол кездегі Ахаңның зиялылар арасындағы зор беделі мен тіл саласындағы бірегей ірі оқымысты ретінде мойындалуы да оның жасаған терминдерінің шығармашыл қауым тарапынан талқысыз қабылдануына себеп болды. Онымен иықтас тұрып, ой жарыстырып, пікір таластырып, өз терминдерін ұсына қоятын тіл мамандары қалыптаса қоймап еді. Оның маңайындағы тіл мәселелеріне жетік деген Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрехұлұлы сынды Алаш білімпаздарының да ғалым пікіріне құрметпен қарағаны байқалады. Үшіншіден, ол қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтарды, байырғы лексикалық қорды, жалпы алғанда, сөз тудыру тәсілдерін өте ұтымды, шебер пайдалана білген. Тілдік нормаларға сай, айтуға ыңғайлы, естуге жағымды, көңілге қонымды, бір сөзбен айтқанда, қолдануға қолайлы атаулар жасай білгендіктен, оның қаламынан туындаған терминдері уақыт сынына төтеп беріп, ұрпақтан-ұрпаққа қызмет етіп келеді.

Ахаң бастаған Алаш зиялылары тарапынан алғаш рет терминологияны дамытудың бағдары белгіленді. Терминологияға қатысты айтқанда отыз-қырық жылды дей алмасақ та, жиырма жылдай уақытты, дәлірек келгенде, 1910-1930 жылдар аралығын «қазақ терминологиясы дамуының Байтұрсынұлы кезеңі» деуге толық негіз бар. Өйткені ғасыр басынан 30-жылдарға дейінгі қазақ терминологиясының дамуы Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланысты. Өйткені ол өзі жүздеген терминдер жасап, оларды қолданысқа енгізіп, ұлт тілінде термин жасаудың үлгісін көрсетті. Осы аталған уақыт аралығында қазақтың ғылым тілінің, ұлттық терминологиялық қорының қалыптасуына Ахаңның өзі тікелей басшылық етті. Ал «Байтұрсынов дәуірі», «Байтұрсынов ғасыры» дегенге келсек, терминологияға қатысты тұтас дәуірді, ғасырды А.Байтұрсынұлы есімімен байланыстыра қарасақ, онымыз тарихи шындықпен қабыса қоймайды. Себебі Ахаң терминология мәселелерімен 10-жылдардың орта тұсынан бастап, жиырмамыншы

жылдардың аяғына дейін он бес жылдай белсенді айналысты. 30-жылдардың бастапқы жылдарына дейін ол бастаған іс жалғасын тауып отырды. Сол себепті біз қазақ терминологиясының XX ғасыр басындағы 10-15 жылдық мерзімді «А.Байтұрсынұлы кезеңі» деп атаған орынды деп санаймыз. «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадірінше жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап, сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді» (Байтұрсынов А. Шығармалар. –Алматы, 1989. –141-б.) деп, тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ұлы тұлғаның қазақтың ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы еңбегі ұшан-теңіз.

Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист-ғалым М.В.Ломоносовты «орыс ғылыми терминологиясының атасы» (Даниленко В.П., Канделаки Т.Л. Русская терминология// Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. М., 1986. –стр.182.) дейтін болса, Қазақстан ғылымының тарихындағы ондай орынды ұлтымыздың бағына туған перзенті аса көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынұлы иеленіп тұр.

Жағдаяттық тапсырма



Сіз той жасамақ болдыңыз делік. Мына дүкенге келдіңіз, жарнамасына зер салдыңыз. Көзге ұрып тұрған тілдік қателіктерді байқадыңыз ба? Байқасаңыз, тілдік(терминологиялық) нормаға сәйкес етіп жазып, дүкен иесіне беріп кетесіз.

Әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
4. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.
5. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. -227 б.
6. Исақова С.С. Қазақ терминтанымының когнитивтік-прагматикалық аспектісі. А., 2007

15-тақырып. Термин және бұқаралық ақпарат құралдары

1. Термин және бұқаралық ақпарат құралдары

Тапсырмалар:

1. Тақырып бойынша мәнжазба дайындаңыз, оны қорғаңыз (10 бет, А4 формат).
2. Тақырыпқа қатысты ғылыми мақала тауып, оны талдаңыз.

Жағдаяттық тапсырма



«Визитка», «Значок», «Футболка» сөздерінің аудармасы не себепті қағаз бетіне ілінбеген деп ойлайсыз? Әлде, қазақша баламасы жоқ па? Және, *тарелке* сөзі неге қате жазылған? Сіз осы дүкеннің иесісіз, жауап беріңіз.

Жағдаяттық сұрақ

Төл терминологиямызды қалыптастырудағы қазіргі қазақ баспасөзінің рөлі қаншалықты? Ғалымдардың пікірін келтіре отырып, өз ойыңызды қосыңыз.

Әдебиеттер

1. Скворцов Л.И. Терминология и культура речи (Заметки языковеда) // Исследования по русской терминологии. - М.: Наука, 1971. - С. 218-230.
2. Уәлиұлы Н. Терминология және тілдік норма // Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Жинақ: Астана, 2004. – 76 б.
3. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. –Алматы, 1997. -272 б.
4. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. доктор.... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 49 б.
5. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. –Астана: Елорда, 2001. –230 б.
6. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫ

№1 СӨЖ

Терминтаным салалары мен сипаты

1. Терминтаным және оның салалары
2. Терминологиялық лексика, әдеби тіл, жалпыхалықтық тіл

№ 1 жағдаяттық тапсырма

Берік Қытайға жол жүрмекші болып, құжаттарын ресімдеуге теміржол вокзалына келді. Вокзал қызметшісі Берікке:

- Саламатсыз ба?! Сіз қандай шаруамен келдіңіз? Құжат ресімдейсіз бе?
- Иә, мен Қытайға іссапармен жүретін едім. Бұрыштама жасатайын деп едім.
- Кешіріңіз, бұрыштама дегеніңізді түсінбедім.
- Виза ғой..Виза.. Алайын деп ем.
- Әлбетте, рұқсатнама жасаймыз. Төлқұжатыңызды бере қойыңыз.

Сұрақ: Берік пен вокзал қызметшісінің арасындағы түсініспеушіліктің себебі неде? Ара жігін ажыратыңыз.

№2 СӨЖ

Термин және терминология

1. Термин, түрлері және оған қойылатын талаптар
2. Терминологиялық сөздіктер, түрлері

№ 2 жағдаяттық тапсырма

Данияр мен Жазира театрда көрініс қарап отыр еді. Жазира Даниярға:

- Самалдыққа шығып отыруымыз керек еді, - деді. Данияр оған:
- Бұнда үйдікіндей самал еспейді ғой. «Қылтима» десейші одан да, - деп, қатесін дұрыстағысы келді.

Сұрақ: Даниярдың Жазираның сөзін бұлайша дұрыстауын қалай түсіндіресіз? Дәлелденіз.

№3 СӨЖ

Жалпы тіл білімі мен түркологиядағы термин зерттеудің жайы

1. Жалпы тіл білімі мен түркологиядағы термин зерттеудің жайы
2. Қазақ тіл біліміндегі термин мәселесінің зерттелуі **№ 3 жағдаяттық тапсырма.**

Дәріскер қолданбалы терминтаным жайында дәріс оқып тұрған кезде, бір студент оның сөзін бөліп:

- Оқытушы, қолданбалы терминтаным мен қолданбалы лингвистиканың бір-біріне қатынасы бар ма,-деп сұрады.

Сұрақ: Оқытушы студентке қалай деп жауап берер еді?

№4 СӨЖ

Қазақ терминологиясының лексикалық құрамы

1. Қазақ терминологиясының лексикалық құрамы
2. Қазақтың байырғы сөздері негізінде қалыптасқан терминдер

№ 4 жағдаяттық тапсырма



Ламинаттау – Ламинациялау – Ламинанттау

«Ламинирование» терминінің қазақша жазылуында неге ала-құлалық байқалады? Қайсысы терминологиялық нормаға сай келеді? Сөздікпен жұмыс жасап, ара жігін ажыратыңыз.

№5 СӨЖ

Аударма және терминология

1. Аударма және терминология
2. Аударма ғылымының қалыптасуы және оның терминге қатысы **№ 5 жағдаяттық тапсырма**



Қарындары ашып, самса жеп алғысы келген Нұргүл мен Гүлайым дүкен сыртындағы мына жазуды көріп, аз болса да аң-таң болды. Бір-біріне қарап, жымыып: «Самса» сөзі осылай ма қазақша?» деп таңырқаса сұрасты.

Сұрақ: Қыздар үшін бұл неге соншалықты жаңалық болды? «Самса» сөзі шынымен осылай аударылған ба?

№6 СӨЖ

Термин жасаудың негізгі тәсілдері

1. Термин жасаудың семантикалық тәсілі
2. Терминнің аударылуы

№ 6 жағдаяттық тапсырма



Кіріме терминдерге жалғаулар мен жұрнақтар қалай жалғануы керек?
Жарнама бетіндегі терминдердің жазылуы тілдік нормаға сай ма?

№7 СӨЖ

Терминнің қолданылуы

1. Терминдердің ғылыми еңбектерде қолданылуы
2. Терминдердің публицистикада қолданылуы

№ 7 жағдаяттық тапсырма.

Аманша мен Жанаргүл анасына сыйлық жасамақ болып, құрылыс заттары дүкендерін аралап жүрді. Тосынсый ретінде анасының жатын бөлмесіне қызғылт түсті «обои» сатып алғылары келіп, аяқтарын шаршатты. Бір кезде Аманша Жанаргүлге қарап: -Мыналары несі? Бір жерде «тұсқағаз» деп, екінші орында «тұсқағаз» деп жазылып тұр. «Обои» деп қоя салмай ма, әр жаққа алуан түрлі жазғанша, - деді. Жанаргүл де басын изеді.

Сұрақ: Терминнің түрліше жазылуын қалайша түсіндіресіз? Дәлелдеңіз. Қыздардың ойымен келісесіз бе?

№8 СӨЖ

Қазақ терминологиясындағы терминдену және бейтерминдену үдерістері

1. Қазақ терминологиясындағы терминдену және бейтерминдену үрдістері
2. Терминологиялық өріс

№ 8 жағдаяттық тапсырма




«Овоци и фрукты» сөзінің қазақша баламасының жазылуы дұрыс па және екі сөздің де мағынасын дәл бере алып тұр ма? Дәйектеңіз.

№9 СӨЖ

Терминнің прагматикасы

1. Терминнің прагматикасы
2. Мемтерминком және термин қалыптастыру мәселесі

№ 9 жағдаяттық тапсырма



Медицина терминдерінің нормаға сай жазылуы мен аударылуына мән беріңіз. Қателіктері болса, түзетіңіз.

№10 СӨЖ

Халықаралық терминдер

1. Халықаралық терминдер мәселесінің зерттелуі

2. Халықаралық терминдер дегеніміз не?

№ 10 жағдаяттық тапсырма



Бұл жарнама бетіндегі тұтас мәтіннің семантикасы(мағынасы) дұрыс құрылған ба және сөздердің аудармасында сәйкессіздіктер орын алған ба?

№11 СӨЖ

Төл терминдер

- 1.Төл терминдердің жасалу жолдары
- 2.Төл және кірме терминдер мәселесі

№ 11 жағдаяттық тапсырма

«Қолданбалы терминология мәселелері» сабағында студенттер пікірталасында «термин» сөзіне байланысты екіжақты көзқарас орын алды. Біреулері бұл сөзді сол күйі аударусыз қалдыру керек десе, екіншілері бұл терминнің міндетті түрде қазақша баламасын табу керек деген пікір айтты.

Тапсырма: «Терминнің» қазақша баламасын берген қазақ зиялыларының нұсқаларын салыстыра, сабақтастыра отырып, өз тарапыңыздан ғылыми көзқарас білдіріңіз.

№12 СӨЖ

Терминдердің көркем әдебиетте қолданылуы

- 1.Термин және көркем әдебиет
- 2.Терминнің анықтамасы (дефинициясы)

№ 12 жағдаяттық тапсырма



«Джокер – бар, проблем – жоқ» жарнама слоганында жіберілген тілдік (аудармалық) қателіктер бар ма? Сіз осы кәсіптің басшысы болсаңыз, тілдік (терминологиялық)

нормаға сай қалай жазған болар едіңіз? Бекітілген терминдер сөздігімен жұмыс жасаңыз.

№13 СӨЖ

Терминдердің жарнама тілінде қолданылуы

1. Термин және жарнама тілі
2. Терминнің танымдық табиғаты

№ 13 жағдаяттық тапсырма



«Полик» пен «чехол» сөздерінің аудармалары жоқ па? Жарнама бетіндегі тіл шұбарлануының себебі неде деп ойлайсыз? Халықтың термин шығармашылығына деген көзқарасын өзгертуге ұсыныстарыңызды жазыңыз.

№14 СӨЖ

Термин дамуының ғылыми қағидаттары (принциптері)

1. Қазақ терминологиясы тарихындағы ғылыми қағидаттар

№ 14 жағдаяттық тапсырма



Түркі тілдес халықтарға арналған жалпы терминқор қалыптастыру керек деген құнды пікір соңғы кезде көп айтылып жүр. Осы ойды қолдайсыз ба? Бұл мәселе жүзеге асса, түркі тілдерінің әлемдік мәртебесі қалай болмақ? Өз пікіріңізді ғылыми тұрғыдан дәйектеңіз.

№15 СӨЖ

Термин және тіл мәдениеті

1. Термин және тіл мәдениеті

№ 15 жағдаяттық тапсырма

Сіз осы уақытта пікірталасқа қатысып отырсыз делік. Терминология ғылымын «**терминология**», иә болмаса «**терминтаным**» деп атау керек деген көзқараспен топ екіге бөлінеді. Сіз сол топтардың қайсысына жақтасар едіңіз? Ойыңызды жазбаша өрбітіңіз.

БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ

«Қолданбалы терминология» пәнінен емтихан сұрақтары

1. Қолданбалы терминология мәселелері
2. Термин, терминология және терминге қойылатын талаптар
3. Терминологиялық нормалану үдерісі
4. Терминологиялық норманың өлшемдері
5. Терминологияны реттеу теориясының құрылымы. Метатілі
6. Терминдерді біріздендіру
7. Терминдік жүйені стандарттау
8. Терминологияны нормалаудағы терминшінің рөлі
9. Терминология және тіл саясаты
10. Термин жасау тарихы мен дәстүрі
11. Термин және термин еместің лексикалық құрылысындағы ұқсастық пен айырмашылық
12. Термин жасаудағы жаңа үрдіс
13. Термин туралы ғылыми-теориялық көзқарастар
14. Терминдік жүйені реттеудегі халықаралық терминдер мәселесі
15. Терминнің практикалық мәні.
16. «Қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану керек» деген пікірдің авторы кім?
17. Терминжасамның негізгі көзі?
18. Қытай тілінің терминологиясын зерттеген ғалым?
19. Терминжасамдағы ең өнімді сөз табы?
20. Терминқор қалыптастырудың негізгі көзі?
21. Егеменді (суверенитет) термині қандай лексикалық қабат негізінде терминделген?
22. Терминнің формасы мен мазмұн бірлігіне қай уақытта қол жеткізуге болады?
23. Ұғымның сыртқы формасының ұқсастығы негізінде терминделген термин?
24. Терминдену дегеніміз-сөздің лексикалық мағынасын киіп, оған дефиницияны таңып беру деген пікірдің авторы кім?
25. Терминжасамның сыртқы көзін көрсетіңіз?
26. Транстерминологизация?
27. Кәмөнес (коммунист) бәлшебек (большевик) терминдері термин шығармашылығының қай кезеңіне тән?
28. Орыс сөздерін ұлттар тілдерінде орыс орфографиясымен жазуды «маршылдықтың бір солақайлығы» деп бағалаған ғалым?
29. Жиырмамыншы жылдың бас кезіндегі қазақ оқығандары өзге тілден қабылданған сөздерді қалай атайды?
30. 90-шы жылдардан бері қарай халықаралық терминдер туралы ерекше пікірлер айтқан ғалымдар?
31. «Термин қандай болуы қажет?» мақаласының авторы кім?
32. Ұлттық терминқорды құраушы көздер?
33. LSP?
34. «Жат сөздер жағадан ала бермесін» мақаласының авторы кім?

35. Ұлттық терминдерді құрудың ішкі көздерін көрсетіңіз?
36. Терминнің бірмағыналылығы?
37. Терминдік жұмыстар қатарын көрсетіңіз?
38. Әр түрлі ұлттық тілдердегі терминдермен аталатын ғылыми техникалық ұғымдардың сәйкес келуі?
39. Әр ұғым үшін бір ғана терминді таңдап, оны арнайы құжаттарға бекіту?
40. Терминдердің белгілейтін ұғымдарына мүмкіндігінше толық сәйкес келуін іздеуге бағытталған мамандардың бірлескен жұмысы?
41. «Терминді біріздендіру мен стандарттау туралы айта отырып, дәлме-дәл мағынасында стандарттаудың қол жетуі қиын мақсат екенін, оның өзінше бір идеал екендігін атап көрсету қажет» деген пікірдің авторы?
42. Мемтерминком қандай орган?
43. Тілші терминолог ғалымдар терминологияны біріздендірудің неше сатысын атап көрсетіп жүр?
44. Тілдегі сөздердің жалпы үрдісі –сөзжасамдағы жүйелілік –терминдерде бұл үрдіс айрықша айқын байқалады деген пікірдің авторы кім?
45. Ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғым атауы болып табылатын арнайы қолданыстағы анықтамасы бар сөз немесе сөз тіркесі?
46. Терминнің дыбысталуы айтуға қолайсыздық тұғызбай, естуге жағымды болуы?

«ҚОЛДАНБАЛЫ ТЕРМИНОЛОГИЯ» ПӘНІНЕН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. «Қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану керек» деген пікірдің авторы кім?
 - А. Байтұрсынов А.
 - В. Қайдар Ә.
 - С. Қалиұлы Б.
 - Д. Айтбаев Ө.
 - Е. Құрманбайұлы Ш.
2. Терминжасамның негізгі көзі?
 - А. Кірме сөздер
 - В. Халықаралық сөздер
 - С. Төл сөздер
 - Д. Варваризмдер
 - Е. Барлық жауап дұрыс
3. Қытай тілінің терминологиясын зерттеген ғалым?
 - А. Кутина Л.Л.
 - В. Олвики Л.
 - С. Ошанин И.М.
 - Д. Даниленко В.П.
 - Е. Сауранбаев Н.
4. Терминжасамдағы ең өнімді сөз табы?
 - А. Сын есім
 - В. Етістік
 - С. Зат есім
 - Д. Сан есім
 - Е. Есімдік
5. Терминқор қалыптастырудың негізгі көзі?
 - А. Халықаралық лексика
 - В. Кірме сөздер
 - С. Жалпы қолданыстағы лексика
 - Д. Варваризмдер
 - Е. Сөздік құрам
6. Егеменді (суверенитет) термині қандай лексикалық қабат негізінде терминделген?
 - А. Жалпы қолданыстағы лексика
 - В. Аймақтық лексика
 - С. Көнерген сөздер
 - Д. Кәсіби сөздер
 - Е. Кітаби лексика
7. Терминнің формасы мен мазмұн бірлігіне қай уақытта қол жеткізуге болады?
 - А. Ұғым мен мағынаны білгенде
 - В. Ана тілін жетік білгенде
 - С. Ұғым мен сол ұғымға атау беретін тілді жақсы білгенде
 - Д. Шет тілін жетік меңгергенде
 - Е. Терминнің теориясын жақсы білгенде
8. Ұғымның сыртқы формасының ұқсастығы негізінде терминделген термин?

- А. Қалта
- В. Сауыт
- С. Шырай
- Д. Алқа
- Е. Үрдіс

9. Терминдену дегеніміз - сөздің лексикалық мағынасын киіп, оған дефиницияны таңып беру деген пікірдің авторы кім?

- А. Байтұрсынов А.
- В. Володина М.Н.
- С. Капаназе Л.А.
- Д. Толикина Е.Н.
- Е. Құрманбайұлы Ш.

10. Терминжасамның сыртқы көзін көрсетіңіз?

- А. Көнерген сөздер
- В. Жалпы сөздер
- С. Неологизм
- Д. Кірме сөздер
- Е. Төл сөздер

11. Транстерминологизация?

- А. Екінші терминдену
- В. Ішкі терминдену
- С. Терминжасам
- Д. Терминқор
- Е. Терминдену

12. Кәмөнес (коммунист) термині термин шығармашылығының қай кезеңіне тән?

- А. 1990-2000 жж
- В. 2000-2012жж
- С. 1910-30жж
- Д. 1930-1990 жж
- Е. 1950-2010жж

13. Орыс сөздерін ұлттар тілдерінде орыс орфографиясымен жазуды «маршылдықтың бір солақайлығы» деп бағалаған ғалым?

- А. Мещанинов И.
- В. Сердюченко Г.
- С. Мординов А.
- Д. Байтұрсынов А.
- Е. Құрманбайұлы Ш.

14. Жиырманасыншы жылдың бас кезіндегі қазақ оқығандары өзге тілден қабылданған сөздерді қалай атайды?

- А. Жат сөздер
- В. Бөгде сөздер
- С. Кірме сөздер.
- Д. Бұратана сөздер
- Е. Барлық жауап дұрыс

15. 90-шы жылдардан бері қарай халықаралық терминдер туралы ерекше пікірлер айтқан ғалымдар?

- А. Қайдар Ә.
 - В. Байтұрсынов А.
 - С. Құрманбайұлы Ш.
 - Д. Қайдар Ә., Қалиұлы Б., Жүнісбек Ә.
 - Е. Қайдар Ә., Байтұрсынұлы А., Қалиұлы Б.
16. «Термин қандай болуы қажет?» мақаласының авторы кім?
- А. Даниленко В.П
 - В. Гречко В.А.
 - С. Қалиұлы Б.
 - Д. Құрманбайұлы Ш.
 - Е. Байтұрсынұлы А.
17. Ұлттық терминкорды құраушы көздер?
- А. Ұлттық тіл
 - В. Өзге тілдер
 - С. Көнерген сөздер
 - Д. Жаңа сөздер
 - Е. Барлығы дұрыс
18. LSP?
- А. Халықаралық лексика
 - В. Ұлттық тіл
 - С. Арнаулы мақсаттар тілі
 - Д. Арнаулы сала терминдері
 - Е. Арнаулы сөздер
19. «Жат сөздер жағадан ала бермесін» мақаласының авторы кім?
- А. Айтбайұлы Ө.
 - В. Құрманбайұлы Ш.
 - С. Қалиұлы Б.
 - Д. Ақаев С.
 - Е. Біләлов Ш.
20. Ұлттық терминдерді құрудың ішкі көздерін көрсетіңіз?
- А. Жалпы қолданыстағы лексика
 - В. Көнерген сөздер
 - С. Аймақтық лексика
 - Д. Кәсіби лексика
 - Е. Барлық жауап дұрыс
21. Терминнің бірмағыналылығы?
- А. Терминнің естуге жағымды болуы
 - В. Бір арнаулы сала ішінде бір мағынаны білдіруі
 - С. Ұғымның мазмұнының қамтылуы
 - Д. Терминнің қысқы болуы
 - Е. Туынды сөз жасауға қолайлы болуы
22. Терминдік жұмыстар қатарын көрсетіңіз?
- А. Біріздендіру
 - В. Стандарттау
 - С. Реттеу
 - Д. Жетілдіру
 - Е. Барлық жауап дұрыс

23. Әр түрлі ұлттық тілдердегі терминдермен аталатын ғылыми және техникалық ұғымдардың сәйкес келуі?

- А. Реттеу
- В. Стандарттау
- С. Біріздендіру
- Д. Жүйелеу
- Е. Нормалау

24. Әр ұғым үшін бір ғана терминді таңдап, оны арнайы құжаттарға бекіту?

- А. Біріздендіру
- В. Нормалау
- С. Жүйелеу
- Д. Стандарттау
- Е. Реттеу

25. Терминдердің белгілейтін ұғымдарына мүмкіндігінше толық сәйкес келуін іздеуге бағытталған мамандардың бірлескен жұмысы?

- А. Нормалау
- В. Жүйелеу
- С. Реттеу
- Д. Стандарттау
- Е. Жетілдіру

26. «Терминді біріздендіру мен стандарттау туралы айта отырып, дәлме-дәл мағынасында стандарттаудың қол жетуі қиын мақсат екенін, оның өзінше бір идеал екендігін атап көрсету қажет» деген пікірдің авторы?

- А. Суперанская А.В.
- В. Подольская Н.В.
- С. Васильева Н.В.
- Д. Котов. Р.Г.
- Е. Айтбайұлы Ө.

27. Мемтерминком қандай орган?

- А. Көмекші орган
- В. Арнайы мекеме
- С. Кеңесші орган
- Д. Өкілетті орган
- Е. Ресми орган

28. Тілші терминолог ғалымдар терминологияны біріздендірудің неше сатысын атап көрсетіп жүр?

- А. Төрт
- В. Бес
- С. Еш
- Д. Екі
- Е. Бір

29. Тілдегі сөздердің жалпы үрдісі – сөзжасамдағы жүйелілік – терминдерде бұл үрдіс айрықша айқын байқалады деген пікірдің авторы кім?

- А. Капанадзе Л. А.
- В. Реформатский А. А.
- С. Суперанская А. В.
- Д. Головин Б.Н.
- Е. Даниленко В.П.

30. Ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғым атауы болып табылатын арнайы қолданыстағы анықтамасы бар сөз немесе сөз тіркесі?
- А. Ұғым
 - В. Түсінік
 - С. Термин
 - Д. Сөз
 - Е. Лексика
31. Терминнің дыбысталуы айтуға қолайсыздық тұғызбай, естуге жағымды болуы?
- А. Бірмағыналылық
 - В. Дәлдік
 - С. Эстетикалық талап
 - Д. Қысқалық
 - Е. Сөз жасауға қолайлы болу
32. Бәлшебек (большевик) термині термин шығармашылығының қай кезеңіне тән?
- А. 1990-2000 жж
 - В. 2000-2012 жж
 - С. 1910-30 жж
 - Д. 1930-1990 жж
 - Е. 1950-2010 жж
33. «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» (Алматы, Ана тілі, 1998) еңбегінің авторы кім?
- А. Айтбайұлы Ө.
 - В. Қайдар Ә.
 - С. Тілеуқабылұлы Ө.
 - Д. Құрманбайұлы Ш.
 - Е. Жұбанов Қ.
34. Ш. Құрманбайұлы : «... Ғылым мен техниканың дамуына байланысты жаңа ұғымдардың атаулары, терминдер саны арта келіп қалыптасты». Бос орынды керекті сөзбен толықтырыңыз.
- А. терминологиялық лексика
 - В. терминтану
 - С. лексикалық қор
 - Д. терминдер сөздігі
 - Е. терминография
35. Терминологиялық лексика мен жалпы халықтық лексиканың ұқсастықтары бар ма?
- А. бар
 - В. екеуі бір нәрсе, мүлде айырмашылық жоқ
 - С. жоқ
 - Д. екеуі екі түрлі ғылым объектілері
 - Е. дұрыс жауап жоқ
36. Терминтанудың қалыптасу, даму тарихы нешінші ғасырдан бастау алады?
- А. XIX ғ.
 - В. XV ғ.
 - С. XX ғ.
 - Д. XVI ғ.
 - Е. XVII ғ.

37. Қазақ атаутануының (терминтану) мыңжылдық (1468 жылдан бастап) тарихы бар, яғни Ресейді былай қойғанда, әлі Еуропада терминология ғылымы жоқ кезде, қазақ елінде негізі қаланған деп түсіндіретін ғалым?

- А. Қайдар Ә.
- В. Құрманбайұлы Ш.
- С. Тілеуқабылұлы Ө.
- Д. Керімбек Ж.
- Е. Әбдірәсілов Е.

38. Ғылыми таным мен ойлау процесіндегі терминдердің рөлін зерттейтін терминтанудың түрі?

- А. гносеологиялық
- В. функционалды
- С. ономазиологиялық
- Д. типологиялық
- Е. тарихи

39. Ұлттық терминқордың қалыптасу тарихы ... дамуымен тығыз байланысты.

- А. ГТП-ның
- В. жалпы терминологияның
- С. әлемдік терминқордың
- Д. ұлттық әдеби тілдің
- Е. көшбасшы тілдердің

40. «Қазақ терминографиясының жүйесі» (2005) атты еңбектің авторы кім?

- А. Әбдірәсілов Е.
- В. Қайдар Ә.
- С. Құрманбайұлы Ш.
- Д. Керімбек Ж.
- Е. Исакова С.

41. Терминтанымның негізін салған ғалымдар кімдер?

- А. Лейчик В. М., Сороколетов Ф. П.
- В. Головин Б. Н., Петушков В. П.
- С. Реформатский А., Никитина С. Е.
- Д. Қайдар Ә., Құрманбайұлы Ш.
- Е. Гринев С. В., Лейчик В. М.

42. «Терминологиялық лексика әдеби тілдің лексикалық құрамына еңбейді. Ол сөйлеу тілінің бір түрі ретінде қарастырылады» дейтін ғалым?

- А. Никитина С. Е.
- В. Лейчик В. М.
- С. Варандеев А. В.
- Д. Кузькин П. Н.
- Е. Суперанская А. В.

43. «Қолданбалы лингвистика формальды модельдер» (Алматы, «Қазақ университеті», 2007) еңбегінде терминдер жүйесін бір ізге келтіру мәселесін қозғаған ғалым?

- А. Құрманбайұлы Ш.
- В. Айтбаев Ө.
- С. Ақаев С.
- Д. Қалиев Б. Қ.
- Е. Жұбанов А. Қ.

44. Терминді «қолдан жасалған жасанды шекара» деп түсіндірген ғалым?
 А. Балли Ш.
 В. Дедерлайн Л.
 С. Қалиұлы Б.
 Д. Суперанская А. В.
 Е. Лейчик В. М.
45. Терминге қойылатын талаптар әрқашан орындалып жата ма?
 А. әрқашан
 В. жоқ
 С. иә
 Д. дұрыс жауабы жоқ
 Е. ешқашан орындалған емес
46. Терминге эмоционалдылық тән деп тұжырымдаған ғалым?
 А. Лейчик В. М.
 В. Гринев С. В.
 С. Даниленко В. П.
 Д. Реформатский А. А.
 Е. Головин Б. Н.
47. Қайсы дұрыс? «Термин» бе, әлде «ғылыми термин» бе?
 А. белгісіз, талас көп
 В. термин
 С. ғылыми термин
 Д. екеуі де дұрыс
 Е. екеуі де дұрыс емес
48. «А. Байтұрсынұлы ... терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өз тәжірибесінде тұңғыш рет негізінен пайдаланған ғалым» деген ойдың авторы кім?
 А. Қайдар Ә.
 В. Құрманбайұлы Ш.
 С. Қалиұлы Б.
 Д. Жұбанов Қ.
 Е. Жұбанов А. Қ.
49. А.В.Суперанская «терминологияға» неше анықтама берген?
 А. 2
 В. 3
 С. 4
 Д. 5
 Е. 6
50. Кез келген сөз терминге айналып кете ала ма?
 А. жоқ
 В. талаптарға сай болса
 С. әркез
 Д. әр сөз
 Е. дұрыс жауабы жоқ
51. Қазіргі терминологияда синонимия орын алған ба?
 А. жоқ
 В. иә
 С. барлығы сондай
 Д. мүлдем жоқ

- Е. дұрыс жауабы жоқ
52. «Азоттық теңгерім» термині қай ғылымдікі?
- А. биология
 - В. медицина
 - С. астрономия
 - Д. физика
 - Е. технология
53. Тіл қандай құбылыс?
- А. психологиялық
 - В. қоғамдық
 - С. биологиялық
 - Д. өмірлік
 - Е. ғылыми
54. Ғылым тілінің негізін ... құрайды.
- А. терминологиялық лексика
 - В. жалпыхалықтық лексика
 - С. әдеби лексика
 - Д. халықаралық лексика
 - Е. әлемдік лексика
55. Терминді логикалық тұрғыдан түсіну Платоннан басталған деп тұжырымдайтын ғалым?
- А. Лейчик В. М.
 - В. Реформатский А. А.
 - С. Суперанская А. В.
 - Д. Бопп Ф.
 - Е. Дедерлайн Л.
56. Терминге алғашқы болып анықтама берушілердің бірі?
- А. Раск Р.
 - В. Дедерлайн Л.
 - С. Гримм Я.
 - Д. Соссюр Ф. де
 - Е. Гумбольдт В.
57. Тіл таңбалар жүйесі, таңба таңбалаушы мен таңбаланушыдан тұратындығы туралы айтқан кім?
- А. Соссюр Ф. де
 - В. Балли Ш.
 - С. Сеше А.
 - Д. Мейе А.
 - Е. Арно Ф.
58. А. В. Суперанскаяның пайымдауынша терминология жеке ғылым ретінде қай ғасырда қалыптасты?
- А. XX ғ.
 - В. XXI ғ.
 - С. XIX ғ. I ж.
 - Д. XIX ғ. II ж.
 - Е. XVIII ғ.
59. Ф. Жироның қай еңбегі терминдер мен терминдік тіркестер, олардың өзіндік ерекшелігін анықтауға арналған?

- А. «Жалпы лингвистика курсы»
 В. «Ғылыми сөздер»
 С. «Шет тілі сөздер»
 Д. «Француз стилистикасының трактаты»
 Е. «Терминология: ұғымы мен түсінігі»
60. «Терминологияға кіріспе» (1980) еңбегінің авторын көрсетіңіз.
 А. Рей А.
 В. Жилбер Л.
 С. Рондо Г.
 Д. Кандел Д.
 Е. Даниленко В. П.
61. «Орыс ғылыми терминологиясының атасы» деген атқа ие болған кім?
 А. Ломоносов М. В.
 В. Даниленко В. П.
 С. Канделаки Т. Л.
 Д. Фортунатов Ф. Ф.
 Е. Бодуэн де Куртенэ И. А.
62. Қай ғылымның бастаған терминологиялық мектебі орыс тілінің ғылыми-техникалық терминдерін қалыптастыру, біріздендіру, жүйелеу саласында көп жұмыс атқарды?
 А. Винокур Г. А.
 В. Капаназе Л. А.
 С. Бельчиков Ю. А.
 Д. Лотте Д. С.
 Е. Кутина Л. Л.
63. Терминдік жүйедегі арнайы атаулардың жиынтығы.
 А. терминологиялық лексика
 В. әдеби лексика
 С. жалпы халықтық лексика
 Д. халықаралық лексика
 Е. ғылыми лексика
64. Қазақ терминологиясының басқа тілдердің терминологиясынан ерекшелендіретін бір құбылыс?
 А. терминологиялық омонимияның көрініс табуы
 В. тек қазақ тілінде қолданылуы
 С. синонимия
 Д. тек кірме терминдерден құралғандығы
 Е. тек калькалау арқылы жасалуы
65. Терминологиялық терминді көрсетіңіз.
 А. терминологиялық ахуал
 В. терминологиялық өріс
 С. терминологиялық ая
 Д. терминологиялық тізбек
 Е. терминологиялық ұя
66. «Қазақ терминологиясындағы варианттылықтың сыры неде?» деп аталатын мақаланың авторы кім?
 А. Құрманбайұлы Ш.
 В. Жұбанов Қ.

С. Айтбайұлы Ө.

Д. Ақаев А.

Е. Исақова С.

67. –жай жұрнағы жалғануы арқылы жасалған термин?

А. мамыражай

В. саяжай

С. жай-жапсар

Д. жайнамаз

Е. жайшылық

68. – логия сыңарының орнына қолдануға болады.

А. – тану

В. – таным

С. – ведение

Д. – графия

Е. – огия

69. «Бой күйездік» сөзі қай ғылымның термині болып табылады?

А. биология

В. психология

С. медицина

Д. психоаналитика

Е. физиология

70. Пішіндеме (геометрия), кескіндеме (тригонометрия) терминдерін ұсынған ғалым?

А. Байтұрсынұлы А.

В. Аймауытов Ж.

С. Жұбанов Қ.

Д. Омарұлы Е.

Е. Айтбайұлы Ө.

71. Психологиядағы көпмағыналы терминді көрсетіңіз.

А. қиқарлық (негативизм)

В. неврология

С. түйсік

Д. жүйке жүйесі

Е. адам психологиясы

72. Диспропорция сөзінің қазақша баламасы?

А. үркеншілік

В. өтелімпаздық

С. сәйкессіздік

Д. тұрпайылық

Е. икемділік

73. «Калька (calque-көшірме)» қай елдің сөзі?

А. грек

В. латын

С. француз

Д. ағылшын

Е. испан

74. Қате жасалған кальканы не деп атаймыз?

А. жартылай калька

В. жалған калька

- С. қате калька
 Д. өтірік калька
 Е. дұрыс емес калька
75. «Көзінің қарашығындай сақтау» «Беречь как зеницу ока». Қай калькаға жатады?
 А. семантикалық калька
 В. лексикалық калька
 С. сөзжасамдық калька
 Д. синтаксистік калька
 Е. фразеологиялық калька
76. Калькалаудың 3 тәсілі бар: терминжасам, терминалмасым және ...
 А. термин
 В. терминтану
 С. терминология
 Д. терминдену
 Е. терминайналым
77. Басқа тілдегі сөзді ауыспалы мағынасын қабылдап алу дегеніміз не?
 А. семантикалық калька
 В. сөзжасамдық калька
 С. синтаксистік калька
 Д. лексикалық калька
 Е. семалық калька
78. Кальканың бір бөлігі ғана аударылатын сөзжасамдық кальканың бір түрі?
 А. толық калька
 В. жартылай калька
 С. семантикалық калька
 Д. фразеологиялық калька
 Е. синтаксистік калька
79. Калька «шет тілінің сөзін аудару немесе шет тілінің сөзі арқылы берілген ұғымды өз тілінің сөзімен атай отырып, жаңа сөз жасау» деген пікірді айтқан ғалым?
 А. Құрманбайұлы Ш.
 В. Лейчик В. М.
 С. Блумфилд Л.
 Д. Соссюр Ф. де
 Е. Реформатский А. А.
80. «Кальканың пайда болуы ... көбеюіне байланысты.
 А. кірме сөздердің
 В. жаңа сөздердің
 С. терминнің
 Д. кәсіби сөздердің
 Е. жаңа ғылыми сөздердің
81. «Калькалау өзге тілдердің сөздерін дайын өзгеріссіз көшіру емес» деген кім?
 А. Айтбайұлы Ө.
 В. Қайдар Ә.
 С. Жұбанов Қ.
 Д. Омарұлы Е.
 Е. Құрманбайұлы Ш.
82. Кальканы қай ғылым саласы зерттейді?
 А. этимология, лексикология

- В. ономастика
- С. семасиология
- Д. фразеология
- Е. терминология

83. Өзге тілдердің терминдерінің жасалу үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау не деп аталады?

- А. калька
- В. лексика
- С. морфология
- Д. өріс
- Е. сөзжасамдық ұя

84. Сөзжасамдық калька дегеніміз не?

- А. шет тілі сөзін әр морфемасы бойынша дәлме-дәл аудару
- В. шет тілі сөзінің ауыспалы мағынасын алу
- С. фразеологизмді сөзбе-сөз аудару
- Д. Кальканың сөз тіркесі түріндегі түрі
- Е. Өзге тілдердің терминдерінің жасалу үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау болып табылады.

85. Шет тілдері сөзінің семантика-морфологиялық құрылысын дұрыс түсінбеуден туындайтын, қате жасалған калька?

- А. жалған калька
- В. жартылай калька
- С. толық калька
- Д. калька
- Е. жылжымалы калька

86. «Аударма сәтті болуы үшін шет тілі сөзінің семантикасын, морфологиялық құрылымы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек» - деп атап көрсеткен ғалым?

- А. Пюрбеев Г.Ц.
- В. Аманалиев Б.
- С. Аманжолов С.
- Д. Құрманбайұлы Ш.
- Е. Жұбанов А.

87. Әйгілі тілші ғалым кальканы шет тілінің сөзін аудару немесе шет ел тілінің сөзі арқылы берілген ұғымды өз тілінің сөзімен атай отырып, жаңа сөз жасау деп айтқан кім?

- А. Блумфилд Л.
- В. Пюрбеев Г.Ц.
- С. Аманжолов С.
- Д. Аманалиев Б.
- Е. Ломоносов М.

88. Белгілі бір өндіріс пен білім саласының терминдерінің жиынтығы, сондай-ақ терминдердің жасалуы, құрамы және қызметі туралы ілім?

- А. терминология
- В. термин
- С. Халықаралық термин
- Д. кірме термин
- Е. төл термин

89. Әдеби тіл лексикасының құрамды бөлігі?

- А. терминология
- В. термин
- С. жаңа термин
- Д. байырғы термин
- Е. көнерген термин

90. « Если лингвисты подходят к термину как к чему то данному, то терминологи как к объекту сознательной целенаправленной обработки. Поэтому лингвисты говорят о признаках термина, а терминологи – о требованиях к термину» деп тұжырымдаған ғалым?

- А. Кузькин Н.П.
- В. Ломоносов М.В.
- С. Фортунатов Ф.Ф.
- Д. Сороколетов Ф.И.
- Е. Никитина С.Е.

91. « Терминология тілдің сөздік құрамымен тығыз байланысты бір бөлігі, ол сөздік құрам сияқты тілдің заңдылықтары бойынша дамиды» - деп жазады?

- А. Сороколетов Ф.И.
- В. Никитина С.Е.
- С. Фортунатов Ф.Ф.
- Д. Ф. де Соссюр
- Е. Лейчик В.М.

92. Өзінің « О языковом субстрате термина» атты мақаласында тілшілер мен терминшілердің терминге екі қырынан келетінін атап көрсеткен?

- А. Лейчик В.М.
- В. Фортунатов Ф.Ф.
- С. Кузькин Н.П.
- Д. Никитина С.Е.
- Е. Аманжолов С.

93. Рухани қазыналардың бірі?

- А. тіл
- В. дін
- С. рух
- Д. кітап
- Е. тән

94. Орыс тіл білімінде термин мәселесін арнайы зерттеген зерттеуші кім?

- А. Ломоносов М.В.
- В. Левицкий А.Э.
- С. Даниленко В.П.
- Д. Добролюбов Н.А.
- Е. Суперанская А.В.

95. Қазақтың байырғы сөздерінің терминдік мәнге ие болуының нәтижесінде болмаса байырғы түбірге қосымша қосылу арқылы екі сөздің бірігуі немесе тіркесу арқылы пайда болған термин?

- А. төл терминдер
- В. кірме термин
- С. халықаралық термин
- Д. күрделі термин

Е. дара термин

96. Психологиядағы көп мағыналы терминді көрсет?

А. қиқарлық

В. түйсік

С. адам психологиясы

Д. биология

Е. физиология

97. Терминологиялық өріс термині қай ғылым саласына жатады?

А. терминология

В. биология

С. психология

Д. физика

Е. математика

98. Адамның өз мінез-құлқын меңгере алу қабілетін психологияда қандай терминмен атайды?

А. ерік

В. сөйлеу

С. айту

Д. түйсік

Е. бойкүйездік

99. текстология терминіндегі – логия сыңарының орнына қандай баламаны қолдануға болады?

А. тану

В. таным

С. ведение

Д. графия

Е. ілім

100. – жай жұрнағы жалғануы арқылы жасалған термин?

А. мамыражай

В. жайнамаз

С. жай-жапсар

Д. мұражай

Е. жайшылық

101. А. Байтұрсынұлы термин жасаудың негізгі неше тәсілін қолдайды?

А. 3

В. 2

С. 4

Д. 6

Е. 7

102. Қазақ терминологиясының даму кезеңдері нешеге бөлінеді?

А. 3

В. 6

С. 2

Д. 8

Е. 11

103. Ә. Қайдар ұсынған неше қағидат бар?

А. 11

В. 3

С. 7

Д. 2

Е. 10

104. 1940-60 жылдары терминологиялық сөздік кімнің редакторлығымен басылып шыққан еді?

А. Сауранбаев Н.

В. Даниленко В.П.

С. Аманжолов С.

Д. Фортунатов Ф.Ф.

Е. Ломоносов М.В.

105. Әр түрлі тілдердің арнаулы лексикасының жалпы қасиеттері мен айырмашылықтарын салыстыра зерттейді?

А. терминография

В. қолданбалы терминтану

С. тарихи терминтану

Д. салыстырмалы терминтану

Е. теориялық терминтану

106. Арнаулы лексиканың барынша жалпы қасиеттері, түрлі мәселелері мен онда болып жататын процестерді зерттейді?

А. жалпы терминтану

В. тарихи терминтану

С. теориялық терминтану

Д. қолданбалы терминтану

Е. терминография

107. Терминтанудың белгілі бір ұлт тіліндегі жекелеген салалардың арнаулы лексикасы мен ұғымдарын зерттейді?

А. қолданбалы терминтану

В. теориялық терминтану

С. тарихи терминтану

Д. жалпы терминтану

Е. жеке терминтану

108. Терминге қойылатын талаптар жайлы еңбекті алғашқы болып жазған ғалым?

А. Никитина С.Е.

В. Лотте Д.С.

С. Варандеев А.В.

Д. Петушков В.П.

Е. Лейчик В.М.

109. «Термин – сөз», «термин – ерекше сөз – жалпы қолданыстағы сөз» деп қарама-қарсы қоюға болмайды деген ойды айтқан ғалым?

А. Петушков В.П.

В. Лейчик В.М.

С. Никитина С.Е.

Д. Винокур Г.О.

Е. Реформатский А.А.

110. Терминтанымның зерттеу нысаны?

А. Сөз

В. Сөздіктер

С. Ұғым

- Д. Термин
Е. Мағына
111. Терминографияның неше түрі бар?
А. 3
В. 4
С. 5
Д. 2
Е. 6
112. Терминтаным өз ішінде қалай ажыратылады?
А. терминдер мен терминдік жүйе
В. термин мен жүйе
С. теориялық және қолданбалы
Д. термин мен унификациялау
Е. біріздендіру
113. Терминді реттеудің қолданысқа ену түрі?
А. жинақ ретінде
В. сөздік түрінде
С. аударма
Д. жазу арқылы
Е. заңмен
114. Қабат, қабатша, қыртыс терминдері қай ғылым саласына жатады?
А. психология
В. геология
С. қоғамдық
Д. тау-кен
Е. тіл білімі
115. Терминологиялық сөздіктер қай жылдан бастап шыға бастады?
А. 1930
В. 1932
С. 1933
Д. 1934
Е. 1931
116. Практикалық терминологиялық әрекет өзара байланысты ... аспектіге ие?
А. екі
В. үш
С. бір
Д. бес
Е. он
117. Терминтанудың жеке сала ретінде бөлініп шыққан уақыты?
А. XX ғ. басы
В. XIX ғ. басы
С. XX ғ.
Д. XIX ғ.
Е. XIX ғ. ортасы
118. Терминтанымның пәні мен әдістемесі өз бастауын қай ғылымнан алады?
А. логика
В. математика
С. тіл білімі

Д. психология

Е. педагогика

119. Терминологиямен байланысты ғылымдар?

А. психология

В. логика

С. философия

Д. информатика

Е. барлық жауап дұрыс

120. Белгілі бір ғылым, білім, техника саласының заттары мен құбылыстарының атауы.

А. Лексика

В. Грамматика

С. Тарих

Д. Термин

Е. Терминология

121. «Термин белгілі бір терминологияның мүшесі» деген анықтаманың авторы?

А. Лейчик В.М.

В. Реформатский А.А.

С. Ақаев С.А.

Д. Никитина С.Е.

Е. Құрманбайұлы Ш.

122. Терминология сөзі неше мағынаны білдіреді?

А. 2

В. 3

С. 4

Д. 5

Е. 1

123. «Жігерсіздік» (безволие) термині қандай ғылым саласының терминіне жатады?

А. тіл білімі

В. геология

С. техника

Д. психологиялық

Е. тау-кен

124. А.А.Реформатский қай ғалымның терминге берген анықтамасын сынады?

А. Винокур Г.О.

В. Құрманбайұлы Ш.

С. Уәлиұлы Н.

Д. Ақаев С.А.

Е. Ельмслев Л.

125. Терминдер жиынтығы ғылымда қалай аталады?

А. фразеология

В. қолданбалы терминология

С. лексикология

Д. морфология

Е. терминология

126. Термин – қай тілден алынған сөз?

А. латын

В. грек

- С. казак
Д. француз
Е. орыс
127. «Термин» сөзінің мағынасы қандай?
А. бір нәрсенің беті
В. жаны
С. үсті
Д. ортасы
Е. шегі, шекарасы
128. Терминтаным нешеге бөлінеді?
А. 2
В. 4
С. 3
Д. 2
Е. бөлінбейді
129. 1924 жылы маусым айында қай қалада «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі» болды?
А. Алматы
В. Орынбор
С. Қызылорда
Д. Петербург
Е. Москва
130. Қ.Жұбанов қағидаттары туралы ой айтқан ғалым?
А. Ө.Айтбайұлы
В. Ә.Қайдар
С. М.Балақаев
Д. А.Есенкұлов
Е. Т.Аппақова
131. Б.Қалиевтің 1988 жылы шыққан еңбегінің атауы қандай?
А. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары
В. Қазақ тілінің көкейтесті мәселелері
С. Ұлттық терминдерге қамқорлық қажет
Д. Терминдер туралы кейбір ойлар
Е. Сөзжасамдық терминдер жөнінде
132. Терминдердің варианттылығы термин шығармашылығының қай кезеңіне тән?
А. көне
В. соңғы
С. алғашқы
Д. ортаңғы
Е. барлық
133. Кальканың тілдік табиғаты нешеу?
А. 3
В. 2
С. 4
Д. жоқ
Е. 5
134. Калька құрылымы мен мазмұнының қабылдаушы тілде игерілуіне, қабылдауына қарай қалай деп жіктеледі?

- А. сөзжасамдық, семантикалық, фразеологиялық
 В. терминжасамдық, сөзжасамдық
 С. синтетикалық, аналитикалық
 Д. семантикалық, синтаксистік
 Е. морфологиялық, фразеологиялық
135. Терминдердің тиімді формасын таңдауға арналған нормалаудың бір жағы?
 А. біріздендіру
 В. стандарттау
 С. үйлестіру
 Д. оңтайландыру
 Е. жүйелеу
136. Калькалау сөзін жаңа сөз жасау деген мағынаны береді деген тілші ғалым?
 А. Блумфильд Л.
 В. Пюрбеев Г.И.
 С. Суперанская А. В.
 Д. Реформатский А.А.
 Е. Даниленко В.П.
137. Терминологияны реттеу жұмыстарына қандай мамандар қатысқаны дұрыс?
 А. терминшілер мен тілшілер
 В. барлық мамандар
 С. ғалым, тілші, есепші
 Д. терминші, филолог
 Е. тілші, логик
138. Кеңестік дәуірде терминалмасым негізінен қай тілден қай тілге алмасты?
 А. орыс тілінен – қазақ тіліне
 В. қазақ тілінен – орыс тіліне
 С. ағылшын тілінен – орыс тіліне
 Д. ағылшын тілінен – қазақ тіліне
 Е. қазақ тілінен – ағылшын тіліне
- 139...белгілі бір өндіріс пен білім саласының терминдерінің жиынтығы, сондай-ақ терминдердің жасалуы, құрамы және қызметі туралы ілім қалай аталады?
 А. қолданбалы терминология
 В. жеке терминтану
 С. терминология
 Д. терминография
 Е. салғастырмалы терминтану
140. Терминография саласын зерттеуге арналған Е. Әбдірәсіловтің қандай еңбегі жарық көрді?
 А. «Қазақ терминографиясының жүйесі»
 В. «Қазақ терминологиялық дамуының кезеңдік сипаты»
 С. «Что такое термин и терминология»
 Д. Қазақ тілінің өзекті мәселелері
 Е. Қазақ тілінің грамматика
141. В.М. Лейчик докторлық диссертациясында терминтанудың неше түрін атайды?
 А. 8
 В. 6
 С. 14
 Д. 5

Е. 3

142. Ш. Құрманбайұлының терминологияға байланысты еңбегін атаңыз?

А. Терминнің танымдық сипаты

В. Қазақ тілінің өзекті мәселелері

С. Французская стилистика

Д. Что такое термин и терминология

Е. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты

143. Қазақ терминологиясының 30 жылдардағы дамуы қай ғалымның есімімен байланысты?

А. Қ.Жұбанов

В. А.Байтұрсынов

С. Е.Омарұлы

Д. А.Қонқашпайұлы

Е. М.Жұмабаев

144. Қ.Қабатаева Х.Досмұхамедұлының термин шығармашылығы туралы диссертациясын қай жылы қорғады?

А. 2005ж

В. 2010 ж

С. 2000 ж

Д. 1989 ж

Е. 1999 ж

145. Ж.Аймауытұлы қай ғылым саласының терминдерін жасаған?

А. өсімдіктану

В. пішіндеме

С. математика

Д. психология

Е. педагогика

146. «Адамның тән бірлігі» атты оқу құралының авторын атаңыз?

А. Қ.Қабатаева

В. М.Жұмабаев

С. А.Байтұрсынов

Д. Қ.Жұбанов

Е. Х.Досмұхамедұлы

147. М.Әуезов термин жасауда кімнің ойын басшылыққа алады?

А. А.Байтұрсынұлы

В. М.Жұмабаев

С. Қ. Жұбанов

Д. Х.Досмұхамедұлы

Е. Қ.Қабатаева

148. М.Қашғаридің еңбегін атаңыз?

А. «Адамның тән бірлігі»

В. «Қазақ тіліндегі психологиялық терминдердің даму жолдары»

С. «Техникалық терминдер бастамасы»

Д. «Термин және терминді қолдану туралы»

Е. «Диуани лұғат ат түрк

149. М.Қашғаридың аталған сөздігінде неше мыңнан астам төл-тума сөздер бар?

А. 10

В. 3

С. 50

Д. 15

Е. 5

150. Қырғыз терминологиясын зерттеген ғалым?

А. М.Қашқари

В. Ғ.Қайдаров

С. М.Томанов

Д. Б.О.Орузбаева

Е. С. Ақаев

151. Психология, физиология, медицина ғылымдарын меңгеріп, термин жасаумен айналысқан ғалым?

А. Х.Досмұхамедұлы

В. М.Жұмабаев

С. А.Байтұрсынов

Д. Ш.Құрманбайұлы

Е. М.Әуезов

152. Қ.Жұбанов қазақ жазушыларының, мәдениет қайраткерлерінің бірінші съезінде қазақ әдеби тілі терминдерінің неше принципін ұсынады?

А. 5

В. 3

С. 2

Д. 1

Е. 10

153. Т. Аппақованың терминологияға байланысты еңбегін атаңыз?

А. «Қазақ тіліндегі психологиялық терминдердің даму жолдары»

В. «Техникалық терминдер бастамасы»

С. «О казахской технической терминологии»

Д. «Ботаника терминдері жөнінде»

Е. «Терминдердің де сыры бар»

154. Қазақ терминологиясының дамуындағы елеулі кезең қай жылдардан бастау алады?

А. 1991 ж

В. 1999 ж

С. 1988 ж

Д. 1990 ж

Е. 2000 ж

155. Натрий, азот... қай ғылым саласына байланысты терминдер?

А. физика

В. математика

С. биология

Д. психология

Е. химия

156. 1980 жылдан бастап қазақ тіліндегі қоғамдық саяси терминдердің қалыптасу тарихын зерттеген ғалым кім?

А. Ш.Құрманбайұлы

В. Ө.Айтбайұлы

С. А.Байтұрсынов

Д. Қ.Жұбанов

Е. Б.Қалиев

157. Қазақ терминологиясының даму тарихында әр кездері ұсынылған ғылыми қағидаттарға талдау жасап, жетістіктері мен кемшіліктерін сараптаған ғалымды атаңыз?

А. Ш.Құрманбайұлы

В. Қ.Жұбанов

С. Ө.Айтбайұлы

Д. М.Балақаев

Е. А.Байтұрсынов

158. Қазақ психология ғылымында «гуманность» деген терминнің қазақша баламасын табыңыз?

А. сезімтал

В. мейірімді

С. момын

Д. жақсы

Е. адамгершілік

159. Қазақтың байырғы сөздері негізінде қалыптасқан терминдер құрамына қарай неше топқа бөлінеді?

А. 2

В. 4

С. 5

Д. 10

Е. 15

160. Дара терминді көрсетіңіз?

А. әлеуметтік бейімделу

В. тәртіптік жаза

С. дәстүр

Д. еркін сөз

Е. арнау өлең

161. Психологияда «ерік дегеніміз- адамның өз мінез-құлқын» меңгере алу қабілеті деп анықтама берген ғалым кім?

А. Р.Сыздықова

В. А.Байтұрсынов

С. Ш.Құрманбайұлы

Д. Қ.Жарықбаев

Е. М.Жұмабаев

162. «Ой» сөзінің даму кезеңдерін сұлба түрінде көрсеткен ғалымды атаңыз?

А. Қ.Жарықбаев

В. Ғ.Әнесов

С. М.Жұмабаев

Д. Ө.Айтбайұлы

Е. А.Байтұрсынұлы

163. «Сана» сөзі қай тілде «санаа» болып қолданылады?

А. моңғол

В. өзбек

С. татар

Д. ұйғыр

Е. түрікмен

164. «Ерік» терминінің көне ұйғыр, шағатай, алтай тілдеріндегі анықтамаларын көрсеткен ғалым?

- А. Г.Вамбери
- В. Р.Сыздықова
- С. Қ.Жарықбаев
- Д. Ғ.Әнесов
- Е. А.Байтұрсынов

165. «Ұғым – заттар мен құбылыстардың елеулі мәнді белгілері туралы ой» деген пікірдің иесі кім?

- А. А.Байтұрсынов
- В. Қ.Жарықбаев
- С. Ө.Айтбайұлы
- Д. Р.Сыздықова
- Е. Г.Вамбери

166. Шет тілі сөзінің ауыспалы мағынасын алу дегеніміз не?

- А. фразеологиялық калька
- В. калька
- С. жартылай калька
- Д. толық калька
- Е. семантикалық калька

167. Фразеологиялық кальканың анықтамасын табыңыз?

- А. шет тілі сөзін әр морфемасы бойынша дәл аудару
- В. фразеологизмді сөзбе-сөз аудару
- С. өзге тілдегі сөз үлгісін жартылай көшіру
- Д. барлығы дұрыс
- Е. шет тілі сөзін аудармай қабылдау

168. Жартылай калька қай калькалау әдісіне жатады?

- А. сөзжасамдық
- В. семантикалық
- С. фразеологиялық
- Д. синтетикалық
- Е. толық

169. «Терминоведение» терминін алғаш ұсынған ғалымдар?

- А. С. Е. Гринев, В.М. Лейчик
- В. Ш. Құрманбайұлы, Ө.Айтбайұлы
- С. В.П. Петушков, В.И. Головин
- Д. А.В. Варандеев, А.В.Суперанская
- Е. С.Е Никитина, Л.П.Крысин

170. «Өзінің көп жылдық тарихы бар екендігіне қарамастан, терминтану - бұл жаңа қалыптасып келе жатқан ғылым» сөзінің авторы кім?

- А. В.М. Лейчик
- В. Н.П. Кузькин
- С. С.Е Никитина
- Д. В.П. Петушков
- Е. С. Е Гринев

171. Терминология дегеніміз не?

- А. Сөз
- В. мағына

С. уәж

Д. термин туралы ілім

Е. сөйлем

172. «Терминология дербес ғылым емес» атты мақала авторы?

А. Б. Момынова

В. Ш. Біләл

С. Ш. Құрманбайұлы

Д. С. Исакова

Е. Б. Қалиұлы

173. Терминге эмоциональдылық тән деп тұжырымдаған ғалым?

А. В.М. Лейчик

В. С.В. Гринев

С. В.П. Даниленко

Д. А.А. Реформатский

Е. Б.Н.Головин

174. Қайсы дұрыс? «Термин» бе, әлде «ғылыми термин» бе?

А. белгісіз, талас көп

В. термин

С. ғылыми термин

Д. екеуі де дұрыс

Е. екеуі де бұрыс

175. Қай ғалымның бастаған терминологиялық мектебі орыс тілінің ғылыми-техникалық терминдерін қалыптастыру, біріздендіру, жүйелеу саласында көп жұмыс атқарды?

А. Г.А. Винокур

В. Л.А.Капаназе

С. Ю.А. Бельчиков

Д. Д.С. Лотте

Е. Л.Л. Кутина

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. - Алматы, 1998. - 208 б.
2. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2007. -624 б.
3. Ақаев С. Терминнің танымдық табиғаты. – Алматы, 2000. -227 б.
4. Әбдірәсілов Е.Қ. Қазақ терминографиясының жүйесі. –Астана, 2005. -208 б.
5. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. - А.,1996. – 207 б.
6. Исақова С.С. Қазақ тіліндегі психология терминдерінің лингвистикалық мәселелері (лингвистикалық зерттеу). Монография. Алматы, 2001. 191 бет
7. Исақова С.С. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі. Алматы, 2007. 158 бет
8. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. - Алматы: Рауан. 1993. - 43 б.
9. Қалиев Б. Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері. -Алматы, 2008. -160 б.
10. Қалиұлы Б. Тіл білімінің жаңа бағыттары: концепт, прагматика, дискурс, мәтін. Алматы, 2012. -246 б.
11. Қалиев Б., Исақова С. Танымдық қазақ тілі. –Алматы, 2009. -132 б.
12. Қалиұлы Б. Сөзстан. -Алматы, 2009. -341 б.
13. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі – Алматы: Ғылым. – 1998. – 208 б.
14. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану. Алматы, 2008. -240 б.
15. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
16. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 208 б.
17. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 240 б.
18. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. –Астана, 2009. -224 б.
19. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы:зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы, 2014. -928 б.
20. Садирова К.К. Қолданбалы терминология мәселелері. Оқу құралы. Ақтөбе, 2007. 102 б.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1.ҚОЛДАНБАЛЫ ТЕРМИНОЛОГИЯ.....	5
1.1 Термин, терминология және терминге қойылатын талаптар.....	5
1.2 Қолданбалы терминологияның іс-әрекет бағыттары.....	9
2.ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ СӨЗДІКТЕР.....	12
2.1 Қазақ терминографиясының өзекті мәселелері.....	12
2.2 Терминологиялық сөздіктерді шығаруға қойылатын талаптар.....	16
3.ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ НОРМА.....	21
3.1 Терминологиялық нормалану үдерісі.....	21
3.2 Терминологиялық норманың өлшемдері.....	25
4.ТЕРМИНОЛОГИЯНЫ РЕТТЕУ ТЕОРИЯСЫ.....	29
4.1 Терминологияны реттеу теориясының құрылымы. Метатілі.....	29
4.2 Терминдерді біріздендіру.....	33
4.3 Терминдік жүйені стандарттау.....	37
5. ТЕРМИН ЖӘНЕ АУДАРМА.....	42
5.1 Терминдерді аудару.....	42
5.2 Терминологиялық редакциялау.....	45
5.3 Терминдердің жиынтық мәліметін (ТЖМ) жасау.....	46
6.ТЕРМИНОЛОГИЯ ДАМУЫНЫҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.....	52
6.1 Терминологиядағы бағыттар, ағымдар, үрдістер мен қағидаттар.....	52
6.2 Терминтану мектептері.....	54
6.3 Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар.....	57
ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР.....	59
СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН ОРЫНДАЙТЫН ӨЗІНДІК ЖҰМЫС (СОӨЖ) ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	88
СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	140
БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ.....	147
«Қолданбалы терминология» пәнінен емтихан сұрақтары.....	147
«Қолданбалы терминология» пәнінен тест тапсырмалары.....	149
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	173

